



YESSENOV
UNIVERSITY

**ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ, ФИЛОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ПРОФЕССОР ОТАРОВА АҚМАРАЛ НҰРҒОЖАҚЫЗЫНЫҢ
МЕРЕЙЛІ ЖАСЫНА АРНАЛҒАН**

**«ТІЛ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

29 қараша 2023 жыл
Ақтау қаласы

**«Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар
контексінде»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары**

**29 қараша 2023 жыл
Ақтау қаласы**

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
П23

Yessenov University президенті Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен

Редакциялық алқа:

А.А. Сейдалиев, А.Н. Отарова, С. Сырлыбекқызы, Н.С. Қамарова

Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контексінде атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2023. – 250 б.

ISBN 978-601-366-054-7

Жинаққа көрнекті педагог-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.Н.Отарованың мерейлі жасына арналған «Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді. Ғылыми мақалаларда А.Н.Отарованың ғылыми, ұстаздық, басшылық еңбектері, қазіргі әдеби процесс, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері, әдеби тіл және қазіргі қазақ тілінің мәселелері, пәнді оқытуда жаңа технологиялардың әдістемелік жүйесі туралы айтылған. Жоғары және орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуды ұйымдастыру, оның маңызды мәселелері бойынша жаңа бағыттар, ұлттық құндылықтар тағылымы, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар сараланып, өзекті мәселелер зерделенген.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-366-054-7

© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2023

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің президенті АХМЕТОВ Берік Бақытжанұлының кіріспе сөзі

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ардақты ағайын! Қадірлі зиялы қауым!

Филология ғылымдарының кандидаты, Yessenov University Туризм және тілдер факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор Отарова Ақмарал Нұрғожақызының мерейлі жасына арналған конференция өз жұмысын бастағалы отыр. Ұзақ жыл осы университеттің «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі болып, абыройлы қызмет атқарған Ақмарал Нұрғожақызының университетке қосқан үлесі өте зор.

Сіздің университетіміз үшін сіңірген еңбегіңіз – өскелең ұрпаққа өнегелі, тағылымды мектеп. Еңбек, өмір жолдарыңызда жарқын болашағымыздың алуан арналарын, алтын бастауын көреміз.

А.Отарова 1986 жылы филолог-оқытушы біліктілігімен аталмыш оқу орнын үздік дипломға бітіріп келеді де, еңбек жолын өзінің өскен ауылы Ақшұқырдағы бүгінгі М.Әбдіхалықов мектебінде ұстаздықтан бастаған.

Ғылым жолына түсу мақсатымен 2003 жылы Есенов университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болып ауысады. 2005 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында ізденуші болып кандидаттық диссертация жұмысын бастады. 2010 жылы аталған университетте қазақ әдебиеті мамандығы бойынша профессор З.Қ. Бисенғалидың жетекшілігімен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясын қорғады.

2013-2014 оқу жылынан бастап 2023 жылдың қарашасына дейін А.Н. Отарова қазіргі «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін зор абыроймен, жоғары көрсеткіштермен атқара білді.

Бұл кезең кафедраның өмірінде университет көлемінде ғылыми әлеуеті жоғары (100%), ғылыми, әдістемелік, тәрбие жұмысы толық жолға қойылған, аймақтық қана емес, республикалық деңгейде мойындалған білім беру, маман дайындау, мемлекеттік тілді дамыту орталығына айналуымен сипатталады. Жаһандық білім беру стандарттарының басты талаптарына сай сапалы білім беру, саналы тәрбие, білікті ғылыми кадрларды дайындау ісінде, әсіресе қазақ тілін мамандықты игерту құралы, ғылыми білім тілі ретінде танытуда кафедраны басқарып, көптеген игі іс-шаралардың ұйытқысы, негізгі ұйымдастырушысы болды.

Ақмарал Нұрғожақызы қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты жоғары оқу орындары арасындағы түрлі шаралардың жоғары деңгейде өтуіне, көптеген халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялардың ұйымдастырылып жүргізілуінде, жалпы университетішілік, қала, облыс көлеміндегі шаралардың қандай да бір түрлерінде өте белсенді, жауапкершілікпен атқарып, көпке үлгі болып келеді.

Осы жылдар кафедра оқытушылардың біліктілігін арттыруды дамыту, кафедраның сабақ беру үдерісін оқу-әдістемелік жақтан жан-жақты қамту, халықаралық қарым-қатынасты жандандыра түсуімен ерекшеленеді. Кафедра дайындайтын «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриат және «6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» магистратура мамандықтары, «6D020500-Филология» докторантура мамандығы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің мамандықтарды аттестациялауынан үнемі үлкен жетістікпен өтеді. 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы Атамекен Ұлттық рейтингінде алдыңғы орындардан көрініп келеді.

Ақмарал Нұрғожақызының 6В02303-Филология, өңірлік сұранысқа ие 6В02303-Дәстүрлі музыка өнері сияқты жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуындағы, университет имиджін қалыптастыру мақсатындағы Ә.Кекілбаев, Ғ.Айдаров, Ф.Оңғарсынова, О.Тұрмағанбетұлы атындағы атаулы аудиториялардың жасақталуында, орасан зор еңбек сіңірді, көпке өнеге көрсетті.

Қазіргі заманда оқытушыдан өз пәнінің білгірі болудан бөлек, танымдық, педагогикалық-психологиялық, ақпараттық сауаттылық талап етіледі. Саналы ғұмырын еліміздің болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне арнаған осындай ұлағатты ұстаз-ғалым, басшы, тіл жанашыры Ақмарал Нұрғожақызы жастар бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру бағытында аянбай еңбек етіп келе жатыр.

Бүгінде ұжымы Ақмарал Нұрғожақызын үлкен абырой – беделге ие болған тәжірибелі, өз ісіне берілген, кәсіби шебер маман, білікті басшы, ұлағатты ұстаз, ғалым ретінде ерекше құрмет тұтып сыйлайды.

Ақмарал Нұрғожақызына мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт, толайым табыстар тілеймін, университетімізге қосар үлесіңіз әлі де арта берсін! Бүгінгі конференция жұмысына сәттіліктер тілеймін!

ӘОЖ 821.512.122:37 (045)

**МАРШЕКЕҢНІҢ «МАҢҒЫСТАУ-НАМЕСІ»
ЖҰМАТ ТІЛЕПОВ**

филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қ., Қазақстан

Бүгін қабырғалы халқына өзінің жан сырын ағынан жарылып, ақтарыла айтып өткен ақжарма талант, кеменгерлердің кәрі шаңырағы сынды да қастерлі аймақтың аяулы азаматы Маршал Әбдіхалықовтың шығармашылығына орайлас өткізіліп отырған үлкен жиын, ғылыми-теориялық конференцияның тұсында сіздер мен біздер жүздесіп отырмыз. Бұл жүздесудің, бұл конференцияның ерекше мәні бар. Дарынына Алексей Максимович Горький ерекше тәнті болған француз жұртының перзенті Оноре де Бальзактың «Өнер атаулының ішіндегі ең бастысы да, құрметтісі де сөз өнері» деген лебізі жиі айтылады. Рас әңгіме! Осы мазмұндас сөзді әркім де, әр елдің адамдары да айтқан. Күні кешеге дейін қоғамдық ойдың өкілдері жиі ауызға алатын Виссарион Григорьевич Белинский де сөз өнері туралы осылай толғанған. Өзіміздің қазақ жұртынан шыққан даңқты бабаларымыз, тіпті, батыр боп қолбастаудың өзінен, алқалы топта сөз бастауды қиын санаған. Сол қасиетті сөз өнерінің бәйгеторысы Мәкең, Маршал Әбдіхалықов әдебиет әлемінде отыз жылдың төңірегінде еңбек етті. Және сол өздеріңіз білетін осы уақыттың соңғы үш-төрт жылында қатты сырқаттанды. Адам тағдыры деген осы.

Қазақ оқырманы әлемдік әдебиетте елеулі орны бар Мәкеңмен аттас австриялық жазушы Маршалл Аланды білмесе білмеген шығар, бірақ Маршал Әбдіхалықов атты қаламгерді қай тұста да өте жақсы білді. Ал оның оқырманына осындай жақын болуына сонау алпысыншы-сексенінші жылдарда әр санын ел асыға күтетін «Лениншіл жас», «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз» секілді оқырманы соншалықты көп газет, журналдарда еңбек етіп жүрген кездегі жиі-жиі шығып жататын көркем очерктері мен проблемалық тақырыптарға арналған мақалаларының да рөлі аз болған жоқ. Кейіпкерлері әр қилы мамандық иесі, әртүрлі

атыраптардың азаматтары болатын. Бұл тұрғыда ол бүкіл Қазақстанның күллі аймағын шығармашылығында қамтыған қаламгер секілді қабылдануға лайықты еді.

1967 жыл. Сол жылы Мәкеңнің «Қазақстан» баспасынан «Маңғыстау хикаялары» атты очерктер жинағы, «Жазушы» баспасынан «Ленин тапсырмасы» атты повесі жеке кітап болып жарияланды. Бұлар автордың, соның алдында жарық көрген «Отыз мыңыншы» атты кітабынан кейін шығып тұрған үшінші жинағы болатын. Оларға келіп «Желаяқ бала», «Алыстағы Маңғыстауда» повестері, «Қара тасқын». «Жердің асты жеті қат», «Сүйінғара» романдары, суретті кітапшалары келіп қосылды.

Бұлар - Мәкеңнің негізгі еңбектері. Олардың сыртында «Қазақфильм» киностудиясында қызмет еткен тұстарында қазақша сөйлеткен бірнеше көркем фильмнің дубляжы, Атырау театрында бертінге дейін қойылып келген пьесасы, т.т. бар.

Көркем шығармашылықта әркімнің өзіне етене жақын, сыралғы тақырыптары болады. Константин Фединнің сөзімен айтқанда, бұл көмекші анықтамалықтарсыз - ақ жазылатын, қаламгердің көз алдында өткен, оған соншалықты белгілі дәуірдің тыныс тіршілігі... Бірақ қаншалықты білем дегенде де, жазылуға тиісті кез келген объектіні барынша тереңдете зерттеу, зерделеу мәселесі күн тәртібінен түспейтіндігі кім-кімге де белгілі). Маршекең де сол өзінің кіндік қаны тамған ата мекенінің, оның талай аламан - тасырды басынан өткерген бейнетқор ұрпақтарының тағдыр-талайын шығармасына өзек етуге белін бекем буған кезінде осы жайлардың «асу бермес асқар белдей боп» алдынан шығатынын білмей қалған жоқ. Сол тұстарда Маңғыстау жерінде болған бұрынғы саяхатшылар мен әр деңгейдегі Ресей шонжарларының тасқа басылған жазбаларымен, бір шеті сонау Ресей мен Кавказ, Түркіменстан мен Өзбекстан, Қазақстанның мұрағаттарындағы материалдарды індетіп іздеп, көз майын тауысып еңбек етіп жүрген Әбіш Кекілбаев, Есбол Өмірбаев, Саламат Шалабаев, Қабиболла Сыдиықов сынды азаматтар секілді ол да «жоқ іздеп шыққан жолаушыдай» бедері өшіп, бедені қайта бастаған өткен заманның «бейкүнә» деректерімен жүздесуді мақсат тұтты. Олай болмаған жағдайда «жан дауасын» ұрпағын сақтаудан, Атамекенін қорғаудан тапқан, сол қасиеті өз басына қанша тауан болып тағдырын тәлкекке салса да тартынбай күресе жүріп бүгінге жеткен сан буынның қадір-қасиетінің аяқ асты болғалы тұрғанын жанымен ұқты да, «Маңғыстау-намені» қолға алды.

Әрине біз айтып отырған «Маңғыстау-наме» сөзі Маршекеңнің де, сондай-ақ оған дейінгі, не онан кейінгі авторлар шығармаларында әзірге пайдаланылмаған атау шығар. Бірақ Маңғыстау жайлы сонау ерте заманның даңқты қаламгерлерінен бастап күні кешегі кездің зиялылары айтқан лебіздерінің бәрінің басын қосып, өлкенің өкінесе де, тәубеңе келіп шүкірлік етем десең де бет ажары осы деп, ұсынғандай болған Әбіш Кекілбаевтың . «Ұйқыдағы арудың оянуы» да, баяғыда Саламат Шалабаев, Есбол Өмірбаев, Қабиболла Сыдиықовтар шығарған «Маңғыстау» жинағы да, кейінгі жылдары қазіргі облысымыздың атауымен шыққан энциклопедия да, жекелеген азаматтардың осы аймақтың әр кезеңдердегі, әр тұстардағы халқына қорған болсам деп жүріп өмір кешкен ерлері, өнерлі жандары туралы жазылған үлкенді-кішілі еңбектерінің барлығы да «Маңғыстау-наменің» айбынды ғибадатханасының ұстынын құрайды. Бұл тұрғыда біз, жоғарыда аты аталған азаматтармен қатар Бисенбі, Дүйсенбі Әріповтер, Серікбол Қондыбаев, Ысқақ Шәкіратов, Қалмырза Жұмалиев, Сайын Әділханов, Сайын Назарбеков, Сәбит Әбішев, Құлыбек Сүлейменов, Бектүр Төлеуғалиев, Әбілқайыр Спанов, Светқали Нұржанов, Сабыр Адаев, Терекбай Жаңбыршин. Естерек Жаманбаев, Рза Оңғарбаев, Әзірбайжан Қонарбаев, Қыдырбақыт Сейілханов, Асан Әбдіров, Лебен Сәдуақасов, Рахмет Аяпбергенов, Тұрар Жолдыбаев, Қолғанат Нұржаубайұлы, Ізбасар Шыртанов, Сейсен Демеубай, Мұрат Ақмырзаев, Ғалым Әріпов, Жанна Нұрмаханова, Айтуар Өтегенов, Мырзатай Болатов, Ақмұрат Сүйеуов, Айтжан Қойшыбеу, Мәліс Қосымбаевтардың ана еңбегі «Маңғыстау-

намеге» баған, мына еңбегі белағашы болғандай екен деп түсін түстеп жатпаймыз. Және ол біздің осы қазіргі сөз етіп отырған мәселеміздің тікелей тақырыбы да емес.

Маршал Әбдіхалықовтың «Маңғыстау-намесі» қиын кезде, кеңістік дәуірдің «ақты кара» деп дәлелдегісі келген теріс пиғылды адамына көп ауыртпалық түсірмейтін заманында жазылады. Ондай уақытта, әр әріптің бетіне үрке қарап, дүрбісін оңды-солды салып отырған цензуралы заманда “Сүйінғара” сынды өмірі өте күрделі болған ердің, жұртының тағдыры талқыға түскенде шауып жүріп жорға салатындай би-шешеннің, бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы Хорезм жұртының, Мерв, Балқан бойындағы іргелі елдің құқайына, ағайын қазақтың бопсасына мұқалмай, Ресей сынды айдаһардың өзін Каспийден шығысқа қарай көп қадамын аштыртпаған қол бастаған батырлар ордасының санаулы сырттаны, азуы қатты арыстанының атын атап, атқарған тарихи миссиясын бүркеп, бүктемей роман жазу оңай емес- ті. Бірақ Мәкең аталған романын жазды. Бұл Маңғыстау елінің берісі алпыс жылдық өміріндегі аламанды тірлігіне, оның Сүйінғара батырына қойған қаламгер ұрпағының ескерткіші болатын.

Мәкең Сүйінғараға, оның заманына келер жолды әуелі өзінің замандастарының өмірінен бастады. 1967 жылы жарық көрген оның «Маңғыстау хикаялары» атты жинағында кеңестік дәуірде ел экономикасын өркендетіп, өмірдің ашысы мен тұщысынан кенде қалмай жүріп, малын баққан, балығын аулаған, жерінің қазба байлығын іздестіріп тауып, оны халық игілігіне айналдырған Социалистік Еңбек Ері, кеме капитаны Ізтұрған Оразбаевтың, кешегі Отан соғысы кезінде майдандағы перзентінен айырылса да қажырлы еңбегімен ел құрметіне бөленген, майдангерлерге мінетін аттар дайындаған, онан кейінгі жылдарда да социалистік жарыстың жеңімпазы бола білген Социалистік Еңбек Ері Ұзақбай Есқожаевтың, сондай-ақ, Ленин орденді Збира Есқожаеваның, колхоз төрағасы Өмірзақ Нұрбаевтың, Бәуке Бегешов, Бесінбай Бегенішов, Жұбан Жанқұловтың, Маңғыстау мұнайының көзін ашқан Халел Өзбекқалиев, Нариман Имашев, Валентин Токарев сынды Лениндік сыйлықтың лауреаттарының, Социалистік Еңбек Ерлері мұнайшылар Қадыр Қожахметов, Салық Рысқалиев, депутаттар Көшкінбай Қалиев, Ғазиз Әбдіразақов, Сүйеген Салмановтың, Жолдас Тоғжанов, Иван Тарабриндердің, ғалым Сәкен Шахабаевтың, Әліби Жангелдин жорығына катынаскан, қарашекпендік Ауған Қызыловтың, тастан шауып мүсін жасайтын шебер Ідірейіс Серікбаевтың. т.б. өлкенің ескі көз қарттары мен соңғы жас буын өкілдерінің жасампаздық бейнесі әдемі көрініс тапқаны белгілі. Бұл Мәкеңнің біздің заманның адамдарына орнатқан ескерткіші болатын. Жазушының өз замандасы, СССР спортына еңбек сіңірген шебер, қысқа қашықтарға жүгірудің чемпионы, рекордмен Әмин Тұяқов туралы жазылған «Желаяқ бала» повесінде де тек бір ғана Әмин, оның үлкен жарыс жолындағы спортшы әріптестерінің ғана іс - әрекеттері суреттеліп қалмайды. Мұнда да Әмин тәрбие алған орта, оның Берекет, Нұн, Әбіш, т.т. жеделдес замандастары да өз орнымен, өз ретімен көркем өрнектеледі.

Революция тақырыбына Сәкен Сейфуллиннен бастап біраз қаламгерлердің шығарма жазғаны мәлім. Тек бір ғана Торғай топырағында өткен төңкеріске орай жазылған Мақан Жұмағұловтың, Морис Симашконың, т.б. көлемді романдары белгілі. Ал сол аймаққа үш миллион патрон, пәленбай пулемет пен зеңбірек, винтовка жеткізуші Әліби Жангелдин отрядының ерлік сапарын Халық жазушысы Қалижан Бекожиннан кейін шырайлы етіп бейнелеген шығарма тарихи құжаттарға сүйене отырып жазылған Маршал Әбдіхалықовтың «Ленин тапсырмасы» атты повесі екені белгілі.

Кезінде осы оқиғаның қадір-қасиетін көрсету мақсатында көркем фильмде түсірілді. Маршекең оған да бір кісідей үлес қосып, қайрат етті. Ал, автор өзінің аталған повесіндегі басты тұлға тек Әлібиді ғана емес, ел ақсақалдары Қаражан Тасымов пен Қалжан Алғиевті де, «баррикаданың арғы бетіндегі», патша әскерінің полковнигі Оспан Көбеевті де, қазақ даласының тұңғыш ревкомы Тобания Әлниязовты да өмірдегі өз атымен, мемлекеттік,

әлеуметтік атқарған істерінің шындығы аясында көрсетеді. Жангелдиннің қарулы қолының сол кездегі Қаражан, Қалжан секілді Адай ақсақалдарының басшылығы, қамқорлығы болмаса баратын жерлеріне жете алмай жолда қырылуы ғажап емес-ті. Оны автор талай жерлерде, әсіресе Үстірттен Шалқарға бағыт ұстаған арасы бірнеше күндік шыңырауларға жету сапары кезіндегі қиын жолдарда, керуенді жау қоршаған тұстардағы сәттермен байланыстырып шебер көрсеткен. Ең ақыры бұрын әскерде болған маңғыстаулық Төлегеннің Әліби отрядындағы қарулы адамдарды әскери тәртіпке, әскери ұрыс амалдарына үйрететін командирі болуы да шындықтан алыс кетпеген. Шындығында да Әліби Жангелдин қосынына қызмет көрсеткен маңғыстаулықтар сапында небір құралайды көзінен атқан мергендер де, ер жүректі палуан, жезтаңдай әнші, дәулескер күйшілер де болған. Қысқасы замана шындығы осылай болатын.

Мәкең қаламы жүйрік журналист, дайындығы мол жазушы болғанмен, оның әдеби сынға көп араласқанын көрген жоқпыз. Бірақ бір жолы, әлде «Қазақ әдебиеті» әлде «Жұлдызда» шығармашылық процесс туралы «кейіпкер қанша ақылды болса да, авторынан асып амалды бола алмайды» деп пікір айтқаны бар. Әдемі-ақ айтылған сөз ғой. Ал Мәкен кейіпкерлері шынында да бір бас білікті ақылды адамдар. Ғажап! Бірақ автор сол ақылды кейіпкерлерін классицизмнің идеалдық бейнесі тұрғысында кейіптеуді мақсат етпейді. Мейлінше өмірдегі кәдімгі ет пен сүйектен жаралған жандардың әрекет-харекетімен сүйіндіреді, күйіндіреді, сүйсінтеді, ойлантады.

Жазушының кейіпкерлерінің құлқынан замана мінезі айқын танылып отырады. Мысалы Сүйінғара ауылын шабатын топтың басшысы Дұрдының жауыздығы, Аллақұлдың, оның бас уәзірінің алысты болжай алмас кеудемсоқтығы сонау ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Хиуа жұртының әзірге хандық болып тұрған тарихи жағдайымен байланысты болса, Қарасай қарттың тек жоғары оқу орнын бітірген адам ғана уақыт талабын түсінген азамат деп ұғынулары да Кеңес үкіметінің жаппай сауатсыздықты бұғаулаймыз дейтін дәуірін бастан кешкен, толымды адам толық білімді адам, сондықтан толымды толық адам болам десең, жоғары оқу орнында білім алуың керек дейтін түсінікпен жүргендігінен деп білеміз.

Ал, елуінші жылдардың мектеп бітірушісі Сұлтанбек болса, Алматыға келіп конкурстан өтпей қалғаннан кейін кен іздеп жүрген барлаушылар қосынына кіріп, ақыры өзінің жұмысқа тындырымдылығының арқасында бұрғышы, одан мастерлікке өтеді. Жары да, анасы да, әкесі Қарасайдың шешімін. бірден-бір дұрыс шешім деп біледі. Олар әсіресе Сұлтанбектің анасы мен жары адам көңіліне мұң ұяламаса екен, кісінің көңілін қалдырмасам екен деп тым биязы қылықтығымен оқырманның есінде қалады. Жалпы бұл тұрғыда Мәкең кейіпкерлерінің көбісі ішкі мәдениетінің молдығымен назар аударады. «Қара тасқындағы» Досан да, Назар да, Сапаров та, Ақлима мен Несібелі де, Қабыл да, Ханбибі де сондай адамдар. Әрине өмірдің жеңіл жағымен тірлік кешкісі келетін Сағындық сияқтылар да, отырған орындығын қомсынып, бастығының үстінен арыз жазатын бас инженер Қонысбай сияқтылар да бар.

Мәкеңнің Маңғыстау мұнайының көзін тауып, оны игеру туралы шығармалары уақыт жағынан алып карағанда, өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарындағы геолог-барлаушылар мұнай кенішінің өнімін ел игілігіне жеткізіп жатқан қалың қол мұнайшылардың тірлігін баяндайды. Бұл белгілі мөлшерде халық жазушысы, академик Зейнолла Қабдолов ағамыздың «Жалын» дилогиясының екінші кітабындағы ерекше көркем кескінделетін кезеңмен шамалас. Және Зекеңнің прототиптерімен Маршекеңнің кейіпкерлері тағдырлас. Жұмабай, Байбол, Богатырев секілді бұрғышылар сол ежелгі Ембінің адамдары. Бірақ екі қаламгердің кейіпкерлерінің істеген істері, мінез құлықтары, жекелеген пенделік түсінік-танымдарында көптеген жайлар ұқсамайды. Тегінде оның солай болуы заңды.

Маршал Әбдіхалықов өндіріс жайлы туындыларында қатардағы жұмысшыдан республиканың ұзақ жылдар басшылығында болған Д.А.Қонаевқа дейінгі біраз адамдарды өзіне кейіпкер еткен. Автор тек шаң-тозаңнан ғана емес, елге күнелтіс көзі болып тұрған мұнай мен газдан ауаның тазалығының бұзылуын экологиялық тұрғыдан мәселе етіп көтереді. Маңғыстау мұнайының қоюлығына байланысты туындайтын құбырларды қыздыру әдісін өмірге әкелу, сондай-ақ мемлекеттік жоспардың мөлшерінің артуына орай санаулы қондырғыларды сарқылғанша пайдалану процесіне байланысты, бәрінен бұрын сырттан вахталық әдіспен мұнайшылар тасу секілді көзқарастың терістігін паш ететін бірсыпыра өзекті жайларға жауап іздейді. Және соның көбіне орнықты жауап табады. Бәрінен бұрын осы кезге дейін саябыр тапқанмен ауық-ауық алдан шығып жүрген жергілікті ұлттың жұмысшы- мұнайшы қауымын қалыптастыру жолындағы автор ойының маңыздылығы сонау шығарма жазылған тұстың биігінен тұрып көз салғанда тіптен айырықша назарға ілінеді.

Автор көптеген шығармасында 360 әулиелі аймақтың әр қорымының ішіне бүккен талай сыры бар архитектуралық ескерткіштерге ие екенін оқырман назарына ұсынып отыруды өзінің перзенттік мақсатым деп біледі. (Ақлима сияқты кейіпкерлері ата-баба қорымын диссертациялық жұмысына тақырып етіп алады). Сондай-ақ жайылымдардың, ежелгі шыңырау құдықтардың пайдаланылуы, мал тұқымының асылдандырылуы секілді мәселелерді бұрынғы патшалық замандағы тасқа басылған деректермен байланыстыра отырып күн тәртібіне ұсынады. Мұны қазіргі және келер ұрпақтың мүддесі үшін қызмет ету демей не дейміз? Қысқасы, бүкіл шығармашылық өмірін Маңғыстау атырабының айбынды азаматтарына ескерткіш орнатумен өткен Маршекең «Маңғыстау-намесінің» қадірлілігі де, қастерлілігі де осында. Олай болса елін, жерін қастерлеп, мақтан тұтып, соған қызмет еткен Маршекең сынды азамат қай кезде де сол елдің мақтаныш етер перзенті бола бермек.

ӘОЖ 821.512.122:37 (045)

«СҮЙІНҚАРА» РОМАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

З.Қ. БИСЕНҒАЛИ

филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

М.Әбдіхалықов шығармашылығының үлкен бір белесі сөзсіз - «Сүйінқара» романы. Бұл қаламгердің көп үміт күтіп, бар қабілет, қайратын салып жазған үкілі еңбегі. Жинап-тергеннен тапқан табысын қолданып, білгенін айтып, шыңдала бастаған шеберлігін көрсеткен тұсы, сірә, осы болса керек.

Қазір біздің қолымызда осы романның «Жұлдыз» журналының 1981 жылғы 8,9 сандарында жарияланған журналдық нұсқасы ғана бар. «Теңіз суының құрамын білу үшін тамшысы да жеткілікті» дегендей қаламгердің таланты мен шеберлігінің шамасын байқауға әрине «Сүйінқара» романының көркемдігінде жазушының роман атты бүгінгі күн эпосын игеру жолындағы ізденіс, табыстары сайрап жатыр. Шеберлік туралы сөз қозғау үшін, әзірше, жеткілікті тәрізді. Алайда, мәселе басқада. Осыған қатысты кейбір жайларды атап айтар болсақ: Шығарма аяқталды ма? Жоқ па? Автордың қолжазбасы қайда? Журналдық нұсқаны

дайындау үстінде қаламгердің қысқартқаны, авторлық баяндауға түсірген көрініс, ойлар, диалогтар бар ма?

Поэтикаға қатысты зерттеулерде олардың орны мүлде бөлек. Қолжазба табылған жағдайда, оның жарық көруі уақыттың шаруасы ғой. Бүгін болмаса ертең жарық көреді. Сонда әрбір түйінді тұстарға(мәтінге) қандай себептер әсер етті, оны тереңдей қарастыруға, зерттеуге болады. Ал қаламгер жазып бітіре алмаған жағдайда... мәселе басқа. Онда толмас жоғалту, нағыз өкініш деген осы болмақ.

«Сүйінқара» романы осы журналдық нұсқасында да аяқталған шығарма тәрізді әсер қалдырады. Роман жанры туралы қалыптасқан пікірлерге қарағанда (М.Бахтин) бұл жанр-уақытпен кеңістік өлшемдерінің бір бөлігіндегі адам баласын ойландырған, болмаса олар тап болған хикая, уақиға, тарихтың, көбіне авторды тебіrentкен бір үзiгi ғана. Жазушы осы эстетикалық объектіні өзі тұрған биіктен, өзі көрген деңгейден ғана бейнелейді. Шығарманың көркем мазмұны осыған ғана тәуелді болмақ. Оның аяқталған тарих, уақиға болуы тіпті де шарт емес. Біздің талдайық деп отырғанымыз, менің бұйрығымды орындамадың деп өшіккен Хиуа ханы мен оған қарсы тұрған Сүйінқара арасындағы қақтығыс кезіндегі уақиғалар ғана емес. Сүйінқара батырдың аулы талқаны шығып, балалары мен бауырлары қаза тауып, мал-дәулеті талан-таражға ұшырап жатса, бұл қазақ аулы көріп келе жатқан көп қырғынның бірі... Жолдағы ел мен оның қамын ойлаған талайлар да жазықсыз қазаға ұшырап отыр. Сүйінқара көрген сұмдықтар осымен шектелсе ғой, талайды көрген батыр жүрегі әлденені сезеді. Жоқ, бұл жолғы қиындық басқа, нәубет таянып келе жатқан сияқты. Ел мінезін өзгертіп рухын сындыратын жойқын әлдене таяуда тұрған тәрізді. Өзгеріп жатқан мына заманда тыныштықты қалай сақтарсың, ел басына кімдер тұрмақ? Бұл сенген батырлар жорықтан гөрі, жортаққа көшкен (қазақ еліне қожалық қылғысы келеді). Ел қорғаны болам деп Жәңгірге қарсы көтерілген Исатай-Махамбет тәрізді ерлер қудалауға ұшырап бас сауғалап жүр. Шығармадағы Сүйінқара батыр үнемі осындай ойлар шырғауында.

Кемемен келіп жатқан бейтаныс адамдар мұны іздеп тауып әлде не сұрағысы келіп отырса да ішіне бірнәрсе бүгіп жатыр. Олардың көмейіндегі сөздерді бұл сезеді. Өнері, оқу- білімі бар орысқа сенуге бола ма? Бұлардың қазіргі көздеп отырғаны Маңғыстау түбегі емес, алайда мойынға құрық ілудің басы болып жүрмесе?

Роман соңында елін шауып кеткен Хиуа ханына қарсы қазақтар қол жинап жатыр. Қираған аулы мен ағайын-туысы қаза болғанға кектенген ерлер жан-жақтан жиналуда. Көпті көрген қолбасы батырлар артында ұрпағы қалған, ұлы бар азаматтарды ғана іріктеуде. Жау қолынан қаза болған әкесін жақсы білетін Сүйінқара «алдымен ұл таптырып ал, әлі жассың» деп Өмірзақты әскерге алмай отыр. Тұрыш батыр «біз оралған соң Жыңғылдыға кел, оқы» деп еліне шақырады. Бір атаның болашағы тәрізді жастарды жасамыз батырлар болашағымыз деп жолсыз ажалдан сақтауда.

Демек, қазақ елін талай жылдар қанап, сорып келген Хиуа хандығына қарсы қанды шайқасқа дайындалып жатыр. Аяқ асты шапқыншылыққа ұшырап тас-талқаны шықса да, еңсесі түсіп езілген әлжуаз ел көрінбейді. Басында Сүйінқара тәрізді болашақты болжап, алысты көріп, тереңнен ойлап, тыңнан жол табатын тәжірибелі, тарлан батырлар тұр.

Романның осы нұсқасынан-ақ алысты көздейтін астары бар, жұмбақ жүйесінің құлашы кең, кесек жоспарланған шығарма екені көрініп-ақ тұр. Романда бас қаһарманның бірі болуға тиісті Өмірзақ мына біз оқыған нұсқада әлі балаң ойлардан аса алмаған қалыпта. Әрекет түгіл, ірі ойларға да бара алған жоқ. Бірақ болашақта қолынан көп нәрсе келетіні байқалады. Роман соңындағы беліне қылыш байлап, әке-шеше, туыстарының кегін аламын деп жүргені өмір өткелдерінде шындалмаған жастың балаң тірлігі ғана емес. Жазықсыз өлген туғандарының кегін аламын деп жасақталып жатқан қолды іздеп келіп тұр, арғы ойларында дәйек аз болса да, рух беріктігі аян. Осы бейнеге байланысты М. Әбдіхалықов ойларында

шапқыншылық, ел қорғау, жауға шабу, кек қайыру туралы жаңа бір ұстанымның ұшы көрінетін тәрізді. Романда қаламгер ойларының салмақты тұстарын көрсететін Тұрпаев та, Ресейдің шығысқа саясатының салмағын арқалаған Г.С.Карелин де қолға алып жатқан ірі әрекеттерінің бастауында ғана қалады. Шығармада Маңғыстауға өңмендей ұмтылған орыс саясатынан гөрі, заңсыз пітір-садақа жинаған Хиуа ханымен қазақ елінің қырғи кабак қарым-қатынасына көбірек көңіл бөлінеді. Сүйінқара, Мая тәрізді қазақ елін билеушілер жолсыз зорлыққа бейім Хиуаға пітір, зекет бергеннен гөрі өнері мен оқуы бар, қуатты Ресейге алым-салық төлеп, соның боданы болғысы келеді. Елімізді, ішкі шаруаларды өзімізге билетсе, сыртқы жаудан қорған болса несі бар деген ойда.

Тұрпаевты қауіп-қатері бар белгісіз өлкеге айдап әкеліп отырған-сауда, ақша. Бастықтармен қарым-қатынаста да тәжірибесін, өзіндік айла-амалын қолданады, берік ұстанатын саясаты байқалады. Олардың алдында нені айтуды, қалай айтуды, күмәнді жайларды бүгіп қалып тігісін білдірмеуді әбден меңгерген әккі. Ал қарапайым адамдар мен қыртысы аз жайдақтардың нені көксегенін қ апысыз көре біледі. Талайды көрген кәрі тарланның ішкі есебі соған ғана негізделетіндей. Алайда шығармада ол алдына қойған мақсаты үшін небір қауіп-қатерлерге де бас тіге алатын батыл жан. Тек қана Ресей әскері қалқан болған аймақта ғана өз шаруасының гүлденетініне сенімді. Сондықтан да мінезі өзіне жайлы көрінген Карелинді жағалап жүр.

Романда оның осы қасиеттері үлкен шеберлікпен суреттеледі. Мен Сүйінқара шалға барайын. Сөйлесейін. Біздің келгенімізді білмейтін шығар,-деді. Карелин оның айтқан сөзіне таңданып қалды. Қалай барасыз, жол қауіпті емес пе?-болды оның Тұрпаевқа берген сұрағы. Тұрпаев бұл жайларды күні бұрын ойланса керек. Кідіріп-мүдіріп жатпады. Өзінің нық шешімге келген әдетімен Г.С.Карелин жүзіне тура қарады: -Бұл оңашада жағалауда көліксіз, азық-түліксіз жата берген қауіпсіз емес пе? Сосын біз теңізден өтіп не үшін келдік? Елмен араласу үшін келгеніміз жоқ па? Ендеше басталық сол араласуды. Ол кісіге қалай жетесіз? Бұл сұраққа Тұрпаев ойланып қалды». (№ 9.91-б.).

Романда сезім сырлары, ой толғаныстары суреттелетін басқа кейіпкерлер кездеседі. Мәмбетнияз батыр, Мая, Өмірзақ. Дұрды т.б.-шығармада өз әрекеті, тірлігімен көрінетін, оның поэтикасына әсері, қосары бар жанды бейнелер. Және бұл кейіпкерлердің бәрі белгілі деңгейде дараланған. Сондықтан да олар енді авторлық интенциядан гөрі, сюжет ағымы мен характер қисынына қарай әрекет етуге дайын кейіпкерлер. Роман тәрізді күрделі жанрда еңбектенген қаламгерлер үшін бұл қолға сирек түсетін үлкен табыс деуге әбден болады. Романда бұл адамдардың бәрі замана көшінің ағымымен өмір өткізіп, беймәлім болашақтан жақсылық күтіп, күн кешуде.

Адамды заман билейді деген осы да. Бұл туралы екінің бірі ойламаса да, заманның өзгеріп келетінін сезеді. Сол жаңа заманға бастап баратын ел басындағыларға, өсіп келе жатқан жастарға сенеді.

Романдағы негізгі идея-ойлардың автор ойында пісіп жетілуі шамамен 70-ші жылдардың соңы деп ойлауға болады. Осы жылдарда қазақ жазушыларының көбі тарихи романдарға бет алған-ды. Бұл кеңес империясының күш-қуатының бар шағы. Бостандық, бақытты өмір т.б. деп шулатып жатқанымен, осы бағыттағы ойлардың шынайы сипаты байқалған сәтте-ақ шу шығаратын қуаты да, күші де, теориясы да бар. Ондай ойларды саяси сауатсыз жандардың сандырағы, кеңес үкіметіне жала жабу деп дәлелдей алатын арнайы дайындығы бар адамдардың жеткілікті шағы. Бұл идеологиялық ахуалды М.Әбдіхалықов әрине білді. Ресми идеология рұқсат еткен қалыптан шығып кеткен жағдайда шығармасының баспа жүзін көруі екіталай. Сондықтан қаламгер бар мүмкіндікті қолданып осы шеңберге сиюға тырысқан. Алайда тарихи оқиғалар мен адамдар өмірінің кейінгілер, әсіресе идеология қызметкерлері сызған қалыпқа сыймайтыны аян. Сондықтан шу дегенде-ақ жазушы алдынан самсап шыға келетін шындықтарды қалай айтуға, бейнелеуге болады

деген ой қаламгердің қолын байлайтын, мықтап тұсайтын ірі мәселелердің бірі еді. Біздің қолымызда бар роман нұсқасының көркем мазмұнында қаламгердің айналып өткен тұстары да, аттап кеткендері де, астарлы арнаға көшірілгендері де көрінеді.

Замана тынысын өткір сезіну, екінің бірінің ғана емес-ау, көптің маңдайына жазылмаған және кәрі жасқа қарамайды. Сондықтан да олар санаулы адамдар болады.

«Сүйінқара» романында осы тақырыпқа қатысты көп байқала бермейтін салыстырулар бар. Мәселен, қазақ арасында ел болашағын ойлаушылар көбейіп келеді. Халық қамы үшін бастарын бәйгеге байлап орыс еліне, әскеріне арқа сүйеп жүрген Жәңгірмен ашық шайқасқа шыққан Исатай-Махамбет бар. Олардың ерлігіне сүйсіну, тағдырына ортақтасу тілегіндегі Сүйінқара Еділ-Жайық арасын жол қыла жүріп ұзақ толғаныстан кейін бір шешімге келетіндей: “Орыс елі көп дейді? Білімі бар көрінеді, оқулы көрінеді. Мынау орыс кісі мұны бекер іздемеген болар. Егер, тиісті алым-салығын алып, елді тек өзіне билетсе, одан қашуға бола ма? Май-шекері, ұн-астығы, киім-кешегі болса, басқа не керек? Мал-пұлын, тері-терсегін бермей ме ел! Анау саудагердің жылмаңдауы бекер емес! Жоқ, бұл жерде енді ойланатын жәй жоқ!

Ақыры біреуге қол арту керек болса, осыларға арту керек”.(№8, 155-б.) Сүйінқараның құрдасы қажылыққа барып келген Тұраш тәрзіді қажылар ендігі заманда оқу-білімнің қажеттілігін байқай бастаған. Медресе салып бала оқытуды қолға алмақ. «Олар тек құран мен эптнекті оқымайды ғой. Біз дәрсүнүн аша алмаспыз. Ең болмаса нахұдты оқытсақ, дұрыстап жаза білсін. Басқа да ырым көп қой. Тек қысы-жазы мал соңында жүре бере ме? Есеп-қисап, сауда білсін. Бәрі Алланың құдіреті болар, бірақ адамның онымен тапқан нәрсесі көп қой. Тіпті Алланың өзіне кісі ойымен жетпей ме?» Осы тұста қаламгердің Абай қара сөздеріндегі (38 сөз) ойларды қолданғанын аңғаруға болады.

Сол тәрзіді романдағы Хиуа ханына күні үшін бас иіп жүрген Маяның пікіріне қараңыз. «Ал, мынау ел (Ресей-З.Б.) білімді көрінеді. Бізде бар дүние бұларда да бар көрінеді. Ана саудагерлердің де айту реті солай ғой. Шайы-шекері, астығы, матасы болса, біз жүнімізді, терімізді, малымызды берсек. Алым-салық жинамайтын басшылық бола ма? Егер, анау Хиуадан, ханнан қорғаса, соларға талатпаса, малымызды барымтаға салмаса, бізге не керек?» (№9, 101-б.). Қазақ даласында он жыл жүрсе де «ишансыз ба?» деуден өзгені білмейтін Г.С.Карелиннің өзі де қазақ елі санасындағы осы өзгерістерді аңғара бастаған. Жәңгір ордасындағы жаңалықтар мен орыс тілінде сөйлейтін Фатима ханымның балалар сауатын ашу туралы ойларынан көп нәрсені байқайды. Жайсыз түс көргеннен кейін бір кездегі Жәңгір екеуінің ортасындағы жұмбағы, астары молдау әңгімелерді есіне алғанда, әсіресе «Хан теріс қарап мырс етіп күлген сияқты» көрінуі т.б. Ресейдің отарлау саясатында да үлкен өзгерістердің қажетін байқататындай. «Сонау Орынбор мен Орал қалашығымен, Еділмен шектесіп, әрі созылып жатқан елде жөн сауатты адам жоқ. Малдан айырмасы әйтеуір екі аяқты, тілі бар, сөйлей біледі. Бірақ әлем жайлы не біледі? Әйтеуір, алыста орыс деген ел бар көрінеді. Орман-тоғайы, құдайдың өзі қалаған ақ патшасы бар дейді. Дегенмен олар да қу. Өз бастарына іс түскенде ойлана бастаған екен. Анау Сүйінқараны алыңызшы. Ішін бергісі келмейді, әрі паң. Бірақ Россия жағына ниеті құлап тұр» (№9, 80-81 бб.). Енді осы әлемдегі бар саясатты бағып жатқандай көрінетін орыс мемлекетінің жағдайына, сыртқы істер министрлігі Азия департаменті комитетіндегі мәжіліске қарайық.

Коллегия мүшелері аксельбант таққан мәжіліске қатысушы қарт генералдар мен түрлі чиновниктердің өзара қарым-қатынасын, бойларын ұстауын, киім киістері мен ойларын суреттеу барысында әсіресе, мәжіліс залда орнай қалған ахуалды бейнелеуде М.Әбдіхалықов шеберлік танытады. Өзара күле сөйлескенмен ширыға бастаған ахуал. «Карелин сөйлегенде тым-тырс тына қалды. Әдеттегідей, жөтеліп, шашалған да ешкім болмады. Тек есінеуі қысып бара жатқан қарт кісілер басын төмен салып, ауыздарын

орамалмен бүркеді. Олар тіпті Карелиннің сөзіне де, неге соншама нұсқау айтып батыл сөйлегеніне де таңбаған еді. Көпшілікті қайран қалдырған, бұл мәжілістің тез шақырылғаны» (№9, 82 б.). Осы мәжілістегі жұрттың баққаны және көңіл аударғаны жас генерал, су жаңа генерал формасын киген Орынбор өлкесінің генерал губернаторы В.А.Перовский және оның патша ағзам мен соған жақын біреулермен байланысы бар-ау деп бас қатыруда. Мінезі тосын жас генералдың өздеріне деген қарым-қатынасынан басқалар сияқты жалпылдауды қарт генералдар байқамайды. «Кейбірінің шаштары түсіп, басы қызғылт шақа түске боялып, кейбірі қолдарына таяқ ұстап шоқандап, иықтарынан асырып лента іліп, омырауларына бар моншақтарын тағып жылтыраған генералдар дағдарып қалған еді...» (№9, 83-б.). Бұл Ресей үкіметінің саясатын белгілейтін қариялардың тірлігі. Оларды патша үкіметінің шығысқа бағытталған саясатынан гөрі сарай маңындағы тартыстар көп алаңдататын сияқты. Алайда, оның болашағын ойлаған жастары В.А. Перовский мен Г.С.Карелин бейнелері арқылы көрсетіледі. Олар жаңа заман тынысын өткір сезінуде, сондықтан да олардың ойлары Ресей болашағымен байланысты. «Рыцарлық дәуір өтті, түрлі амалдың, айла-шарғының, есептің заманы туды. Иә, есеп, жігер-батылдық қажет. Алақандай Британия аралы ұлы Британия аталып, бүкіл Азияның шығысымен, етегін ұстап отыр десе де болады. Енді міне, оның орта тұсына, Индиямен асып Ауғанстан, Персия, Кіші Азияға қол салып келеді... Россия мен Англия мақсаттарының ақыры Орта Азияда түйісетініне еш күмән жоқ. Англия мен Россия, Орта Азия топырағында бетпе-бет осы ғасырда келе ме, әлде ол келесі ХХ ғасырда бола ма, ол анық нәрсе. Болашақта қапы қалмас үшін, сол болашақтың қамы үшін, Россия бүгін қимыл-әрекет бастауға тиісті...»-деп Г.С.Карелин ойлап жатса, дәл осы ойды В.А. Перовский қолдап, «Орынборға барғасын, не тіпті анау Маңғыстауда шешерміз бұл мәселені. Қазір, оны сөз етіп уақыт алмаңыз. Тез жүріп кетіңіз»-деп Г.С. Карелинді асықтыруда (№9, 86-б.). Демек, заман тынысын сезіну түрлі халықтарда түрлі деңгейде кездескенмен бәріне ортақ оның маңыздылығын аңғару бар. Романда ағылшын саудагерлерін (барлаушыларын) ордаларында ұстап, олардың саясатын өз пайдалары үшін қолдануға тырысып отырған Хиуа ханының мақсаты, тірлігінен де біраз көрініс суреттеледі. «Екі нар сүйкенсе арасында шыбын өледі» деген. Сол шыбыны осы Маңғыстау елі болса керек. Қай нар мықты? Кім кімді ығыстырады? Қайсысының қомына жармасқан жөн?- деп ел атқа мінерлерінің бірі Мая ойлағандай, Хиуа хандығынан зорлық көріп, бірақ діні бір деп, діні басқа Ресейден қауіптеніп отырған қазақ елі басындағылардың әлемдік саясаттың өз елдеріне қатысты біраз жайларынан хабары бары байқалады. Алайда төніп, түйіліп келе жатқан қауіп-қатерден қорғануға күш қаруының жетпеуін ұғуы, үлкен жаңалықтарды сезінуі, соған қатысты ой, армандары шебер суреттеледі. Мәселен, кейіпкердің бірі Маяның ой-әрекетіне қарайық. Теңіз жағасына түсіп, әлдене жасап жатқан көп әскерді ол адамдарын жұмсап бақылатып отыр. Анығын білу үшін қамданып, өзі барады. Күзетшілер байқап қалып мылтық атқанда тұра қашпай, табандылық көрсетіп Г.С.Карелиндердің алдында келіп тұр. Мақсаты- бұлардың ой-әрекетін анықтау. «Адайды алу үшін мұнша әскер төкпес!...Жауын бірде жауып, бірде жаумайтын мекиен дала кімге қажет? Не кәдесіне жаратады? Патшаның көздегені Хиуа ханы болды. Ханда қазына бар екені рас! Олардың ар жағында үлкен елдер, зор байлықтар жатыр дейді..көптеген теңіздің арғы жағалауында Енглез деген ел бар көрінеді. Ол оқулы, тоқулы. От-кеменің неше түрін жасаған, қара жермен талай темірді әулеткен мықты ел» деседі халық.

Романда М.Әбдіхалықов оқырман назарын ұсынатын ірі ойлардың бұл бір ұшы ғана. Ал шығарманың қатар-қатар қабаттарын аяқтап, жұмбағы мол жүйесіндегі сырларды ашу болашақтың ісі дегіміз келеді.

ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, қазақ прозасының дамуына үлесін қосқан қаламгерлер қатарында өзіндік орны бар жазушының бірі – Маршал

Әбдіхалықовтың публицистикалық очерктері, мақалалары, прозалары өз алдына дербес қарастырып, қаламгер шығармашылығының ерекшеліктерін жан-жақты ашып зерттеу, тұңғыш рет жалпы шығармашылық тұтастық күйінде арнайы ғылыми айналымға енгізілуі және өзі өмір сүрген кезеңнің тарихи-мәдени даму ауқымында саралануы ғалым Ақмарал Нұрғожақызының маршалтануға қосқан сүбелі үлесі деуге лайықты.

ӘОЖ 821.512.122:37 (045)

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮРКІЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ

Ж.А. МАНКЕЕВА,

филология ғылымдарының докторы, профессор

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері,

Алматы, Қазақстан

Қазіргі жаһандану заманында өзектелген антропоөзектік үдеріс әрбір жеке түркі тілінің тамырына тереңдеу бағытын жетілдіріп, интегративтік әдісті «тіл мен тарих», «тіл мен қоғам», «тіл мен сана», «тіл мен мәдениет» сияқты тұтастықтармен толықтыруда. Осымен байланысты «түркі әлемі», «түркілік рух» ұғымдарын дәйектеп тарататын жеке түркі тілдері фактілерінің көне түркі жазба ескерткіштердегі тарихи іздерін табу жұмыстары жаңа сапалық деңгейге көтерілуді қажет етеді. Осы мәселенің, мысалы, қазақ тіліне қатыстылығы қазіргі қазақ руханиятының «рухани жаңғыру» бағдарымен байланысты айқын көрініп, өзектелуде. Осы орайда көне түркі жазбаларының мұрасын ежелгі заманнан бүгінге дейін ұласқан рухани-дүнияуи даму барысының желісі іспетті бүгінгі күнмен қалай сабақтасатынын айқындау аса маңызды. Егер ең алғаш түркі дүниесін танытқан көне түркі ескерткіштері десек, бүгінде іштей қайта түлеп жатқан түркі халықтарының бірі қазақ халқының жаңа астанасының төрінде түркілердің тарихнамасы іспетті «Күлтегін» ескерткіштерінің тұғырлануы түркі рухының жаңғыруының жарқын үлгісі деуге әбден болады.

Соған сәйкес бағзы заманнан бастау алып, тасқа қашалған, түркі жұртының санасына сіңіп, бүгінге жалғасқан көне сөздердің тарихи даму, өзгеру сырын ашып, төл мәдениетпен сабақтас зерттеу нәтижелері тіл тарихының ұлт тарихынан ұзақ екенін негіздеген Ғ.Айдаров сынды ғалымдардың нақты зерттеу мұрасы қазақ тілінің «жаңа» топқа жатпайтынын дәлелдейді. Бірнеше дәуірдің тарихы, мәдениеті мен психологиялық, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық т.б. даму көрінісі этнографиялық, археологиялық, мифологиялық т.б. зерттеулермен қатар ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы сақталып жететіні қазіргі түркологияда дәлелденіп, осы ретте сенімді қағидаға айналып отыр. Осымен байланысты көне түркі мұраларын жан-жақты зерттеп, танытудың басында тұрған көрнекті түркітанушы-ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, көне түркі жазбалардың қазақ тіліне қатысы мен сабақтастығын айқындауды мақсат еткен қазақ ғалымдарының еңбектеріне де жеткілікті мән беретін кез келді.

Сайып келгенде, түркі тілдері өкілдерінің бірі ретіндегі қазіргі қазақ тіліндегі түркілік архетиптік үлгілерді реликтілік сипатта сақтап қалған мұрагер іспетті қазақ ғалымдарының ізденістеріндегі ерекше сезіну мен ішкі түйсік, қанға сіңген түркілік рух айқындалады. Біздің ойымызша, ғалымға қажет ғылыми-ақпараттық танымға жалғасқан тіл

иесінің тілдік санасында құрылымдалған когнитивтік тетікпен байланысты болса керек. Қазақ тіл білімі тарихында оның түркілік тамырын зерделеген ғалымдар аз емес (Ғ.Айдаров, А.Махмұтов, А.Есенғұлов, М.Томанов, А.Аманжолов, Ә.Құрышжанов т.б.). Ол топтың басында тұрған филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, көрнекті түркітанушы ғалым Ғ.Айдаровтың 100 жылдық мерейтойына байланысты 18 маусым күні «Егемен Қазақстанда» жарияланған Түркі академиясының президенті Д.Қыдырәлінің «Түркологияға түрен салған тарланбоз» атты мақаласында қазақ тіл білімінде түркологиялық зерттеу үдерісінің қалыптасуындағы ғалым еңбектерінің мәніне былайша баға береді: «Отандық түркология тарихында соқтықпалы соқпақсыз заманда тыңға түрен салған, жасқанып, мұқалып қалмай, өз бетімен өрге ұмтылып, табанды ізденістерге барған. Орхон мұраларының қазақ тіліне қатысын зерделеп, ізашар еңбек жазған көрнекті ғалым...» [1]. Сол кезеңдегі ел басына түскен зұлмат зобалаңның барлық азабын тағдырдың тауқыметін тартқан жас бала балалар үйінде тәрбиеленіп, жетімдігіне қарамай, жетілем деп, білім алуға ұмтылып, маман болуды мақсат еткен құлшынысы, бұғанасы қатпаған бозбала жігіт соғыстың қан майданында от кешіп оралуы, жастайынан жетім қалып, ата-ана тәрбиесіне қанбаса да, құймақұлақ, санасы ояу, қанында елдік рух сақталған жас жігіттің «Мен әулеттің отын өшірмеуім керек» деген тұлғалық өресі – тегіндегі өршіл рух көрінісі.

Болмысындағы осы өршіл рух оны қиын да күрделі ғылым жолына түсірді. Әйтпесе еңбек жолын бастаған мұғалімдік мамандығы да асыл ағамыздың оң жамбасына келер еді. Бұл кісінің бойынан ғаламат педагогтік қабілет байқалатын. Соншалық қиыншылықтарды басынан кешсе де, жүрегі қатуланбаған, аса мейірбан, ашулануды білмейтін, кеңпейіл, қазақы мінез, ең бастысы, сөзсаптамы ерекше, әсіресе, ауызша әңгіменің шебері, кез келген адаммен сөзі жарасатын коммуникативтік тұлға болатын. Бірақ соған қарамастан, нағыз инемен құдық қазғандай еңбекті талап ететін, сол замандағы тіл ғылымының, шын мәніндегі тыңына түрен салып, Білге қағанның, Тоныкөктің, Күлтегіннің тілін зерттеді. Себебі бойын ғасырлар қойнауындағы атабабаларымыздың тылсым әлемінен тарап, қазақы танымға ұласқан түркілік рухы билеген жас Ғ.Айдаров болмысы оған ұсынылған «Орыс тілінен енген сөздердің қазақ тілінде игерілуі» деген оңтайлы тақырыпты місе тұтқызбай, түркілік тылсым әлемнің сырына үңілуге жетеледі. Ғылымға адалдығы, болмыс-мінезі мен табандылығы, қажырлы ізденістерінің нәтижесінде «Тоныкөк ескерткіштерінің тілі және қазіргі кейбір түркі тілдеріне қатысы» тақырыбында 1959 жылы кандидаттық диссертация, «Көне түркі Орхон-Енисей және Талас ескерткіштерінің лексикасы» деген тақырыпта 1974 жылы докторлық диссертация қорғады.

Түркітану тарихының қай заманында да арғы түркі тілін (протоязык) қалпына келтіру (реконструкция) және оның қазіргі түркі тілдеріндегі сабақтастығы туралы мәселе өзекті болды. Ал тектілікті бағдардың танымдықпен қатар ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық та ерекше мәні бар. Шын мәнінде, оның жеке түркі тілдерінің тарихын зерттеуде бастау көзі болуы тиіс екені табиғи заңдылық. Бірақ бұл мәселенің осы күнге дейін түпкілікті шешімі табылмағаны, нақты айтқанда, оның әлі де тілдік фактілерден жинақталған жеке тұжырымдардың сипатында екені белгілі. Тіл білімінде ретроспективтік әдіс деп аталатын бұл зерттеу бағыты бүгінгі тіл ерекшеліктерін тарихи-салыстырмалы талдауға сүйене отырып, өткен дәуірлерге көне түркі кезеңдеріне бағдар жасайды. Бұл арада қазақ тілі тарихи грамматикасы мен «көне түркі жазба ескерткіштері тілі» пәнінің байланысы айқын көрінеді. Нақты айтқанда, тарихи грамматика өз қорытындыларында, өз зерттеулерінде көне ескерткіштер фактілеріне сүйенеді. Ә.Құрышжанов, М.Томановпен бірлесіп 1971 жылы жарық көрген «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты оқулық (кейін 1986 жылы Ғ.Айдаровтың жеке авторлығымен шыққан монография) еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде түркі тілдерінің тарихын оқытуда

«көне түркі жазу ескерткіштері» деген курс негізінде ғылыми-әдіснамалық, көнетүркілік деректік негіз болды. Атап айтқанда, Орхон-Енисей немесе көне түркі жазбалары, ұйғыр жазуының нұсқалары т.б. Дегенмен тілді зерттеудің қазіргі замандағы антропоэлектік парадигмасының бұл мәселенің зерттелу үрдісінің қарқынына ықпал етіп қана қоймай, зерттеу әдіснамасын кеңейтіп, кешенді сипатқа ие болғаны да шындық. Демек, ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын көнетүркілік тілдік деректер негізінде саралап тану – қазіргі тіл біліміндегі өркенді арна. Осы бағытта этностың, ұлттың мәдени-танымдық жүйесін зерттеу барысында теориялық-әдістемелік негіз ретінде антропоэлектік бағыт пен когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының қағидалары басшылыққа алынады. Түркі әлемінде ол «Күлтегін» ескерткішінде берілген: «Көкте Тәңірі, төменде қара жер пайда болған кезде екеуінің арасында адам пайда болды» [2, 276 б.].

Ғ.Айдаров сынды ізашар түркітанушылардың еңбектеріне сүйеніп, түркі дүниесінің қазақ тілімен сабақтастығын тарихи-салыстырмалы сипатта дәйектеуге болады: *altun: altun kumüş kerdäksiz kelürti* – «Олар алтын мен күмісті көп мөлшерде жеткізді» (Күлтегін ескерткіші); *eb // ev // ug // uv: basmil jagidip ebimru bardı* – «бізге жау болған басмылдар менің үйімді (тұрағымды шапты)» (Мойыншор ескерткішінен) т.б. [3, 171 б.]. Ғалымның бұл иллюстрациясы көне түркі тілінің жалпы қыпшақ тілдерімен және оның ішінде қазақ тілімен тарихи фонетикалық байланыстарының алуан түрлілігін көрсетеді.

Шын мәнінде, бұл кезең қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы кеңестік кеңістіктегі, жалпы түркітанудағы да осы мәселенің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, ғылыми-әдістемелік негізі нақты айқындала қоймаған соғыстан кейінгі қиын кезең болатын. Сондықтан өмірінің мұраты, ғылыми-шығармашылық қызметінің темірқазығы іспетті осы мәселеден айнамай, тапжылмай зерттеуінің нәтижесінде он шақты монография, жоғары оқу орындарына арналған бірнеше оқулықтардың, 250-ден астам зерттеу мақалаларының жарық көруі – ғалымның ерен еңбегінің айғағы. Мысалы, профессор Ғ.Айдаров түркі мәдениетінің даму тарихында өзінің игілікті әсерін тигізген соғды жазуы негізінде қалыптасқан көне ұйғыр жазуындағы Ж.Баласағұнның әйгілі «Құтадғу білік» атты дидактикалық еңбегіне және басқа да ортақ түркілік мұралар жазылған жазба ескерткіштерінің тіліне ерекше назар аударады. Ғалым: «Тарихи деректерге қарағанда, соғдылар біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Орта Азияда жасаған халықтар ішіндегі ең мәдениетті халықтардың бірі болып есептеледі. Соғды территорияларынан будда, манихей және христиан діндеріне байланысты көптеген әдеби мұралар, текстер табғаш, санскрит, сирия тілдері арқылы соғды тілдеріне аударыла бастайды. Осындай мәдени байланыстар Азия мен Шығыс Түркістанды мекен еткен халықтарға өзінің игілікті әсерін тигізді. Сөйтіп, ұйғырлардың жаңа алфавитінің жасалуына ерекше жағдайлар жасалды. Соғды жазуының негізінде ұйғыр жазуы пайда болды» деп түсіндіреді [3, 124 б.]. Көне ұйғыр жазуымен жазылған деректер барша түркі тілдеріне ортақ болғанымен, жеке ру-тайпалардың бір-бірінен территория, әкімшілік т.б. жақтарынан бөлінуіне қатысты ерекшеленетінін көне ұйғыр жазба нұсқаларының ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарын студенттерге игертуді мақсат етеді. Әрине, бұл еңбектерге соңғы жарты ғасырдағы түркологияның жетістіктері тұрғысынан талап қою қиынсыз. Дегенмен сол замандағы ғылыми өзектілік, танымдық-ақпараттық деңгей тұрғысынан ғалым еңбегі лайықты бағасын алды деп айта алмаймыз. Кеңестік түркітанушы ғалымдардың қатарында да көбінесе аталмай, назардан тыс қалатын. Еуроцентристік кеудемсоқтық пиғылдағы зерттеушілер ғалымның еңбектерін өз деңгейіне сай объективті көрсетпеді. Ғалым зерттеулері өзінің туған елінде де қолдау таппай, докторлық диссертациясын 1974 жылы Бакуде әзербайжан тілінде сәтті қорғап шығады. Шын мәнінде, профессор Ғ.Айдаровты көне түркі жазу сиқырына бойлатқан оның Орхон-Енисей және

көне ұйғыр жазуларының белгі-таңбаларын толық игеріп оқып қана қоймай, түркі дүниесінің қазіргі мұрагерлері ретіндегі түркі тілдерінің көбін (қыпшақ тобын былай қойғанда, оғыз тобындағы түрікмен, әзербайжан т.б.) еркін меңгеруі [4]. Профессор Ғ.Айдаровтың көне түркі жазба ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тіліндегі тарихи іздерін дәйектеген монографиялары, оқулықтары мен мақалаларында түркітануда қалыптасқан тұжырымдар нақты тарихи-салыстырмалы деректер арқылы көрсетіледі. Мысалы, дыбыстық деңгейдегі дыбыстардың алмасуы, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық деңгейлердің салыстырмалы жүйесі деректеледі [5;6;7; 8; 9].

Мысалы, профессор Ғ.Айдаров көне түркі ескерткіштерінің өзінде тек бірбуынды емес, екі, тіпті одан да көпбуынды сөздердің белсенді қолданылғанын көрсетсе, бұл сабақтастықты тарихи морфология маманы профессор М.Томанов былайша түсіндіреді: «Қазіргі қазақ тілінде екі топ параллельдер (әрине, тарихи) ұшырасады». Мысалы, би ~ бек, сөз ~ сап (сөз саптау), тағ ~ тау, сау ~ сақ (сақаю), жай ~ жад ~ жаз (жайылу, жадырау, жазылу) т.б. [10, 87 б.]. Дыбыстардың осындай тарихи ауысулары арқылы морфологиялық тұрғыдан өзгерген түбірлер қазіргі тілде дербес күйінде емес, тарихи туынды түбірлердің құрамында кездеседі. Мысалы: бауызда (боғуз ~ тамақ), айрыл, ажыра (ай ~ ад ~ аж); жыла (иығы ~ иығла), бағла (бағ) т.б. Байырғы түбірлердің тарихи іздерін сақтаған мұндай туынды түбірлерді, ең алдымен Ғ.Айдаров сынды ғалымдардың көнетүркілік ескерткіштер тілінің деректерін көрсеткен мұраларына сүйеніп, «өлі» түбірлерді жаңғырту, қазақ тілінің тарихи даму үрдісімен сабақтастыру ісі қазіргі заманға тән кейінгі кешенді зерттеулерде жалғасын табуда. Соның нәтижесінде «жалпытүркілік тектілден (протоязык) өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан, қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілдік дерек VII-IX ғасырлардан жеткен көне түркі ескерткіштерінің тілі» деген тұжырым қазіргі тілде көбіне түбір болып саналатын, бірақ тарихи туынды екібуынды түбірлерге де тікелей қатысы екені айқындалып отыр [11, 60 б.]. Тілдің осындай даму сатыларынан өткенін ескере отырып, түбір теориясына динамикалық тұрғыдан зерттеу жасауға болатыны байқалады. Осындай көзқарасқа сәйкес, түбір онтологиялық деңгейдегі бірлік ретінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырады, соның нәтижесінде белгілі бір хронологиялық деңгейдегі түбірдің жалғыз ғана моделінің ата-тілде қолданылу мүмкіндігін жояды. Бұдан шығатын қорытынды: түркітануда анықталған түбір құрылымдарының (CV, VC, CVC және т.б.) әртүрлі хронологиялық деңгейі тек бір ғана модельге негізделмейді деген сөз. Қазіргі түркітануда қалыптасқан тіл онтологиясының күрделілігі тілдік құрылымның аясында кейбір қайшылықтардың із қалдыруымен сипатталады. Мұндай белгілер бір буынды түбірлердің тарихи эволюциясына да қатысты. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі бір буынды түбір-негіздердің құрылымын бейнелейтін V CV, VC, CVC, CVCC, VCC модельдерінің қазіргі қазақ тіліндегі тұрақтылық сапасы мен өзгермелі сапасының деңгейі әр түрлі. Бұл модельдердің біразы тұлғалық-мағыналық белгілерін сол күйінде сақтаса, енді бірі тұлғасын сақтап, мағыналық өзгерістерге ұшыраған (мысалы, тон, қатын т.б.), ал кейбіреулері мағынасын өзгертпей, тұлғалық ауытқуларға ұшыраған. Мұндай құбылыстардың қалыптасуының лингвистикалық экстралингвистикалық жүйелі себептерін қазіргі тіл ғылымындағы заңдылықтың аясында анықтауға келмейді. Көне түркі ескерткіштерінде алғашқы моносиллабтардың CV моделінің бірнеше нұсқалары болғанымен, лингвоэволюциялық үдерісте ортақ идея мен дефинициялық белгілердің негізінде морфо-семантикалық тұлға қалыптасады [12]. Сондықтан V және CV модельді түбірлес моносиллабтарды бір ғана тұлғада жаңғырту (реконструкциялау) нәтиже бермейді, олардың архитұлғасы мен архисемасы кешенді сипатты бейнелейді. Ал, келесі тарихи даму

кезеңінде моносиллабтардың VC, VCC, SVC, CVCC модельдерінде нақтылау үрдісі байқалып, Ғ.Айдаров атап көрсеткендей ескерткіштерде дисиллабтар (екібуынды) да кездеседі.

Ғалым мұрасын зерделеу нәтижесін бүгінгі қазақтану ілімінің кеңістігімен ұштастырсақ, кейінгі профессор М.Томанов, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов т.б. көрнекті тіл тарихын зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген көне түркі ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліндегі тарихи іздерін мынадай көздердің деректері арқылы айғақтауға болады. Біріншіден, бүгінгі тіл құрамындағы диалектілік айырмашылықтар көбіне тілдің көне дәуірінің біртұтас халық тілі қалыптасқанға дейінгі сипаты болып келеді. Мысалы, аға ~ ақа, еге ~ ие т.б. Екіншіден, академик Р.Сыздық көрсеткен тарихи көздер мен жыраулар тіліндегі ауызша әдеби тілдің поэтикалық сипаты арқылы көптеген көне дәуірлерге тән тұлғалар, дыбыстық қолданыстар, көнерген сөздер сақталған. Үшіншіден, ономастикалық жүйенің деректері де тарихи дәйек бола алады (жер-су, тайпа, ру, халық, кісі аттары т.б.). Мысалы, Мойынты, Өлеңті, Бұлдырты, Шідерті т.б. Олардың көбі тілдің даму барысында жоғалып кеткен сөз өзгерту модельдері бойынша жасалған боп келеді немесе ұмытылған мағынаны мәдениет өз бойында сақтауы мүмкін.

Осымен байланысты түркі халықтарының тарихи мұраларын шын мәнінде бағалай білу, олардың тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда баға жетпес қазына екендігін көпшілікке, жас ұрпаққа жеткізуді сол заманның өзінде кезек күттірмейтін міндет деп санап, монографиялар мен оқулықтар жазған профессор Ғ.Айдаровтың өнегелі ісі қазіргі заманға жалғасып, таныла түсуде: «Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым» [14, 188 б.] деп сипатталған Күлтегіннің түркілік рухын қазақ жұртына жеткізем деп өмір кешкен ғұламаның еңбегі кейінгі ұрпақтарға асыл қазына, жарқын үлгі бола бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыдырәлі Д. Түркологияға түрен салған тарланбоз // Егемен Қазақстан. – 2021. - 18 маусым.
2. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (оқу құрал). – Алматы: Мектеп, 1971. – 282 б.
3. Айдаров Ғ. Көне жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
4. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 380 с.
5. Айдаров Г. Язык орхонского памятника Бильге кагана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 94 с.
6. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
7. Айдаров Ғ. Тоныкөк ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 2000. – 120 б.
8. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 219 б.
9. Айдаров Ғ. Лингво-географическое изучение лексики казахских говоров на территории Узбекистана // VII региональная конференция по диалектологии тюркских языков (15-17 мая 1973 г.). Маловские чтения (18 мая 1973 г.). Тезисы. – Алма-Ата, 1973. – С. 91-94.
10. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы. Мектеп, 1988. – 263 б.
11. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 212 б.
12. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 355 б.

13. Шаймердинова Н.Г. Репрезентация в языке древнетюркской картины мира. – Астана: Арман – ПВ, 2009. – 252 с.

14. Жолдасбеков М., Сартқожа Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

ҰЛАҒАТТЫ ӘРІПТЕС

(Ұстаз, ғалым Ақмарал Отарованың ғылыми-педагогикалық қызметі туралы)

Орхан СӨЙЛЕМЕС,

филология докторы, профессор

Кастамону университеті

Кастамону қ., Түркия

Мен Түркияның Кастамону университетінің әдебиет факультеті қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі ретінде қазақстандық ғалымдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Осы орайда 2019 жылы – бұдан бес жыл бұрын Ақтаудағы Yessenov University қазақ филологиясы кафедрасының сол кездегі меңгерушісі, ұстаз, ғалым Ақмарал Отаровамен таныстым. Содан бері оның зерттеу еңбектерін оқып, ол туралы ғылыми көзқарасым қалыптасып келеді.

Қызмет бабымен тығыз араласамыз. Ол осы университеттің Туризм және тілдер факультетіне декан болып тағайындалғалы бері жиі байланысып тұрамыз. Ақмарал Нұрғожақызының мерейтойы құрметіне арналған «Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контекстінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып баяндама оқыдым. Конференцияға Түркия, Ресей, Өзбекстан елдерінен және Астана, Алматы қалаларындағы ғылым және жоғары білім ұйымдарының ғалымдары қатысты. Сол конференцияда ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Зинол-Ғабден Бисенғали; ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Жұмат Тілепов; Сүлеймен Демирел атындағы университет ректорының кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақ; Өзбекстан Республикасынан арнайы келіп қатысып отырған құрметті қонағымыз бар. «Қазақ және қарақалпақ тілдерінің байланысы мәселесі» тақырыбында Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік институты, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ырысты Құттымұратова; А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжан; Ресей ғылым академиясының Уфа федералдық ғылыми-зерттеу орталығының Тарих, тіл және әдебиет институтының атынан тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Розалия Баязитова, т.б. ғалым Отарова Ақмарал Нұрғожақызы туралы лайық бағасын беріп, баяндама жасағанын көріп, әріптесіме қатты риза болдым.

Одан кейін мен Есенов университетіне екі рет арнайы шақырумен келіп, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында студенттер мен магистранттарға лекция оқып, профессор-оқытушыларға шеберлік сағатын өткіздім. Маған осындай мүмкіндік туғызғаны үшін университет президенті Б.Ахметов мырзаға және факультет деканы А.Отарова ханымға алғысымды білдіремін.

Маңғыстауға бірінші келген сапарымда Ә.Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңадан салынған ғимараты мен жазушы ескерткішінің ашылу салтанатына қатысқанымда әріптесім Ақмарал Нұрғожақызымен алғаш рет таныстым. Қазақ елінің ерекше аймағы Маңғыстаудан шыққан Халық жазушысы, ақын, саясаткер, Еңбек Ері, Қазақстанның Жоғарғы кеңесінің төрағасы, мемлекеттік хатшысы қызметтерін

атқарған абыз тұлға, бар саналы ғұмырын Алаш жұртының рухани қазынасын байытуға арнаған қайраткер Әбіштің шығармашылығы әрдайым халқының жүрегінде сақталады, жадында жатталады. Оны зерттеуші және насихаттаушылардың бірі – ғалым Ақмарал ханым.

Ақмарал Нұрғожақызы алдымен мектепте мұғалім болған. 2003 жылдан бері университетте оқытушы болып, әлі күнге дейін жұмыс істеп келеді. Ол туралы көлемді мақала жазған әріптесі Н.С. Қамарова: «...Қазіргі заманда оқытушыдан өз пәнінің білгірі болудан бөлек, танымдық, педагогикалық-психологиялық, ақпараттық сауаттылық талап етіледі», – деген екен. Сол сөзін жалғастырып, А.Отарованың өзіне, сөзіне, жұмысына және көзқарасына байланысты «...Саналы ғұмырын еліміздің болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне арнаған осындай ұлағатты ұстаз, талантты ұйымдастырушы, тіл жанашыры Ақмарал Нұрғожақызы жастар бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру бағытында аянбай еңбек етіп келе жатыр», – дейді. Мен де сол пікірге толық көзімді жеткіздім.

Ақмаралдың бала кезінен қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болу арманы орындалған екен. «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деген сөздің мағысымен байланысты өмір сүріп жұмысын атқарған Ақмарал Отарова, қазақ халқының болашағы жастарға өзінің ұстаздарындан алған тәлім-тәрбиесі арқылы еңбек етіп келеді.

Ол Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде үздік оқып, өзі армандаған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған. Студенттік жылдарында туған жеріне деген перзенттік құрметпен «Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы жер-су атауларының лексика-грамматикалық сипаты» деген тақырыпта диплом жұмысын жазған. Қазіргі күні де біз сол тақырыптың ауқымын кеңітіп, бірге жұмыс істеп, ортақ жобаларды қолға алып жатырмыз.

Мектеп мұғалімі кезінен ғылым жолына түсуді мақсат еткен педагог 2003 жылы Есенов университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болып ауысады. 2005 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында ізденуші болып кандидаттық диссертация жұмысын жазып бастапты. 2010 жылы аталған университетте қазақ әдебиеті мамандығы бойынша профессор З.Қ. Бисенғалидың жетекшілігімен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған. Ол тақырып бойынша да әлі де белсенді зерттеулер жүргізіп келеді. Жақында ғана көлемді монографиясы баспадан шығып, қолымызға тиді.

Маңғыстаудың жер-су атауларын зерттеп жазуды ұзақ уақыт жоспарлап жүрген Ақмарал Отаровамен бірге Түркиядағы жер-су атауларын да салыстыра зерттеуге ұйғардық. Сондай-ақ «Түркі халықтарының рухани құндылықтары және Маңғыстаудың ақын-жыраулары» атты ғылыми мақала жазып жариялауға кірістік. А.Н. Отарованың отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен конференция жинақтарында жарияланған ғылыми еңбектері өте көп екен. Оның ішінде өлке әдебиеті, Маңғыстау ақын-жазушыларының шығармалары және поэтикасы ғалым ретінде мені де қызықтырады. Осындай мәселелерді бірге зерттеуге мүмкіндік туғанына қуаныштымын.

Теориялық білімі терең, әдістемелік ізденістері мен кәсіби шеберлігі жоғары, мұғалім мәдениеті мен педагогикалық әдепті қатаң сақтайтын Ақмарал Отарова үздік үлгісін университетте де көрсетіп жүрген ұлағатты ұстаз. Оны Түркиядағы өзім қызмет ететін Кастамону университетіне де арнайы шақырамын. Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келіп, түрік әріптестерімен тәжірибе алмасса, екі тараптың да ұтары мол болмақ.

Ақмарал ханым маған екі кітап сыйлады. Қолтаңбасында «Қазақ пен түрік арасында алтын дәнекер болып жүрген ғалым Орхан бей! Шығармашылығыңызға шабыт тілеймін!» – деп жазыпты. Өзінің монографиясының ішкі мұқабасына «Түріктің көрнекті әдебиетші

ғалымы әріптес досым Орхан бейге! Маңғыстаудың Маршалындай телегей теңіз білім мен ғылымның дариясындай жазарыңыз көп болсын!» – деп тілепті.

Мен де ардақты әріптесіме сондай тілектестік білдіремін. Шығармашылық байланыстарымыз бауырлас халықтар Түркия мен Қазақстанның мәдени-рухани қарым-қатынасына кірпіш болып қалана берсін.

АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Алматы қ., Қазақстан

3. Қабдоловты ғылымға алып келген – Мұхтар Әуезов. «Ұлы ұстаз бізге университет қабырғасында «Абайтанудан» дәріс оқып, Ахаңша айтқанда, қазақтың бас ақынының лирикалық өлеңдерін талдап танытқан. Одан әрі мен университет бітірерде профессор Әуезовтің ұсынуымен және ғылыми жетекшілігімен дәл осы тақырыпқа диплом жұмысын жазып қорғадым» (З.Қабдолов. Көзқарас. А., 1996, 18-бет).

Қазіргі автордың Абай турасындағы екі зерттеуі жарияланып жүр. Оның бірі 1950 жылы жазылған «Абайдың ақындығы» да, екіншісі – 1950-1995 жылдары деп көрсетілген «Абайдың лирикасы». Негізінен, екеуі – бір еңбек. Айырмасы – алғашқысы көлемді де, соңғысы – қысқарған түрі; «Абайдың ақындығында» жазушы шығармашылығы тұтас қарастырылса, кейінгі нұсқасында тек ақынның лирикасы ғана сөз болған. Автор өзінің диплом жұмысы ретінде жазылған еңбегіне 45 жылдан соң қайта оралып, жаңа тәуелсіз заманның ой елегінен өткізген.

Зекең алдымен, Абайдың қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтап алады: «Алдымен, Абай – ақын. Бұл аз, ақындардың ақыны! Ахмет Байтұрсынов қазақта Абайға дейін мұндай ақын болған жоқ деп дәл айтқан. Бірақ, бұл да аз, қазақта Абайдан кейін де мұндай ақын болған жоқ және болмайды да... Абай – ақын. Ақын болғанда, бүтін бір халықтың ұлттық мәдениетінің мәңгілік мерейі, әдебиетінің асқар шыңы болған кемеңгер, классик ақын» (Көзқарас. А., 1996, 19-бет). Автор Абайды қазақ әдебиетіндегі «бұл – ғажайып құбылыс» (сонда) санайды.

Зерттеуші Абайдың өлеңдерін талдамас бұрын ақын поэзиясының дені саналатын лирикаға анықтама беріп алады: «Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі» (сонда, 21-бет). Ары қарай Абай лирикасының азаматтық, философиялық, табиғат, махаббат түрлерін қарастырады. Ақын лирикасын осылайша жүйелеуінде де зерттеушінің өзіндік пікірі бар екендігі байқалады. Автор ұлы ақынның лирикасын сөз ете отырып, «ақын басында болған күйініш-сүйінішті өз басынан кешіреді» (сонда, 21-бет); осы ақынның өзіне айналады» (сонда).

Мысалы,

«Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар» -
деген жолдарды оқығанда, төмендегіше сезінеді:

«Осы хал кімнің басынан өтпеген, осы күйді кім кешпеген? Есіңде бар ма жас күнің, кімді көрсең – бәрі дос» деп бастайды ақын осы өлеңін. Шынында да, есіңде бар ма?

Шыбынсыз жаздай жадырап-тамылжыған жастық шағың – бұлаң кезің өтіп еді ғой басыңнан бұлықсып; жау дегеннің не екенін білмейсің, төңірегің түгел дос, күллі дүние сүйсіне күліп қарайды саған. Сенің де көкірегің толы құштарлық, тұла бойың толқыған, толықсыған іңкәр сезім, жан-жағың мәре-сәре қызық, рахат, құшағың құлпырған махаббат... Қырмызы мінез құрбылар, қылықты қыздар – шолпысы сылдыраған бұраң бел арулар... Шіркін-ай, іңірде шайтан көшкендей кез емес пе еді?!

Ал, қазір қайда солар? Ақырын, ақырын шегініп, алыстап кетті-ау, құрғырлар!! Осыны ақын айтып отыр ма? Жоқ, сен айтып айтып отырсың. Олай болса, өзің емес пе ақын деген...» (сонда, 22-бет). Бұл жерде «махаббат, қызық мол жылдарды» жырлаған, ұлы ақынның осы өлеңді жазу үстіндегі көңіл-күйі мен сезіміне толық еніп, күйініш-сүйінішін басынан кешірген – оқырманның кейпі анық көрінеді. Ақын жүрегінің лүпілі оқырман жүрегін жаулап алып, екеуі тұтасып кеткендей.

«Абай – өз дәуіріне қатал сыншы болған адам» (сонда, 23-бет). Осы пікіріне дәлел ретінде «Болыс болдым, мінекей», «Сегізаяқ», «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңдерін талдаған.

Ал махаббат тақырыбына келгенде, «Абай да сұлулықты қиялдан емес, өмірден іздеді» (сонда). Абай махаббатты көбіне қазақ ауыз әдебиеті үлгісінде жырлағанын айта келіп, әлемдік әдебиеттен үйрену арқылы бұл тақырыпты жырлаудың классикалық үлгісін жасағандығына оқырман назарын аударады. Ол А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын аударғанда, «дәлшілдік әдетті мұнда қолданбайды. Әдейі қолданбайды. Өзінше жырлап, Пушкин арнасынан шығып кетіп отырады. Тақырыпты Пушкинмен қатарласа, жарыса толғайды» (сонда, 30-бет) - деуі - шындық. Шындығында да, Абай «Евгений Онегин» романын аударған дегеннен гөрі «Мен болсам, бұл тақырыпты былайша жырлар едім» - деп, орыстың ұлы ақыны мен қазақтың ұлы ақыны екеуі әдебиет айдынында өнер жарыстырғандай. Бұл тұрасында З.Қабдолов былайша пайымдаған:

«Осыны аудару үстінде ақынның өзі де самғап, шығанға шырқап, поэзия шыңына шығыпты. Асқақтатып, серпіле көтеріліп алыпты. Қазақ әдебиетіндегі өзіне дейінгі өлең сөздерден мүлде қара үзіп, ілгері кеткен. Бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің үлгілі өрнегі – классикалық поэзияның сан дыбысты, сырлы, сиқырлы симфониясына өз үнін, өзгеден ерекше тек өзіне ғана тән ғажайып сұлу үнін қосып, майда қоңыр саз тауыпты. Кемеліне келе есейіпті.

«Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс».

Саусақ адам баласында ғана бар. Жүректе саусақ бола ма? Жүрек саусақ жайып, алыс көктегі айға қалай талпынар? Ол кездегі қазақ ұғымында осы бар ма еді?.. Осыны түсінбеуге, ұқпауға бола ма? Жоқ. Данышпан ақынның орасан отты, ойлы лирикасы бұл терең сырды оқырманына тебіренге түйсіндіреді де түсіндіреді: мың құбылған нәзік сезім ырғағы, жүрек дүрсілі, жан толқыны. Өлеңдегі сөз - мүлде соны, су жаңа, тың... Кінәсіз, таза жанды жас сұлудың мың құбылған нәзік сезім ырғағын, жүрек лүпілін, жан толқынын терең ұғынасың» (сонда, 31-32-беттер).

Баламен тіл табысу үшін балаша сөйлеуге тура келетіндігі сияқты ақынды түсіну үшін ақынжанды болып, ақынша сөйлеу керек. Зейнолла да Абайдың лирикасын талдау барысында ақындық кейіпке түсіп, ақынша тебіреніп, ақынша толғанады. Абай өлең сөзбен жырлап отырса, Зейнолла да сол тақырыпты қара сөзбен жырлап отырғандай әсер аласыз.

Автор «Абайдың табиғат лирикасын оқығанда, оқырманның көз алдына құлазыған сары белдері сұлқ түсіп, сұлап жатқан шетсіз, шексіз маң даланың жалаң көріністері ғана жайылмайды, даладағы өзгеше өмір қайталанбас түр-тұрпатымен, сыр-сипатымен тұтас суреттеледі» (сонда,33-бет) – деп жазады.

Ұлы ақынның талантын, биік мәдениетін танытатын өлеңдер ретінде жылдың төрт мезгіліне арналған және «Қансонарда бүркітші шығады аңға» лирикаларына талдаулар жасаған. Талдаулар жасайды дегеніміз болмаса, шындығында да бұлар ақын поэзиясының көркемдік құдіреті алдындағы толғаныс іспеттес. Абайдың өлеңін оқығанда, оқырман – Зейнолланың да делебесі қозып, қара сөзбен қосыла жырлап кеткендей:

«Әсіресе, томағасын сыпырған қандыкөз қыран бүркіттің «төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп», ә дегеннен қайқаң қағып аспанға шырқап шығуы; «қырық пышақпен қыржындаған» қырқылжың қу түлкінің мұны көріп, қашарға жер таппай, амалсыз аңырып тұрып қалуы; енді бірде қыранның «қанат-құйрығы ысқыра суылдап, көктен сорғалай құйылуы»; ізінше көк тағысы мен жер тағысының майданда жекпе-жекке шыққан жеке батырларша «адам үшін қызыл қанға батысып», жарқ-жұрқ айқаса кетуі... осыған:

«Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» -

деген әйгілі, өзінен басқа ешбір ақында жоқ ғажайып шендестіру-антитеза жасап шығарады» (сонда, 36-бет).

Әсіресе, Абайдың «Жаз», «Қыс» өлеңдерін жоғары бағалайды. Бұлардағы «әншейін дала суреті емес, даладағы дарқан өмір, өзгеше тіршіліктің» өрнек тапқанына оқырман назарын аударады. «Қыс» өлеңінде кейіптеу тәсілінің қолданылуын «Қысты бұлай адам бейнесінде суреттеу – қазақ әдебиетінде бұрын атымен болған емес» (сонда, 34-бет) – деп, қазақ поэзиясындағы жаңалық санайды.

«Абайдың лирикасы» тақырып ауқымымен ғана шектелсе, «Абайдың» ақындығында аудармаларына, поэмаларының ішінде «Ескендірге», «Қара сөздеріне» тоқталынған. Абай аудармаларының қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтарына назар аударады. «Ескендір» «қазақтың жазба әдебиеті тарихында тұңғыш рет сюжетті поэма» дей отырып, осы жанрдың ірге тасын қалаған туынды ретінде жан-жақты талдаулар жасайды. Абайдың қара сөздерін «өз дәуірінің ақиқат шындығынан туған, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор шығармалар» («Арна», 1988, 40-бет) – деп біледі.

З.Қабдолов Абай поэзиясының тіл өрнегін аса жоғары бағалайды: «Былай: орыстың әдеби тілін дамытуда Пушкиннің орны қандай болса, қазақтың әдеби тілін дамытуда Абайдың ролі де сондай»; «Абай тілі – бай тіл. Ал байлықтың бір алуаны суреткер палитрасында ұланғайыр ажарлауда, құбылтуда (троп), айшықтауда (фигура) жатыр» («Арна», 1988, 40, 41-беттер). Осы ойларын мысалдар («Қайғы – қыс, жүзің – жаз»; «Сен – жаралы жолбарыс ең, Мен – киіктің лағы ем»; «Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып»; «Кәрі Каспий қаракөк көзін ашты, жылы жүзбен Терекке амандасты»; т.б.) келтіре отырып, нақтылай түседі. «Абайдың шеберлігі – әр сөздің орнын табуында; ал орнын тапса, ойнамайтын сөз жоқ»; «...мазмұны мен пішіні де, өлшемі мен өрімі де, тіпті ырғағы мен ұйқасы да жаңа оннан аса өлең түрін қосты» («Арна», 1988, 42-бет) – деп, оның ақындық қуатының жаңашыл қырларын аша түседі.

Зерттеушінің Абай поэзиясының қадір-қасиеті жайлы ой-пікірлері төмендегіше түйінделген:

Біріншіден, «ол орыс мәдениетінің қазақ даласындағы жаршысы болды да, өз халқын сол ұлы халықпен шынайы достыққа шақырды». Екіншіден, «бұқарашылдығы», яғни, онда халық тұрмысының, арман-мұңының шынайы көрініс табуы. Үшіншіден, өзіне дейін болып көрмеген тың тақырыптарды жыр етіп, оған биік идея, терең мазмұн, тың пішін беруінде; қазақтың әдеби тілін байыта, дамыта қалыптастырып, жаңа жазба әдебиетінің негізін салуында; қазақ поэзиясын сыншыл реализмнің шырқау сатысына көтеруінде болып табылады» («Арна», 1988, 43-бет).

«Абайдың бір өлеңінде» де ұлы ақын туралы айтылған биік ойларды оқимыз. «Абай – біздің рухани әкеміз», «...әр қазақ басқаны қойса да, бір ғана Абайды біліп, ең болмаса

оның бір өлеңін – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртымды» ұғып, тереңіне бойлап – түсініп, құранның сөзіндей жаттап алса екен. Жаттап қана қоймай, күнде таңертең ұйқыдан ояна бере дұғадай қайталап, өзінің иманына айналдырса екен. Сонда ол өзіне кез келген пендеде бола бермейтін кереметтей кемел парасат дарытып, өзгелерді де парасатсыздықтан арылтуға қызмет етер еді» (З.Қабдолов. Әуезов. А., 1997, 347-бет) – дегенде қазақтың рухани өміріндегі ұлы Абайдың айрықша орнына оқырман назарын аударып отыр.

3. Қабдоловтың Абай туралы толғаныстары «Абай және Әуезов» атты мақаласында одан әрі жалғаса түскен. Ақынжанды Зейнолланың ұлы ақын жайлы ақжарма ойлары мұнда да ай мүйізді айшықтарымен көз тартады. Әбден ой елегінен өтіп, сұрыпталған кесек-кесек ойлар тереңдігімен, көркемдігімен өзіне баурап алып, құшағына тарта береді. Мұндағы әрбір сөзді, сөйлемді жай оқи салу мүмкін емес. Оқи отырып, сіз де автормен бірге ұлы ақынның, ұлы жазушының көркемдік әлемінің түпсіз тұңғыықтарына бойлайсыз. Шағын ғана мақалада қазақ әдебиетінің екі алып бәйтерегінің ұлылық болмыстары барынша қысқа, барынша нұсқа, барынша дәл, барынша айшықты бедерленген.

Нені айтса да ойланып, толғанып барып сөйлейтін Зейнолла бұл жолы да ұлыларымыз жайлы ойлы пікірлер айта біліпті. Мақалаға Н.Погодиннің «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай» дегенін эпиграфқа ала отырып, осы пікірді одан әрі шебер жалғастырып алып кетеді. «Орыс жазушысының осы теңеуіне үлкен шындық бар: Абай қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы шыңы болса, Әуезов – ХХ ғасырдағы заңғар биігі» («Көзқарас», А., 1996, 10-бет) – деген негізгі пікірін бірден жайып салады. Жалпы, Зекеңнің жазу стилінде жалпыдан жекеге қарай, не болмаса, негізгі ой түйінін тарамдатып әкетіп, сол ойын дәлелдеу – жиі кездесетін тәсілдің бірі. «Абай және Әуезов» те осы айшықты ойды айшықтай түсуге құрылған.

«Бұл аз» дейді автор, өйткені, «Абайды бір ғасырға, Әуезовті бір ғасырға ғана теліп, сол ғасырға ғана шегелеп қалдыруға болмайды. Абай барлық ғасырларда – Абай, Әуезов те солай. Өйткені, Абай өзіне дейінгі күллі қазақ поэзиясының асқар асуы болса, Әуезов – қазақ прозасының асу бермес асқары» (сонда). Бір ойдан екінші ойды дамыта түсіп, мақала тақырыбының неліктен осылайша қойылғанын, өйткені, «Әуезов – екінші Абай» болғандықтан деп, түсінік бере кетеді. Автордың ойынша, «иісі қазақтың төлқұжатына айналған Абай ақын болса, Әуезов жазушы... Бұлар тіпті қазақ деген атаудың баламасына айналып кеткен» (сонда).

Ойларымызды З.Қабдоловтың Абай қандай қасиеттерімен ұлы деген сауалға оның ұлт ақыны болғандығында деп жауап берген сөздерімен түйіндейміз: «Ұлт ақыны болу сол ұлттың сөзі ғана емес, өзіне айналу... Абайдың кереметтігі де сондай: қазақтың сөзіне, сөзі арқылы өзіне айналуында... Әр қазақ Абайдың әр сөзінен өзін көреді... Абайдың ұлт ақыны екендігі сол, өз өлеңдеріндегі ұлттық ерекшеліктердің бүкіл адамзат мәдениетіндегі биікке көтеріліп, бірлікке ұласуында жатыр» (сонда, 11-бет). Абайдың мұндай биікке көтерілуін оның өлеңдеріндегі мазмұндық және пішіндік жаңалықтарынан көреді. Абай «қазақтың қара өлеңінің «күпісін» «шекпенге» ауыстырумен шектелмеген: оған шапан да жапқан, қамзол да, керек десеңіз, тіпті фрак та кигізген... Сөйтіп, қазақ өлеңінің пішінін тотының түгіндей құлпыртқан да сол арқылы қазақы мазмұнын бүкіл адамзаттық кеңістікке шығарған» (сонда, 13-бет).

МАРШАЛ ӘБДІҚАЛЫҚОВ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Гүлжаһан Жұмабердіқызы ОРДА,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика
бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.
Алматы қ., Қазақстан

Еліміз егемендік алғаннан бері қоғамның әр саласында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Қазақ әдебиеттану ғылымында осы бағытта біршама жұмыстар атқарылуда. Бұл ұлттық әдебиетімізге мол үлес қосқан жекелеген ақын-жазушылардың әдеби мұрасын зерттеу ісіне көңіл бөлінді. 1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан қаламгердің бірі – Маршал Әбдіхалықов. Әдебиетке журналистикадан келген ол қазақ әдебиетіне үлкенді-кішілі көркем шығармаларымен бірге көркем аударма саласына да біршама үлес қосты. Қазақ прозасындағы көркем очерк, әңгіме, повесть, роман сынды ірілі-ұсақты жанрларға үлес қосқан қаламгердің жарияланған, жарияланбаған мұраларын жинақтап, ғылыми айналымға түсіру – қазіргі әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі болса, осы істі Ақмарал Отарованың жүзеге асыруы құптарлық.

Қазақ әдебиеті үшін алпысыншы жылдар табысты болды. Бұл тұста бір топ жас буын өкілдері әдебиетке келді. Бұлар М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов мектебінен шыққан жастар еді. Қазақ әдебиетіне Т. Әбдіков, М. Әбдіхалықов, О. Бөкеев, Д. Досжанов, Ш. Елеукенов, Қ. Жұмаділов, О. Иманәлиев, С. Мұратбеков, Ш. Мұртазаев, Ж. Молдағалиев, Қ. Найманбаев, М. Мағауин, М. Сүндетов, А. Сүлейменов т.б. сынды жаңа есімдер келіп, алғашқы қадамдарынан көп үміт күттірді. Бұл буын жетпісінші жылдардың өзінде қазақ әдебиетінің негізгі күшіне айналды.

С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде білім алған Маршал Әміржанұлы Әбдіхалықов әдебиетке құштарлығын студент кезінде көрсете бастады. 2-курста оқып жүргенде «Нәрсіз гүл» әңгімесі Мұқан Иманжановтың алғысөзімен жарық көріп республика жұртшылығына танылды.

«Жас алаш» («Лениншіл жас»), «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз» журналдары мен республикалық «Білім» қоғамында жұмыс істей жүріп журналистикаға біраз үлес қосты. Жазушының бірсыпыра әңгімелері, аудармалары, «Аққыстау» хикаясы мен «Сүйінғара» романы «Жұлдыз» журналында жарияланды. Кейінгі жылдары «Отызмыңыншы», «Маңғыстау хикаялары», «Ленин тапсырмасы», «Желаяқ бала», «Алыстағы Маңғыстауда», «Қара тасқын», «Жердің асты жеті қат» туындылары жарық көрді.

А.Отарованың «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты монографиясының негізгі жетістігі – түрлі жанрда қалам сермеген қаламгер мұрасын жинауы, жанр бойынша жүйелеп, тақырып бойынша топтауы.

Қаламгер көркем аударма саласында итальян жазушысы А. Моравианың «Өмір – ну орман», Л. Палаштидің «Айырылысу шарттары», А. Найменовтың «Мекке мен Мәдина» әңгімелерін, А. Зегерс, Э. Коштың әңгімелерін, Ж. Икрамидің «Жаны сірі сілімтік», А. Сергеевтің «Петербург елшісі», М. Симашконың «Комиссар Жанкелдин» романдарын қазақ тілінде сөйлетті.

«Алыстағы Маңғыстау», «Маңғыстау аңыздары», «Үлкен вахта» повестері, «Қара тасқын», «Жеті қат ер астында» романдары, «Мұнайшылар қаласы» суретті кітапшасына өндіріс тақырыбы, мұнайшылар өмірі арқау болса, «Жау мен жау», «Қызыл жұлдыз» әңгімелерінде Алданияз есімімен жүрген Маңғыстау өлкесінің тұңғыш ревком төрағасы Тобанияз Әлниязұлымен кездесеміз. Ал «Нәрсіз гүл», «Алданыш», «Хұрма тал» және басқа

әңгімелерінде адамгершілік мәселелер көтерілді. Жазушының мақала, очерк, әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – адамгершілік мұраттарды ту еткен, еңбектерімен халық құрметіне бөленген еңбек адамдары.

Отарова Ақмарал монографиясында Маршал Әбдіхалықовтың көркем очерктері, әңгіме, повестері мен романдары туралы тың тұжырымдар ұсына білген. Қаламгердің жеке мұрағатындағы бұған дейін жарық көрмеген еңбектерінің ғылыми айналымға түскендігі жұмыстың құндылығын арттыра түскен. Жекелеген шығармаларды талдаудан туған түйіндер сонылығымен танылады. Шығарма табиғатына терең бойлай білген талдаулардың нәтижесінде жасалған тың пайымдаулар жұмыстың ғылыми деңгейін аша түсуге қызмет етіп тұр. Қаламгердің публицистикалық шығармаларына зерттеуші мынадай баға береді: «Публицистикалық мақала, очерктері – Маңғыстау кен көздерінің ашылып, қазба байлықтарының игерілуі, жаңарған ел тұрмысы туралы толғаулар».

Монографияның «М.Әбдіхалықовтың публицистикалық мақала және очерктеріндегі дәуір шындығы мен замандас бейнесі» деп аталатын тараушасында оның көркем очерктері зерттеу нысанына алынған. Зерттеуші қаламгердің көркем шығармаларын жанрлық ерекшеліктері бойынша сөз еткен. Оның көркем очерктері мен шағын әңгімелерінің «М.Әбдіхалықовтың замана өзекті мәселелерін шағын жанрларында бейнелеуі» деп аталатын бірінші бөлімде қаралуының өзі құптарлық. Себебі. Қаламгер әдебиетке журналистикадан келгені белгілі. Зерттеушінің қаламгердің әдебиетке келген қадамынан бастап сөз етуі оның хронологиялық тәртіппен жұмыс істей білгендігін аңғартады. Қаламгердің «Маңғыстау – мұнай түбегі», «Бозашы – мұнай қайнары», «Ғасырларға ұласқан жол», «Мұнай түбегі – бақыт түбегі», «Сөнбейтін от» сынды тырнақалды мақала, очерктерінен бастауы құптарлық.

«Қаламгер повестеріндегі авторлық ұстаным мен көркемдік шешім» деп аталатын екінші бөлімде жазушының «Желаяқ бала», «Алыстағы Маңғыстауда», «Ленин тапсырмасы», «Қара тасқын» повестеріндегі өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудағы жетістігіне назар аударған.

«Жазушы романдарындағы замана көріністері және тарихи таным» деп аталатын үшінші бөлімде жазушы романдарына талдау жасалған. Атап айтатын болсақ, «Сүйінғара» тарихи романында ХҮІІІ ғасырдың аяғы ХІХ ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, осы дәуірде өмір сүрген батыр, қолбасшы Сүйінғара Үргешбаевтың ерлік жорықтары мен Батыс Қазақстан аймағының Ресей мен Азия хандықтары арасындағы қарым-қатынастарын шынайы бейнеленді. [Ресей империясының](#), [Хиуа](#) хандарының, түрікмен билеушілерінің үстемдігіне қарсы күрескен қолбасшының ерліктері қазақ тарихынан сыр шертеді.

Ал «Қара тасқын», «Алыстағы Маңғыстауда», «Жеті қат жер астында» романдарында қазақтың жұмысшы табы мен ұлттық инженер кадрларының өсуі, өндіріс ошақтарының кемелдену жолдары нанымды бейнеленген. Жұмысшы өмірі, өндіріс тақырыбы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ғана емес, қазіргі таңда да өзекті. Жазушының мұнайшылар өмірі, мұнай өндірісі туралы әңгіме, повесть, романдары бір-бірімен тығыз байланысты. Маңғыстауда кен орындарының ашылуы туралы зерттеуші былай дейді: «Алпысыншы-жетпісінші жылдары Маңғыстаудағы жаңа мұнай, газ кендерін ашу науқаны Қазақстанның бұрынғы одақ көлеміндегі үлесін бірнеше есеге арттырды. Жетібай, Жаңаөзен сияқты алғашқы мұнай-газ өндіру басқармалары құрыла бастады. Осыған байланысты қазақ мұнайшы табының және оның алдыңғы қатарлы инженер, геолог, барлаушы мамандарының да кәсіптік деңгейлері жоғарылап, биіктей түсті. Мұнайдың барша республика, сол кездегі одақ көлеміндегі маңызы арта түсті, еңбек ерлері, ел азаматтарының тұлғасы дараланды». Кен орындары мен өндірісті көтеру кезінде аталған тақырыптарға шығармалар көптеп жазылды. Ә.Әлімжановтың «Туған әдебиетіміздің түбірлі проблемалары» атты баяндамасында: «Тек өткен бес жыл ішінде ғана біздің

жұмысшыларымыздың еңбектегі ерлігі мен рухани байлығын көрсетуге арналған ондаған романдар, повестер мен әңгімелер жинақтары жарық көрді. Ж.Жұмахановтың «Мен жұмысшымын», Ш. Мұртазаевтың «Қара маржан» повестері, З. Қабдоловтың «Біз жанбасақ», С. Бақбергеновтің «Кентау», А.Жақсыбаевтың «Егес», Қ. Исабаевтың «Өткелде» романдары, С. Сматаевтың «Алау», М. Әбдіхалықовтың «Қара тасқын» повестері т.б.), – деп өндіріс тақырыбын ерекше атауы да сондықтан. Жазушы алғашқы «Жердің асты жеті қат» романынан бастап мұнай өндірудің қиыншылығын мұнайшылардың тұрмыс-тіршілігімен бірлікте қарады. Ел, жер-су атауларының өзгеріссіз берілуі шығармалардың деректілігін арттырса, өндірістің қыр-сырын жете суреттеуінен өндіріс тақырыбын еркін меңгеруі байқалды.

А.Отарованың қаламгер мұрасын зерттеудегі негізгі жетістігі – жазушының жеке мұрағатындағы жарияланбаған «Мен күнге сенемін» (Тобанияз Әлниязов туралы). «Мұнара басындағы жұлдыз», «Біздің мектептің баласы», «Балсұлу апай хақында», «Ескі Палестина жерінде», «Аралағаш этюдтері», «Қауырт маусым» тәрізді публицистикалық туындыларын, «Кәрі арлан», «Даладағы кездесу», «Нағима», «Шымыр иірім», «Актриса» әңгімелерін, телевизияға арнап жазылған «Жапандағы жалғыз келіншек» драмалық шығармасын, «Сол бір үш-төрт ноқат» повесін, аяқталмаған «Қарасорды игеру» романының қолжазбасын ғылыми айналымға қосуы.

Келесі жетістік – шығармалардың деректілігін ашу барысында кейіпкерлердің прототиптерін көрсетуі. «Ленин тапсырмасы» повесіндегі Аланияз – Маңғыстаудың тұңғыш ревкомы Тобанияз Әлниязов, Төлеген – партия, кеңес және мемлекет қайраткері Төлесін Әлиевтер туралы мақалалармен салыстыра зерттеуі. Маңғыстау түбегінде Әліби Жанкелдин мен Тобанияз Әлниязовтың кездесуі, екі күн бірге болып кеңес өкіметі туралы ақылдасуы жөнінде Қ.Бекхожиннің поэмасынан кейін жазған М.Әбдіхалықов болатын. Осы сияқты «Желаяқ бала» повесінің негізгі кейіпкері – жүйрік Әмин Тұяқов. Жазушы кейіпкердің өскен ортасы, қалыптасып дамуы туралы мол мағлұмат берген. Кейіпкердің Африка, Польша, Германия, Румыния, Франция, Америка, Жапония т.б. елдердегі жетістіктері нанымды, қызықты баяндалған.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларының арнайы зерттелуі, жарияланбаған еңбектерінің оқырманға жол тартуы, олардың ғылыми айналымға түсуі – зерттеушінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының жетістігі.

29 қараша күні Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры, «Туризм және тілдер» факультетінің деканы, педагог-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Отарова Ақмарал Нұрғожақызының мерейтойына арналған «Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контекстінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда ұстаз-ғалымның өмір жолы мен шығармашылығы туралы баяндамалар жасалды. Еңбек жолын Маршал Әбдіқалықов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған ол мектеп оқушыларын әдебиетпен сусындата жүріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Диссертациялық кеңесте профессор З.Ф. Бисенғалидың жетекшілігімен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» деген тақырыпта 2010 жылы кандидаттық диссертция қорғады. Сол жылдардан бері қаламгер мұрасының іздеушісі, жоқтаушысы болып жүрген зерттеуші жазушының «Жұлдыз» журналында соңғы тарауы басылмай қалған «Сүйінғара» романының бас-аяғын жинақтап оқырманға ұсынды. Конференция аясында «Маршал Әбдіхалықов – публицист» деген кітаптың тұсауы кесілді. Бұл кітапта еңбек жолын журналистикадан бастаған қаламгердің публицистикалық шығармалары зерттеу нысанына алынған. Кітапта филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнол Бисенғалидың алғы сөзі, Ә.Кекілбаевтың «Туған жердің түлегі» атты естелік эссесімен бірге қаламгердің

әр жылдары мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары топтастырылған. Маршал мұрасын тыңғылықты зерттеп жүрген зерттеушінің тақырыпқа адалдығын осындай еңбектерінен көруге болады.

Университет қабырғасында жүріп ұзақ жылдар «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған, «Дәстүрлі өнер» мамандығының ашылуына бар күш-жігерін жұмсаған руханият жанашырының әлеуетіне сенім артқан университет ректоры Берік Бақытжанұлы Ахметов биылғы оқу жылында «Туризм және тілдер» факультетінің деканы қызметіне тағайындап отыр. Әдебиет пен өнерді, тіл мен туризмді сабақтастыра алып жүрген Ақмарал Нұрғожақызына шығармашылық шабыт, толағай табыс тілейміз.

ДАРООБМЕН В ТРАДИЦИОННОМ ЭТИКЕТЕ БАШКИР

Розалия Рафкатовна БАЯЗИТОВА

кандидат исторических наук, доцент,

старший научный сотрудник отдела этнологии;

Ордена Знак Почета Институт истории, языка и литературы

Уфимского федерального исследовательского центра РАН,

Уфа, Россия

В традиционном обществе дар и связанный с ним процесс дарообмена играли важную роль в регулировании взаимоотношений между людьми, облегчая и обогащая человеческое общение, наполняя новым содержанием предметы материальной культуры. В плане связи вещей с этикетом А.К. Байбурин выделяет две группы: вещи, приобретающие этикетный смысл, но специально не предназначенные для этих целей (элементы одежды, части жилища, предметы утвари); собственно этикетные вещи (цветы, подарки, визитные карточки и т.п.) [Байбурин, 1988. С. 34].

Ю.И. Семенов отмечал, что обмен подарками, или дарообмен был исторически первой формой обмена, суть которого состояла в создании новых и поддержании существующих социальных связей между индивидами. Ценность дара заключалась не в самой вещи, а в связи, которая устанавливалась между дарителем и одариваемым [Свод этнографических понятий и терминов, 1986. С. 93.]. Этикет дарения у разных народов имеет свои особенности. У башкир подарок выражает почтение, уважение, внимание, способствует регулированию и укреплению отношений, несет определенную информацию об участниках этикетной ситуации и о культуре народа в целом. Такие пословицы как «Бүләк зур булмай», «Бүләктең бәләкәйе булмай», «Дөйә лә бүләк, төймә лә бүләк» подчеркивают необременительный характер дарообмена. Поэтому в народе говорят: «Не подарок дорог, а дорого внимание».

Обмен подарками, будучи одним из способов регулирования отношений внутри социума, встречается в повседневной жизни, календарных и семейных обрядах башкир, обычае гостеприимства и в других этикетных ситуациях. Дарообмен занимал особое место в гостевом этикете башкир. «Обмен подарками, как и угощение, у многих народов был обязательным элементом приема гостя. Собственно говоря, гостеприимство и само является формой дарообмена, ведь хозяин может рассчитывать на то, что рано или поздно и он окажется в положении гостя», – отмечают А.К. Байбурин и А.Л. Топорков [Байбурин, Топорков, 1990. С. 112].

Дарообмен бытовал не только в повседневных этикетных ситуациях, но и в обрядах жизненного цикла. Во втором случае наиболее ярко раскрывается суть этого явления, как средства установления социальных связей между индивидами.

В традиционном башкирском обществе в зависимости от конкретной этикетной ситуации и социального статуса общающихся предметами дарения выступали объекты материальной и духовной культуры. Кроме того, вручаемый подарок был наделен определенными смыслами. Подарок служил средством задабривания, установления доброжелательных отношений между дарителем и получателем, закрепления статуса личности в социуме.

Существовали определенные способы преподнесения подарков: возлагали на плечо, вручали в руки, клали в напиток и т.п. Особенно значимой считалось дарение с песней. Обычно подарок вручали правой или обеими руками. В случае дарения одежды ее возлагали на плечо, а украшения клали в напиток. Особенности преподнесения подарков нашли отражение в фольклоре, например: «Каждый угощал хозяина или своего друга таким образом: подавая кому-либо чашу с кумысом, он клал в нее серебряную монету. Получивший выпивал чашу до дна, брал монету и возвращал чашу с песней» [Башкирское народное творчество, 2010. С. 271].

Таким образом, в повседневной жизни подарки дарили в случаях возвращения из дальней поездки, в связи с успешным окончанием дела и т.п. Сложным и разветвленным является характер дарообмена в обрядах жизненного цикла и календарных праздниках. Раздача подарков была связана с закреплением статуса личности, обеспечением лучшей доли на этом свете и в загробной жизни, задабриванием Аллаха и духов и т.п.

ЛИТЕРАТУРА

1. Байбурин А.К. Об этнографическом изучении этикета // Этикет у народов Передней Азии: сборник статей АН СССР. М., 1988. – С. 34.
2. Байбурин А.К., Топорков А.Л. У истоков этикета. Этнографические очерки. Л., 1990. – С. 112.
3. Башкирское народное творчество. – Т. 12: Обрядовый фольклор. Уфа, 2010. – С. 271.
4. Свод этнографических понятий и терминов: Социально-экономические отношения и соционормативная культура /Отв. ред. А.И.Першиц, Д.Трайде. М., 1986. – С.93.

ЖОО-ДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫН ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БІЛІМДЕРМЕН БАЙЫТУ («МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҚҚАН ОРФОЭПИЯЛЫҚ СӨЗДІК НЕГІЗІНДЕ)

Анар Мұратқызы ФАЗЫЛЖАНОВА

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының

аға ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының кандидаты

Алматы қ., Қазақстан

Мемлекеттік тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің өз деңгейінде атқарылуы үшін оның қоғамның барлық салаларындағы қолданысы ғана емес, осы қолданысының сапасы, яғни тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің жетілуі де аса қажет. Сонымен бірге қоғамның қай саласында болмасын тілдің жазбаша формасымен қатар ауызша формасы да тең деңгейде қолданылуы тілдің ғана жетілуінің факторы емес, сонымен бірге тіл тұтынушысының да ой-санасының, білімінің артуының, демек жалпы қоғамның дамуының бір түрткіжайты екеніні қазіргі кезде ескеру керек. Осы мәселені түсінгенде қоғам тілді

қалай дамытса, тіл де қоғамды солай дамытады деген тұжырым алға тартылады. Және бұл, сөз жоқ, объективті тұжырым. Қазіргі жаһандану кезіндегі қоғамдарға тән политілділік заман талабы ғана емес, тілдік тұлғаның жетілуінің көрсеткіші, егер бұрынғырақ тілдік тұлғаға қоғаммен құрмаласу (интеграциялану) үшін бір немесе екі тіл жеткілікті бюолса, бүгінгі күні оның өзі аздық етеді. Ал қоғамға жақсы құрмаласам деп үш тілді игерген тілдік тұлға, сол үйренген тілі арқылы өзі де байыйды, демек қоғам да байыйды. Міне, сондықтан Қазақстан қоғамында тек қана орыстілді болып қалу тек қана қазақтілді болып қалу сияқты тілдік тұлғаның аморфтылығын көрсетеді. Сондықтан қазақ тілін оқыту оның мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі тұрғысынан ғана емес, осы айтылғандар тұрғысынан да өзектілендіру керек.

Олай болса, қазақ тілін оқыту оның жазба формасымен шектеліп қалуы тіл үйренушінің сұранысына толық жауап бермейді, бірақ, бір өкініштісі, осы күнге дейін тіліміздің ауызша формасын оқытуға аса мән берілмей келеді. Ал бұл процеске кері тіл білімінде ауызша тілдің жүйесін зерттеумен айналысатын фонетика, орфоэпия, интонация сияқты жалпы фонетиканың жекелеген салалары ілгерілеп дамып, өз жемісін беріп отыр. Ендігі жердегі мәселе осы ғылыми жаңалықтардағы білімдер жүйесін тіл тұтынушысына жеткізу.

Мемлекеттік тілдің ауызша және жазбаша формасының ақпараттық кеңістіктегі қолданыс аясының кеңейіп, тұтынушыларының саны артқан сайын оның мәдениетін жақсартуға, тіл иелерінің қатынас құралы ретіндегі ұлттық тіл туралы білімдерін, танымын кеңейтуге, соның ішінде ауызша сөз мәдениетіне қатысты білімдер жүйесінің көпшілік игілігіне айналдыруға бағытталған қолданбалы және практикалық лингвистикалық зерттеу жұмыстары аса қажет болып отыр. Қазіргі орта және жоғары білім беретін оқу орындарындағы қазақ тілі пәнінің мазмұнында тілдің орфографиялық нормалары туралы білімдер қатарынан орфоэпиялық нормалар туралы білімдер көлемі жағынан да, тереңдігі жағынан да қалып қойып, ақсап келеді. Мұның салдарын қазіргі ақпарат құралдарындағы (теле-радиоарналардағы), әртүрлі ресми қатынастағы (оқушы-мұғалім, тәлімгер-оқытушы, орындаушы-басқарушы), күнделікті тұрмыстағы, т.б. естілген ауызша сөзде қазақ тілі сөйлеу мәнеріне, сөздерді дыбыстау заңдылықтарына сәйкес келмей жатқан тұстарының көбейіп кетуінен көруге болады. Сондықтан жоғары және орта білім беретін оқу орындарындағы қазақ тілі пәнінің мазмұнын орфоэпиялық нормалардың ғылыми-теориялық негіздері жөніндегі білімдермен байыту тіліміздің ауызша сөзінің әуезділігін, әсерлілігін сақтап қалудың ең басты шарасы болмақ.

Осы орайда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген академиялық сипаттағы «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» басшылыққа алынған қазақ орфоэпиялық нормаларының теориялық (фонетикалық, фонологиялық, лексикографиялық және суперсегментті: интонациялық, просодикалық) негіздері тілші ғалымдардың көп жылдық ғылыми ізденістердің жемісі болып қана қалып қоймай, сонымен бірге бейімделген формада әртүрлі тіл оқыту бағдарлама мазмұнына енгізілуі керек. Қорыта айтқанда, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Тіл білімі секциясы бойынша дайындалған аталмыш сөздік сияқты т.б. практикалық-әлеуметтік мәні жоғары еңбектер қоғамдағы тілді нормалаушы, унификациялаушы қызмет атқарса, ал оларды жасауға негіз болған ғылыми білімдер қазақ тілі пәнінің мазмұнын байытуға тиіс.

Қандай білімдермен байыту керек дегенде, ең алдымен бұған дейін анықталып қазақ орфоэпиясының корпусын құрап тұрған білімдер жүйесімен қоса сөздік шығару тәжірибесінде нақтылана түскен төменде көрсетілген білімдер міндетті түрде оқулық мазмұнынан балаға бейімделген оқу және көрнекі, сондай-ақ жаттығу мәтіндері, әртүрлі тапсырмалар формасында көрініс табуға тиіс деп санаймыз:

Біріншіден, орфоэпия және орфоэпиялық сөздік, олардың анықтамалары, маңызы орфография мен орфографиялық сөздік анықтамаларынан төмен емес, бірдей деңгейде меңгертілуі керек. Егер Орфоэпия тіл білімінің дұрыс дыбыстау нормаларын, дыбыстардың сөз ағымындағы түрленіміне байланысты айтылу заңдылықтарын зерттей тін саласы және соған байланысты жеке пән болса, орфоэпиялық сөздік – сөздердің ұлт тілінің нормасына сәйкес айтылуын, оның дыбыстық құрылымының бірлігін сақтайтын әдеби тілдің ауызша түрі ережелерін (нормасын) көрсететін сөздік. Сөздердің бірізді дыбысталуы күнделікті қарым-қатынаста көзбе-көз тілдесуді жеңілдетеді. Сондықтан орфоэпиялық сөздіктерде сөз тұлғаларының нормаға түскен ауызша нұсқалары беріліп отырады. Орфоэпиялық ережелердің негізіне тілдік заңдылықтар алынады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары үндесім (сингармоноизм) заңы мен дауыссыздардың үйлесімі (ассимиляция), сондай-ақ сөздің просодикалық ұйымдасу заңдылықтарына табан тірейді.

Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасын зерттеген арнайы жұмыстың авторы М.Дүйсебаева болды. Зерттеуші ғылыми диссертациясының ізімен жазылған «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері» [1] деген құралында тіліміздегі сөздердің айтылу нормасының негізгі ережелеріне тоқталды. Өткен ғасырдың 70-жылдары жүргізілген бұл жұмыс, сөз жоқ, қазақ орфоэпиясын тіл білімінің бір маңызды саласы ретінде теориялық тұрғыдан зерттеп, ғылыми негіздері мен принциптерін анықтап берген алғашқы еңбек болды. Ғалым 1981 жылы мектеп оқушыларына арналған «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігін» құрастырды [2]. Сөздікте негізгі орфоэпиялық норманы белгілейтін тілдік заңдылықтар негізінде сөз ішіндегі түбір мен қосымша және қосымша мен қосымша жігіндегі, сөз тіркесі құрамындағы сөз бен сөз жігіндегі дыбыстардың бір-біріне әсерінен болған айтылу үлгілері де көрсетілді.

Қазақ тілінің біршама толық орфоэпиялық сөздігі 1977 жылы Қ.Неталиеваның авторлығымен жарық көрді [3]. Бұл сөздікте емле ережесі бойынша жазылған 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестерінің орфоэпиялық нормаға сәйкес айтылу үлгілері берілді. Сөздікте қазақ орфоэпиясының тілдік негізі болып табылатын үндесім заңы, дауыссыздардың үйлестігі сияқты құбылыстар бір сөз ішінде, ішінара сөз тіркесі жігінде көрсетілді.

Осы тұста 1983 жылы жарық көрген Р.Сыздықованың «Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары» атты еңбегінің оқушылар үшін де, мұғалім, оқытушы үшін де маңызды еңбек боларын айта кету керек [4], себебі бұл – қазақ орфоэпиялық нормаларын ережелер түрінде жүйелеген тұңғыш анықтағыш деуге болады. Мұнда сөз ішіндегі фонетикалық заңдылықтарға сәйкес өзгерістер ғана көрсетіліп қойған жоқ, сонымен бірге қазақ сөз (речь) әуезінің (просодикасының) өзіндік ерекшеліктеріне қарай сөз ағымы бөліктері – ырғақты топтардың да ішіндегі дыбыстық өзгерістер негізіндегі дұрыс сөйлеу нормалары жұртқа түсінікті тілмен, нақты-нақты ережелер түрінде көрсетілді. Сонымен, Р.Сыздықова қазақ сөзін дұрыс айтудың ережелерін жеке сөз деңгейінде ғана емес, сөз тіркесі, яғни бір деммен айтылған белгілі бір мағыналық қатынаста тұрған бірнеше сөздердің тұтастығы деңгейінде де анықтап көрсетті.

Дегенмен, бүгінгі күннің талабына жауап беріп, тілдегі жаңа құбылыстарды ескере отырып, қазіргі қазақ тілінің орфоэпиясы нормаларының фонетика-фонологиялық, просодикалық, интонологиялық құбылыстармен байланысты принциптерін ғылыми негізде түгендеп беретін орфоэпиялық сөздік оқушылар үшін де, жалпы жұртшылық үшін де өте қажет. Осымен байланысты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары жаңартулар енгізілген жоғарыдағы талаптарға сәйкес жаңа сөздікті жарыққа шығаруды алға тартты.

Сөйтіп, 2005 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанында (бас редакторы Ә.Жүнісбек, құрастырушылары Н.Уәлиев, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова)

«Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» дайындалып баспаға тапсырылды [5]. Бұл сөздікте 60 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестерінің орфоэпиялық нормаға сәйкес айтылу үлгілері берілді, сондай-ақ мұнда қазақ тіліндегі сөздердің айтылуы буын үндестігі мен қазақ сөзі просодикасының, яғни тіліміздің суперсегментті фонетикасының ерекшеліктеріне негізделіп көрсетілді. Сонымен бірге аталған сөздіктің басқа сөздіктерден айырмашылығы ретінде жаңа қолданыстар мен сөз тіркестерінің айтылу үлгілерінің мүмкіндігінше молынан қамтылуын айтуға болады.

Сөздіктің басты принциптері жоғарыда көрсетілген М.Дүйсебаеваның, Қ.Неталиеваның, Р.Сыздықованың ғылыми еңбектерінің негізінде айқындалды. Дегенмен де аталған сөздіктің жаңалығы да жоқ емес-тін.

Сөздіктің жаңалығына, осы жаңалықтарға негіз болған ғылыми ізденіс нәтижелеріне, оларды қазақ тілі пәнінің мазмұнына енгізу мәселелеріне тоқталмас бұрын, осыған дейінгі орфоэпиялық сөздік туралы білімді пән мазмұнына қалай енгіземіз деген сұрақ жауабын қорытып алған жөн. Сонымен, оқушылар мен студенттер:

- қазақ тілінің орфоэпиялық сөздіктері туралы;
- олардың ерекшеліктері және соңғы сөздіктің жаңалығы;
- жалпы, орфоэпиялық сөздіктің анықтамасын;
- орфоэпиялық сөздіктің шартты таңбалары;
- орфоэпиялық сөздікті қалай пайдалану керектігі туралы білімдерді өз сыныбы немесе курсы деңгейінде меңгеруге тиіс.

Екіншіден, оқушылар мен студенттер орфоэпиялық сөздікті дұрыс пайдалануға ғана емес, жалпы ауыекі сөздің заңдылықтарын дұрыс қолдана отырып ауызша сауатты сөйлеуге машықтануға тиіс. Олай болса, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарыққа шыққан сөздіктің ғылыми-теориялық лингвистикалық негіздері осы білімдер жүйесінің корпусына енгізіліп, оқулықтар мазмұнында өз орынын алуға тиіс.

Сонымен, сөздер мен сөз ағымының фонетика-синтаксистік бөліктері орфоэпиялық нормасының сегменттік қана емес, **суперсегменттік** те негіздерінің көрсетілуі – соңғы орфоэпиялық сөздіктің жаңалығы болып табылады. Бұл қазақ сөз **просодикасы, интонациясы, интонологиясының** ғылыми зерттелуінің нәтижесінде жүзеге асты [6; 7]. Мәселен, бұрынғы сөздіктерде бір сөз ішіндегі, ішінара сөз тіркестері ішіндегі фонемалардың дыбыстық реңктерінің айтылу нормасы берілсе, аталған сөздікте екі деңгейдегі - **фонетикалық сөз** бен **ырғақты топ** сияқты сөз ағымы бірліктерінің сегменттік те, суперсегменттік те өзгерістері қамтылды.

Бірыңғай әуенмен айтылып, құрамындағы буындары екпін түскен бір буынға бағынып тұтас деммен айтылатын сөз ағымы бөлігі **фонетикалық сөз** ретінде жеке қарастырылды. Екпін табиғаты славян, роман-герман тобындағы акцентті тілдерден ерекше болып келетін өзге француз және қазақ тілдерінде фонетикалық сөз морфологиялық сөзге (бір лексикалық бірлікке) сәйкес келуі шарт емес. Оны анықтайтын басты көрсеткіш просодика, яғни айтылу әуені, әуезі (тембр), интенсивтілігінің біртұтастығы, сонымен қатар екпін болып табылады. Фонетикалық сөз терминінің орнына Л.Р.Зиндер «**акцентті топ**» (акцентная группа) терминін қолдану әлдеқайда ұтымды болады деп, оны былай түсіндірген: «Единицу, получающуюся в результате такого слияния, иногда также называют ритмической группой, но чаще «фонетическим словом». Этот термин вполне удачен, так как понятие слово при этом теряет свой основной признак, но допустимо, потому что служебные слова несамостоятельны и в известном смысле сходны со служебными морфемами. Пожалуй, точнее был бы термин «акцентная группа», которым подчеркивалась бы роль ударения в образовании подобных групп» [8, 251]. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі акцентті топтар ретінде бір түбірден жасалған сөздер (мысалы, [бала], [жұлдұз], [бәйтерек], [беделділік], [көрөгендік], [үстәмелетуу] және т.б.),

сонымен бірге жазуда бірге тұлғаланып, санада бір ғана ұғымды білдіретін екі сөздің бірігуінен жасалған сөзді [*екіжүздүлук*], [*ауұлиарұуашылық*], [*әсіресілтеушілік*] және бір сөз сияқты, бір леп, бір деммен айтылатын буын саны көп емес еркін тіркестерді де [*босорұн*], [*көзүгеруу*], [*тежжүруу*], тұрақты тіркестерді де [*құлантаза*], [*қолғабысетуу*], [*жақсыгеруу*] қарастыру керек, яғни тіркес құрамындағы сөздер бір деммен соңғы буынға түскен екпінге бағынып тұтастқан бір сөз сияқты айтылады. Себебі, байқауымызша, құрамындағы сөздердің буын саны көп болған жағдайда сөздің айтылу әуенінің сызығы екіге бөлініп, әр бір бөлігінде бір-бір екпінге ие болған жоғары нүктелер пайда болады. Мұндай сөз бөліктерін акцентті топтардан ерекшелеп алу дұрыс. Оларды **ырғақты топ** терминімен атау жөн болады. Ырғақты топтарға құрамындағы сөздер кідіріссіз, үзілмей айтылып, бір-біріне қандайда бір мағыналық қатынаста тұратын, айтылу интонациясында негізгі – ырғақты екпінді буынға қоса тағы бір қосымша екпінді буыны бар сөз ағымы бөлігін жатқызамыз. Сонымен, қазақ сөз ағымында фонетикалық сөз (акцентті топ) морфологиялық құрылымы жеке сөзден, сондай-ақ біріккен сөзден, жалпы буын саны көп болмайтын екі сөздің тіркесінен, ал ырғақты топ екі не одан көп сөздерден (буын саны төрттен артық) құралады деуге болады.

Осы жерде айта кететін маңызды жайт - сөздердің фонетикалық мүшеленуі мен морфологиялық мүшеленуінің арасында симметриялық қатынастың жоқтығы. Мәселен, *бас әріп* және *бас қолбасшы* сөз тіркестері құрамындағы сөздер бір-біріне грамматикалық жағынан бірдей қатынаста тұрғанымен, айтылу интонациясында сәл де болса, өзгешелік байқалады. [*Басәріп*] сөзі бір деммен соңғы буыны ерекшеленіп, әуен өзгерісі бір қалыпты болып айтылса, [*бас-қолбасшы*] сөзінде соңғы буынға қоса алғашқы буынға да екпін түсіп, оның мәндері жоғары болып, әуен сызығы екі нүктеден көтеріліп, біркелкі айтылмайды (двухвершинность ч!о.т.). Сондықтан бұндай сөз ағымы бірліктері *бас-қолбасшы* сөзі сияқты ырғақты топ ретінде қарастырылды.

Бірдей грамматикалық қатынаста тұрған екі сөздің түрліше (бірде акцентті топқа, бірде ырғақты топқа сәйкес) айтылуына сөздердің құрамындағы, буын саны басты себеп болып табылады. Бұл сөздердің айтылу заңдылығына мағыналық, грамматикалық фактормен қатар фонетикалық, яғни дыбыстау-тыныстау факторы да зор әсер етеді деген тұжырым дұрыстығын дәлелдейді.

Кез келген ереженің ауытқуы болатындай, бұл жерде де сөздердің барлығын буын санына қарай просодикалық дұрыс айтылу нормасын анықтай беруге келмейтінін де есте ұстау керек. Тіл-тілдерде өзінің грамматикалық формасында ерекшелеуші семантикалық мағына немесе логикалық мазмұн жатқан сөздер бар, олар басқа сөздермен тіркескенде, әрдайым сөз ағымының дауыс сызығында өзінше ерекше просодикалық орталықтар құрады, мысалы, *мен де, сен де*, тіркестері құрамындағы *де* шылауы көмекші сөз ретінде есімдікпен тұтасып бір деммен айтылу керек сияқты, бірақ бұл шылаудың тілдегі қызметі демеу, өзі тіркескен сөздің лексикалық мағынасын қоюлату болғандықтан, ол айтылуда да көрініс тауып, жеке логикалық екпінге ие болып *мен* сөзінен пауза арқылы бөлінбесе де, бөлек сарынмен қолданылады.

Сонымен, жаңа орфоэпиялық сөздікте суперсегменттік фонетикаға қатысты соңғы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалана отырып, қазақ сөз тіркестерінің айтылу нормасы фонетикалық сөз (акцентті топ) және ырғақты топ түрінде екі үлгімен берілді. Бұлардың алғашқысын сөздікте көрсететін графикалық таңба ретінде сөздерді **біріктіріп жазу** алынса, соңғысының мұндай таңбасына арнайы **доға** белгісі алынып, ол ырғақты топ құрамындағы сөздердің арасына қойылды. Олай болса, аталмыш білімдерді мектеп және жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі пән мазмұнына енгізгенде оқушы немесе студент:

- интонация дегеніміз не (біршама аяқталған ойды білдіретін (сөйлемде) немесе қандай да бір синтаксистік қатынаста тұрып, ақиқат дүниенің бір көрінісін бейнелейтін

(синтаγμαда) сөз ағымы бөліктеріндегі әуен, әуез, кідіріс, дауыс қаттылығы, дауыс жылдамдығының үйлесімі)?

- просодика дегеніміз не (дыбыстан үлкен, дыбыстардан құралған бірлік – буыннан бастап мәтін деңгейіндегі сөз ағымы бірліктерінің ауызша сөздегі ұйымдасуы)?

- интонация мен просодиканың айырмашылығы неде (интонация тек синтаγμα мен сөйлемде көрініс береді, буында немесе акцентті сөзде (фонетикалық сөзде) интонация болмайды, ал просодика одан кең, просодика буыннан басталады, оған интонация көрініс табатын бірліктер де кіріп кетеді)?

- қазақ сөзі просодикасы мен интонациясының негізі болатын дыбыстық бірліктердің ұйымдасуындағы басты заңдылық неде (сингармонизмде)?

- қазақ сөз ағымы бірліктері (дыбыс – буын – фонетикалық сөз/акцентті сөз – ырғақты топ – синтаγμα – дыбысталған мәтін) мен тілдің жүйелік бірліктері (фонема (негізгі дыбыс) – морфема (жалғау, жұрнақ) – лексема (сөз) – синтаксема (сөз тіркесі мен сөйлем) – күрделі күрделі фразалық тұтастық (абзац, мәтін)) үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді ме (кейде сәйкес келмейді)?

- акцентті сөз немесе фонетикалық сөз дегеніміз не?

- ырғақты топ дегеніміз не?

- ырғақты топ пен акцентті сөз немесе фонетикалық сөздің айырмасы неде?

- синтаγμα дегеніміз не?

- қазақ тіліндегі екпіннің сипаты, ерекшелігі қандай? деген сұрақтарға өз сыныбы немесе курсы деңгейінде жауап беруге тиіс.

Үшіншіден, жаңа сөздікте бұған дейін белгілі болған дыбыстардың айтылу варианттары (мысалы, боз жорға [божжорға], ақаю [ағайұу], құлын [құлұн] сияқты) мен вариациялары (мысалы, абай бол [авайвол]) көрсетілуімен қатар бұрын айқындалмаған дыбыстық өзгерістердің көрсетілуі – оның тағы бір ерекшелігі. Олардың құрамында, біріншіден, жуысыңқы дауыссыз фонемалардың алдында келген **п, қ, к** тоғысыңқы дауыссыздардың жуысыңқы реңкпен айтылуын, (мысалы, **қапшық** - [қафшық], **жапса** - [жафса], **орап салу** - [ораф-салұу], **жақсы** - [жахсы], **ақша** - [ахша], **тақ сан** - [тахсан], **текие** - [техие], **көкшіл** - [көхшұл], **көк су** - [көхсұу]); екіншіден, тоғысыңқы **т** дауыссызынан кейін келген жуысыңқы дауыссыз **ш, с** фонемаларының жабысыңқы реңкпен, яғни аффрикат түрінде дыбысталуын (мысалы, **хатшы** - [хатчы], **ат жарыс** - [атчарыс], **атсыз** - [атңыз], **сатса** - [сатца] т.б.)***; үшіншіден, тек қана жуан қолданылатын **қ, ғ** дауыссыздарының жіңішкеруі мен жіңішке **қ, ғ** дауыссыздарының жуандауын (**құрмет** – [қ'үрмөт], **заділ** - [з'әділ]; **камзол** - [қамзол], **көгал** - [көгал]) айтуға болады. Қазіргі орфоэпиялық нормадағы бұл дыбыстық өзгерістер алғаш рет Н.Уәлиұлының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (1997), сондай-ақ Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті Қазіргі қазақ тілінің теориясы мен оқыту әдістемесі кафедрасының жанындағы ғылыми семинарларында (2002) жасалған баяндамаларында көрсетіліп, кейіннен ғалымның жетекшілігімен дайындалған З.Баданбекқызының «Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары» атты кандидаттық диссертациясында фонетика-фонологиялық зерттеуіне негіз болды [9]. Сонымен бірге Н.Уәлидің докторлық диссертациясының «Орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері» атты тараушасында тиянақты түрде негізделді [10].

Н.Уәлиев қазіргі қазақ тілінің дыбыстық қорында мұндай вариациялардың пайда болуын тіліміздің фонемалық жүйесінде жүріп жатқан дифференциациялану процесімен байланыстырады. Мәселен, ғалым бұрынғы зерттеулерде айқындалмай келген **қ, ғ** жуан дауыссыз дыбыстарының жіңішкеру құбылысының күшейіп келетінін анықтап, мұның себебін орыс тілінің әсерінен әлдейқайда ертеректе болған араб-парсы кірме сөздерінің тіліміздегі игерілуі мен сөздердің тіркесуі нәтижесінде тіркес құрамындағы әр түрлі

сингармотембрлі сөздердің бір тембрге бағынып, өзара бейімделуі құбылыстарымен түсіндіреді. Мысалы, *құрмет, қагілез, газиз* сияқты араб тілінен енген алғашқы буыны жуан, соңғысы - жіңішке сөздер соңғы буынның әсерінен [*қ'ұрмәт*], [*қ'әг'ілез*], [*г'әзііз*] түрінде толығымен жіңішке сингармотембрмен дыбысталады. Араб тілінен енген бұл сөздердің біртұтас жіңішке айтылуынан тіліміздегі сингармонизм құбылысының сөзді «цементтеуші» қызметін байқау қиын месе. Ал *кәгал* сөзіндегі *г* дауыссызының жуан дыбысталуы екі сингармотембрлі сөздердің біріп, соңғы буынның алдыңғыға көрсеткен ықпалымен түсіндіруге болады. Бұл жерде де үндестік заңының бұлжымас әсерін көруге болады. З.Баданбекқызы осындай негізде қазақ тіліндегі әр бірфонеманың варианттары мен вариацияларын түгендеп, олардың 150-ге жуық дыбыстық қорларын анықтайды [9, 21]. Алайда қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын кодификациялаудағы **инвариант, вариант, вариация** (Мәскеу фонологиялық мектебі бойынша) теориясының маңыздылығы, оның тілдік жүйеге өзге тілден енген сөздерді, сондай-ақ тіркеу негізінде пайда болған жаңа сөздерді төл дыбыстық жүйеге сәйкес игерудегі тілдің ішкі табиғи механизмі ретіндегі ерекше қызметі Н.Уәлидің докторлық диссертациясында жан-жақты ашылып көрсетілді. Ғалымның анықтаған қазақ дыбыстарының жоғарыда тоқталып кеткен кейбір ([ф], [х], [ц], [к'], [ғ'], [х'], **ш,ж** мен **й** дің ортасындағы [ä]) вариациялары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарыққа шыққан сөздікте алғаш рет көрсетілді.

Осы тұста ғалым Н.Уәлидің вариацияға берген анықтамасына тоқталып кету қажет: «фонема теориясы бойынша инвариант-фонеманың әлсіз позициядағы дыбыстық өзгерісі, осы көрсеткендегідей тек в а р и а н т түрінде ғана жүзеге аспайды, оның в а р и а ц и я деп аталатын түрленімі де болады. Парадигмадағы фонемалардың қайсыбірі (инвариант-фонемалар) синтагмалық қатынасқа (көлбеу шынжыр қатар тізбекке) түскенде, олар сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте материалданады. Мысалы [атцыз] атсыз, [қатчы] хатшы, [авай-вол] абай бол т.б. Парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынасқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте объективтенуі вариация деп аталады. [атцыз], [қатчы], [авай вол] т.б. дегендегі [ц], [ч], [в] қазақ тілінің фонологиялық парадигмасында жоқ. Біз бұл жерде дыбыстық өзгерістерді жуық шамамен ц, ч, в таңбаларымен беріп отырмыз» [10]. Сондай-ақ ғалым қазақ тіліндегі дауысты фонемалардың да бірнеше вариацияларын алғаш рет анықтап көрсетеді: «*Күлкі* сөзінің екінші буындағы дауысты [к01үл01к01ү] инвариант <i>-нің әлсіз позициядағы [ү] түрінде репрезентациялануы. Ол күшті позициядағы [ү]лкен дегендегі [ү]-ге естілімі жағынан сәйкес келеді. Әлсіз позициядағы инвариант фонеманың (<i>-нің) әлді позициядағы инвариантқа (<ү>лкен) ұқсас келуі вариант деп аталады. Ал *күлкіміздің* дегендегі үшінші төртінші буында еріндік белгілері солғындап кететін дауыстылар <i> инварианттың әлсіз позициядағы вариациялары болып табылады.


Әдетте варианттар парадигмасындағы белгілі бір фонемаға ұқсас болып тұрса, вариацияларда ондай ұқсастық болмайды, яғни вариация парадигмадағы фонеманың бірде біріне ұқсап тұрмайды. Мысалы, *күлкіміздің* дегендегі соңғы буындардағы дауыстыны парадигмадағы <ү>-мен бірдей деуге болмайды, *күлкіміздің* дегендегі бірінші буындағы <ү> инвариант, екінші буындағы [ү] вариант, ал үшінші және әрі қарайғы буындардағы дауысты <i> инварианттың вариациялары /ү/ деп танымыз:

Сонымен, еріндік дауыстыдан соң басталатын сөздердің екінші буынында анық еріндік, ал әрі қарайғы буындардағы дауыстылардың, еріндік белгілерінің солғындай беретін ерекшелігін ескере келіп, оларды үш жаққа ажыратып, орфоэпиялық норманың инвариант <ү>, вариант [ү] және вариация /ү/ түрінде кездесетінін көрсеттік.

Сондай-ақ <a> инварианты үшін жоғарыда сөз болған *қасиет, тақсірет, қауінті, қадірлі* сөздеріндегі дыбыстық жағдай қолайлы орын болып саналады. Сондықтан «ортаға» бейімделіп өзгешелеу реңк алады (палатализацияланады). Субъективті қабылдауда

жуан/жіңішкелігі көмескілеу сезіледі. Жуан/жіңішкелік перцепциясы көмескілеу *қасиет, тақсірет* сөздерінің орфоэпиялық нормасын былайша көрсетуге болады: [täxlçip1et1], [қ1äcçий1et1]. Мұндағы [ä] инвариант <a>-ның әлсіз жағдайдағы вариациясы.

Сөйтіп, <a> инвариант фонеманың әлсіз позицияда [ә] варианты және [ä] вариациясы бар деуге болады. Сондай-ақ <a> инварианттың әлді және әлсіз позицияда [a], [ә], [ä] реңктері түріндегі дыбыс шоғыры бар екенін байқаймыз. Оны төмендегіше көрсетуге болады:



Қазақ фонетикасында фонемалардың вариант, вариация түрлерін және олардың белгілі бір фонемалардың дыбыс қорын (шоғырын) құрайтын ерекше түзілім ретінде қараудың, жоғары мектеп оқулықтарын, оқу құралдарына, бағдарламаларына енгізіп, орфоэпиялық сөздікте, анықтағыштарда көрсетіп, сөз фонетикасының құрылымы ретінде танудың теориялық әрі прагматикалық мәні айрықша болмақ.

Сонымен, жаңа орфоэпиялық сөздікте сегментті фонетикаға қатысты соңғы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалана отырып, қазақ сөзіндегі дыбыстардың айтылу нормасы вариант, вариацияға сәйкес екі түрлі берілді. Бұлардың алғашқысы қазақ тілінде бар басқа фонемаға ұқсас (басшы -[башшы]) дыбыстық реализация болса, екіншісі қазақ тілінде кездеспейтін фонемаға ұқсас реализация болады (хатшы - [хатчы]). Олай болса, аталмыш білімдерді мектеп және жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі пән мазмұнына енгізгенде, оқушы немесе студент:

- жазудағы әрбір әріптің емілесін өткенде, міндетті түрде оның айтылу (оқылу) нормасын қоса меңгереді;
- қазақ тіліндегі дыбыстарды таңбалаушы әріптерді және әрбір әріптің таңбалайтын дыбыстарының қатарын толық игереді, мысалы, /y/ әріпі-графемасы 1) дауыссыз [y] дыбысын, [yy] - қысаң еріндік жіңішке дауысты [y] мен дауыссыз [y]-дың тіркесін, [yy] – қысаң еріндік жуан дауысты [y] мен дауыссыз [y]-дың тіркесін таңбалаушы әріп;
- қазақ тіліндегі фонемалардың (негізгі дыбыстардың) сөз басындағы, ішіндегі, соңындағы және сөз жігіндегі басқа дыбыстардың әсерінен, тұрған орнының әсерінен түрліше өзгерісін –варианттарын, вариацияларын біледі;
- вариант пен вариацияның айырмашылығын ажыратады;
- инвариант-вариант-вариация теориясынан өз сыныбы, курсы деңгейінде тиісті білім алады;
- сөздікте көрсетілген варианттар мен вариацияларды дұрыс қолдана біледі;
- жазба сөз бен ауызша сөздің әрқайсысының өз заңдылықтары болатынын, олардың бір-біріне толық сәйкеспейтінін жете түсінеді;
- жазу теориясы мен ауызша сөз теориясынан жеке-жеке және өзара байланыстағы білімдермен таныс болады;
- дыбыстардың түрленіп айтылуының фонетикалық себептерінен білімдар болады;
- вариациялардың бөгде сөздерді және тіркесу мен бірігу арқылы қалыптасқан жаңа дыбыстық комбинаториканы қазақ сөзінің сингармонизм заңына қарай бейімдеуші механизм екенін түсінеді.

Сөйтіп, кез келген тіл үйренуші осындай білім, біліктілік, дағдыны мектеп қабырғасынан бастап, жоғары оқу орнындағы оқу жылдарында әбден меңгеріп шығуы тиіс.

Сонымен, жаңа орфоэпиялық сөздіктің мазмұндық әрі сапалық жағын ерекшелеуші жоғарыда көрсетілген қазіргі қазақ тілінің сегментті және суперсегментті фонетикасындағы

орфоэпиялық нормаға енген және бұған дейін де анықталып әбден белгілі болған дыбыстық құбылыстар мектеп, жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі пәнінің мазмұнына енгізіліп, пән мазмұнын байытуға тиіс, сонда ғана тіл үйренушілердің санасында қазақ ауызша сөзінің дұрыс үлгілерін жасайтын білімдер жүйесі қалыптасып, мемлекеттік тілдің ауызша сөз мәдениетінің артуына кепілдік туады.

Баяндаманың соңында бүгінгі мерейлі жасқа шығып, халықаралық дәрежеде конференциясы өтіп жатырған Ақмарал Нұрғожақызын өзімнің және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұжымының атынан құттықтаймын! Ғылым жолы-сүрлеуі мен соқпағы көп ауыр жол. Сіз осы жолды өз бағытыңызбен даңғылға айналдырып, бедел, абырой биігінен көрініп келесіз. Өзіңізге алдағы уақытта да шығармашылық шалқар шабыт, ғылымда зор табыс, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амаандық пен береке тілеймін!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Дүйсебаева. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. А.: Мектеп, 1973;
2. М. Дүйсебаева. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі (мектеп оқушыларына арналған). А.: Мектеп, 1981;
3. Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. А.: Ғылым, 1977;
4. Р. Сыздықова. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. А.: Ғылым, 1983;
5. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі (Бас редактор - Ә. Жүнісбек. Құрастырушылар – Н. Уәлиев, С. Мырзабеков, Ж. Исаева, К. Күдерінова, А. Фазылжанова) – басылымда.
6. А. Джунисбеков. Сингармонизм и просодика казахского слова. А.: Наука, 1986;
7. З. М. Базарбаева. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. А.: Ғылым, 1996;
8. Л. Р. Зиндер. Общая фонетика. М.: Высш. Школа, 1979;
9. З. Баданбекқызы. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары. Кандидаттық диссертация авторефераты. А., 2001;
10. Н. Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, А., 2007 ж.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМ БЕЙНЕ

А.Н. ОТАРОВА,

Ш. Есенов атындағы КТИУ

Туризм және тілдер факультетінің деканы,

Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ақтау қ., Қазақстан

Тарихи шығармаларда бүгінгі рухани тіршілігімізге қатысты көп мәселелердің қамтылуы оның танымдық рөлінің өте зор екендігін айқындайды. Бұл орайда тарихи тақырыптың қазақ әдебиетіндегі туып, қалыптасу, орнығу үлгісін танытатын алғашқы туындыларды, яғни Ж. Аймауытов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқановтардың тарихи шығармаларын айтпағанның өзінде І. Есенберлиннің “Көшпенділер”, “Алтын Орда”, Ә. Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі”, “Жаушы”, Ә. Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры”, “Елең-алаң”, М. Мағауиннің “Аласапыран”, С. Сматаевтың “Елім-ай”, Қ. Жұмаділовтің “Дарабоз” т.б. романдарын өткенді айта отырып оны бүгінгі өмірмен байланыстыра көрсеткен, уақыт рухы көрінетін шығармалар ретінде танымыз, бағалаймыз.

Қазақ халқының XV ғасырдан бергі тарихы жайлы жаңа романдар (“Алмас қылыш”, “Жанталас”) жазған Илияс Есенберлин кейін “Қаһарды” осы серияның үшінші кітабы етіп қосты. Бәрі бірігіп “Көшпенділер” трилогиясын құрады.

Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” (1981-1983) атты екі томдық романы Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының басталуы мен күрделі жағдайда өрістеуін суреттейтін үлкен бір көлемді шығарма болды. Роман XVI ғасырдың аяғы, XVII ғасырдың бас кезіндегі қазақ ордасы мен Ресей мемлекеті арасындағы қарым-қатынас тарихын қозғайды. Көрші елдердің құрметті адамдарын қолға ұстап, сол арқылы қарым-қатынасты жөндеу, біртіндеп бағындыру сол тұстағы Ресей саясаты болғаны да анық көрінеді. Қазақ-орыс қарым-қатынасының кейінгі тарихын (XVIII-XIX ғасырлар) Ә.Кекілбаев жазды. Оның “Үркер” (1981), “Елең-алаң” (1984) романдары Қазақстанның Ресей құрамына кіруі мен содан кейінгі алғашқы дәуірдің күрделі қарым-қатынасын суреттейді. Роман оқиғасында қазақ делегациясының Петербургке баруы, Орынбор экспедициясының құрылуы мен қазақ даласына сапары, Ор өзені бойында бекініс салу, Татищев пен Әбілқайырдың кездесуі, Әбілқайырдың бодандыққа беріктігіне қайтадан ант беруі сияқты жайлар қамтылған.

Қазақ тарихының кейбір мәселелері Ә.Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” (1969ж), “Ұстаздың қайтып оралуы” (1978ж) романдарында да көрініс тапқан. Жазушы “Махамбеттің жебесі” романында қазақтың ғасырлар бойғы арыла алмай келе жатқан рушылдық дертін, алауыздығын талдайды. Махамбеттей ұлы ақынның да қаза болуына себепші болған осы мінез екеніне назар аударады.

“Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы” қарсаңында тарихи тақырыпқа қалам тартқан қай жазушы болса да өз шығармасының идеялық түйінін осы мақсатқа ыңғайластыра көрсетуі сол кез үшін өте тиімді әдіс болатын. Дәл осы “250 жылдық қарсаңды” ұтымды пайдалана отырып І.Есенберлин бастаған қазақ жазушылары ұлт тарихының ең бір ащы шындықты айта алмай жүрген кезеңін мәселе етіп көтеріп, көркем өнер тілімен көрсетіп беруге ұмтылды.

“Тарихи дәуір болмысын, тарихи тұлғаның, қайраткердің ойлау, сезіну сырының барша мәнді шындығын, оның еңбегінің, іс-әрекетінің сыртқы көрінісі мен ішкі мәнісін суреттеудегі жазушының эстетикалық нысанасы мен тұрғысы, шығармашылық даралығы қазіргі қазақ романының сыры мен сипатын танытуға алып келетін маңызды творчестволық құбылыстар қатарына жатады” [1, 205 б.], – деп ғалым Ж.Дәдебаев өз тұжырымын жасайды.

Қазақ халқының ұлттық ой-санасының жүдеп бара жатқанын көрген зиялы азаматтар алпысыншы-жетпісінші жылдардан бастап ұлттық сананы оятып, тәрбиелеуге көркем әдебиетті пайдалану мақсатын қойған еді. Ол үшін М.Әуезов негізін салған тарихи роман дәстүрін жалғастыру керек болды. Қазақ тарихының әрқилы беттері жаңаша бедерленіп, көркем бейнелеуге ие бола бастады. Халықтың өткен тарих пен оның негізгі оқиғалары, ел болу дәстүрі, бостандық, азаттық идеяларының таралуы, сол бір кездерде ел басқарған, ел намысын қорғаған батырлар, азамат ерлер жайында білуге құмарлығы арта түсті. Бұл әдебиет зерттеушісі Қ.Әбдешұлының мына пікірінде дәл айтылады: “60-80 жылдар аралығында тарихи тақырыпты арқау еткен прозалық шығармаларымыз басқа жанрларға қарағанда тарихи тұлғалар тағдырын, оның ішінде қазақ батырларының ерлік істерін, қаһармандық жорықтарын, олардың кейіпкер ретіндегі ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тереңірек бейнелеуге ден қойды” [2, 196б.].

Ұлттық идеяның ең басты тірегі – тәуелсіздік, еркіндік. Ол тәуелсіздік идеясы қазақ халқының өткен ғасырлардағы азаттық жолындағы күресі – жетпісінші-сексенінші жылдар прозасында қаламгерлеріміздің кең арналы ойларын айтып көркемдік шешімдерге келуіне тың серпін жасады.

“Жетпісінші жылдардың бер жағында қазақ тарихына арналған романдар легі туды... Ел бастаған, оның мүддесін жоғары қойып, жорықтарға өздері бастап шыққан батыр ел билеушілерді, халықтың даналығын бойына жиған шешендер мен көсемдердің неше алуан бейнесін тарих шындығына сүйеніп ашты. Қазақтың тарихи әдебиеті халықтың өзін тануына, оның тарихтағы орнын түсінуіне үлкен көмек жасады” [3, 25 б.], – дейді зерттеуші- ғалым С. Қирабаев. Өз ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін ойлап ел тағдырын өз тағдырынан жоғары қойған қазақ батырлары тарихтың әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Олар ұлттық тұлға ретінде халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласып отырды.

Белгілі ғалым Ж.Тілепов “Тарих және әдебиет” еңбегінде: Әр дәуір жыршысының өз заманының тарихи кескінін бейнелеуге әрекет еткен шығармасы сол әдебиеттің өзекті мәселе тұрғысынан алғандағы жүріп өткен жолын бағдарлауға да мүмкіндік береді. Өйткені, онан белгілі бір халықтың рухани есею жолын, тағдыры таразыға түскен небір тарихи тайталастарының мәліметтерін табасыз” [4, 3б.], – деп әдебиеттегі тарихилық мәселелеріне айрықша назар аударады.

Жазушы Маршал Әбдіхалықовтың сексенінші жылдары жазылған “Сүйінғара” [1981ж] романы да өткен ғасырлар тарихи шындығын суреттеп, халқымыздың азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысының қырларын ашады. “Сүйінғара” романынан үзінділер “Коммунистік жол” газетінің 1978 жылғы 28 қараша, 1 желтоқсандағы санында тұңғыш рет “Қос қыршын” деген атпен жарияланды. Бұдан кейін “Коммунистік жол” газетінің 1980 жылғы 30 мамыр, 3, 4, 12, 13 маусымдағы сандарында “Бітім” деген атпен, “Жаңа өмір” газетінің 1980 жылғы 21, 22, 24 маусымдағы сандарында “Беталыс” деген атаумен жарияланып тұрды. Романның толық нұсқасы “Жұлдыз” журналының 1981 жылғы 8, 9 сандарында “Сүйінғара” деген атпен жарық көрді.

“Сүйінғара” романы – ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басындағы еліміздің батыс өңірі Маңғыстаудағы қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайды сипаттайтын сюжеттік-композициялық өрнегі жымдаса құрылған идеялық мазмұны жоғары, көтерген тақырыбы терең шығарма.

Романның тақырыбы – осы кезеңдегі қазақ батырларының бірінен саналатын тарихи тұлға Сүйінғара Үргенішбайұлының жер мен елін қорғаудағы ерлік істері, Маңғыстау үшін Ресей мен Хиуа хандығы арасындағы күрес мәселелері. Қиянат пен зорлықтардың шектен асуы, салық түрлерінің көбеюі, елдің сол кездегі көсемі, сол тұстағы халықты біріктіре алатын аса абыройлы тұлға Сүйінқара батырдың елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін намысын жанып, ызасын туғызады. Сүйінғара Үргенішбайұлы жалпы қазақ даласындағы ұлт азаттығы үшін болып жатқан оқиғаларға ат салысты. Исатай-Махамбет қозғалысын ақырына дейін қолдап, ағалық ақыл-кеңесін беріп отырған тарихи тұлға.

“Адамды заман билейді.

Бұл туралы кім болса да ойланатын шығар. Тіпті ойланбағандар болса да, осы сөзді ара-тұра естігенде ақиқат сипаты мол ұғымды іштей мақұлдайды.

М. Әбдіхалықовтың “Сүйінғара” романын жазу барысында осы ойлардың қамауында болғаны көрініп тұр. Роман тақырыбы өте күрделі. Жері кең болғанмен, адамы сиректеу, аңқаулау көрінетін Маңғыстау түбегіне көз тіккен Ресей, Англия, Хиуа мемлекеттері саясатының шиеленісе бастаған уақыты. Ағылшындар Хиуа ханы арқылы қазақ жеріне, сол арқылы Кавказ елдеріне көз тігіп отырса, орыстар Маңғыстау арқылы Орта Азияға, одан Индия, Қытай байлықтарынан дәмелі. Осы алпауыттар арбасуының аясына айналған қазақ елінің жай-күйі, бостандық, азаттық туралы арман, әрекеттері суреттеледі. Роман жарық көрген жылдар Кеңес үкіметінің ұлт-азаттық идеялардан қатты үрейленетін кезі. Мұның барлығын М. Әбдіхалықов өте жақсы білді. Қаламгер шығармашылығының үлкен бір белесі “Сүйінғара” романы – осындай ахуалды уақыттағы ойларды жазған үкілі еңбегі.

Бірақ, жиған-тергеннен тапқан табысын, олжасын шығармашылық толғаныстар үстінде бойын билеген сезімдер мен ой ағыстарын жеткізе алды ма? Тіпті романдық көркем мазмұн астарындағы емеурінді сездірді ме? Біздің ойымызша, автордың шындала бастаған шеберлігін аңғартқан тұсы, сірә, осы. Одан басқаға өлшеулі ғұмыр жеткізбеді, амал қайсы” [5, 56.], – дейді роман жөнінде ой толғаған әдебиет зерттеушісі З.Бисенғали.

Қазақ руларының басым бөлігі Ресей империясының бодандығын мойындап қалса да, Сүйінғара батырдың қол астындағы Маңғыстауды мекендеген рулардың әлі де басыбайлы бодандыққа өте қоймаған кезі. Сүйінғара Үргенішбайұлының сол кездегі іс-әрекетін тарихи жағынан пайымдасақ, ол уақыттың талабына, қоғамдық-саяси жағдайға орай әрекет еткендігіне көзіміз жетеді. Бұл жерді мекендеген елді жау шапқынынан қорғау ғана емес, күнделікті тұрмыс, қоныс, азық-түлік, жер-су жағдайлары сол кездегі өте күрделі мәселелер болатын.

Сүйінғара батыр екі жақтан қыспаққа қалады. Солтүстіктен алып Ресей империясы бүйірлей енуге әрекет етсе, оңтүстігінде көршілес мекендеген Хиуа хандығы қысымшылығынан жергілікті адай рулары қатты зардап шекті. Хиуа хандығы Сыр бойына бекіністерін салуын салғанымен, Маңғыстауға өз билігін жүргізе алмады. Тек көктем, күз айларында Хиуаға мал айдап, өнімдерін саудаға шығарған кезде ғана Хиуа ханы белгілеген алым-салықтарды төлеуге мәжбүр болып отырды.

“Маңғыстауды орыстар иелене бастаған кезде, Адайлар ханға зекет төлеуден бас тартты. Ашуланған Хиуа хандығы Адайлар сатқан малдарға салықты бұрынғыдан да ұлғайтып жіберді. Тіпті адайлардың керуендерін тоқтатып, сауда-саттықты доғарып тастады” [6, 196.], – дейді тарихшы ғалым М.Тұрсынова. Бұл кезде, яғни ХІХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Ресей империясының қазақ руларына толық билігі орнағанымен, Маңғыстауды мекендеген Адай рулары өз дербестігін сақтауға тырысты. Сондықтан патшалық Ресейдің жазалаушы отрядтарының шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. Әсіресе, маңғыстаулықтарға патша үкіметінің Орынбордағы үкімдерінің тізесі қатты батты. Басқыншыларға қарсы көтеріліп, қарсы жасақ құрып күреске шыққан елдің сол кездегі көсемдерінің бірі Сүйінғара батыр болатын, сол тұста халықты біріктіре алған аса абыройлы тұлға еді. Қазақ ауылдары билікке таласқан қазақ билеушілерінен, оларды қудалаған орыс жазалаушыларынан және Хиуа ханының жендеттерінен теперіш көрді. “Сүйінғара батырдың атамекенді қорғаған жалынды күрес жолы сол ХІХ ғасырдың алғашқы жартысы еді. Дәл сол заманға Қайыпқали Есімқұл, Қаратай, Кенесары, Исатай – Махамбет, Есет Көтібаров көтерілістері дәл келеді. Бар өмірін қазақ елін қорғауға арнаған Сүйінғара батыр Маңғыстау жерін Хиуа мен түркмендерден қорғауға арнады” [7], – деген тұжырым жасайды тарихшы – ғалым С. Өтенияз.

Орыс патшасының түбегейлі басқыншылық саясатының астарында не жатқанын Сүйінғара да, ел басшылары да басында түсінбеді. Түсінбегені заңды да еді. Өйткені ол тым жасырын жүрді. Полковник Мансуровтың жазалаушы жасағының Жем, Сағыздың құяр сағасындағы, Каспийдің Үстіртке қараған бетіндегі қазақ ауылдарын талқандауы, полковник Бергтің 1825-1826 жылғы қыстағы Үстірт жорығы ғана ол саясаттың бет пердесін ашып берді. Бас штаб подполковнигі Мейердің әділ айтуындай 1830 жылдарға таман бұл ел солай екі оттың ортасында қалды. Сүйінғара батырдың алдында да екі жол тұрды. Бірі – Хиуа ханына қарсылықты мүлдем доғарып, басыбайлы боданы болу. Олай етсе, Маңғыстау қазағынан біржола бөлініп қалар еді. Екінші жағы – кіші жүздің өзге руларымен ірге ажыратпай, не де болса орыс ыңғайына қарай бет бұру. Алаш жұртымен тағдырдың салғанын бірге көру. Батыр осы жолды таңдады. Бірақ тәкаппар батыр бірден бас ие салмай еруліге қарулы деген сыңай танытты. Ол да әрине оңайға түскен жоқ. Екі теңіз арасындағы қазақ руларының ортақ батырлары Атақозы, Құдабай, Дәуімшар, Құлбарақ, Жапарберді, Сұлтангелді тағы басқалардың аты жат ел басқыншыларына қарсы

ұрыста шықты, көбі жау қолынан өлді. Солардың ортақ басшысы ретінде Сүйінғара танылды. Батырдың сол беделі мен абыройынан сескенген орыс басқыншыларының 1826 жылдан соң онымен жаулыққа бармай тіл табысу, мәймөңке саясат ұстанғандығын тарихи құжаттар айғақтайды.

Тарих тағылымы бізге қағазға түскен деректердің ақ-қарасын анықтауды, зерттеушілік пайым жасауды міндеттейді. Ол қанша өр кеуде, өжет болғанымен, өз тұтастарының қайсысының да ел үшін істеймін деген игі істеріне аянбай атсалысқан. Жорықтан да, шайқастан да тайсалмаған.

“Әр әріптің бетіне үрке қарап, дүрбісін оңды-солды салып отырған цензуралы заманда Сүйінғара сынды өмірі өте күрделі болған ердің, жұртының тағдыры талқыға түскенде шауып жүріп жорға салатындай би-шешеннің, бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы Хорезм жұртының, Мерв, Балқан бойындағы іргелі елдің құқайына, ағайын қадамын аштыртпаған қол бастаған батырлар ордасының санаулы сырттаны, азуы қатты арыстанының атын атап, атқарған тарихи миссиясын бүркеп, бүркемей роман жазу оңай емес-ті. Бірақ, Мәкең аталған романын жазды. Бұл Маңғыстау елінің берісі алпыс жылдық өміріндегі аламанды тірлігіне, оның Сүйінғара батырына қойған қаламгер ұрпағының ескерткіші болатын [8], – деген Ж.Тілепов тұжырымына сүйенсек, біз сөз етіп отырған туындыда жазушының ұлт-азаттығы тақырыбын көтеру үшін Сүйінғара тұлғасына арнайы тоқталуы кездейсоқтық емес.

Суреткердің өзіндік қолтаңбасының анықталуына да сол шығарманы жазуға негіз болған тарихи деректерді де зерттеп саралаудың маңыздылығы жоғары болмақ.

М.Әбдіхалықовтың “Сүйінғара” романын жазу үшін жинаған материалдарының бір бөлігін (Н.Халфин. Россия и ханства Средней Азии”, “Первые русские научные исследования устюрта”, А.Добомыслов, Тургайская область, “Записки ИРГО по общей географий”, В.И. Липинский “Флора Средней Азии”, “Материалы по истории Казахской ССР т.4, Турсынова М. “XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғыстау қазақтары” т.б.) зерттеу еңбектері мен ел аузынан жинап алған аңыз-әңгімелер мен жекелеген ақын-жыраулардың шығармалары құрады.

Архивтік деректер, халықтық аңыз, этнографиялық сипаттар негізі болған тарихи романда автор оларды сол өткен дәуір елесін дәл бейнелеу үшін ғана емес, сонымен қатар түрлі қағида, идеялардың, түрлі психология мен мақсат мүдделерінің қандай заманда болсын сабақтастық алып жататынын көрсету үшін пайдалануды мақсат еткен. Осы орайда әдебиетші ғалым Р. Нұрғали төмендегідей зерттеушілік пайым жасайды: “Ұлттық тарихымыздың терең қойнауларында қалған көп оқиғалардың елесі, өзгерген, бұрмаланған деректер, әр түрлі тілдерде жазылған, сан алуан қолға түспейтін сирек кітаптарда, архив қазыналарында, оқылуы қиын қолжазбаларда, әр жерде жүйесіз шашылып жатқан материалдарды тауып, оқып, қорытып шығу үшін кеткен уақыт, жұмсалған қайрат, жасалған еңбектің өзі бір адамның ұзақ ғұмырына жетіліп артылар шаруа” [9, 291б.].

Әдебиет – халық өмірінің идеялық-эстетикалық айнасы десек, оның ілгерілеуі, өсуі халықтың өткеніне көркемдік байыптау, қорытындылар жасау арқылы болады. Қазіргі заман мен өткен уақыттың байланысы, сабақтастығы тарихи тақырыпты игеру нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Қаламгер тарихи болмысқа, ақиқат құбылыстарға жауапкершілік тұрғысында қарап, типтік сипаттағы деректерді саралауға жете мән береді. Сүйінғара бастаған елдің Аллақұл ханға қарсы азаттық күресіне байланысты белгілі тұлғалардың іс-әрекетін тарихқа, мінезге сәйкесті аша білуін романның жетістігіне жатқызамыз. Романда сол дәуірге тән негізгі қоғамдық тенденциялар толғанып алынған.

Олай болса, Маршал Әбдіхалықов халықтың өткен тарихынан өзі өмір сүріп отырған кезеңнің де даму диалектикасын көрді. Алдымен қазақ әдебиетінің, әлемдік әдебиеттің тарихи тақырыпты игерудегі мол тәжірибесін, игі дәстүрлерін жинақтай отырып, ұрпақ бойына ұлттық рухты, патриотизмді, өткенін білу үшін тарих тереңіне бойлауды ойлады.

Романның бас кейіпкері Сүйінғара Үргенішбайұлы (1756-1841ж) – Кіші жүздегі түрлі отарлау, басқыншылық саясаттарға қарсы күрескен халық батыры. Қазақтың шекарасын мөлшерсіз кеңейтіп, ырысын өлшеусіз молайтқан жауынгер тайпа – Адай ұлысының ұлттық тарихымыздың парақтарынан ойып орнын ала алмай жүрген өксікті ерлерінің ішінде, шетелдіктердің де, орыс өкіметінің де, Хиуа, одан арғы парсы жұртының да назары ерекше аударған ерен тұлға. Сүйінғараның қимыл-әрекеттері әкесі Үргенішбай батырдан дарыған. Нақты жазба деректер бойынша Сүйінғара Адайдың ұраны – Пірдің соңы Бекет атадан аттай алты жас кіші болған, яғни замандасы.

Әбіш Кекілбайұлы батырдың тарихтағы рөлі жөнінде: “Бір кезде Атағозы мен Шотан өз тұсындағы бүкіл қазақтық мәселелерге қандай белсене араласса, Сүйінғара да өз тұсындағы оқиғаларға дәл солай жан аямай кіріскен еді... Сондықтан да, оның басы ылғи дауда, жаны ылғи шүберекке түюлі өтті” [10] дейді.

Расында да Сүйінғараның өмір сүрген дәуірі дүрбелеңі мол заман еді. Дүние жүзінің алпауыт мемлекеттері әлемді бөліске салып жатты. Әрбір билік иелерінің көздеген мақсаттары – биік мансап, халықтың бағынышты күй кешуі, сонымен қоса билік құратын жерінің кең болуы шығармада өзіндік өрнегін таба білген. Хиуа ханы Аллақұл да қазақтың байтақ жеріне көз сұғын қадаса, қазақтың іргесіндегі Ресейден бастап Ұлыбританияға дейінгі батыстың бірнеше мемлекеті өз сыбағаларын, өз үлестерін түгендеп, шығыс елдеріне үстемдік жүргізудің қаншама жылдардан бермен қарай он ойланып, жүз толғанып келе жатқан жоспарларын жүзеге асыруға жанталаса кіріскен болатын.

Сайын даланы отаршылдықтан тек білектің күшімен емес, мәмілегерлік жолдармен де шешуге ұмтылғандығын, тынымсыз ой кешкенін тарихи зерттеулердегі Сүйінғараның хаттарынан, ол туралы жазбалардан байқауға болады. Бұл жазбалар оның не үшін соғысқанының айқын көрінісі ғана болып қоймай, арада бір ғасыр өтсе де батыр бабалардың өр талабын, қайсар мінезін, жауынгерлік келбетін келер ұрпаққа танытатын жанды деректер. Сүйінғара 1822-1823 жылдары Ж. Тіленшин бастап қол қойып 1810 жылға дейін елі пайдаланып келген Елек пен Жайық, Өзен аталатын өзендер аралығындағы жерлерді Орынбор губернаторы П.К. Эссеннен қайтаруларын талап етсе, “өзгеріп жатқан мына заманда тыныштықты қалай сақтарсың, ел басына кімдер тұрмақ?” деген сауалды өзіне қояды. Сүйінғараның ел тағдырына қабырғасы қайысып, тереңнен ойланып-толғанып жүрген ер екені Қоңырмолда, Тұрыш қажымен арадағы әңгімелерінде, Жәңгір ханның таққа отырған соң, бар шұрайлы жерлерін сары ала шекпенділерге бөліп жібергеніне торығатынынан, елдің малын пігір, зекет деп талап жеген Хиуа хандығына деген ызасы, малға жайлы шұрайлы жерлерді алып жатқан патша өкіметі іс-әрекеттерінен шошынатынынан байқаймыз.

Тұтас бір дәуірдегі халық тағдырын суреттеген көркемдік пен тарихи шындықты шебер үйлестірген, көркем әдебиет талаптарына жауап бере алатын бұл романдағы қаһармандардың көпшілігі тарихи тұлғалар, суреттелетін оқиғалар да тарихи жағдайлар. М. Әбдіхалықовтың тарихи тақырыпқа жазылған шығармасы өз заманының ащы шындығын, отаршылдықтың қоғам мен санаға жасаған залалдарын көркем шебер бейнелеуімен ерекшеленеді. Бүгінгінің тамыры өткен тарихымызбен сабақтастықта екендігін, сол арқылы ұлттық рух, діліне бет бұруға бастайтыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. –340 б.

2. Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 242 б.
3. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
4. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 375 б.
5. Бисенғали З.Ғ. // М.Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы және рухани-тәрбие мәселелері. М. Әбдіхалықовтың 70 жыл толуына арналған республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Ақтау, 2007. – 25 маусым. -4-8 бб.
6. Турсунова М. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Наука, 1977. – с 181.
7. Өтенияз С. Сүйінғара // Маңғыстау. – 2006. – 19 мамыр.
8. Тілепов Ж. Алашқа айбын бола білген азамат // Маңғыстау 2006. – 2 қараша.
9. Нұрғалиев Р. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму. Монография. –Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
10. Кекілбаев Ә. Сүйінғара. // Маңғыстау. – 2006. – 26 қазан.

ТЕКТІ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ЗЕРТТЕУ
(«Маршал Әбдіхалықов – публицист» кітабы туралы)

Ж.Т.ҚОБЛАНОВ,
Ш.Есенов атындағы КТИУ
Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Ақтау қ., Қазақстан

Публицистиканың қалыптасуы мен көркемдік дамуы – ұлттық дәстүрдің маңызды тұстарын рухани-мәдени тәжірибелерін жинақтап берді. Қазақы ғылыми-танымдық публицистиканың дамыған түрі әдеби әрі ақпараттық әдістердің күрделі тұстарын зерделеп береді.

Бүгінгі өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда қазақ қаламгерлері де жан-жақты ізденістер үстінде екендігі мәлім. Тыңнан соқпақ салуға талаптанған көркемдік ұмтылыстарды, әсіресе, қазіргі қазақ публицистикасынан айқын аңғарамыз. Бұл тұстағы шығармашылық ізденістердің бір арнасы стиль проблемасымен, типологиялық өрісімен тығыз байланысты.

Публицистикалық шығармалардың қалыптасуы мен кемелдену кезеңдерін, әсіресе, жеке суреткер ретінде Маршал Әдіхалықовтың шығармашылығын теориялық, жанрлық, танымдық тұрғыдан жеке қарастыру – бүгінгі күннің өзекті тұсы. Бұл ретте, жақында жарық көрген әдебиетші-ғалым А.Н.Отарованың «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты зерттеу кітабы осындай олқылықтардың орнын толтыратын сүбелі еңбектердің бірі деп атауға болады.

Қазақ әдебиеті тарихында көркемдігі жоғары қымбат мұралар тудырған қайталанбас дара тұлғалардың аз болмағаны ақиқат. Олардың шығармаларын ғылыми тұрғыда зерттеп,

зерделеп, оларға талдау жасау әдебиеттану ғылымының басты мақсаты. Қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңінде рухани дамуымызға, мәдени өркендеуімізге айтулы үлес қосып, ұлттық жан дүниеміздің дамуына септігін тигізген қаламгерлеріміздің туындыларын талдап, олардың суреткерлік қолтаңбасын ажырата отырып, әдебиеттегі орнын анықтау үлкен міндетті жүктейді.

Әдебиет тарихында дәстүрдің ерекше орны бар. Қай дәуірдің болсын әдебиеті өздігінен туа салмайды, ол өзінен бұрынғы әдебиеттің дәстүрлеріне сүйеніп, оның озық үлгілерін, идеяларын байыта отырып дамиды.

А.Н.Отарованың «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты зерттеу кітабында қазақ прозасының дамуына елеулі үлес қосқан қаламгерлер қатарында өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Маршал Әбдіхалықовтың өмірі мен шығармашылық жолы, публицистикасы жеке қарастырылып, тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік жағынан талданып, поэтикалық–тілдік болмысы ғылыми тұрғыда пайымдалған. Сонымен бірге жазушының әр жылдарда баспасөз беттерінде жарияланған публицистикалық шығармалары, замандастарының естеліктері енгізілген.

Публицист-қаламгер Маршал Әбдіхалықов қазақ елінің ұлтжанды азаматы, маңдайына біткен жарық жұлдызы. Қазақ әдебиетіне қажырлы үлес қосып, ондағы түрлі жанрлардың дамуына мейлінше ықпал етті. Өзінің жігер күшін елінің ертеңімен байланыстырып, қазақ үшін құнды, сапалы және салмақты дүние жасады. Қаламынан туған әрбір көркем шығармасы оқырманының көңілінен шықты. Публицистикалық еңбектері құнды деректерге, нақты ұсыныстарға құрылып жазылды.

Маңғаз Маңғыстаудың маркасқа ұлдарының біріне айналған қаламгер Маршал Әбдіхалықовтың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты тану әрбір қазақ үшін міндетті. Тұлғаның көркем әдебиеттегі ерекше қыры – әрбір оқырманның қызығушылығын арттырып, әрбір әңгімесі ерекше әлемге жетелейтіні рас.

Жалпы, әу баста Маршал Әбдіхалықов ең әуелі елге көркем шығармашылығымен, мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланатын мазмұнды мақалаларымен, очерктерімен танылды.

Кітаптың алғысөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнол Бисенғали: «М.Әбдіхалықов – өз заманындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайларды жіті аңғарып, барынша шебер талдап, жаза білген қаламгер.

М.Әбдіхалықов шығармашылығы – қаламгердің қалыптасу, өмір сырына бірте-бірте қанығу, өмір тану және оны көркемдік шындыққа айналдыру тәсілдерін игеру, табу, жетілдіру жолы.

Өзі өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік істердің үнемі басынан табылған, қоғамның мәдениеті, рухани өмірінің әр саласында аянбай айналысқан, мұны азаматтық борышы санаған М. Әбдіхалықов қарымды қаламгер дәрежесіне жетті» деген құнды пікірін айтады.

Ал, заманымыздың заңғар жазушысы, Ә.Кекілбаев М.Әбдіхалықовты «Маңғыстау өлкесінің жазушылары мен ақындарының, әдебиетшілері мен журналистерінің, қалам ұстаған барша азаматтарының шын мәніндегі Маршалы» деп жоғары бағалайды.

А.Н.Отарованың бұл зерттеу еңбегі М.Әбдіхалықовтың барлық шығармаларын толығымен жинақтап, оларды жанрлық тұрғыдан саралап, тілдік, стильдік ерекшеліктерін

талдай отырып, қаламгердің әдебиет тарихынан алатын орны туралы тұщымды ғылыми тұжырымдар жасауымен де құнды.

Жазушы - әр жанрдың табиғатын терең меңгерген суреткер. Әңгіме сияқты шағын жанрда табиғатты кең суреттеуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан да айтайын деген ойды сол шағын көлемге сыйдыру – міндет. Бұл міндетті дарынды қаламгер өзіндік қолтаңбасы мен шығармашылық ізденістері арқылы жүзеге асырады. Маршал Әбдіхалықов әңгімелерінде оқиғаны қызықты тұсынан бастау, оқырманын елітіп отырып бейнелеу, бұрын-соңды естімеген жайды баяндау секілді шеберлік қырлары анық көрінеді.

М.Әбдіхалықовтың тақырып қоюдағы шеберлігі, публицистика жанрына әкелген жаңалықтарын зерделеу ғылыми тұрғыда талқыланады. Танымдық, публицистикалық шығармаларын кеңінен талдау барысында әрбір шығармасында шынайы деректерді қолдануын зерделей отырып, сараптама жұмысы жүргізілгенін деп атап өткеніміз жөн. Қаламгердің ел тұрмысы жөніндегі терең толғауларына, қажырлы еңбекті насихаттаудағы жеке очерктеріне тоқталып, сараптама жұмыстарын жүргізгендігі де зерттеушінің алдына қойған мақсатына жетудегі құптарлық іс екендігі даусыз.

Кітап көлемді үш бөлімнен тұрады. Маршал Әбдіхалықовтың туған жері, өскен ортасынан бастап, алғашқы публицистикалық шығармалары, онда көтерілген елдік мәселелер, қаламгердің ойын жеткізудегі тіл шеберлігі алғашқы бөлімді қамтиды. Екінші, үшінші бөлімдерде жазушының публицистикасы, очерктерінің әлеуметтік мәні мен маңызы терең зерделеніп, шығармашылық қалыптасу, шеберлік толысу кезеңдері, публицистикалық туындылары, алғашқы көркем шығармалары мен көлемді, күрделі прозаға баратын жолын сабақтастыра, салыстыра талдау негізінде ғылыми тұрғыда салиқалы, салмақты пайымдаулар жасайды. Сонымен бірге, кітапта студенттер, ғылым жолында жүрген мамандардың болашақ ізденіс жұмыстарына сеп боларлық дүниелер де мол қамтылған.

Қорытындалай келе А.Н.Отарованың бұл «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты зерттеу еңбегі қазақ публицистика жанрын Маршал Әбдіхалықов шығармашылығы негізінде ғылыми тұрғыда зерделеген, бұрын түрлі себептермен көп насихатталмаған қаламгердің публицистикалық шығармаларын жан-жақты талдаған және маршалтанудағы толымды, маңызды еңбек дер едік.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҚЫТЫЛУ БАРЫСЫ

Ы. А. ҚУТТЫМУРАТОВА,

PhD, доцент

Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

Нөкіс қ., Өзбекстан

Тіл – халықтың басты қарым-қатынас құралы. «Балық тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды» деген Қадыр Мырза атамыздың нақылындағыдай, тілсіз халық түгіл жеке тұлға өмірін елестету қиын. Толыққанды адам ретінде өмір сүрудің негізгі кілті – қоршаған ортамен байланыс болса, бұл байланысты қамтамасыз ететін басты элемент – тіл.

Жалпы, Жер жүзінде 6000-нан астам тіл болса, оның ішінде қолданыстағы мемлекеттік статусы бар тілдер және жойылу алдында тұрған сонымен қатар атауларын тек тарихтың көне ақпараттарынан көз шалып қалатын, бүгінде жер бетінде жоқ тілдер де бар. Сонымен қатар, «мемлекеттік тіл» мәртебесіне ие болғанымен, статусына сәйкес құрметке ие бола алмай келе жатқан тілдер де бар. Тіл тағдыры ел тағдырымен біртұтас болғандықтан, тілдің мәңгі жасауы халықтың ұлттық құндылықтарын жоғарғы дәрежеде дәріптеуімен сипатталады. Дербес еліміздің тарих тамыры тереңге бойлаған, қасиет оты еш сөнбес ұлттық тілі әрбір тіл патриотының жүрегінде сөйлеп тұр.

Қазіргі таңда Өзбекстанда миллионға жуық қазақ ұлты өкілдері жасайды. Олар өз ана тілінде яғни, қазақ тілінде білім алып, солт-дәстүрлерін де етене пайдалана алады. Тарихи тұрғыдан алғанда, түркітілдес қазақ пен өзбек халқының тілі ғана емес, діні мен ділі, мәдени құндылықтары да ұқсас келеді. Ал осы тамыры терең рухани байланыстан өзара достық, бауырластық пен сыйластық қарым-қатынастары қалыптасқаны талас тудырмайды.

Қазақстан мен Өзбекстан. Екі елдің әріптестік байланыстарын сөз еткенде қос мемлекет арасындағы тарихи тамырластықты, достастық пен сыйластықты, содан келіп өрбитін мән-мағынасы терең байланыстарды айтпай кетуге болмас. Бүгінгідей алмағайып уақытта екі мемлекет басшыларының, сондай-ақ қазақ пен өзбек халықтарының ынтымақтастығы, ауызбірлігі экономикалық өрлеуге бастап, ілгері қарай дамуымызға үлкен серпін әкелетіні сөзсіз. Иә, Қазақстан үшін Өзбекстан ортақ шекарасы бар әріптес ел ғана емес, ауылы аралас, қойы қоралас жатқан бауырлас ел. Демек, бұл орайдағы мемлекетаралық қарым-қатынастар да осы тұрғыдан өрбитіні түсінікті. Елдеріміз арасында 1998 жылы «Мәңгілік достық туралы» 2013 жылы «Стратегиялық серіктестік туралы» мемлекетаралық шарттардың қабылданғаны белгілі. Бұл маңызды құжаттар да екі елдің бір-біріне деген құрметінің жарқын үлгісіндей. Белгілі тілшілер Алишер Сатыбалды мен Мұхтар Мұхамбетжан екі елдің достығын арттырудың құралы ретінде мынадай позиция келтірді:

– Қазақ пен өзбек халықтары – тек бауырлас халықтар емес, олар бір халық, бір ұлт. Жай ғана, бір халықтың көшпенді өмір салтын ұстанған жартысы мен отырықшы өмір салтын ұстанған жартысы. Қазақтың да, өзбектің де сүйегін құрап отырған бөліктер біреу өзіміздің қоңырат-найман, арғын-қыпшақ, қаңлы, жалайырлар, алшын, сіргелілер екенін көреміз, – деді.

Міне солай екен, қазіргі таңда да бұл туысқандық жібі әрі қарай жалғасып, осындағы қазақ тілінің сап таза күйінде оқытылуы мен зерттелуіне мол мүмкіндіктер жаратылды. Атап айтсақ, Өзбекстанда 6 жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті тәлім бағдары ашылған. Олардың үшеуінде магистратура бағдары да бар. Еліміз президенті Шавкат Мирзиоевтің жоғары білікті кадрларды жетістіруге қаратылған бастамасымен 2018 жылдан бастап, қырық жылда бірінші мәрте Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша ғылыми жұмыстар қорғауға жол ашылды. Бердақ атындағы ҚМУ жанындағы 10.00.05. «Азия хәм Африка халықлары тілі мен әдебиеті» бағдары ішінен ашылған бұл кеңесте бүгінгі күнге дейін 4 оқытушымыз ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап шықты. Атап айтсақ, 2018 жылы Ы.Құттымуратова «Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы қазақ говоры»; Г.Адилова «Қарақалпағыстан қазақтары тілі әдет-ғұрып лексикасының этномадени сипаты»; 2019 жылы Т.Төрткулбаева «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулар поэзиясы»; 2021 жылы Б.Бекниязов «Қарақалпақстандағы қазақтар тіліндегі сомантикалық фразеологизмдердің лингво-мәдени анализі» деген тақырыптарда филология ғылымдары бойынша фәлсафа докторы ғылыми дәрежесін алды. Бұдан басқа да Низами атындағы ТМПУ доценті Е.Абдувалитов «Жалпы орта білім беретін мектептерде туысқан халықтар әдебиетін салыстырмалы түрде оқыту (өзбек, қазақ,қырғыз, қарақалпақ және түркмен тілдерінде оқытылатын мектептердің V-XI сыныптары әдебиет сабақтары мысалында)» деген

тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған болса, осы университеттің және бір оқытушысы Н. Абдувалитов «Жалпы білім беретін мектептерде әлем әдебиетін тереңдетіп оқыту әдістемесі» тақырыбында қорғап, филология ғылымдары бойынша фәлсафа докторы ғылыми дәрежесін алды.

Бүгінгі таңда Өзбекстандағы қазақ тілінің зерттелуі мен оқытылуы бойынша зерттеу жұмыстары қорғалып, бірқатар мақалалар, монографиялық зерттеулер басылып шықты. Бұл жеріндегі қазатар өзінің ана тілін сақтап келеді. Олардың сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен оншалық алшақтап кетпеген. Өйткені тұрғылықты қазақтардың тілінде жергілікті ерекшеліктермен қатар қазіргі халықтық тілімізде ескіріп, қолданыстан шыққан сол кездердегі байырғы сөздердің біразы әлі де қолданылады.

Миллионға жуық Өзбекстандағы қазақтардың тіл ерекшеліктері ондағы аймақтық ерекшеліктердің молдығымен әрі күрделілігімен көзге түседі. Бұлай деудегі негіз біріншіден Бұл өлкеде қазақ тілінде бірнеше мектептер бар; Республикамыздың Жоғары мәжілісінен шығатын қазақ тіліндегі «Нұрлы жол» газетасы бар, сондай-ақ, журналдар, кітап, оқулықтары да қазақ сыныптары үшін қазақ тілінде баспадан шығады, радио, телевидениелерде де қазақ тілінде «Алтын аймақ», «Ата мекен» деген атпен жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге бұл өлкедегі қазақ тілі біршама жүйелі зерттеліп келеді.

Қазақ диалектологиясындағы зерттеулер диаспорология және лексикография (диалектологиялық, аймақтық сөздіктер түзу) салаларымен де байланысты жүргізілді. Осы күнге дейін қазақ диалектологиясындағы зерттеулер, ғылыми еңбектер, сөздіктерде жарияланған материалдардың басын қосып, толықтырудың нәтижесінде академик Ш.Ш.Сарыбаевтың редакторлығымен «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» құрастырылғанын ерекше атап өтуге болады [6]. Себебі сөздіктің негізгі материалы ретінде Қазақстан территориясынан тысқары, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ресей федерациясындағы, сонымен қатар алыс шет елдер Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран елдеріндегі қазақ диаспорасының тілінен лексикалық, фонетикалық және грамматикалық та ерекшеліктер пайдаланылды. Жинақталып сараланған мұндай тілдік ерекшеліктер осы кезге дейін шешілмей келген даулы мәселелердің басын айқындап беруге, сондай-ақ туыстас түркі тілдері мен өзге де тілдердің тарихына қатысты кейбір мәселелерді шешуге бай материал бола алады. Сонымен қатар аталған региондар бойынша зерттеу жүргізіліп, ғылыми очерктер жазылды [7]. Шет ел қазақтарының лексикасын зерттеу, оның диаспоралық, аймақтық сөздігін жасау мемлекеттік тілдің дамуына, оның нормаларын тұрақтандыруға зор үлес қосады. Осы тұрғыдан алғанда халықтық тіліміз лексикасының бір мол тарауы – аймақтық сөздерді жан-жақты мол қамтитын, олардың басын бір арнаға біріктіретін зор көлемді аймақтық сөздікті түзіп шығару – қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ, БІЛІКТІ БАСШЫ – АҚМАРАЛ НҮРҒОЖАҚЫЗЫ

Г.С. МӘДІБАЕВА,

«Алғыс-Ақтау кеңес-білім беру орталығының директоры

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

«Қазақстандық ғалым әйелдер» қоғамдық бірлестігі ғылым мен қоғамда: заманауи тұлға дамуының этномәдени негіздері» атты республикалық ғылыми-практикалық форум өтті.

Форумға қатысушылар заманауи тұлға дамуының қайнар көздері, ұлттық сананы қалыптастырудағы ана тілінің, төл мәдениетінің және отбасының рөлі, жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген заманауи көзқарасы сынды мәселелерді талқыланды.

«Қазақстанда 9738 әйел отандық ғылымның дамуына өз септігін тигізіп жүр, яғни жалпы ғалымдардың 54%-ын әйелдер құрайды», - деп атап өтілді форумда. Біздің облысымызда да дарынды, білімді, өнерлі қыз-келіншектер мен әйел-аналар жеткілікті. Сондай нәзік жандардың бірі - Ш. Есенов атындағы КТИУ, «Туризм және тілдер» факультетінің деканы, қауымдастырылған профессоры филология ғылымдарының кандидаты Отарова Ақмарал Нұрғожақызы. Отарова А.Н. 1963 жылы 24 мамырда Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Қызылөзен елді мекенінде қызметкер отбасында дүниеге келген.

1981 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға түсіп, 1986 жылы аталған университетті «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» біліктілігімен «Үздік» дипломмен аяқтады.

1986-1995 жылдары М. Әбдіхалықов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1994 жылы Түпқараған аудандық мәслихатының депутаттығына сайланды.

1995-2003 жылдары Ақтау қаласындағы №24 орта мектепте, №11 мектеп гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Ш.Әленов атындағы облыстық халықтық педагогика атаулы мектебі, Қ.Айтқалиев атындағы республикалық қазақ тілі мен әдебиеті атаулы мектептерінің мүшесі болды. Қазақ тілі мен әдебиетінен облыстық, республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлерін дайындаған. Оқу-тәрбие саласындағы жетістіктері үшін бірнеше рет аудандық, қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасы, облыстық халыққа білім беру басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

2003 жылдан бері Ш. Есенов атындағы КМТИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, 2013-2014 оқу жылынан бастап «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Ақмарал Нұрғожақызы білім мен біліктілігі жоғары, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде көп жылдық тәжірибесі бар ұстаз ретінде танылып келеді. Ғылыми-ізденіс бағыттары: қазақ әдебиетінің тарихы, проза поэтикасы, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі. Ол «Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі», «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «XX ғасыр басындағы алашшыл әдебиет» пәнінен магистранттарға, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Өлке әдебиеті» пәндерінен студенттерге дәрістер оқып, практикалық сабақтар жүргізеді.

Оқытушының оқитын дәрістері сапасымен, ғылыми тереңділігімен ерекшеленіп тұрады. Оқу процесінде магистранттардың, студенттердің оқу материалдарын жетік меңгеруі үшін жаңа әдістерді тиімді пайдаланады.

Ақмарал Нұрғожақызы кафедра меңгерушісі ретінде жаһандық білім беру стандарттарының басты талаптарына сай сапалы білім беру, саналы тәрбие, білікті ғылыми кадрларды дайындау, академиялық ұтқырлық бойынша халықаралық байланысты нығайтуда. Қазақ тілін мамандықты игерту құралы, ғылыми білім тілі ретінде танытуда жоғары біліктілігімен көптеген игі іс-шаралардың атқарылуына басшылық жасап келеді.

6B02303-Филология, өңірлік сұранысқа ие 6B02303-Дәстүрлі музыка өнері сияқты жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуында, университет имиджін қалыптастыру мақсатында Ә.Кекілбаев, Ғ.Айдаров, Ф.Оңғарсынова, А.Құнанбаев, О.Тұрмағанбетұлы атындағы атаулы аудиториялардың жасақталуында талантты ғалым-ұстаздың атқарған еңбегі орасан зор.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты жоғары оқу орындары арасындағы өткізілген түрлі шаралардың жоғары деңгейде өтілуіне, бірнеше ғылыми-теориялық конференциялардың ұйымдастырылуына үнемі басшылық жасап, студенттер мен магистранттардың ғылыми-ізденіс жұмыстарына жетекшілік етіп келеді. Студенттері республикалық олимпиада жүлдегерлері болды.

Жоғары оқу орнындағы қызметімен қатар ғылыми жұмыстармен де үнемі айналысып келеді. 2010 жылы аталған университетте қазақ әдебиеті мамандығы бойынша профессор З.Қ. Бисенғалидың жетекшілігімен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясын қорғады.

А.Н.Отарова – отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған 80-нен астам ғылыми мақаланың, 3 монография, бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы. «Практикалық қазақ тілі пәнінен экономика мамандығының жалғастырушы топтарына арналған жаттығулар жинағы», «Маршал Әбдіхалықов шығармаларын арнайы курста оқыту», «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби әлемі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Өлке әдебиеті» т.б. пәндерден оқу, оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша 2 жобалық іс-шарасы Республикалық жобалар және іс-шаралар реестріне енгізілген.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігінің Ш.Есенов КТИУ-нің бастауыш ұйымының төрағасы қоғамдық қызметін атқарып келеді. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы мен «Тілдерді дамыту» басқармасының ұйымдастыруымен студенттер мен мектеп оқушылары арасында өткізілетін шығармашылық сайыстар бойынша әділқазылар алқасының тұрақты мүшесі, ғылыми жобалар жетекшісі.

2023 жылдың қараша айында педагог-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.Н.Отарованың мерейтойына арналған «Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контекстінде» атты халықаралық Ғылыми-тажірибелік конференция өте жоғары деңгейде өтті.

Ш.Есенов КТИУ президенті Ахметов Берік Бақытжанұлының құттықтау сөзінен соң, Ақмарал Нұрғожақызының «Маршал Әбдіхалықов - публицист» атты жаңа кітабының тұсаукесері болды. Республикаға белгілі ғалымдар, конференцияға шақырылған қонақтар баяндама жасап, профессор А.Н.Отарованың қазақ ғылымына қосқан үлесіне, ғылыми еңбектеріне тоқталды. «Ғалым-ұстаз Ақмарал Нұрғожақызының Ғылыми-педагогикалық басшылық қызметі» (Қамарова Нағбу Сұлтансиыққызы- қазақ тілі мен әдебиеті кафедра меңгерушісі, филология ғыл. кандидаты), «А.Н.Отарованың зерттеу-ізденістеріндегі Сүйінқара бейнесінің ерекшелігі» (Бисенғали Зейнол Ғабиден- ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы), «Поэтикалық тілдегі сөз құдіреті (Манкеева Жамал Айтқалиқызы-А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, лексикология бөлімі меңгерушісі, филология ғыл.докторы,проф.), «М.Әбдіхалықов әдеби мұрасының зерттелуі» (Гүлжаһан Орда- фил.ғыл.докторы), «Түркі әлемінің рухани ортақ құндылықтары мәселелері» (Дандай Ысқақ – С.Демирал ат. Университет ректорының кеңесшісі, филология ғыл.докторы,проф.), «Қазақ және қарақалпақ тілдерінің байланысы мәселесі» (Құттымұратова Ырысты Әбдірахманқызы- Әжінияз ат. Нөкіс мемлекеттік институты, филология ғыл.докторы,проф.), «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзгерістер» (Фазылжан Анар-А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институтының басшысы, филология ғыл.кандидаты), «М.Әбдіхалықов очеркіндегі хронотоп концептері» (Мадихаева Гүлшат Сақтаповна –Ақтау қаласы, «Алғыс-Ақтау білім орталығы директоры», «Ә.Кекілбаев поэзиясындағы көркем мысалдар» (Орхан Сөйлемез- филология ғыл.докторы), «Түркі тектес халықтардың әдеби байланыстары» (Баязитова Розалия Рафкатовна- «Құрмет белгісі» орденді Ресей ғылым-

академиясының Уфа федералдық ғылыми-зерттеу орталығы Тарих, тіл және әдебиет институты) т.б. өзекті мәселелерді ортаға салды. Содан соң 3 секцияға бөлінген отырыста конференция жұмысы жалғасты. Конференция өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, тақырыптық құнды да мазмұнды баяндамалар жасалды.

Ақмарал Нұрғожақызының табанды еңбек еткен жылдарында өзінің еңбекқорлығы, терең білімділігімен, көшбасшылық қабілет, қарымымен көпке үлгі болып келе жатырғанына, қай ортада да жоғары беделге ие, өз ісінің шебері дәрежесіне көтерілген ұлағатты ұстаз, іскер басшы, ғалым ретінде танылғанына куә болып келе жатырмыз. Алдағы уақытта да еңбегіне зор табыс, шығармашылық шабыт, ғылым жолындағы ізденістеріне биік жетістіктер тілеймін.

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Н.С. ҚАМАРОВА,

Ш.Есенов атындағы КТИУ

Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі

Ф.ғ.к., профессор

Ақтау қ., Қазақстан

Филология ғылымдарының кандидаты, Yessenov University он бір жыл Қазақ филологиясы кафедрасын басқарған, Туризм және тілдер факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор Отарова Ақмарал Нұрғожақызын мен оқушы кезімнен білемін. 1988 жылы Түпқараған аудандық қазақ тілі мен әдебиеті бойынша пәндік олимпиада жеңімпаздарын облыстық олимпиадаға бастап барғанда, Е.Өмірбаев мектебінен шыққан жеңімпаз оқушы ретінде сол топтың ішінде мен де бар едім. Сол кезде жүріс-тұрысы ширақ, жып-жинақы, сөзі салмақты, мінезі қаталдау, түр-тұрпаты келісті апайға арқа сүйедік. Оқушы кезімізде апайлардың бәрі үлкен болып көрінетін. Ақмарал апайдың сол кезде 24 жастағы бойжеткен екенін білген де жоқ едік... 2003 жылдан бері Ақмарал Нұрғожақызымен университетте әріптес болып, әлі күнге бірге келеміз.

Қазіргі заманда оқытушыдан өз пәнінің білгірі болудан бөлек, танымдық, педагогикалық-психологиялық, ақпараттық сауаттылық талап етіледі. Саналы ғұмырын еліміздің болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне арнаған осындай ұлағатты ұстаз, талантты ұйымдастырушы, тіл жанашыры Ақмарал Нұрғожақызы жастар бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру бағытында аянбай еңбек етіп келе жатыр.

Адамның толыққанды қалыптасуына шыққан тегі, ата-анасы, білім алған, өскен ортасының ықпалы зор болады. Ақмарал киелі мекен Маңғыстаудың Түпқараған ауданындағы бір жағы теңіз, бір жағы таулы-тасты табиғаты әсем, ауасы саф таза, басқа еш жерге ұқсамайтын ерекше әдемі Қызылөзен ауылында туып-өсті.

Әкесі Нұрғожа Отарұлы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын бітіріп, Қызылөзен, Ақшұқыр совхоздарында зоотехник, бас зоотехник, ферма меңгерушісі, жұмысшылар комитетінің төрағасы сияқты қызметтерді абыройлы атқарып, Маңғыстау өлкесінің ауыл шаруашылығын дамытуға өлшеусіз үлесін қосқан білікті маман ретінде танымал болды. Түпқараған ауданының Құрметті Азаматы, зейнеткерлікке шыққан соң да Ақшұқыр ауылындағы ақсақалдар алқасының төрағасы қоғамдық қызметтерін атқарып, ортасына беделді, сөзге шешен, парасат биігіне көтерілген абыз ақсақал болатын. Анасы

Үзілхан Құлынтайқызы саналы ұл-қыз тәрбиелеген «Батыр Ана» ордені мен «Алтын алқа» иегері болды. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды ұстанып, әрдайым басшылыққа алып отыратын Бекбосыновтар әулеті – өлкеге белгілі үлгілі отбасы.

Табиғатының әсері ме, Қызылөзеннің адамдарының да рухани жан дүниелері ерекше, болмыс-бітімдері де шынайы болатын. Ақмаралға мектепте сабақ берген ұстаздары – бастауышта қолыма қалам ұстатқан Ақбала апай Майшаева, сынып жетекшісі Шолпан апай Әбетова, физикадан сабақ берген Гүлсағия апай Есенкөбекова, химиядан сабақ берген Айкүміс апай Досановалар осы Қызылөзеннің топырағында туып-өскен, бойларына қазақы болмыс-бітімді, әдемілікті, әсемдікті жинаған сымбатты, қолаң шаштары тізеден түскен сұлу да салиқалы жандар болды. «Адамның адамшылығы – ұстаздан» деген сөздің түбінде үлкен мағына жатыр. Осындай ұстаздардан нәр алған Ақмаралдың осал болуы мүмкін емес еді.

Бастауыш сыныпты З.Баймырзаев атындағы мектепте, одан әрі Ақшұқыр аулындағы қазіргі М.Әбдіхалықов атындағы орта мектебін табысты аяқтаған Ақмарал бала кезінен қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болуды армандаған. Балалардың үлкені «мұғалім» болып, үйдегі кішілерді «оқушылар» қылып, өзін тыңдату – көп балалы отбасылардың көбінде бар үрдіс. Балалардың үлкені әрі өзі де, сөзі де тиянақты Ақмарал 5-сыныпта оқып жүрген кезінен бастап іні-сіңлілерінің күнделіктері мен дәптерлерін, сабақтарын тексеріп, әрқайсынан үй тапсырмаларын сұрап, оқымағандарды бұрышқа тұрғызып қоятын. Осылайша кішкентай кезінен жауапкершіліктің не екенін сезініп өседі. Бүгінде бір-бір үйдің түтінін түтетіп, сүйікті жар, ардақты ана, аяулы келін атанып отырған сіңлілері: «Бала кезімізде Ақмарал тексереді деп күнделікті сабаққа мұқият дайындалатынбыз. Сабаққа дайын емес күндері қатты қорқатынбыз. Қазір ойлап қарасам, Ақмарал сол кезде небәрі 5-сыныптың оқушысы екен ғой. Апамыздың арқасында үлгеріміміз жақсы болды», – деп күліп еске алады.

Сынып жетекшісі Шолпан апайы мектепшілік, аудандық, облыстық білім сайыстары мен жарыстарына, пәндік олимпиадалар мен шығармалар байқауына ерекше қабілетті Ақмаралды үзбей қатыстырып отыратын. Бәйгеден аты озып келсе, ұстазға да мерей емес пе? Бұл додалар келешекте Ақмаралдың маман болып қалыптасуына зор ықпалын тигізді.

Мектеп бітірген соң арманшыл жас Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, өзі армандаған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып, Үздік дипломмен аяқтайды.

Ол кезде оқуға түсу қазіргідей емес еді. Қарағандыға арман қуып барған 200 талапкердің 8-ден 1-і ғана оқуға қабылданады. Тартысты конкурста оқуға қабылданған 25 талапкердің бірі болып Ақмарал да студент атанады. Алғашқы курстан бастап сабағын өте жақсы оқып, қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүреді. Ән айту, сурет салу, мақала жазу қабілетін де тасада қалдырмаған Ақмарал студенттік «Балауса» газетінің редакция алқасының мүшесі болады. Газеттің белді мүшелері белгілі айтыс ақыны Қуаныш Мақсұтов, баянауылдық ақын қыз Қаниса Қосыбаевалармен қатар жарияланып жүретін. Университетте оқыған жылдары филология факультетінің үздіктер тақтасында суреті жарқырап тұратын Ақмарал оқу бітіргенше ең жоғарғы шәкіртақидан қол үзбеген.

Ақмарал 2-курстан бастап «Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы жер-су атауларының лексика-грамматикалық сипаты» деген тақырыптағы диплом жұмысын жазып бастайды. Бұл тақырыпты таңдауына себепкер болған ғылыми жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор Төлеубай Қордабев еді. Профессор Т.Қордабаев жетекші болу үшін студенттерді өзі таңдайды. Қазақ тіл білімінің корифейі таңдаған екі

студенттің бірі болуы, білікті ғалымнан жылы сөз естіп, сеніміне кіруі Ақмарал үшін теңдесі жоқ марапат еді.

«Қазақстанда бұрын екі университет болатын: бірі Алматыдағы ҚазМУ де, екіншісі Қарағандыдағы ҚарМУ еді. 80-ші жылдардың ортасында ҚарМУ филология факультетінің қазақ бөліміне Алматыдан қазақ тіл білімінің белгілі мамандары – профессорлар Т.Қордабаев пен Ә.Құрышжановтың Қарағанды қаласына келіп студенттерге дәріс беруі қазақ бөлімі үшін ерекше серпіліс болды. Жасы жетпіске келсе де шаршау мен кәріліктің бір белгісі жоқ ширақ ғалым Төлеубай Рақымжанұлы Қордабаев «Жалпы тіл білімі» курсынан мазмұнды дәріс оқитын. Білімге келгенде қатал талап қоятын ғалым ұстаз бір жағынан әділ де өте мейірімді, кішіпейіл жан еді. Ұстаздарым А.Байтанаев, Ә.Құрышжанов, А.Лекеров, Ұ.Оспалақова, Ж.Смағұлов, Х.Нұрмұқанов, Ж.Бектұров, М.Смағұлов ағайларымды ерекше ықыласпен еске аламын. Университетті үздік белгімен бітірген соң маған ұстазым, бітіру жұмысымның жетекшісі Т.Қордабаев одан әрі аспирантураға қалуыма кеңес беріп, ғылым жолына түсу қажеттігін айтқан болатын. Алайда өзім үйдегі балалардың үлкені болғандықтан, әке-шешеме көмектесіп, кейінгі іні-сіңлілерімді оқытуға жәрдем беруді, алдымен еңбекке араласуды ойлап, ауылға кеттім», – деп еске алады Ақмарал Нұрғожақызы.

А.Отарова 1986 жылы филолог-оқытушы біліктілігімен аталмыш оқу орнын үздік дипломға бітіріп келеді де, еңбек жолын өзінің өскен ауылы Ақшұқырдағы бүгінгі М.Әбдіхалықов мектебінде ұстаздықтан бастайды. Жас маман бірден жоғары 10-11 сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беріп бастайды. Алғашында жас маманды сынау бағытында мектеп басшылығы Ақмаралдың өткізген сабақтарына қатысып көреді. ҚарМУ-дей ұлағатты ұядан алған білімі мен тәлімін тәжірибемен шебер ұштастыра білген жас бірден мақтауға ілігеді. Түпқарағандық әріптесі, тәжірибелі ұстаз Қадырқұл ағай жас маман Ақмаралдың шеберлік сабағына қатысып, аудандық мұғалімдер жиналысында «Айналайын Ақмарал! Сенің теориялық та, практикалық та, әдістемелік те білімің жетеді. Басқа мұғалімдер, сендер ренжімендер, қай жағынан алып қарағанда да Ақмарал бәрінен көш ілгері, осы бетінен тайма!» – деп ризашылықпен айтқан сөздері әлі есінде.

Сабақты түрлендіріп өткізуді жолға қойған жас маман сабаққа ынтасы жоқ оқушылардың өздерін де қызықтыру жолдарын ойлап, сабақта сахналық қойылымдарды көптеп ұйымдастыратын. Мәселен, әдебиет сабақтарында көркем шығармалардағы кейіпкерлерді сомдау, сол образдарға ену үшін оқушыларға рөлдерді бөліп беретін. Оған балалар қызыға дайындалып келетін еді.

Ақмарал қазіргі М.Әбдіхалықов мектебінде (ол кезде Ш.Ералиев атындағы орта мектеп) марқұм болып кеткен бұрынғы ұстаздары сол кездегі мектеп директоры Өзен Мәткерев, тәрбие ісі орынбасары Жалау Қазиев, ұстаздары Бөрібай Толыбеков, Айжарық Иасев, Зия Жанашева, Жаңбырбай Көптілеуов, Орынша Көптілеуова, Ғаділбек Биманов, Қалнияз Жанқұлов, Қибаққали Әмірханов, бүгінде қызмет етіп жүрген Сүйіндік Қабылов, Шайқы ағайларын әрі сағынышпен, әрі мақтанышпен еске алып отырады. Бұл ұстаздардың қай-қайсы да өз ісінің білгір мамандары, нағыз майталмандары болды.

Жас маман кезінде Ақмарал біреше рет облыстық білім басқармасының бұйрығымен аудандық мектептердің фронтальдық тексерулерінің комиссия мүшесі болды. Мектепте директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарғанда мектеп өмірі қайнап жататын. Неше түрлі үйірмелер оқушылардың ынтасын арттыратын. Облыста алғаш қазақ-түрік лицейі ашылып жатқанын естіп, Оразов Нұрбек, Көкшеева Гауһар, Бекбосынова Насихат, Қабақова Гүлімай сияқты талабы таудай оқушыларды қолдарынан жетелеп апарып, келешек өмірлеріне бағыт берді. Көптеген шәкірттері Ақмарал апайдың жолын қуып, ұстаз болды. Белгілі әнші Тамара Асар да өзі жетекшілік еткен сыныбындағы талантты оқушылардың бірі болатын. Дарынды балалардың көп шығуы ұстаз еңбегіне

тікелей байланысты. Ақмарал апай – өзінің ісіне деген адалдығымен, жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен, ұйымдастыру қабілетінің жоғарылығымен, адамгершілігімен танылған ұстаз.

А.Отарова 1994 жылы Түпқараған аудандық мәслихатының депутаттығына сайланды. 1995-2003 жылдары Ақтау қаласындағы №24 орта мектепте, №11 мектеп гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Ш.Әленов атындағы облыстық халықтық педагогика атаулы мектебі, Қ.Айтқалиев атындағы республикалық қазақ тілі мен әдебиеті атаулы мектептерінің мүшесі болды.

Ғылым жолына түсу мақсатымен 2003 жылы Есенов университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болып ауысады. 2005 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында ізденуші болып кандидаттық диссертация жұмысын бастады. 2010 жылы аталған университетте қазақ әдебиеті мамандығы бойынша профессор З.Қ. Бисенғалидың жетекшілігімен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. *«Кандидаттық диссертация тақырыбымды дипломдық жұмысымды одан әрі тереңдетіп зерттеу мақсатында Маңғыстау жер-су атауларын жазу ойымда жүрген. Өз ойымды айтқанымда жетекшім «Маңғыстаудан келсең, неге сол жерден шыққан күні бүгінге дейін зерттелмей жатқан алғашқы журналист, жазушы, драматург Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасын қарастырмайсың? Осы тақырыпты сенен де бұрын екі адамға ұсынып едім, зерттелмеген тақырып болған соң қиынсынып, материал таба алмадық деп тастап кетті», – деді. Өзімнің оқыған мектебім М.Әбдіхалықов атында. Маңғыстаудың Маршалы атанған тұлғаның мұрасын зерттеу керек деген намыс қайрап, осы тақырыпты қиын болса да зерттеп бастадым», – дейді Ақмарал.*

Ақмарал Нұрғожақызы М.Әбдіхалықов туралы алғашқы ізденісті жазушының замандастарымен сұхбаттан бастайды. Тұстас, замандас қаламгерлер Ә.Кекілбаев, С.Сматаев, Қ.Ысқақовтармен сұхбаттасқанда бәрі де Ақмаралға: «Кезінде сыншысы болмады, Маршекең ешкімге жағымпазданып өзін дәріптеген жоқ, нағыз еңбектің бәйгеторысы еді, сондықтан ол туралы кезінде басқалар сияқты жан-жақтан мақтаушылары болмады. Бәрін өзің бастайтын болғандықтан, айналайын, бейнетің көп болады, бірақ ол кісінің рухы разы болып, еңбектерін ғылыми айналымға енгізесің» деген еді. М.Әбдіхалықовты ғылыми орта жоғары бағалап, А.Н. Отарованың Маршал мұрасын зерттеуіне ықыласпен қарады. Қорғауына арнайы келіп қатысқан қазақ әдебиетінің корифейі Т.Кәкішев: «Қарағым, осы Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы қорғалады деген соң тыңдайын деп келдім. Өте жақсы қорғадың, үлкен жұмыс бітірдің, өшкенді жағып, өлгенді тірілттің. Маршал Әбдіхалықов мықты қаламгер еді, туған жерін қалай жақсы көрді! Адамгершілігі де зор, ортаға сыйлы азамат болды. Ризамын, шырағым», – деп Ақмаралға ақ батасын берген еді. Осындай туған жерінің жыршысы болған, жалған атақ-даңқ қуаламай, адал ісімен, ақ пейілімен халқын шын жүрегімен жақсы көріп, халқы да оның қадірін білген М.Әбдіхалықов мұрасын алғаш рет жинақтап ғылыми айналымға енгізгені А.Отарованың тынымсыз еңбегінің нәтижесі еді. Алдағы уақытта Ақмарал Нұрғожақызы М.Әбдіхалықовтың баспа бетін көрмеген, ескі газет-журнал беттерінде кезінде бір-ақ рет жарияланып, одан соң баспа бетін көрмеген, жинақталмаған публицистикалық дүниелерін, кітаптарын жинақтап шығаруды жоспарлап жүр.

2013-2014 оқу жылынан бастап күні бүгінге дейін доцент А.Н. Отарова «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Бұл кезең кафедраның өмірінде университет көлемінде ғылыми әлеуеті жоғары (100%), ғылыми, әдістемелік, тәрбие жұмысы толық жолға қойылған, аймақтық қана емес, республикалық деңгейде мойындалған білім беру, маман дайындау, мемлекеттік тілді дамыту орталығына

айналуымен сипатталады. Жаһандық білім беру стандарттарының басты талаптарына сай сапалы білім беру, саналы тәрбие, білікті ғылыми кадрларды дайындау ісінде, әсіресе қазақ тілін мамандықты игерту құралы, ғылыми білім тілі ретінде танытуда кафедра көптеген игі іс-шаралардың ұйытқысы болып отыр. Осы жылдар оқытушылардың біліктілігін арттыруды дамыту, кафедраның сабақ беру үдерісін оқу-әдістемелік жақтан жан-жақты қамту, халықаралық қарым-қатынасты жандандыра түсуімен ерекшеленеді. Кафедра дайындайтын «5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавриат және «6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» магистратура мамандықтары, «6D020500-Филология» докторантура мамандығы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің мамандықтарды аттестациялауынан үнемі үлкен жетістікпен өтеді. 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы Атамекен Ұлттық рейтингінде алдыңғы орындардан көрініп келеді.

Маңғыстау облысының білім басқармасы, облыстың қала мен аудандарының білім бөлімдерімен жасалған меморандумдарға сәйкес Түпқараған ауданында М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясында, Ғ.Айдаров мектеп-лицейінде, Ақтау қаласындағы 19-мектеп-гимназиясында, Маңғыстау өнер колледжінде, Маңғыстау облыстық филормониясында кафедра филиалдары құрылып, дуалды оқыту бойынша екі жақты кері байланысқа құрылған оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қоса облыстық, аудандық «Дарын» орталықтарында оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу, олимпиадаға дайындау курстарын жүргізіп отырады.

М.Ақмолда атындағы Уфа мемлекеттік педагогикалық университетінің (Башкұртсан) «Башкұрт тілі мен әдебиеті және мәдениеті» кафедрасымен, Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан автономиялы Республикасы Нөкіс мемлекеттік университеті «Қарақалпақ тілі мен әдебиеті» кафедрасымен халықаралық ынтымақтастық жөнінде Келісім шарт жасақталды. Аталған келісім шарттар негізінде «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы магистрлері Баку мемлекеттік университетінде, Уфа мемлекеттік педагогикалық университетінде жыл сайын тағлымдамадан өтіп отырады.

Кафедраның басшысы ретінде ҚР Тіл туралы заңы мен Тілдерді қолдану мен дамытудың бағдарламаларын жүзеге асыруда, аймақтағы тіл, әдебиет пен мәдениетті зерттеу мен дамыту мәселелерін көтеретін, қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруда аймақтағы тіл, әдебиет пен мәдениетті зерттеу мен дамыту мәселелерін көтеретін конференциялардың бірден-бір ұйымдастырушысы болып келеді. Атап айтқанда, «Ұлттық құндылықтардың тілдік әдеби аспектілері рухани-жаңғыру контексінде», «Серікбол Қондыбай зерттеулері: жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар контексінде», «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны», «Ғұбайдолла Айдаров- қазақ түркологиясының атасы», «Түркі халықтарының рухани құндылықтары және Маңғыстау жыраулық дәстүрі» т.б. атты халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми конференцияларда А.Н. Отарова модератор болып, пленарлық мәжілістерінде баяндамалар оқыды.

Ақмарал Нұрғожақызының 6B02303-Филология, өңірлік сұранысқа ие 6B02303-Дәстүрлі музыка өнері сияқты жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуындағы, университет имиджін қалыптастыру мақсатындағы Ә.Кекілбаев, Ғ.Айдаров, Ф.Оңғарсынова, О.Тұрмағанбетұлы атындағы атаулы аудиториялардың жасақталуында атқарған еңбегін айрықша атап кету керек. Бұлардың әрқайсысы бір-бір мақалаға тақырып болары анық.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты жоғары оқу орындары арасындағы өткізілген түрлі шаралардың жоғары деңгейде өтуіне, көптеген ғылыми-теориялық конференциялардың ұйымдастырылуына үнемі басшылық жасап, студенттер мен магистранттардың ғылыми-ізденіс жұмыстарына жетекшілік етіп келеді.

Мамандықтың студенттері республикалық олимпиада жүлдегерлері де болып, мерейді асырды.

А.Н.Отарова – отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған 80-нің үстінде ғылыми мақаланың, 3 монографияның, Халықаралық Scopus, WoS басылымдарда жарияланған 3 мақала (Хирша – 1), бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның «Практикалық қазақ тілі пәнінен экономика мамандығының жалғастырушы топтарына арналған жаттығулар жинағы», «Маршал Әбдіхалықов шығармаларын арнайы курста оқыту», «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби әлемі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «Өлке әдебиеті» т.б. пәндерден оқу, оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 2 жобасы республикалық іс-шаралар реестріне енгізілген.

Ғылыми зерттеулер саласы – жыраулық дәстүр, Маңғыстау ақын-жазушылары шығармаларының поэтикалық мәселесі, Маршал Әбдіхалықов шығармашылығы, қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері. Ақмарал Нұрғожақызы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігінің Есенов университеті бастауыш ұйымының төрағасы болып қоғамдық қызметті де абыроймен атқарып келеді. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы мен «Тілдерді дамыту» басқармасының ұйымдастыруымен студенттер мен мектеп оқушылары арасында өткізілетін шығармашылық сайыстар бойынша әділқазылар алқасының тұрақты мүшесі, ғылыми жобалар жетекшісі.

Осы жылдар арасында Ақмарал апай Қазақстанның түкпір-түкпірінде беделді де белді оқытушылық қызметтерді атқарып келе жатқан мыңдаған шәкірт тәрбиелеуге үлес қосып келе жатыр. Қазіргі таңда кафедраның мамандықтары бойынша білім алған көптеген түлектер мемлекеттік қызметте, ғылым, білім беру, журналистика мен мәдениеттің түрлі салаларында жемісті еңбек етуде. Айталық, Алмас Алтай, Бақтыбай Жайлау, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Сандұғаш Тавунова, Майра Қаражанова, Айгүл Талысова, Индира Сәтенбаева, Жазира Жүсіпова, Әсия Жүсіпова секілді шәкірттерін ерекше атауға болады. Еңбек жолында қандай қызметті сеніп тапсырса да абыроймен атқара жүріп, қазірде қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Университеттің білім мен мәдениет саласында әсіресе тіл жанашыры ретінде өтетін барлық іс-шараның басы-қасында болып келеді.

Оқу-тәрбие саласындағы нақты нәтижелері үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, *Есенов төсбелгісімен, А.Байтұрсынов медалімен, Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен*, Есенов университеті ректорының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Ақмаралдың әрбір сабағы сапасымен, теориялық тереңдігімен, әдістемелік ізденісімен ерекшеленіп тұрады. Жаңа материалды түсіндіру барысында білім алушылар сабақты жетік меңгеруі үшін тың әдістерді тиімді пайдаланады. Ең алдымен «сабаққа кешікпеу керек, сондай-ақ ұстаздың киім киісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, шаш үлгісі, жалпы болмысы ұстазға сай болу керек!» деген ұстанымды мықты ұстанған Ақмарал әлі күнге жұмысқа жарты сағат ерте келеді.

Теориялық білімі терең, әдістемелік ізденістері мен кәсіби шеберлігін мектептен ұштап келген, тынымсыз ізденімпаз, үлгі-өнегесі ерекше, мұғалім мәдениеті мен педагогикалық әдепті қатаң сақтаған Ақмаралдың университетке келуі құбылыс болды.

Ақмарал Нұрғожақызы мұғалімнің келбеті сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі екендігін болашақ ұстаздарға айтудан жалықпайды.

Өз ісінің шебері Ақмарал Нұрғожақызы ұжым мүшелері мен білім алушылар арасында зор беделге ие. Ол кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйеді, саналы ғұмырын ұстаздыққа, жастарды тәрбиелеуге арнап келеді. Оның қазақ филологиясы кафедрасын басқарудағы тәжірибесі – көпке үлгі. Ақмарал Нұрғожақызын әріптестері де, шәкірттері де мақтан тұтады.

МАРШАЛ ӘБДІХАЛЫҚОВ – ЗЕРГЕРЛІК СӨЗ ТҰНЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУШІ

А.Т. ЖЕТКІЗГЕНОВА,

Ш.Есенов атындағы КТИУ

«Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты
Ақтау, Қазақстан

Маршал Әбдіхалықов – қазақ журналистикасының дамуына елеулі үлес қосып, көркем публицистикада өзіндік із қалдырған, очерк жанрында қарымды еңбектер беріп, заманның ұтымды мәселеріне өзекті пікірлерімен қалам тартқан жазушы.

Көрнекті қаламгер шығармашылығының журналистика саласында сауаттылықпен әр алуан тақырыптық шеңбері, журналистік қабілеті ұлғайып, жазушылық деңгейіне көтерілуі – оның тынымсыз ізденістер мен талпыныстар жетегінде шеберлік шындап, шыныққанын дәлелдей түседі.

М.Әбдіхалықовтың қаламынан туындаған шығармаларында сол кезеңнің тіршілік тынысы, жәй-күйі, адамдардың мақсат-мұраты барынша айқын көрініс тауып отырды. Бұл мақсат – ел өміріндегі жаңалықты алғашқылардың бірі боп аңғарып, қаламына арқау етіп, мұнайшылар өмірі, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, өндіріс озаттары, малшылардың еңбегі мен тұрмысы, үлгілі істермен өнегелі бейнелердің білімі мен қайраты, іскерлігі мен еңбекқорлығы дәріптеліп, еңбек тақырыбына арналған көкейтесті проблемалық мақалалар, очерктер, репортаждарымен айқындалады.

Қаламгердің туған өлке алдындағы азаматтық борышты сезінуі – «Жердің асты жеті қат», «Желаяқ бала» т.б романдарын, очерк теориялық-саяси насихаттық мақала, фельетондар берумен қатар, Маңғыстау өлкесінде ғұмыр кешкен халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов туралы көлемі жағынан шағын да болса өзіндік ғылыми-зерттеу бағытын ұстанып, ой-пікір қорытқан «Ғасыр сырласы» атты мақала жазуына әкелді. Қаламгердің бұл қадамынан сол кезеңдерде территориялық жағынан бір, байланыс жағынан екі дегендей орталықтан шалғай жатқан өлке әдебиетіне деген үлкен жанашырлық көзқарасы көрінді.

Ол өзінің «Ғасыр сырласы» атаған мақаласында халық ақынымен жүздесу сәтін «Соғыстан кейінгі алғашқы Май мейрамы. Бұл тойға әдейілеп шақырылып, алыстан-сонау Бозашыдан Форт-Шевченко қаласына ақын Сәттіғұл келіпті деген хабар лезде қалаға тарап кетті. Біз мектеп оқушысы, бала болсақ та Сәттіғұл атағын естүіміз бар. Түрлі салтанаттар өтетін қаланың орталық алаңы халыққа лық толық» деп бастайды.

«Сәттіғұл Жанғабылов туралы ойлағанда көз алдымнан осы бір сурет, оны әрқашан қаумалаған халық бейнесі кетпей қояды...» деуі де Сәттіғұлдың ел алдындағы абырой-беделінің қаншалықты дәрежеде биіктігін көрсете түседі.

Бір қызығы, бұл мақаланың аты академик-жазушы С.Мұқановтың ақын шығармашылығына айрықша назар аударып, Маңғыстауға келген сапарында ақынды арнайы іздеп барып, көзбе-көз жүздесуі нәтижесінде жазылған 1966 жылы «Социалистік Қазақстан» газітінің 8-шілде №180 санындағы жарияланған «Ғасырлар сырласы» мақаласымен атты берілген.

Сонымен қатар, М.Әбдіхалықов аталған мақаласында С.Мұқановтың жырау шығармашылығы туралы пікірлерінен де мысал келтіре кетеді.

Демек, қаламгердің әдебиет алыптарының бірі С.Мұқановтың болашақта құндылығы ғасырларға ұласар ақын мұраларын сөз еткен тақырып атауын таңдап алуына үлкен символдық мән бар сияқты.

Адай уезі төңкеріс комитетінің төрағасы, КирЦиктің мүшесі болған Тобанияз Әланиязұлы тұлғасын ең алғаш көркем әдебиетке әкелуші Сәттіұл Жанғабылов. Сәттіұлдандан кейін Тобанияз образы Қалижан Бехқожин шығармашылығында бой көрсетті. Оның 1960 жылы жарыққа шыққан «Дала комиссары» поэмасындағы «Құм жорығы» бөліміндегі қазақ даласының төтенше комиссары Әліби Жангелдинге Маңғыстаудың шөл даласында кездесетін Атанияздың прототипі – Тобанияз Әланиязұлы еді.

Содан кейін, белгілі журналист, жазушы М.Әбдіхалықовтың 1967 жылы жарық көрген «Ленин тапсырмасы» повесінің «Ең ұзақ күн» тарауында 1918 жылы Әліби Жангелдиннің Қаратөбеде өткізген он екі болыс өкілдері съезінде Тобанияздың Адай төңкеріс комитетінің төрағасы сайланған жиын баяндалады. Автор қаламынан кейінірек бұл оқиға 1973 жылы «Қаратөбе келісімі» атты очерк болып туды.

Проза саласында бірден-бір Тобанияз турасында ең көп зерделей зерттеп, оның қоғамдық-саяси қызметі, тарихи тұлғасы туралы нақты да шынайы деректермен баға беруге тырысқан М. Әбдіхалықов еді. Жазушының 1975 жылы шыққан бас-аяғы екі әңгімеден тұратын, 1-сі «Қызыл жұлдыз», 2-сі «Жау мен жау» атты «Екі әңгіме» деп аталатын шығармасында Тобанияз есімі Алданияз деп алмастырылып беріледі. Кейін жазушы екеуін біріктіріп, 1991 жылы «Алданияз» деген әңгімесін ұсынады.

Публицист жазушының Тобанияз тұлғасын сомдауға деген сүйіспеншілігі «Ынтызар жүрек лүпілі», «Ғасырларға ұласқан жол» очерктерінде де көрініс табады. Қызыл империяның қылышы қылпылдап тұрғанда, жазушы қаламының мұқалмай осындай қайратты шығармалар беруі Тобанияздың ел алдындағы беделінің асқақ, үлкен жүректі азаматы, аяулы перзенті болғандығын танытады.

Маршал Әбдіхалықов шығармашылығын ғылыми айналымға түсірген ғалым А.Отарова «Маршал Әбдіхалықов-публицист» атты монографиялық еңбегінде қаламгер еңбегін саралап берген. Қаламы жүйрік журналист, жазушы, аудармашы, драматургтың сан қыры ғалымның ғылыми зерттеу еңбектерінде зерделенді.

Қажеттісін, өзектісін таңдаушы да – халық.

Сұрыптап, сыналған, жүрегіне жаққан туындыларды ғана ұрпақтарына жалғастыруды да ақынға табыстаушы да – халық.

Ақынның мәртебесін көтеріп, мәрттігін бағалайтын да – халық.

Ақын – қашан да тек халқының байлығы – мәдени мұрасын, яғни мақтанышы болатын әдеби мұрасын әспеттеп, данқын көтерумен – ақын.

Демек, халыққа ақын болу, яғни, сол халықтың ақыны деген атақты иеленуде шығармашылық тұлғаның алдына қойылар талап, мойнына жүкшелер міндет ауырдың ауыры болмақ.

Міне нақ осы турасында М.Әбдіхалықов бекітулі ережесі, жазулы заңы, белгілі бағыттағы бағдарламасы жоқ, өнердің өзіндік өрнегі, таза талабы арқылы қалыптасқан ақындық мектеп өкілі Сәттіұлдың халық жанына жақын тақырыптарды алып, дамыта жырлағандығын: «...Нағыз ақын тағдыры халық тағдырымен ұштасып, елінің мұң-

мұқтажы, тірлік тынысынан нәр алған кезде ғана биік шырқауға көтеріліп, шын азаматтық әуенге айналады...» деп ақын шеберлігінің сан қырын, тақырып аясының кеңдігін аша түседі.

Сондай-ақ, ақын зердесінің халқымыздың әдеби мұраларын ұрпаққа жеткізу мұратына қызмет еткендігіне де: «Сәттіғұл Жанғабылов төл туындыларымен бірге, өзінен бұрын өткен Абыл, Ақтан, Нұрым мен Кашаған жырларын бүгінгі ұрпаққа жеткізуші болды. Ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар Сәттіғұлдан көп деректер алды. Қазақ ССР Академиясы қорында, жекелеген зерттеушілер қолында ақын жырлары баршылық» [1] -деп арнайы тоқталып өтеді.

Шындығында, кезінде Сәттіғұл Жанғабылов шығармашылығына әдебиетіміздің алыптары М.Әуезовтің «Адайдың айтқышы Сәтекең» деп арнайы тоқтап өтуі, С.Мұқановтың «Ғасырлар сырласы» атап, Ә.Тәжібаев, Қ.Сыдиықов, М.Әбдіхалықов, Ж.Тілепов, М.Атымұмов, Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, Б.Есмағанбетов, О.Балдеков, М.Бимағанбетов, Қ.Атырауұлы, Ж.Жылқышиев, Б.Қорқытов, О.Ізбасаров, У.Қайралапов, Ж.Оспанов, Ә.Байбосынов, А.Әбдіров, Ә.Жаманбаев, А.Оңғаров, Б.Әріпов, Е.Өмірбаев, С.Нұржанов, А.Нәріков, А.Бектұрғанов, Ш.Әленов, Т.Тұрарұлы сынды белгілі әдебиет зерттеушілері, ғалымдар, ақын жазушылар, өлкетанушылар, журналистер, Сәтекеңнің көзін көрген ауыл ақсақалдары қаламына ілігіп, әр кездерде жазылған шағын да болса ғылыми-теориялық талдаулар, естеліктер, арнаулар ақын мұрасының бұл күндері өз бағасын алуына үлкен үлесі болды.

Мүмкін, жазушының: «Ақын басында ешқандай ескерткіш белгі немесе ақын есімімен аталатын бірде бір орын жоқ. Советтік жаңа дәуірді бар дауысымен жырлап, сол үшін бойындағы бар талантын қалтқысыз жұмсаған тарлан ақын есімі қастерлеуге лайықты-ақ» [1] деп ақын орнының өмірдегі жалғасты ізін көруге, қадірлі бағасын алуына шынайы ниет білдіруі – бір жағынан асылын ардақтау, екінші жағынан ашына, ашыла отырып жазуы ізгі ойларға, іргелі істерге қозғау да салған болар.

Соның нәтижесі, қазір ақын атында Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық орта мектебінің аты Сәттіғұл Жанғабылов есімімен аталып, мектеп алдына ақын ескерткіші қойылған.

«...Сәттіғұлдың революциядан бұрынғы жырлары көп сақталмаған. Жалпы тоқсан жас жасаған ақынның тірісінде ешқандай жинағы шықпай, тек өлгеннен кейін «Тоқсан толғау» кітабы жарық көрді. Бірақ бұл да ақын шығармаларын толық қамтымайды» [1] деп ақын шығармаларына сол кезеңнің өзінде жанашырлық пен қамқорлық жасалмай, назардан тысқарылау қалып отырғанына күйзеле жазады. Қазіргі таңда М. Әбдіхалықовтың бұл толғанысына жауап та табылады. Ақынның өлен-жырлары, толғаулары, айтыстары толық көлемде 1996 жылы Алматы қаласы, «Ер Дәулет» баспасынан жергілікті өлкетанушы, ақын мұраларының бірден-бір жанашыры болып жүрген Жетібай Жылқышыұлының құрастырып, түсінік жазумен, К.Сыдиықовтың алғы сөзімен 386 беттен тұратын «Аманат» жинағы жарық көрді.

Сәттіғұл ақын арман еткен ел тыныштығы, ел байлығы - Маршал қалам тербеген еңбектен бақыты мен байлығын тапқан халық мұраты егіз тақырып.

Маңғыстау өлкесінің жер асты байлығын игерудегі өндіріс саласының еңбек күйі екеуінің де тақырыптық бір арнада тоғысуына әкеліп тірейді.

Сәттіғұл шығармаларында:

Ой-қырын Маңғыстаудың мал қаптаған

Ерлер көп еңбек еткен ардақты адам

деп, Маңғыстаудың мыңғырта мал өсірген малшылары да, жер асты байлығын өндірісті өлкеге айналдырған мұнайшылары да ардақталады. Бұған қоса, ақын Маңғыстау өлкесінен жер асты байлығы - мұнай, газ, тастын неше алуаны гранит, мрамор, қызылтас, ұлытас, кемір алынатындығы көтеріңкі пафоспен жырлаған.

Лықсыған газ бен мұнай, тас пен балық
Жерімнің қойны байлық ардақтаған.
Ерлерім құрып жатыр мұнараны
Байлыққа белейміз деп бұл араны,
Бақытты ер еңбектің күйін шертіп
Ақ қала самсап қырда тұрар әлі.

Қарт ақын өмірінің соңғы кездерін өткізген, сол кездері Мұнайлы Маңғыстау жүрегі саналатын Жетібай туралы көбірек толғайды.

Өндірістері ерлеген
Жетібай менен Өзенім,
Мұнайының толқыны
Жерді қозғап көрнеген,
Атқылап жатыр әр жерден
Бір дария болды көрмеген.
...Жетібайда таусылмас
Мұнайдың терең молы бар,

Ақын жырындағы бұл ағыл-тегіл, көл-көсір байлықты игеру, халық игілігіне жарату ағымын М.Әбдіхалықов поэзиядағы өмір шындығын прозадағы көркем шындыққа ұластырып: «...Жапан дүзден табылған мұнайды игеріп алу ісі шұғылдап кетті. Жолсыз, елсіз даладан үлкен өнеркәсіп ашып, оны адам күшімен де, сол күшке лайықты жабдықпен де қамтамасыз ету қажет. Жол қатынас, баспана, ішер ас-су. Бір қарағанда, қатынасты қалпына келтіріп, тасып ала білсе қиын емес сияқты. Арзан жатқан қара алтынның өзіндік «кесірлігі» де болды. Ешкінің майындай тез суиды, қою парафинді мұнай. Отыз градус ыссылықтан төмен түсіп, бойы муздай бастаса, шемеңдей қатып қалады. Сом темір бойына қатқан қара мұнайды балталап шапсаң да былқ етпейді. Оны сонау қыр үстіне, орталыққа, бірнеше мыңдаған шашырым алыста жатқан Самар даласына айдап көр. Жаңа өндіріс ашудың, айдаланы игерудің қиындықтары мен мұнайды айдаудың шешілмеген шырғалаңы бірге қабаттасты...», - деп мұнайшылардың құла түзде күннің ыстық-суығына төзіп, тер теккен жанкешті еңбегін баяндайды.

Ақ қала самсап қырда тұрар әлі. [2,86]

Қарт ақын өмірінің соңғы кезеңдерін өткізген, сол кездері Мұнайлы Маңғыстау жүрегі саналатын – Жетібай туралы көбірек толғайды.

Өндірістері өрлеген
Жетібай менен Өзенім,
Мұнайымның толқыны
Жерді қозғап көрнеген,
Атқылап жатыр әр жерден
Бір дария болды көрмеген.
...Жетібайда таусылмас
Мұнайдың терең молы бар, [2,104]

Ақын жырындағы бұл ағыл-тегіл, көл-көсір байлықты игеру, халық игілігіне жарату ағымын М. Әбдіхалықов поэзиядағы өмір шындығын прозадағы көркем шындыққа ұластырып: «...Жапан дүзден табылған мұнайды игеріп алу ісі шұғылдап кетті. Жолсыз, елсіз даладан үлкен өнеркәсіп ашып, оны адам күшімен де, сол күшке лайықты жабдықпен де қамтамасыз ету қажет. Жолқатынас, баспана, ішер ас-су... Бір қарағанда, қатынасты қалпына келтіріп, тасып ала білсе қиын емес сияқты. Арзан жатқан қара алтынның өзіндік «кесірлігі» де болды. Ешкінің майындай тез суиды, қою парафинді мұнай. Отыз градус ыссылықтан төмен түсіп, бойы муздай бастаса, шемеңдей қатып қалады. Сом темір бойына қатқан қара мұнайды балталап шапсаң да былқ етпейді. Оны сонау қыр үстіне,

орталыққа, бірнеше мыңдаған шақырым алыста жатқан Самар даласына айдап көр. Жаңа өндіріс ашудың, айдаланы игерудің қиындықтары мен мұнайды айдаудың шешілмеген шырғалаңы бірге қабаттасты...» [3,37], – деп мұнайшылардың қала түзде күннің ыстық-суығына төзіп, тер төккен жанкешті еңбегін баяндайды.

Осындай қажырлылықпен тынымсыз, аянбай еңбек ету арқасында Даңқы Одаққа жеткен Маңғыстау мұнайын Сәттіғұл ақын:

Маңғыстаудың ойында
Мұнайдың арна-өзегі
Даңқы кеткен әлемге
Жетібай мен Өзенім
Жалпақ жонды бүгінде
Самсаған бір мұнара,
Сан жылдарға сарқылмас 2,101], –

деп шаттана жырға қосады. Мұнайдың ел игілігіне айналып, «көзі бұрқыраған көл-көсір» мұнайдың ұрпақтарға ұласатына сенгісі келеді.

Әрине, сан жылдарға сарқылмас байлық көзін сақтау үшін алдымен қанағат керек. Ақын жырындағы қазіргі «елдің құдіретімен, ердің еңбегімен» игеріліп жатқан Маңғыстау өлкесінің жер асты байлығының бұрынғы иесі, қазіргі киесі Карун есімін М.Әбдіхалықов «Жердің асты – жеті қат» романында мұнай алуда қиындықтар кездескен сәтте: «Кенет Саттық:

–Мүмкін Карунға әулиелік қонып, өз байлығын өзі жинап алған болар,- деп езу тартты.

–Не дейсіз?

– Иса Саттық жүзіне таңдана қарады.

–Карун өз байлығына қайта ие болып, кері жинап алған болар деймін.

Иса да, Қамбаров та ол кісінің сөзін түсінбей таңдана қарады. «Карун деген кім?» Және оның мына

скважиналардың тоқтауына қандай қатысы бар?»

– Е, сендер оны естімеген екенсіңдер ғой. Иә, айтпақшы қайдан естисіңдер. Сендер кейінгі дәуірде туып, оқып-өстіндер. Ал, біз ана заманның да соңын көрген жандармыз. Мұсылман діні жер астының қазба кеңдері Карун деген кісінің байлығы дейді. «Құдайдың бір, құранның шын, Мұхаммед пайғамбардың хақ» екеніне ол кісі сенбеген. Алла тағаланың қаһарына ұшыраған Карун бар байлығымен жер астына жұтылған. Біздің мына жинап-теріп жүргеніміз Карунның мүлкі көрінеді», - деп еске сала кетеді.

Жазушы Саттық аузымен айтылатын ел аузындағы бұл аңыз әңгімені ысырапшылдыққа жол бермеу, үнемдеу, бар нәрсеге қанағатпен қарау мәселесі бағытына қолданған. Қоғам дерті-байлыққа ашкөздік дертінен сактандырады.

Осы ашкөз қасиетті жеңіп, байлықтың бүкіл халыққа ортақ жетуі - Сәттіғұлша айтқанда «мұнай толқынының әр жерден дария болып атқылауы, қыр төсінде ақ қаланың самсап бой түзеуі» дәлел.

Ақынның бұл ойы романда: «...Тұнық жатқан даладан ағылған мұнай тасқыны алғашқы қуаныш, қиыншылығымен жұртты еліктіріп әкетті...Мал аяғы да баспайтын айдаладан қала тұрды, өндіріс ашылды. Мұнай қара жермен де, сумен де ағылып жатыр. Анау «Достық» құбыры арқылы шет елдерге де осы мұнай жетті Қызыладырды білмейтін бұл күнде адам жоқ» [3,38] -деп «бейнетінен зейнет көрген» өлке адамдарын айрықша аскактата жазылған.

Осы арқылы жазушы М.Әбдіхалықов игіліктің барлығы да қаһарман еңбек адамдарының көпке ортақ Отан байлығын игерудегі қиындықтан қаймықпай батыл қадаммен әрекет жасауы нәтижесі арқылы келгенін айтады.

Ал, бұл үндестік, бұл желі Сәттіғұл ақында:

Облысым әйгілі
Өндірісі өрлеген
Мұнайының көптігі
Жерді қозғап кернеген.
Алыптарым көреген
Етті жерді береген,
Қайратына ерлердің
Ту табиғат иіп кеп

Атты фонтан биікке. [2,91],- деген жолдарда ерен еңбекке, білім мен қайраттың ұштасуына сүйсіну арқылы беріледі. Сондай-ақ:

...Міне, бүгін қарасам
Нұр жайнаған елім бар,
Өркендеген өмірлі
Өндірісті жерім бар.
Апшымайтын алғанға
Жер астында кенім бар.
Ембіден акса мұнайым,
Қарағанды жерінде
Қалың жатқан көмір бар [1,94],-

деп көсілте, ерекше шабытпен жырлаған Сәттіғұл ақын өз кезеңіндегі бүгінгі Қазақстан келбетіне көңілі толған кейіпте. Әрине, екі дәуірді бастан кешкен, «июнь жарлығының» зорлығын, «ит жылының» қорлығын, Ұлы Отан соғысының зардабын өз көзімен көрген, жақсылықты да, жамандықты да жүрегімен сезінген қарт ақынның бұлайша кеңінен көсілуі заңды да.

Халық тарихында елге ырысты қоныс, малға шұрайлы өріс боларлық арманды жер іздеген Асан Қайғы арманын Сәттіғұл жырау:

Халқының қамын ойлаған
Бұрын да өткен ерлер көп
Асан би деп айтады
Ойлаған ақыл кеңнен деп
Желмая мініп қырық жыл,
Тыным таппай желген деп,
Жер жүзін барлап кезген деп,-[2,126]

деген жолдар арқылы жеткізеді.

Бүгінде тұтастай Қазақ мемлекеті салтанат құрып отырған аймақтан Асанқайғы анықтама, сын айтпады деген ұлтарақтай да жерді таба алмайсыз. Мысалы, Маңғыстау өлкесі туралы «Батыста Асанқайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты. Екі баласы: «Маңғыстау малға жайлы қоныс бола алар ма?» - деп сұраған екен. Сонда Асан бабамыз: «Түбінде мал баққан шауаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас» деген екен» деп айтылған Асанқайғы сыны Сәттіғұл ақында былайша өрнектеледі.

Абайласақ, бұл қоныс
Тастап кеткен жер екен
Талай бек пен төренің
Асанқайғы бас болып [2,126]

Философия ғылымдарының докторы, академик Ғ.Есім «Қазақ философиясының тарихы» атты еңбегінде халықтың бақытты тұрмысы үшін жерге мінездеме беріп, Жерұйық идеясын ұсынған Асан қайғы турасында: «Мемлекет жерсіз болмайды, жұртшылыққа да

қажеттісі - жақсы жер. Осы жақсы жер деген түсінікті Асан Қайғы «Жер-ұйық» деп атаған. Халық ел болуы үшін бір жерге ұюы керек, сонда мемлекет іргесі берік болмақ.

Ұрпақтар өсіп-өнетін Жер, әншейін емес, жақсы Жер - ол Жер-Ұйық болуы керек. Осы идеяны ұсынған Асан Қайғы аңызда желмаясына мініп, жер кезіп кетеді.

Қазақ дүниетанымында жер деген айрықша ұғым. Жер туралы Асан Қайғының түсінігі терең» деп жыр, толғауларында жаңа құрылып жатқан мемлекеттің азаматтарын елдікке насихаттаушы жыраудан жер мәселесін асып қозғаған ойшыл болмағандығын айтып, оның саяси қайраткерлігінің де өзі осында екендігін тап басып көрсетеді. Бұл пікірді белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Ж.Тілеповтің: «Әрине, Асанқайғы жырау халық аңызында желмая мініп, есіл-дерті жайлы қоныс тауып берем деп, әбігерге түсіп жүргеніне қарап, оны ел кезген кейуана дәруіш деп ойлауға болмайды. Ол соңынан ерер қабырғалы елі бар, берісі ру басы, әрісі кіммен қатар тұрса да өзі ешкімнің де көлеңкесінде көрінбей қала алмайтын дағуалы пікір, үлкен пікір иесі» деген тұжырымы қуаттай түседі. Осы үлкен пікір иесі Асан арманы өзінен кейінгі ақын-жыраулар поэзиясында көрініс беруінен қай кезде де ел мен жердің тұтастығын, тіршілік көзін жалғастырап байлықты аман сақтау-бабаларымыздың мәңгілік мақсат-мұраты болғандығы көрінеді.

«Жер дауы», «жер байлығы» деп аталатын мәселе біз өмір сүріп отырған қоғам кезеңіне дейін де даулы, сауалы сан алуан сұраулы сатылардан өтіп келеді. Үш Жүздің атақты билері Әйтеке би, Төле би, Қазыбек билердің де көңілге түйіп, көкейлерінде кеткен дауларының ең мәнді де, жанды да тұстары осы болған. Бұл кең байтақ қазақ өлкесінің қашан да бабаларымыздан мұра ретінде сақталып, ұрпақтарға мұра болып беріліп, алып елдің басты қазынасы ретінде асыл игілігі екендігін білдіреді. Бабаларымыз заманында білектің күшімен, найзаның ұшымен жанұшыра қорғап, ұлтарактай жерді де жат қолына беріп, жау табанына таптаған. Жерді ердің-ырысы, еліміздің-ырыстығы деп бағалаған. Керек кезінде жерге қауіп төнгенде бес қаруы сай тұрған батыр тұрғай, жер сызған бұрымдарын желкеге түйіп, белдерін шарт буынып, тас түйіліп қаракөз аруларымыз бен аналарымыз да атқа қонған. Жерім-Отаным деген жүректерінде ұран болған. Жерден айырылса Отаннан айырылатын, Отаннан айырылса отбасының ойраны шығатынын ұлылықпен ұғынған. Сол ұлылық бүгінгі ұрпаққа ұласты. Сол ұлылықты Сәттіғұл ақын мұрасына жанашырлық танытып, шағын да болса халқына танытуға тырысқан, ел өміріндегі келелі мәселелер туралы толғанған. Маршал Әбдіхалықов сынды белгілі публицист, журналист, жазушы, белгілі қаламгер танытты, жалғастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіхалықов М. Ғасыр сырласы. Жаңа өмір. Маңғыстау аудандық газеті. 1976
2. Жанғабылұлы С. Аманат. Алматы: Ер-Дәулет, 1996
3. Әбдіхалықов М. Жердің асты жеті қат. Роман. Алматы, Жазушы, 1978
4. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 2006
5. Төрөқұл Н. Даланың дара ділмарлары. Алматы, Қазақстан, 2006.. 6. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы: Білім, 1995

БЕЛЕСТЕР БИІГІНДЕ

Б.Ә. Көшімова,

Ш.Есенов атындағы КТИУ

«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры м.а., ф.ғ.к.

Ақтау қ., Қазақстан

Жұмыр жердегі қай халықтың болса да мәртебесі мен әлемдік аренада алатын орны оның байлығы мен алыптығына емес, сол елдің білім деңгейіне қарап бағаланатыны белгілі. «Ел болудың бірінші тірегі – білім» деген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың айтқан сөзінде асқан көрегенділік жатса керек. Иә, білім десек ең әуелі көз алдымызға білім ордасы, оқу орындарының тірегі-ұстаздар келеді.

Біз сөз еткелі отырған осындай еселі еңбегімен көпке танылған білікті басшы, ұлағатты ұстаз, ғалым Yessenov university «Туризм және тілдер» факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты Ақмарал Отарова биылғы жылы мерейлі жасқа толып отыр.

Университеттегі қызметін оқытушылықтан бастаған Ақмарал Нұрғожақызы «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, «Туризм және тілдер» факультетінің деканы қызметімен жалғастырды.

Ақмарал Нұрғожақызы кафедраның меңгерушісі қызметін он жылдан астам уақыт бойына абыройлы атқара білді. Кафедра меңгерушісі ретінде жаһандық білім беру стандарттарының басты талаптарына сай сапалы білім беру, саналы тәрбие, білікті ғылыми кадрларды дайындау ісінде, академиялық ұтқырлық бойынша халықаралық байланысты нығайтуда, қазақ тілін мамандықты игерту құралы, ғылыми білім тілі деңгейінде танытуда жоғары біліктілігімен көптеген игі іс-шаралардың атқарылуына басшылық жасады.

Кафедра дайындайтын барлық білім беру бағдарламалары бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің мамандықтарды аттестациялауынан үнемі үлкен жетістікпен өтеді. Бірнеше жылдар бойына Атамекен Ұлттық рейтингінде мамандықтар алдыңғы топ бестіктен көрініп, университеттің даму стратегиясына зор үлесін қосуға атсалысты.

А.Н. Отарованың университет имиджін қалыптастыру мақсатындағы Әбіш Кекілбайұлы, Ғ. Айдаров, Ф. Оңғарсынова, Абай Құнанбайұлы, О.Тұрмағанбетұлы атындағы атаулы оқу кабинеттерінің жасақталуында атқарған еңбегі ұшан теңіз. Белгілі тұлғалардың есімімен оқу кабинеттерін ашу – ұрпақ жадында қазақтың біртуар тұлғаларының есімін сақтауға, олардың өмірі, шығармашылығы мен қайраткерлігінен бүгінгі жастар тәрбие алатыны сөзсіз. Бұл оқу кабинеттерінің жас ұрпаққа қалтқысыз қызмет ететініне сеніміз мол.

Сонымен қатар өлкемізде сұранысқа ие, кәсіби салада сапалы білім алған, дәстүрлі музыкалық өнерді оқыту және эпикалық шығармаларды орындау дағдылары мен қабілеттеріне ие орындаушылық өнер бойынша бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағытталған «Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасын ашуында табандылық пен ұйымдастыру қабілетінің жоғарылығын көрсете білді. Қазіргі таңда бұл мамандық бойынша 23 студент білім алуда.

Жүгі ауыр басшылық қызметтерді педагогикалық еңбекпен қатар ұстаған Ақмарал Нұрғожақызы еш қиындықтан қашпайтын ер мінезді екенін танытты. Ең бастысы, университет ұстазы айналысуға тиісті ғылым майданында да үлкен жетістіктерге жетті.

Ақмарал Нұрғожақызының ғылым жолындағы басты тақырыбы – Маршал Әбдіхалықовтың шығармашылығы. 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінен қазақ әдебиеті мамандығы бойынша профессор З.Қ. Бисенғалидың жетекшілігімен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, қазақ прозасының дамуына үлесін қосқан қаламгерлер қатарында өзіндік орны бар жазушының бірі – Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасына арналған.

Ақмарал Нұрғожақызының зерттеу еңбегінде ерекше атап айтар тұсымыз, бұрын-соңды бірлі-жарым мақалаларда болмаса сыншылар тарапынан да зерделенбеген М. Әбдіхалықовтың публицистикалық очерктері, мақалалары, прозалары өз алдына дербес қарастырылып, тұңғыш рет терең талданып, ғылыми айналымға енгізілді. М. Әбдіхалықов шығармаларындағы бір кезде халық жауы атанып, жариялауға мүмкіндік бермеген Маңғыстаудың біртуар тұлғалары С. Үргенішбайұлы, Т. Әлниязұлы, Н. Оңғалбаев, Ж. Мыңбаев, Қ. Нәдірбаев, С. Жанғабылұлы, Т. Әлиев т.б туралы да алғаш рет ғылыми құнды зерттеулерін жүргізді.

Осы тұлғалардың бірі ХУІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басындағы еліміздің батыс өңірі Маңғыстаудағы қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдай, кіші жүздегі түрлі отарлау, басқыншылық саясаттарға қарсы күрескен халық батыры, Адайдың баһадүрі Сүйінғара Үргенішбайұлы туралы алғашқы тарихи романы “Сүйінғара” туралы да ғылыми еңбекте терең талданып көркемдік таным аясында зерделенді.

Осылайша өлкеден шыққан алғашқы журналист-публицист, жазушы, аудармашы, драматург Маршал Әбдіхалықовтың мұраларын жан-жақты зерделеп, маршалтануды қалыптастырды.

Осы бағытта көп ізденіп, қазақ әдебиеттану ғылымына, қазақ әдеби сынына өлшеусіз үлес қосып келеді. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша 80-ге жуық ғылыми мақаласы халықаралық (Қытай, Германия, Болгария, Ресей, Украина, Әзербайжан, Қырғызстан т.б. елдердің), республикалық конференцияларда, ғылыми журналдар мен импакт-факторы бар журналдарда жарияланып, «Маршал Әбдіхалықов шығармаларын арнайы курста оқыту» атты оқу-әдістемелік құралы мен «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби әлемі» және «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты монографиялары жарыққа шықты.

«Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұрасы» атты монографиясында түрлі жанрда қалам сермеген қаламгер мұрасын жанр бойынша жүйелеп, тақырып бойынша топтастырған. «А.Отарованың қаламгер мұрасын зерттеудегі негізгі жетістігі – жазушының жеке мұрағатындағы жарияланбаған «Мен күнге сенемін» (Тобанияз Әлниязов туралы). «Мұнара басындағы жұлдыз», «Біздің мектептің баласы», «Балсұлу апай хақында», «Ескі Палестина жерінде», «Аралағаш этюдтері», «Қауырт маусым» тәрізді публицистикалық туындыларын, «Кәрі арлан», «Даладағы кездесу», «Нағима», «Шымыр иірім», «Актриса» әңгімелерін, телевизияға арнап жазылған «Жапандағы жалғыз келіншек» драмалық шығармасын, «Сол бір үш-төрт ноқат» повесін, аяқталмаған «Қарасорды игеру» романының қолжазбасын ғылыми айналымға қосуы» – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Ж. Орда.

Ал «Маршал Әбдіхалықов – публицист» деген монографиясында еңбек жолын журналистикадан бастаған қаламгердің публицистикасы жеке қарастырылып, тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік жағынан талданып, поэтикалық-тілдік болмысы ғылыми тұрғыда пайымдалған. Сонымен қоса қаламгердің әр жылдарда баспасөз беттерінде жарияланған публицистикалық шығармалары, замандастарының естеліктері енгізілген.

Ғалымның Маңғыстаудың біртуар азаматы М.Әбдіхалықовтың шығармаларын зерттеп, насихаттауы – ұрпақ алдындағы жауапкершілігі мол іс деп білеміз. Қазіргі таңда облысымызда Маршал Әбдіхалықов мұрасын насихаттау, зерттеуге қатысты түрлі ғылыми

жобалар байқауы, Маршал оқуларының негізгі ұйымдастырушысы ретінде Ақмарал Нұрғожақызын көруге болады.

Ғылыми зерттеу бағытында сонымен қоса Маңғыстау ақын-жырауларының шығармашылығы, Маңғыстау әдебиеті, Алаш зиялыларының шығармашылығы жайында толымды мақалалар, оқу құралдарын да жазып жүргенін айта кетуге болады.

Ақмарал Нұрғожақызының кәсіби қызметі мен ғылым жолындағы жетістіктерін айта келе, оның бойындағы ерекше бір адами қасиеттері деп Отанына шын берілген патриоттығын, жүрегіндегі тұнып тұрған имандылықты, адами қасиетті, биік парасаттылықты ерекше айтуға болады. Елімізде болып жатқан түрлі әлеуметтік, саяси жайттарға бей-жай қарамайтындығын, өзінің азаматтық ұстанымы бар екенін әр кез көрсетіп келеді. Әсіресе қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің асқақ болуына, ұлттық құндылықтарымыз, мерекелердің, Наурыз, Амал мерекелерінің ерекше аталып өтілуіне, қазақ салт-дәстүрлерін насихаттауға, жаңғыртуға ерекше жан тәнімен қызмет ететін жан деп бағалаймын.

Ақмарал Нұрғожақызының ұйымдастыруымен, өзінің модераторлық жасауымен бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялардың өткенін де атап айтар едім. Ол ұйымдастырған университеттегі қандай да бір тәрбиелік шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өткізіледі. Бұл асыл қасиеттер Ақмарал Нұрғожақызының бойына атаның, ананың қанымен, тәлім-тәрбиесімен дарығаны анық. Әкесі Нұрғожа Отарұлы Маңғыстау өлкесінің ауыл шаруашылығын дамытуға өлшеусіз үлесін қосқан білікті маман, Түпқараған ауданының Құрметті Азаматы, зейнеткерлікке шыққан соң да Ақшұқыр ауылындағы ақсақалдар алқасының төрағасы қоғамдық қызметтерін атқарып, ортасына беделді, сөзге шешен, парасат биігіне көтерілген абыз ақсақал болса, анасы Үзілхан Құлынтайқызы саналы ұл-қыз тәрбиелеген «Батыр Ана» ордені мен «Алтын алқа» иегері болды. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды ұстанып, әрдайым басшылыққа алып отыратын әулет – өлкеге белгілі үлгілі отбасы. Осындай жандардан жаралған Ақмарал Нұрғожақызының осал болуы мүмкін емес еді. Өзінен кейінгі бауырларына әр кез ақылын айтып отыратын ақылшы, әулеттің ұйтқысы.

Жасаған еңбек зая кетпейтіні анық, оқу-тәрбие саласындағы нақты еңбектері үшін ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасымен, Есенов төсбелгісімен, Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін төсбелгісімен, Облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, Ш. Есенов атындағы КТИУ ректорының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Алда да абырой биігінен көріне беріңіз дей келе, мерейлі жасқа толып отырған Ақмарал Нұрғожақызына мықты денсаулық, ізденістер мен нәтижелі зерттеулер және жаңа декандық қызметте еңбегіне сәттіліктер тілеймін.

АҚМАРАЛ НҰРҒОЖАҚЫЗЫ-ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ШЫН ЖАНАШЫРЫ

А.Т.Ерімбетова

Ш.Есенов атындағы КТИУ

«Дәстүрлі музыка өнері» БББ-ның аға оқытушысы, ҚР Мәдениет саласының үздігі,

Ақтау қ., Қазақстан

Қазақ мәдениеті мен өнерінде ең көнеден келе жатқан өнердің бірі жыр өнері. Жыр өнерін жасаушылар мен тудырушылар абыздар мен жыраулар болғаны баршаға мәлім. Қазақтың жыр өнері, тамырын тереңге таратып, тарих пен шежіре қойнауынан сыр шертеді. Жыр өнері бірнеше түрге және өңірлерге байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Әлемнің

ешбір елінен табылмайтын жыр өнері, қазақтың маңдайына бақ болып сақталып қалды. Жыршылық, жыраулық өнер көмекейді бүлкілдеп салатын Сыр өңірінің жыршылық өнері, маңғаз Маңғыстаудың жыршылық өнері қалыптастырған жыраулық мектеп, жыр алыбы Жамбыл мен Сүйінбайлыр сыр шерткен Жетісу жыраулық мектептері болып бүгінде үшке бөлінеді. Жыраулық өнер – синкретті өнер түрі деп қарастырылады. Таңды таңға асырып жырлайтын жыраулық өнердің хәлі бұл күнде қалай дамып жатыр?!

Әрине бұл сұраққа жауап беру өте қиын, себебі, ақпараттың дамыған технология заманында бұл өнерді алып жүру қиынның – қиыны, десе де бұл өнерді өлтірмей ғасырдан – ғасырға өлтірмей алып келушілер оны орындаушылар мен тыңдаушылар ғана.

Ұлт жанының ұйытқысы – ұлы өнері, ұлт бедері тіпті ұлы өнерде Қазақ халқының ұлттық коды жасырынып жатыр десе де болады. Сондықтан, қазақтың жыраулық өнерін жоғалтпау, төл өнерімізді болашақ ұрпаққа аманаттап табыстау әр орындаушы мен тыңдаушының басты міндеті және қарызы болып табылары сөзсіз.

Қазақ жыр өнерінің бір мектебі болып табылатын Маңғыстау жыршылық мектебі Астана қаласындағы Ұлттық «Шабыт» Өнер Университетінде шәкірттер қалыптастыруда. Ол мектепті жүргізіп отырған белгілі жырау, профессор, ҚР мәдениет қайраткері Амандық Көмеков ағамыз. «Шабыт» университетіне арнайы шәкірт дайындап, түлетіп отырған-өңіріміздегі жалғыз өнер ордасы Маңғыстау Өнер колледжі. Өнер колледжін бітірген шәкірттердің бәрі Астана асып, өнерлерін шыңдай беруге шамалары жетпей де жатады. Сол себепті, көпшіліктің сұранысы артып, қолқалап, жыраулық мектепті өз өңірімізде де дамытып, жоғарғы оқу орнынан ашуға мүмкіндік туды.

Өңіріміздегі бірден-бір оқу орны Ш.Есенов атындағы университетте Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасы жанынан 2022 жылы «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы ашылды. Бұл мамандық өзінен – өзі ашылып қойған жоқ, «көп түкірсе – көл» дегендей көптің сұрауы мен білім алушылардың, өнерге үлес қосам деген жас талантты талапкерлердің тілегі қабыл болып, ұйытқысы, белгілі журналист, «Сөз бен саз» бағдарламасының авторы және жүргізушісі, өнер жанашыры Бердіхан Әлмен, «Қазақ тілі мен әдебиет» кафедрасының меңгерушісі Ақмарал Нұрғожақызы Отарованың ерен еңбегінің арқасында әкімдік пен университеттің ректоры Берік Бақытжанұлы Ахметовтың қолдауымен жыраулық дәстүрді, халықтың дәстүрлі өнерін дамыту, сол бағытта мамандар дайындауды көздеген жаңа мамандықтың ашылуы аймақ үшін жаңалық болды.

Білім жүйесіндегі құрылымдарын жасақтауға «Шабыт» өнер университетінің және Қызылорданың «Қорқыт» атындағы университеттерімен тәжірибе алмаса отырып, алғаш рет Маңғыстау өңіріндегі жоғарғы оқу ордасында «Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасы ашылды. Әрине, бұрын -соңды музыка мамандығы жоқ оқу ордасында қиядан шауып, дәстүрлі музыка өнері мамандығын ашу еш оңайға соқпайтыны белгілі. Оны ашу үшін университетте материалдық-техникалық базасы, оқу- әдістемелік құралдар, тіпті ең алдымен білікті мамандар болу керек.

Әр істің өз маманы болмаса жұмыс алға баспайды. Осындай қиын тұста, екі қолды жұмылдыра, «әп» деп еш қорықпай, мамандықтың ашылуына белсене араласа кеткен білімді де білікті маман, шебер ұйымдастырушы «Қазақ тілі мен әдебиет» кафедрасының меңгерушісі Ақмарал Нұрғожақызы Отарованың еңбегін ерекше айтқым келеді. Көзге көрінбейтін қағазбасты істің бәрін мойнына еш мойымастан ала білген Ақмарал апайдың, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ала таңды көзбен атырып, көз майын тауысып, қалай құлшына кіріскеніне әуелі құдай, сосын мен куә десем артық айтқандығым емес.

Бұл бөлімге ұстаздық етуге алғаш мен, Нұрым Асқанов және Алпысбек Оңайбай үшеуміз келдік. Бөлімге алғашқы 20 ға тарта талапкер келіп оқуға қабылданды. Әрине жаңа ашылған мамандық болған соң, оның қалыптасып кетуіне үлкен қолдау керек. Жаңа мамандықты өз қанатының астына алып, балапанындай баптап, бары мен жоғын жетістіріп

жан-жақты дамуы үшін Ақмарал Нұрғожақызы аянбай еңбек етіп келеді. Осы мамандықтың алғашқы ұстаздары мен шәкірттерін университет шәкірттерімен арнайы кездесу ұйымдастырып шығармашылық кеш өткізілді, кешті ұйымдастырып жүргізген Ақмарал Нұрғожақызының өзі болды.

Ақмарал апай қай салада да өзінің біліктілігін көрсетіп, ақылын айтып, үнемі демеп, өз ісінің шебер майталманы екендігін дәлелдеп келеді. Бөлім ашылғалы университеттің ішінаралық қандайда бір іс-шараларына студенттеріміз өз үлестерін қосып, өнерлерін көрсетіп келеді.

Мамандықтың ашылу рәсімі арнайы Ақмарал Нұрғожақызының мерейтойлық конференциясына орай ұйымдастырылып, «Сөз бен саз» концерттік бағдарламасымен бірге үлкен концерт берілді. Еліміздің айтулы мерекелеріне орай өтетін мерекелік іс-шаралардың бәрінде «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығының шәкірттері өз өнерлерін көрсетіп, университеттің ректорының қолдауына, айрықша ілтипатына бөленіп келеді, бұл да болса университеттің абыройының асқақтап, аясының кеңігендігін білдіріп отырғаны. Сондай – ақ, құрылғанына екі жылдай уақыт болса да, «Дәстүрлі музыка өнері» студенттері, республикалық және халықаралық тәжірибе алмасу аясында, әр түрлі семинарларға қатысып, шеберлік сағаттар өткізіп, шығармашылық концерттер беріп жүр.

Атап айтсақ, Республикалық жоғарғы оқу орындарының бірі «Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА» – да «Өнер саласындағы педагоктардың ғылыми – әдістемелік құзыреттері және білім беру бағдарламаларын дамыту» тақырыбында өткен «Әдістемелік апталықта» мамандықтың аға оқытушысы Ерімбетова Ақмарал шеберлік сағатын жоғарғы дәрежеде өткізді.

Академиялық ұтқырлық аясында дәстүрлі өнерді насихаттауда Түркия елінің Сакария қаласындағы Сакария университетінің консерваториясында «Ұлттық аспаптары бағлама» бөлімінде Ш. Есенов университетінен «Дәстүрлі музыка өнері» бөлімінің оқытушысы, Республикалық конкурстардың лауреаты, белгілі күйші Ғазиза Ұзақбай тәжірибелік сағатын өткізіп, жеке концертін берді, бұл да университетіміз үшін үлкен жетістік.

Республикалық университеттер арасында жыл сайын студенттік олимпиада өткізіледі. Алматы қаласында «Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы» жыл сайын өнерлі жастардың өнерін шыңдауға осы олимпиаданы өткізіп келеді. Сол додада, биыл біздің шәкірттеріміз «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығының 3 – ші курс студенттері бақ сынап, 1 – ші орынды Теңел Қайырбек, 3 – ші орынды Жолдас Қуаныш иеленді.

Ашылғанына 2 жыл уақыт болса да, ауыз толтырып айтуға тұрарлық осындай жетістіктерді атап өткеніміз жөн болады. Жыр өнерінің дамуына өз үлесін қосып, өлке мәдениетінің өркендеуіне өз қамқорлығын аямай, қолдау көрсетіп жүрген Ақмарал Нұрғожақызының еңбегінің өлшеусіз екеніне осы жетістіктеріміз дәлел. Университет жанынан ашылған осынау дәстүрлі музыка бөлімі болашақта ықпалы зор боларына сеніміміз мол. Әрине «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, тәй – тәй басқан балапандай өнер бөлімінің нық басып, қанатын қомданып, аяғынан тұрып кетуіне, ел үшін, өнер үшін, тіл үшін жанын салып еңбек ететін Ақмарал Нұрғожақызындай жақсы жандардың қолдауы қай уақытта да ауадай қажет!

Ақмарал Нұрғожақызының адамгершілік, тұлғалық қасиеті бір төбе. Ол кісінің сөз саптауы, кісімен тіл табысып, жөнге сала білуінің өзі, бізге үлгі, өнеге! Қазақтың ұлы ойшылдарының бірі Шәкәрім былай деген екен: «Адамды адамилыққа апаратын оның үш қасиеті – ойы, сөзі, мінезі. Осындай ойы сұңғыла, сөзі парасатты, мінезі бай Ақмарал Нұрғожақызына сіңірген еңбегі үшін үлкен рахметімді айта отырып, еңбегіңізге табыс, деніңізге саулық, дүние тұрғанша тұрыңыз деп тілейміз.

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ

Д.С.Мырзақұлова

Дәрігер, акушер-гинеколог, 1993 жылғы алғашқы түлегі,
Ақтау к., Қазақстан

Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының негізін қалар ұрпақ тәрбиелеу ұстаздың атқарар адал қызметі десек, осынау шоқтығы биік мамандықты ту еткен, ұстаз деген ұлы есім иегерінің бірі-Ақмарал апайымыз болса керек.

Әлі есімде, сонау 1986 жылы апайымыз өзінің өскен ауылында Ақшұқыр ауылында Ш. Ералиев (қазіргі М. Әбдіхалықов) мектебінде ұстаздық жолын бастаған болатын. Бесінші сынып оқып жүрген кезіміз. Сыныпқа әдемі аққұбаша өнді, әсем киінген, сымбатты да жап-жас апайымыз кіріп келіп, өзін таныстырып, осы сыныпқа сынып жетекші әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретінін айтқан болатын. Сол күннен бастап мектеп бітіргенше апайымыздан бір елі ажырамадық. Ақмарал апай қай жағынан да өте талғампаз, шаштары көмірдей қара, қасы-көзі қиылған ажарлы-тұғын. Сол кезден бастап сыныптағы кикар ұлдар апайдың алдында өздерін барынша тәртіпті ұстап, қыздар болса апайға қарап боп түзеп өстік. Есейе келе сырымызды апаймен бөлісіп, ересектерше ақылдасатын болдық.

Ақмарал апайдың сабақ оқыту әдісі басқалардан ерекше, бөлек болатын. Қазақ тілінен көрнекілік құралдарын (анаграмма, түрлі буклеттер) көптеп пайдаланып, әдебиет сабағынан әр мәтінді жіті талдап, образға еніп, өлең жолдарын нақышына келтіріп оқып беретін.

Мектептегі оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін қоса атқарған Ақмарал апайымыз әр баланың болмыс-бітіміне, мінез-құлқының ерекшеліктеріне баса назар аударатын. Оқушының бейімділігіне қарай қойылымдар ұйымдастыратын.

Б. Соқпақбаевтың "Менің атым-Қожа" повесіндегі кейіпкердің әрқайсысын сомдап, сабағымыз қойылым ретінде өткені күні кешегідей есімде. Апайдың ер балаларды Майқанова, Қожа, Сұлтан ролінде ойнатып, маз-мейрам боп тамашалағанымыз әлі есімде. Неше түрлі үйірмелер, қыздар жиналысы, әр түрлі сайыстар күнделікті апайдың атқарған жұмыстары болатын. Мектеп бітіргенімізге отыз жыл уақыт өтсе де сол бір балаң кезіміздегі мектеп өмірі, ұстаздарымыздың берген өнегелі тәлім-тәрбиесі өмірімізге азық болып, сол кісілердің ізімен жүріп келеміз.

Ақмарал апайымыз сондай-ақ шәкірттерін мектепшілік, аудандық, облыстық, қалалық, қала берді республика көлемінде өтетін олимпиада, түрлі сайыстарға қатыстырып, баулып отыратын. Апайымыздың жетекшілік етуімен Аудандық, облыстық, республикалық "Сықырлы қазан", "Қыз сыны" сайыстарына белсене араласып, жүлделі орындарды иеленетінбіз. Мектептегі үздік сынып, үздік оқушы атағын да апайымыздың арқасында алушы едік. Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тереңдетілген, таңдаулы сыныптардың бірі біздің сынып болатын.

Ақмарал апай жаңалыққа жаны аса құштар ұстаздардың бірі. Әрқайсымыздың білімді тереңірек алғанымызды қалап, келешек өмірімізге бағыт-бағдар берді. Сол кезде облыстық қазақ-түрік лицейі ашылып, сыныбымыздың мақтаулы оқушыларын жетелеп апарып, болашағымызға жол сілтеді. Олардың Түркияның таңдаулы жоғары оқу орнында білім алуына осылайша мұрындық болды.

Облысымызда ең алғаш ашылған қазақ-түрік лицейіне Ақмарал апай таңдаулы шәкірттерін ертіп апарып, табыстаған болатын. Сол оқушылардың ішінде мен де бар едім. 1993 жылы

осы лицейді ойдағыдай бітіріп, әрқайсымыз Түркия мемлекетінің таңдаулы оқу орындарының студенті атанып, бүгінде бір-бір маман боп, елімізде қызмет етіп жатырмыз. Бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне ұялата білген Ақмарал апайымыз не деген көреген, текті еді!?! Әр баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, көкірек көзін ашуға ұмтылды. Ана тілімізді сүйеге үйретті. Әдебиетке бір табан жақындығымыз, кітапқұмарлығымыз апайымызның арқасы десем артық айтқаным емес.

"Адамның адамшылығы-жақсы ұстаздан" деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық.

Ақмарал апайдың мінез-құлқы, өзін-өзі басқаруы, ішкі мәдениеті, сөйлеу мәнері, киім киісі, талғамы өте жоғары, шәкірттерге, күллі мектеп оқушыларына үлгі бола білді. "Ұстазы жақсының ұстамы жақсы" деген, бой түзеп, жоғары сыныпқа көшкенімізде апайдың әр қимылына қызыға қарап, жүріс-тұрысына еліктеуші едік. Бойымыздағы жақсы қасиеттердің дені ұстазымыздан дарып, жетістікке жетіп жатсақ, сол кісінің еңбегінің босқа кетпегені дер едім.

Ұшқан ұядан, ұстаздарымыздан алған білім-тәжірибеміз ертеңімізге азық болып, қазіргі таңда әрқайсымыз бір-бір мамандықтың иесі боп отырмыз. Ақмарал апайдың жолын қуып ұстаздық жолын таңдаған, әр қиырда қызмет етіп жүрген шәкірттері бүгінде апайымыздың жеткен әрбір жетістігін мақтан тұтып, бұл- менің ұстазым, ақылшым, тәлімгерім деп ауыз толтырып айта алады. Ана тіліміздің қадір-қасиетін ұғынып, сіз арқылы мұғалім деген тұлғаны тереңірек таныдық, мамандықты жан-тәнімен сүюдің қасиетін сезіндік. Ұстазымызға деген құрметіміз бәрінен де биік тұрағы хақ.

Аяулы ұстазым Отарова Ақмарал Нұрғожақызы бүгінде Ш. Есенов атындағы КТИУ "Туризм және тілдер" факультетінің деканы, қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты қызметін абыроймен атқарып келеді. Туған жерім, ана тілім деп талмай еңбек етіп, ізгілік пен жаңалықтың жаршысы боп жүрген кемел ұстаз. Апайымыздың алдында күні бүгінге дейін өзімді мектеп партасында отырған шәкірттей сезінеміз. Адалдықты ту етіп, аман жүргейсіз аяулы ҰСТАЗ!

Құрметті Ақмарал апай! Бүгінгі мерейлі мерекеніз құтты болсын! Сіздің ілім-ғылым жолында абыроймен атқарған еңбегіңізге толайым табыс, деніңізге саулық тілейміз! Сіз- өз ұлтын, тілін, ділін, жерін сүйетін бірегей тұлға, туған жердің адал перзентісіз! Бүгін міне, Маңғыстаудың төл перзенті Маршал Әбдіхалықовқа арнаған "М.Әбдіхалықов-публицист" кітабының тұсаукесеріне куә болып жатырмыз, құтты болсын, қуаныштымыз!

Сізге арнаған тілегімді жыр жолдарымен өрнектесем:

Ұстаз деген ұлы жолдың торабын,
Ұға алған ой-танымын баланың.
Өткен күнге оралайын мен бүгін,
Жырға қосып еңбегін асыл Ұстаздың.
Әр шәкірттің бойындағы талантты,
Бағалаған өткізген әр сағатты.
Ақмарал апай мақсат етіп қойғансыз,
Шәкіртке сай тәртіп пенен талапты.
Іздендіңіз, жетілдіңіз көште алда,
Ұлы жолда бағыт алдық асқарға.
Өлкедегі әдебиетті танытып,
Өнегелі тәлім берген жастарға.
Маршал танып, оқыттыңыз әлемін,
Алғаш рет зерттедіңіз еңбегін.

Ақмарал апай сіз - сәулелі шырақсыз,
Таныта алған әдебиеттің мәнерін.
Шеберлік бар бойыңызда бағалы,
Талпынасыз, білсем дейсіз жаңаны.
Сізден білім алған біздер бақытты,
Жаңғыртатын шәкірттегі сананы.
Жаңа асу - еңбегіңіз еленген,
Шәкірттердің алғысына бөленген.
Жинағыңыз құтты болсын бүгінгі,
Көрімдік қып шашу шаштым өлеңнен.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ **А.О. Кабдешова**

Ш.Есенов университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2 курс магистранты,
Ақтау қ., Қазақстан

Ұлы Абай атамыз: «Ұстазсыз - шәкірт тұл, шәкіртсіз – ұстаз тұл» деп, адамның «тұлға» болып қалыптасу жолында ұстаздардың орны бөлек екендігін ерекше айтады. Ұстаз бен шәкірт мәңгілік егіз ұғым. Бүгінгі күнде сан оқушы мен студенттің жолын ашып, болашағына бағыт берген қасиетті мамандық иелері баршылық.

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің: «Ұстаз... Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәріне жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадына сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсететін, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл да ержүрек болуы керек» - деген ұстанымдарына сай ұстаздардың бірінен білім алып жатқанымыз қуантады. Міне, осындай ардақты ұстаздарымның бірі - Ақмарал Нұрғожақызы.

Еңбек жолын 1986 жылы Ақшұқыр аулының М.Әбдіхалықов атындағы мектепте бастаған Ақмарал Нұрғожақызы қазірде Ш.Есенов атындағы КТИУ-нің «Туризм және тілдер» факультетінің деканы болып қызмет атқарып келеді. Бұндай биік белеске жету жолында қаншама жылғы маңдай тер мен ерен еңбектің жатқандығы анық. Ақмарал Нұрғожақызы «Туризм және тілдер» факультетінің деканы ретінде өзінің өмірлік тәжірибесі мен білімін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Жас мамандарды даярлауда үлкен жұмыстар атқарып, бакалавр мен магистранттарға әртүрлі курстар бойынша сабақ береді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша педагогика ғылымының магистрі дәрежесін алу – қазіргі күні Білім саласының басты талабына айналып келеді. Оқушыларға білім беру, оларды ғылым шыңына жетелеу - әр мұғалімнің міндеті. Мен де осы мақсатпен білімімді жетілдіру үшін Ш.Есенов атындағы КТИУ-нің «Туризм және тілдер» кафедрасының магистрантарының бірі атандым.

Диссертациялық жұмысымның тақырыбын да ғылыми жетекшім Ақмарал Нұрғожақызының кеңесімен таңдаған едім. Маңғыстау облысының білім сапасын жоғарылату мақсатында «11-сынып оқушыларының қазақ тілі мен әдебиеті бойынша академиялық үлгерімі және Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау» тақырыбында ғылыми

зерттеу жұмысын жетекшінің басшылығымен жүргіздім. Педагогикалық бағыттағы ғылымға бетбұрысымыз оң нәтижелерін беретіні сөзсіз.

Магистраттарға «Әдебиеттің өзекті мәселелері» пәнінен дәрістер оқыды. Бұл дәрістерден Ақмарал Нұрғожақызының өзіне тән шеберлігін байқадық. Ұстазымыздың әр сабағы белсенді әдіс-тәсілдермен, индивидуалдық стиль мазмұнымен ерекшеленеді. Аудиториямен жұмыс істеуі, өз-өзін ұстауы- этикалық-эстетикалық нормаларымызды қалыптастырса, білім алушыға қоятын талаптары – біздің ғылымға деген қызығушылығымызды арттырды.

Ұстазымның оқытушы және ғылыми кеңесші ретінде айрықша ерекшелігі - студенттер мен магистранттардың оқу және ғылыми қызметін сыни талдаумен қатар, шынымен де жан-жақты білімі мен зеректілігі. Заман ағымымен қатар, бүгінгі таңдағы ең өзекті деген тақырыптарға шолу жасай отырып, біз сияқты студенттерге жол көрсетіп, ғылымның жолына түсіріп келеді. «Зерттеу жұмысында нені басшылыққа алу керек?», «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы жаңа бағыттар қандай?» деген т.б. сұрақтар тақырыбында үнемі студенттер мен магистранттармен ғылыми байланыс жасап отырады.

Ақмарал Нұрғожақызы- қызметтік жолында мектептермен тығыз байланыс орната білген ғалым. Соның ішінде өзім сабақ беретін «Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейімен» ғылыми бағытта қоян-қолтық жұмыстар атқарып келеді. Өзі бастап зерттеген М.Әбдіхалықовтың әдеби мұралары мен Ғұбайдолла Айдаровтың ғылыми еңбектерінің жаңа қырларын зерттеуді қолға алып, мұғалімдер мен оқушыларды тың ғылыми тақырыптарға баулып жүр. Осындай ауқымды еңбектер нәтижесінде 2023 жылы «Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінде» Ғұбайдолла Айдаровқа арналған ғылыми байқау ұйымдастырды. Осылайша аудан оқушыларының арасында Айдаровтануға деген алғашқы қадам жасап, таным көкжиегін кеңейтті.

6B01701- Қазақ тілі мен әдебиеті (бакалавриат), 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (магистратура), 6D020500- Филология(докторантура) мамандықтары еліміз бойынша сұранысқа ие. Себебі жыл сайын аталған мамандықтар бойынша оқуға түсушілер саны жылдап артып келеді. Қазірдің өзінде бакалавриаттар саны-375, магистранттар саны-25-ті құрап отыр. Университеттің имиджінің асқақтап, студенттер санының көбеюі - Ақмарал Нұрғожақызының табанды еңбегінің арқасы.

Ақмарал Нұрғожақызы жастарды ұрпақ сабақтастығы рухында тәрбиелеуге үлкен мән береді, осыған орай аталмыш университетте «Дәстүрлі музыка өнері» факультетін ашты. Туған жерінің дәстүрлі, қайталанбас өнерін дамыту бағытында 2023 жылдан бастап студенттер мамандық ала бастады. Ұстазымыздың бұл бастамасы сан жылғы олқылықтың орнын толтырады сөзсіз.

Осы күнге дейін Ақмарал Нұрғожақызы үздіксіз шығармашылық ізденісте. Ол әлемдегі заманауи үдерістерді үнемі бақылап, саралап отырады, ғылыми мақалалар жазады, студенттерді ғылыми конференцияға дайындайды, мәдени-ғылыми тақырыптардағы дөңгелек үстелдерге белсене қатысады. Республикалық, халықаралық конференцияларға қатысуымызға бірден-бір мұрындық болып келе жатқан өз мамандығына жанымен берілген жетекші ұстазымызға алғысымыз көп.

Ақмарал Нұрғожақызы өзінің әріптестеріне деген құрметі мен қарым-қатынасы, жастармен тіл табысу шеберлігі біздей жастарға үлгі. Адамға сарқылмайтын өмірлік энергия, жақсы көңіл күй сыйлауы, кез келген мәселенің тұсында сабырлық танытуы - ұстаз бойындағы маңызды қасиеттер деп айтар едім. Үлгі тұтар ұстазыма шығармашылық табыс тілеймін!

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС, ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ, ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МҰРЫН ЖЫРАУ ТАҒЫЛЫМЫ

А.Н. ОТАРОВА,

Ш.Есенов атындағы КТИУ

Туризм және тілдер факультетінің деканы,

Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ақтау қ., Қазақстан

Жатқа айтатын репертуары бай табиғи таланты күшті жыршылар ел эпосының ең шұрайлы көлемді көркем нұсқаларын жадында ұстай білген. Яғни, заман дамуындағы түрлі өзгерістер мен ұлттық руханиятқа деген түрлі көзқарастар ықпалынан фольклорлық туындылардың, соның ішінде аймақ фольклорының пайда болу, даму, баяулау, тіпті жоғалу жағдайларын басынан кешіргені көрінеді.

Жыршылар жөнінде белгілі фольклортанушы Ә.Қоңыратбаев: “Олар асқан импровизатор, теңдесі жоқ күйші (домбыра, қобыз), яғни музыка өнерінің білгірі, ғажайып орындаушы, заман, ел жайын толғайтын, ойшыл, ұстаз,” [1,46] - деп анықтама береді. Қазақ фольклорын төңкеріске дейін жинап бастырған орыс ғалымдарының еңбектерінде жергілікті ерекшеліктерге мән берілмеген, олар жалпы қазақ фольклорын сипаттап тұтас тұрғыдан түрлі пікірлер тұжырымдаған. Мыс: В.В.Радловтың халық шығармашылығының ұзақ даму жолынан өткендігін, кейінгі кітаби ақындардың ауыз әдебиетіне әсерін байқаған тұжырымдары бағалы. Бірақ ғалым қазақ фольклорының барлығын түгел қамти алмауы себепті Маңғыстау өңіріндегі эпикалық дәстүр жайлы пікір білдірмейді. Маңғыстау өңірінде туған фольклорлық мұралардағы – ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы басым белгі екенін қазақ ғалымдары өз зерттеулерінде түрлі дәрежеде тілге тиек еткен. Бірақ кең ауқымда сөз етуге заман қысымының ықпалы кедергі келтірген.

Белгілі ғалымдар: С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов бұл дәстүрді ел басынан өткерген ірі оқиғалардың себебімен байланыстырады. Сондай-ақ өлкеде ерлік жырлары көп пайда болып, оның халық арасына кең таралып, жетуіне қызмет еткен дәстүрлі ақын-жыршылар ортасының өз дәстүрін ұзақ уақыт үзбеуі де себеп болған.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі халық өміріндегі ішкі-сыртқы шиеленісті жағдайларының бәрі оның фольклорына сәулесін түсіреді. Халықтың дәстүрлі ел қорғау идеясын қайта жаңғыртып, ел қорғаған ерлер жайлы бұрынғы жырлар кең жайылумен қатар, өз дәуірінің ержүрек ұлдарын дәріптеген жаңа сипатты ерлік жырлары туады.

Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы, қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері. Шешендікпен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті күллі қазақ халқына тән қасиет. Бұл тұрғыдан, әсіресе, өлеңші, ақын, халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар, халық әдебиетін жасаушы бұлардың есімі көп жағдайда ұмыт болған, әйтсе де, қайсыбір шығармаларының туу тарихы белгілі бір есімдермен байланыстырылады.

Халық ақындары өз туындыларын әрқашан табан астында суырып салып шығарады. Және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайды. Бұл суырып салған шумақтар сол бойда жатталып, белгілі бір адамның туындысы ретінде біреуден-біреуге жеткізіледі. Қайта

айтушының өзгерістер енгізетіні, авторы неғұрлым ертеде өмір сүрсе, соғұрлым өзгерістердің де көп болатындығы, әрине, табиғи құбылыс. Сондықтан да қазіргі кезде белгілі ақын атына таңылатын шығармалардың да фольклорлық сипаты басым.

Белгілі халық жырлары, поэмалары, т.б. кімнің аузынан тұңғыш рет жазылып алынса, соған таңылады немесе кейбір ақындар қайсыбір нұсқаның соңғы жеткізушісі өзі болғандықтан, авторлықты өздеріне иеленеді.

Мысалы, Қ.Жұмалиев Абылды қазақ жерінің батыс аймағындағы әдеби ортаның ірі өкілдерінің бірі деп бағаласа, М.Әуезов үздік ақын ретінде, Е.Ысмайылов творчестволық дәстүрлері өз заманындағы ақын-жыршыларды үнемі қызықтырып отырған асқан жүйрік импровизатор ақындардың қатарында атайды.

Халық ақындарының дені суырып салмалық қасиетке ие. Импровизациялық өлең айтуда творчестволық үлкен жауапкершілік бар, бұл қасиет ақынның жаратылысында сүтпен кірген, сүйекке сіңген қасиетпен бірге бұрынғы машықты үздіксіз үйренуге, бұрынғы дәстүрді дамытуға төселуге байланысты туып, дамып шындалатын өнер. Талапқа қарай, талғам, тақырыпқа қарай білім керек. Өмірден бейхабар, аймағынан басқа алысты көрмейтін адамнан қанша құйма құлақ зейінді болса да, арқалы ақын шықпайды. Білген адамға көңілінде, творчестволық қиялында толғағы жетіп, күйіне келіп жүрген тақырып болса, ол туралы сұлу да мінсіз, ойлы да өрнекті өлең шығару қиынға соқпайды”. Батыс өңіріндегі ақындардың көпшілігі жазбаша сауаты бола тұра импровизацияға сүйенген. Мысалы, Қашаған өзінің шәкірттеріне “қолма-қол ағыт” деп талап қойса, Ақтанның: “мен – бөгесе бөгет бермейтін Қаратаудың ақпары”, Насихаттың: “арнасы бөгет бермейтін ақпалардың көзімін” деуі, Нұрым мен Аралбайдың, “қолыма қалам алып хат жазғанмын” дегенімен негізгі туындыларын төкпелік дәстүрмен шығарғандығы анық байқалады.

Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстау өлкесінде тау өзеніндей тасқынды жыр төккен ақпа ақын – жыраулар, олардың сөздерін ел арасына таратушы не бір жыршы – термешілер, дәулескер күйшілер, дауысын алты қырдан асырған әншілер өткен. Әр шығармашылық тұлғаның өзіндік құлақ күйі, қол қағысы, музыкалық қолтаңбасы болған. Бірде асқақтап, биік шығатын, бірде сорғалап төмен құйылатын сөз ақын жырының мықты сүйенішіндей. Мысалы, Қалнияз, Мұрын жыраулар Батыс Қазақстан, Ақтөбе маңының, Атырау жағалауының ақындарына тән жорық жырларының сарынын беретін екпінді, атойлы күйлерді тартқан. Мұндай жыр сазын Маңғыстау елінде “жыр күйлер” қарақалпақ, түрікмен жеріндегі қазақтар “жыр сарыны” деп атаған.

Осы жолдардың ішінде ақындық пен жыршылық мұрасы өз алдына бір төбе: Абыл мен Нұрым, Айтуған (Тайұлы) мен Ақтан, Қашаған мен Аралбай, Қалнияз бен Өскенбайды ерекше атағанмыз жөн. Біріншіден, олардың шығармалары халықтық әуенмен көбірек жаттанды болып қалыптасты. Екіншіден, ноғайлық жыр-қиссаларды біздің бұрынғыларға жеткізушілер болды. Суырып салмалық ақындығымен, асқақ жыршылығымен айтыста болсын, сөз өнерін сынасатын алқалы топта болсын халық сынағынан сүрінбей өтуімен осы ақын-жыраулар ерекше бағаланады.

«Қазақтың батырлық эпосын айтып таратушы Ақтан, Нұрым, Қашаған жыраулар осы соңғы аталған дәстүрдің өкілдері. Желілі жырларды желпіте, дамыта айтқандықтан халық бұларды жырау деп те, жыршы деп те атап кеткен». ” [2,85] - Бұл жүйедегі жырауларда заманды тұспалдай айту жоқ, бұлар негізінен ел аузында жатталып келе жатқан, тарихқа байланысты батырлық бейнелерді өзінің сынынан, ой елегінен екшеп өткізіп алып айтатын болған. Жырау бойына тән қасиеттердің көп белгісі маңғыстаулық жыраулар шығармашылығында көрініс тапқан. Жыраулық өнердің мүлде жоғалып кетпей, ақындықпен немесе жыршылықпен сабақтаса дамып, бір кісінің бойынан табылатынына біздің заманымызға дейін жеткен Сәттіғұл жырлары дәлел.

Батыс өңіріне ғана емес, қазақтың эпикалық дәстүрінде оқшау орны бар Мұрын Сеңгірбаев (1860-1952) батыс өлкедегі жайлаған адай еліндегі, көрші қоныс тепкен түрікпен Қарақалпақ елдерінде аты шығып, даңқы жайылған ақындардан жыраулардан, жыршылардан көп тағылым алған. Мұрынның рухани тәлімгері Абыл болғанын, ал Абылға жеткен жырлардың түп-төркіні Сыпыра жырауда жатқанын Қ.Сыдықов айтады: “Өлең жылқы секілді еді, шын жүйрік саулағанда жанға шалдырмайтын... Сөздің мәнісін жыршы біледі. Сен бізден кейін елге жыршы боларсың” [2,125] депті деп Абылдың Нұрымға сенім білдіруі дәстүрді жалғастыруға жауапкершілікпен қарағанын көрсетеді.

Мұрын жыршы ғана емес, өз жанынан тың тақырыпқа өлең шығарып айтқан. Оның үлкен қасиеті – желілі жырларды ұзақ уақыт бойы талмай айтқан және уақығаны шашыратпай, мазмұнын жинақылап, жүйелей, логикалық тұрғыдан бұзбай шебер орындаған. “Мұрынның жыршылығы мен жыраулығы қатар келісімін тапқан, өнердің бір-біріне ұқсас екі басын тең ұстайтын телегей адам еді”.

1942-1943 жылдары Мұрыннан “Қырық мың жол Қырымның қырық батыры” мен Нұрпейіс Байғаниннен “Қобыланды”, “Құбығұл”, “Төрехан” сияқты дастандар жазылып алынған. Бірақ ол кезеңде жыршының талант қуатының жан-жақты ашылуына мүмкіндік те болмаған.

“Қырымның қырық батыры” кейде “Ноғайлы жырлары” деп аталады. Бұл эпостағы кейіпкерлердің көпшілігі Алтынорданың ыдырау, Қырым хандығының орнауы кезіндегі адамдар екендігі жайлы құнды пікірлерді алғаш айтушылардың бірі – М.Ғабдуллин мен Қ.Жұмалиев.

Яғни Сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдан дамытқан ата-баба аманаты Мұрын арқасында бүгінгі ұрпаққа жеткен. Ол телегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден-бір үздік жыршы болды. Алайда, кеңес үкіметі тұсында жазып алуға әрекет жасалғанмен өз дәрежесінде нәтижелі болмаған. Себебі: Нұрпейісше айтсақ: “Түйдектелген, ақындықтың ажары болған түйінді сөз жүйрік ат сияқты тобырлы жерден шығады”. Мұрын жанынан өлең шығарған ақпа-төкпе ақын емес. Ол көбінесе басқа атақты ақын- жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған.

Сондай-ақ ақындық шабыт пен көңіл-күй, түрлі ахуал да ақынға әсер етеді. “Суырып салма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тоқ еткізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды”

Қазіргі таңда зерттеушілер бұл тарихи-қаһармандық эпостың әлемдік деңгейдегі Гомердің “Илиадасы” мен “Одиссеясы” шығыс халықтарының “Мың бір түні”, қырғыздың “Манасы” тәрізді адамзаттың мәдени құндылықтары қатарынан орын алуы тиіс екендігін айтуда. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев, Е.Ысмайлов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Қ.Сыдықұлы, С.Қондыбай т.б. еңбектерінде «Қырымның қырық батыры» жыры әр қырынан зерттеледі. Ғұмырнамалық тұтастануға түскен жыр В.М.Жирмунский, Е.М.Мелетинский еңбектерінде талданған.

Аты аңызға айналған атақты жырау халқымыздың сан ғасыр бойы жинаған асыл мұрасы – рухани қазынасын жаңғырта, жасанта жырлап, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Сонау заманда Сыпыра жырау негізін салған «Қырымның қырық батыры» жырлары кезінде батыс Қазақстан, Атырау бойы өңірінде кең тарап, оны жүйелі жырлау дәстүрі ғасырдан ғасырға ұласқан. Бұл дәстүр әр дәуірде дарынды жырауларды дүриеге әкеліп отырған.

Жоғарыда аталып өткен жыршы- жыраулар осы дәстүрдің дамуына үлес қосқан өнерпаздар. Сол дәстүрді дамытып, біздің дәуірімізге жеткізуші – осы Мұрын жырау.

Ұлы жырау қазақ қоғамының басынан өткен тарихи оқиғалардан әбден құлағдар боп өскен. Ал XIX ғасыр белесінде Маңғыстау өлкесі, Орта Азия, Қазақстан аумақтарын қамтыған қоғамдық өмірдің күнгеі мен беткейі жыраудың жан-жүрегінен, ақыл-ойынан өтіп, қорытынды жасалған. Міне, осындай дүниежүзілік тарихи орта Мұрын жыраудың да азамат, ақын, күрескер ретінде қалыптасу ортасы болған. Бірақ, жырау естіп білгендерін бір құлағына кіргізіп, екінші құлағынан шығарып салушы жай ғана көптің бірі емес. Ол бұларды ақыл елегінен өткізіп, ақылына ақыл қосуға ұмтылған. Сол арқылы ұлы Абайдың “Болмасаң да ұқсап бағына” жүгініп, абыз аталарға ұқсап бағуға ұмтылған. Мұрын батырлық жырларды қандай ұзақ болса да, бір-екі айтқаннан-ақ ауызша үйреніп, жаттап алатын аса зерек, қабілетті кісі болған. Оны өзінше дамытып, тыңдаушыға қызықтыратындай сан түрлі саз-әуенмен жырлап отырған. Ол жыр айтып көптеген жерлерді – Маңғыстаудың ойы мен қырын, Атырау алқабын, Қарақалпақ, Өзбек, Түрікпен елдеріндегі қазақ ауылдарын аралайды. Мұрын өзі айтқандай Хиуа, Бұқар, Байрамалы, Теджент, Көне Үргеніш, Нөкіс секілді отыздан астам қалаларда болып, жыр айтып, атағы жайылған. Мұрын қырық жасқа келгенде жыр айтуды азайтып, өзінің ата кәсібі зергерлік, ұсталықпен айналысады. Бұл кездерде оған Сәттіғұл, Дүйсенбай, Айткүл, Сәду, Өткелбай, Шамғұл секілді ақындар мен жыршылар келіп, жыр тыңдайды.

Қырық екі жыл бойы ұсталық, зергерлікпен айналысқан Мұрын сексеннен асқан шағында жыршылық өнерге қайтадан ден қояды. Ұлы Отан Соғысының қиын күндерінде 1942 жылы Мұрын жырау Алматыға шақырылады. Онда баласы Дәуітбай екеуі бес айдай болып, СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының өтініші бойынша «Қырымның қырық батыры» деген жырдан отыз алты батыр туралы жыр айтып, жаздырады. Төрт батыр туралы жырды 1947 жылы жаздырып жібереді.

«Қырымның қырық батыры» жыры бас қаһарманы қырық бір батыр болатын отыз бес жырдан құралған эпикалық жырлар топтамасы. Үлкен еңбекпен жазып алынған «Қырымның қырық батыры» деп аталатын «Ноғайлы жырлары» қазір Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасында сақтаулы тұр. Қырық батыр туралы жырлар «Ала тайлы Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Ер Қосай», «Манашы ұлы Тұяқбай», «Телағыс», «Айсаның ұлы Ахмет», «Қарға бойлы Қазтуған», «Асанқайғы», «Абат», «Тоған», «Алау», «Әмет», «Төрехан», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Қыдырбайұлы Қобыланды» сияқты батырлар жырынан тұрады. Қырымның қырық батырында» XIY-XVIII ғасырлардағы және одан кейінгі дәуірдегі батырлар жырланады.

Академик Н. Сауранбаев бұл жырларды қазақтың халық болып қалыптасу кезеңімен байланыста қарайды. «Қырық батыр» құрамындағы жырлар әр дәуірде туған. Ел тағдыры сыналған елеулі оқиғалар кезінде жыраулар сол жырларды қайта жаңғыртып, өткен дәуір батырларын өнеге ретінде жырлаған.

«Қырық батыр» жырларында ноғай, қазақ батырларының қалмақ, қызылбас, ындыс-қалмақтар басқыншылығынан елін, жерін қорғауға, өз елінің тәуелсіздігі үшін ерлік күрестері суреттеледі. Ғалым С. Садырбаев байыптағандай, «Қырық батыр» жырларында, әсіресе, батыр өмірінің туғаннан өлгенге дейінгі әр кезеңін нақты суреттейтін өмірбаяндық және тұқым қуалап, үрім- бұтағының бәрі батыр болатын генеологиялық сипат басым». [3,1056].

«Қырық батыр» жырларында өмірде болған адам, ел, жер, су аттары кездесе тұрса да, оған нақты тарихи дерек ретінде қарауға болмайды. Бұрынғы жыраулыр да, Мұрын да тарихта болған оқиғалар мен адамдарды дәлме-дәл өмірдегі қалпында, шындық тұрғысынан көзсетуді мақсат етпеген, олар баба жыраулар арқылы ұласқан көне сюжеттерді халықтың арман-мұраты тұрғысынан қиялға бөлеп суреттеген.

Профессор Р.Бердібаев батырлық жырларды зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып: «Эпостан тарихта ерекше роль атқарған дәл, нақты тұлғалар мен оқиғаларды іздемеу керек, табиғаттың мейірімсіз дүлей күші мен басқыншы жырауларды жеңген, халық ой- санасында қорытылған батырдың жинақы образын іздеу керек», - дейді. [4]. Бұл пікірдің халық эпосына, оның ішінде «Қырық батыр» жырларына да тікелей қатысы бар. Ғалым осы мақаласында «Қырық батыр» құрамындағы «Едіге», «Қарасай, Қазы», «Орақ, Мамай», «Нәрік», «Мұсахан», т.б. жырлардың қай- қайсысы да дәл тарихи дерекке емес, аңызға, ертегілік сюжеттерге негізделгенін жазады.

«Мұрын ноғайлы оқиғасын реалдық сурет деп алмайды, - дейді Ә.Қоңыратбеу, - сол оқиғаларға қазақ еліне тән ертедегі аңыздарды қосып, эпизм стиліне сүйенеді. ... Мұрын тарих емес, аңыз қуады». Расында да, «Қырық батыр» жырларында батырларды ерекше әсерлей суреттеу, жауды да дүлей күш иесі етіп бейнелеу сияқты ертегілік, аңыздық, қиял-ғажайыптық сипаттар басым. Бұл – эпосқа тән жарасымды белгілер, жырдың көркемдік құнын әйгілейтін қасиеттер.

Жырау жасының ұлғаюы, арнайы құнттап жазып алмау нәтижесінде тізімде аталған мұралар түгелдей хатқа түсіп үлгермеген. Себебі, Қашағаннан үйренген «Көрұғлы» туралы жыр әңгіме, Нұрымнан үйренген «Оғыз», «Құлыншақ батыр туралы жырлар», «Араб елінің Рамуз патшасы немесе Қысырау патша туралы жыр, әңгімелер» мұрағат қорларында кездеспейді. Мұның бәрі өкінішті десек те, «Қырық батыр» жырының кейінгіге жетуі аз олжа емес. [5,197].

Қазақ фольклорының алтын қорына “Қырық батыр” сияқты қымбатты қазына алып келген Мұрын жырау еңбегін М.Әуезов, В.М.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, М.Ғұмаров, Р.Бердібаев, Қ.Сыдиықов сияқты ғалымдар жоғары бағалаған.

Ол өз заманында теңдесі жоқ мол жырды зердесінде ұстай білген құймақұлақ орындаушы ғана емес, сонымен қоса үлкен диапазонның ақыны, сөз зергері, суреткер жан. Ол көбінесе басқа атақты ақын- жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған.

Оның бар өмірін «Қырымның қырық батыры», Көрұғлы сияқты жырларды жырлауға арнауының өзі тегін емес. Ұстаздары Нұрым, Мұрат, Қашаған сияқты жыр дүлдүлдері. Атырау, Қарақалпақ, Түрікпен аймағында Мұрын деңгейіне жетпегенмен, онымен бір кезеңде өмір сүрген Мұса мен Сүгір, Өмір мен Айтқұл, Өткелбай мен Дүйсенбай сияқты жыршылар болған. Бұлар да Мұрын сияқты Нұрым мен Қашағаннан үйреніп, Қалнияз бен Қарасайлардан өнеге алған.

“Қырымның қырық батыры” туралы эпопеялық туындысы Мұрынның бүкіл өмірі бойы төккен терінің, үздіксіз творчестволық ізденісінің жемісі. Ғасырлар бойы қырық бір батыр туралы жыр ел аузында шашыраңқы күйде айтылып келсе, аса дарынды тұлға болмаса, қырық бір жыр поэмалардың бәрін біртұтас эпопеялық шығарма деңгейіне жеткізу мүмкін емес еді [6,323]. Міне, осындай аса күрделі де жауапты міндетті орындау Мұрын Сөңгірбекұлының үлесіне тиді.

Мұрыннан кейін жырауды көрген, одан өнеге алған Шадыман мен Жанжігіт, Әлқуат пен Ұзақбай, Құмар мен Назарбек, Сәду мен Сұраубай сияқты ақын, жыршылар елге танылады. Бұл дәстүрді кейін Қобылаш пен Бүркітбай жыршылар жалғастырса, қазіргі Амандық Көмеков пен Масат Аяповтар да осы дәстүрдің ізбасарлары еді. Өмір бойы ерлік, елдікке үндеген батырлық жырлардың рухымен ерекше шабытқа бөленіп, әсем әуен, сырлы саз қанатында самғап келген Мұрын жырау феномені - әлемдік сөз

өнеріндегі ерекше құбылыс, қазақ жыршылық, жыраулық дәстүрінің бірегей болмыс-бітімі деп білеміз.

Эпикалық жыр дәстүрі қарқынды дамыған өлке ретінде Қазақстанның батыс аймағы зерттеушілер назарын бұрыннан да аударып отырды. Маңғыстау жыраулары да басқа жыраулар сияқты өзіне шәкірт ерткен. Шәкірттері өз ұстаздарының шығармаларын халыққа насихаттаумен қатар басқа көрнекті ақын – жыраулардың шығармаларын, эпостық жырларды, қиссаларды орындаған. Маңғыстауда өз алдына жыраулар мектебі бар дейтініміз де осыдан.

Қазақстанның батыс аймағында, оның ішінде Маңғыстау өлкесінде өткен ақын, жыраулардың ішінде Абыл мен Махамбет, Шернияз бен Ақтан, Нұрым мен Сүгір (Мырзалыұлы), Қашаған мен Жаскілең, Нұрпейіс пен Мұрын, Ығылман мен Аралбайдың ақындық, жыраулық, жыршылық таланты өзгелерге үлгі болып, іргелес жатқан Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түрікменстан жыршы, жырауларымен де шығармашылық байланыста болған. Әрідегі жыраулар, олардың берігіректегі Абыл мен Нұрым, Ақтан мен Қашаған, Нұрпейіс пен Мұрын сияқты үлкен таланттар «Қырық батыр» сияқты желілі жырларды тудырса, сондай-ақ мұндай көлемді шығармалар ұзақ жырлауға төселген жүйрік жырауларды қалыптастырды.

Бұның өзі Маңғыстау өлкесінде Сыпырадан басталып, Абылдардан жалғасқан күні бүгінге дейін желісі үзілмей келе жатқан ақындық, жыраулық, жыршылық мектеп, дәстүр бар екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: 1972. – 355 б.
2. Сыдиықұлы Қ. Ақберен. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2007. 576 б.
3. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы: 1977. – 490 б.
4. Бердібаев Р. Эпостың тарихилық мәселесі. – Алматы: 1982. – 490 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Эпос және айтушылар. – Алматы: 1994. – 450 б.
6. Сыдиықов. Қ. Бес ғасыр сөйлейді. – Алматы: 2014. – 392 б.

ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТІҢ МАҢҒЫСТАУ САТИРАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Дуйсалиев А.,
Жеткізгенова М.,
ХББ Назарбаев зияткерлік мектебі,
Ақтау қ., Қазақстан

Қазақ халық әдебиетіндегі уытты сатираға құрылған мағыналы әңгімелер мен шешендік өнер саласына жақын мол әдеби мұраның құндылық қадір-қасиеті өте жоғары.

«Қазақ халқының мақал-мәтелдері, ертегілері мен ертегіден тыс аңыздық прозасында, эпостық жырларында адам бойындағы жақсы қасиеттер мен жаман қылық атаулының барлығы дерлік анық та ашық ұғындырылады. Сөйтіп жас ұрпақтың санасына өнегелі бол деген уағыз сіңдіріліп, жаманшылықтан аулақ болуға үндейді. Осы адам бойындағы кісілікке жатпайтын қылық атаулыдан қашық болуға бағытталған насихатты әңгімелерде де халықтық сатираның ізі де анық байқалады. Халықтың өнегеге толы ауыз әдебиеті мұраларында арзан күлкіге еш уақытта орын берілмейді» [1, 76].

Күлдіргі әзіл әңгімелердің сатиралық, юморлық образдар арқылы жазылып, жарыққа шығатыны белгілі. Әрине, бұл екі образдың ұқсастығы комизмге неізделгендігінде.

Сондай-ақ, кейіпкерлерінің жағымсыз қасиеттерін сынап, мінін көрсету, қылықтарын әшкерелеп, күлкі етуді мақсат еткендіктен кейде юмор мен сатира шығарма ішінде тұтаса бірлесіп кететін тұстары да кездеседі. Дегенмен де юмордың көтерер жүгінің өзгешелігін ашып айтқан ғалым А.Мұсаев: «Юморлық образ – күлкілі бейне. Көп жағдайда күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады. Қоғам тіршілігіндегі кедергі атаулының бәрін күлкімен түйреп, сын садағына алып отырады. Ондағы мақсат – алынған образды жерлеу емес, оны түзету.

Сатиралық образдың юморлық образдан өзгешелігі – онда автор өзі бейнелеп отырған адамына жаны ашымайды, оны өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, қайта мұндай мүскін пенденің болмауын меңзейді. Ол ешуақыт ұнамды фактіге, қуанышты күлкіге негізделмейді. Ал юморлық обарзда автор өзі жазып отырған адамына іш тартатын, симпатиямен қарайтын болғандықтан ол оның жайсыз жағын ғана достық рәуіште іліп-шалып, әзіл-әжуа етіп түзетуді мақсат тұтады» [2,161] – деп, сатира мен юмордың әзіл әңгімелер жанрындағы арасалмағын ашып көрсеткен болатын.

Қазақтың шешендікке, тапқырлық, ділмарлыққа негізделген бай, әзіл күлдіргі әңгімелері көпшілік халық пен көнекөз шежірешілер аузында, ғалымдар қаламында, зерттеушілер назарында болып, ұзақ уақыттар бойы айтылып, жалғасып, жиналып, жарияланып келе жатқан халықтың рухани қазынасы.

Сатира мен юмордың айқын көрінісін беретін, мазмұны мен маңызы келіскен күлдіргі әзіл әңгімелер кезең таңдап, уақыт күттірместен ел арасына таратылып отырған.

Көптеген күлдіргі әңгімелер өсіп келе жатқан жас буынды жат қылықтан сақтандырып, адал еңбек етуге, тапқырлыққа баулиды. Тосыннан тапқырлықпен айтылатын жүйелі сөздер таза ой жүйріктігін талап етеді. Кез келген адамның ойына асқан шапшандықпен келе қоймайтын, қисынын қиыстыра тапқырлықпен, дәлдікпен және айтылуы қажет тұста ауыздан шыққан күлдіргі әзіл әңгімелер ауыз әдебиетінің тамаша бір үлгісі қатарынан саналады. «Жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап» дегеннің кебін киген шабан айтушылардың осы тұста қапы қалатыны да бар. Себебі, ұтырлы ой мен ұтымды жауапты біріктіре беру де үлкен шығармашылық өнер.

Маңғыстау әдебиетіндегі сатира, юмор саласында Сержан Шәкірат, Көмек Ыбыраев, Ерекен Қорабаев, Қыдырбай Тұрмағанбетов, Әзірбайжан Қонарбаевтар үлгілі жанның антиподы – тоғышар, берекесіз, жалақор, дүниеқоңыз, қызғаншак, іші тар, маскүнем тәрізді адами қасиетке жат жандардың образын жасауда шынайы шығармалар бере алған қаламгерлер қатарында деуімізге негіз боларлық тамаша туындылардың авторлары екендігі белгілі.

Сатирик ақын-журналист Әзірбайжан Қонарбаевтың сықақ әңгіме, өлеңдері мен әзіл-қалжыңдары топтастырылған «Түрлі-түрлі Тәнтанай» атты жинағындағы «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесінде күлкілі сюжеттен гөрі, қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жайттардың жекелеген дертті көрінісі басым. Демек, автор туындының өткірлігін, уыттылығын арттыру үшін күлкі шақыратын көңілді көріністерді емес, керісінше, кертартпа құбылыстарды сынай отырып, жоғары моральдық сапаларды нығайту бағытын ұстанған. Әңгіме кейіпкерлерінің диалогтері әшкерелеушілік экспрессиямен беріле отырып, мінездеме оқырман ойымен жасалады. Әрине, «Сатиралық тапқырлық көрсетуде фантазиялық шалықтау, ойдан шығару, ойдан қосу, шарттылық, әсірелеушілік орын ала береді» «Сатира негіздері» [3, 59] – деп, ғалым Т.Қожекеев көрсеткендей, автор аталмыш әңгімесінде екі кейіпкеріне барлық жағымсыз қасиетті үйіп-төгіп таңғаны, олардың жиынтық образ екендігі белгілі.

«Сатира мен юморға объекті біздің өмірімізде жеткілікті. Соларды тап басып, жұртты олардан бездіре, соған қарсы күреске көтере беру үшін нағыз сатира жасау керек.

Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып сілкілейді. Мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Сатираның юмордан өзгешелігі – мұнда қаламгердің өзі сықақпен сілейте сынап отырған адамына жаны ашымайды. Оның кейпін түзеу, өзін өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, керісінше автор мұндай жексұрындық өмірде болмауы керек деген қатал үкімін шығарады; юморда түзету мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ ету мақсаты жатады. Әрине, сатирадағы күлкіде юмордағы күлкідей шындыққа негізделген шынайы күлкі, жасанды қылжақ емес табиғи күлкі болу шарт» [2, 52]

Сонымен «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесіндегі Тәнтәнай мен Ойнакүл мектеп бітіргелі отырған қыздары Мәмпәсиді қай оқуға түсіретіндігін талқыға салады.

« – Ымм, ымм... Дәрігерлік оқуға түсірсек қалай болар екен? Былай жалақысы да, әптәритеті де жаман емес...Тіпті ақылы түріне түсірсек, құдайға шүкір, дорбалаған долларымыз «қызыл диплом» алып бермей ме?» [4, 25]деп, оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған Тәнтәнайдың бар саралы ойы осы боп шығады.

Күйеуінің дәрігерлік оқу таңдағанына долданған Ойнакүлдің бар тапқан тұшымды жауабы: «Табысы тау қопарса да қаршадай жалғыз түйірімді ақсақ-тоқсақтың аяғын сипатып, соқырішекті қасаптатып, ылғи көксау, көк аурулардың ішінде жүргізгенше мен неге өле қалмаймын?!» [4, 26]. Ойнакүлдің осыншалықты өзіне күйінішті әңгімесінен оның психологиясы, өмірге деген көзқарасы, жалпы өзгелерге деген қарым-қатынасы бірден түсінікті болады. Әңгіменің басынан-ақ шайпау, тоғышар әйелдің образы ашылып сала береді. Оқырман осыдан-ақ Ойнакүлден тұшымды пікір мен парасатты ой күтпесі анық.

Автор Ойнакүлдің аузына қызына дәрігерлікті таңдаған күйеуіне мысқылдай « – Иә, жұмыртқа тауыққа ақыл үйретті тағы да!» деген интонациямен көтермелеген сөзді салуы да, ер-азаматтың отбасындағы орнын қадірлемейтін көргенсіздік көрініс арқылы әдеп аулынан алшақ жүрген адуын әйелдің сүйкімсіз образын оқырманына бірден таныстыра кетеді.

Ерлі-зайыптылардың өздерінше бала болашағын болжап, мамандығын тандап беру кеңесінің ішінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, әнші, геолог, ұшқыш, журналист ...мамандықтарының басы шалынады. Тәнтәнайдың осы мамандықтарға қатысты табысы көп, қып-қызыл дүниеге көміліп, қап-қап ақшаның астында қалар айлалы тұстарын тізбелеген сөзіне қарсы Ойнакүл Мәмпәсиіне ауыр тиетін, қиын соғатын тұстарын санамалап шаптыға түседі.

Әке-шешенің ақырғы ойы «Пай-пай, шіркін, бастықтың оқуы болса... Оқуды бітірген бойда күрп етіп отыра кетіп, жұртты бір шыбықпен айдап отырса, ақшаның астында қалса...» [4, 27] деген Ойнакүлдің арманына тіреледі.

Қыздары Мәмпәсиге мамандық таңдап беруде пасық, жымысқы ойдың тізгінін тартпастан, айылын жимастан білек сыбана кіріскен екеудің сөзін бөліп, назарын аудартатын тұсты да автор жағымсыз картинамен береді.

«Нақ осы сәтте түпкі бөлмеден қарақұйрықтың лағындай ойнақши басып, жартылай жалаңаш Мәмпәси шықты. Ернін біресе жазып, біресе жымырып әкесі мен шешесіне еркелей күлді де:

– Әй, мені қай оқуға түсіретін болдыңдар? – деді

– Әңгіме қып жатырмыз, күнішім...

– Мен дискотекадан келгенше шешіп қойыңыздар. Едик күтіп тұр екен. «Платный» оқу жеңіл деседі ғой...

– Сонымен, Мәмпәсижанды қай оқуға түсіретін болдың енді?! – деп Тәнтәнай Ойнакүлге ойлана қарады.

– Айттым ғой әлгінде, бастықтың оқуы болса деп...

– Бастықтың?!.. » [4, 27]

Әдетте, қыз баланың әдемілігін, әсем келбетін, тазалығын беретін «еліктің лағындай» деген теңеудің осы жерде «қарақұйрықтың лағындай» болып өзгеріп келуінде де мазаққа ұшырауға дайын кейіпкер бейнесі көрінеді. Мансап пен жайлы қызмет жолында қандай іс-әрекеттерден де бас тартпауға дайын отырған арсыз әке-шешенің тәрбиесін көрген қыздың болашағынан да көрініс беретін деталь оқырман көз алдына келеді. Оған қоса «жартылай жалаңаш» Мәмпәсидің үстіне киген киімі де аса мәнді емес. Оны елеп жатқан әке-шеше жоқ. Олардың тәрбиесінің басты принципі – ақшасы көп мамандықтың тұтқасына қол жеткізу.

Әңгімедегі сатира поэтикасы – Тәнтәнай мен Ойнакүлдің өмір қызығы мен қуанышын ақшамен өлшейтіндігі, ашкөздігі, тойымсыздығы, топастығы, дүнеқоңыздығы, мансапқа жету жолындағы әрекетінде адамгершіліктен жұрдай қасиеттердің қай-қайсысына дайындығы арқылы көрінеді. «Біздіңше, дүниеқұмарлық дегенің – дүние-мүлік, киім-кешек, әдемі заттар жолында ата-ана, іні-бауыр, апа-қарындас, жора-жолдас, достық, махаббат, рухани жан дүние – бәрін мансұқ ету. Яғни вещизм кісі қадірін білмеу, адамнан дүние құнын артық көру» [5, 142] деген пікірі Мәмпәсилері үшін өліп-тіріліп оқу іздеп, мамандық әлемін шарлап отырған әке-шешесіне бір ғана «Әй» деп мәдениетсіз, дөрекі тіл қатысының өзі ойымызды түйіндеуге негіз болмақ.

Демек, Мәмпәси ар-ұят, намыс, саналы білім туралы түсініктен жұрдай, келешекте ата-ана алдындағы перзенттік парызын өтеуді борыш санамайтындардың санатында тоғышар дүниенің жетегінде кететін жан.

Автордың «– Бастықтың?!..» деп әңгіме соңын лепті кейіп танытып, сұраулы қалыптан аяқтауы да Тәнтәнайдың ішкі жан-дүниесінде күдігі мен күмәнінің жоқ еместігін көрсетеді. Әйелінен ығысып, жағымпаздана ақшасы көп болатын мамандық таңдауы да, ол мамандықтардың жемқорлық жолмен ақша табу ретін санаған бейшара әкенің мүшкіл халін де аңғартып отырады. «Тәнтәнайдың шүңірек көздері лай судың тамшысындай бұлдыр ғана жылтырайды. Оң көзі көкке, сол көзі әйеліне қарайды. Бұл «нервничить» еткен түрі» [4, 25]. «Домаланған төрт бұрышты әйелі сыңси сөйлеп ықылық атты» [4, 25]. Ә.Қонарбаев осы сөйлемдерімен Тәнтәнай мен Ойнакүл бойындағы жағымсыз қасиеттерді оқырманға жиіркеніш сезімін оята отырып, кейіпкерлерінің кескін-келбет, бет-пішіннің де оншалықты онып тұрмағанын көрсетуді ұмытпаған. Деформацияланған, карикатураланған екеудің сырт бейне жаратылысының өзі – автор назарынан тұтас шығарма бойынан ешнәрсе қалыс қалдырмағандығын, сатиралық проза поэтикасының кейіпкер портретін жасауда көркемдігін тұтас сақтағандығын көрсетеді. Тәнтәнай мен Ойнакүлдің образын беруге қысқа ғана портреттеуді шебер қолданған. «Оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған» Тәнтәнайдан жөні түзу ой, жібі түзу сөз шықпасы анық. Ал кейіпкерлерді тура мінездеуді артық санаған автор одан әрі кейіпкерлерінің екеу ара диалогтары арқылы ащы мысқылмен оңбай түйреп отырған.

Маңғыстау әдебиетінде сатиралық-юморлық әңгімелерімен танылған қаламгерлеріміздің бірі – Ереккен Қорабаев.

Ереккен Қорабаев шығармашылығының өнікті саласының бірі – сатиралық-юморлық әңгімелері. Қаламгер бұл жанрда біршама ізденіп, сатирик ретінде де өзіндік қолтаңбасын жасап, стильдік-тілдік мәнерімен ерекшеленіп, айрықша үлгісін сақтай білген. Осы орайда жазушының сүбелі еңбектерінің қатарына «Маңғыстау әзілдері» деген атпен ел арасында ауыздан ауызға тарап, айтылып жүрген күлдіргі әзіл әңгімелерін жинақтаған екі кітабын жатқызуға болады. Аталмыш еңбекті саралай отырып, күлдіргі әзіл әңгімелерден ирониялық бояудың образ табиғатын ашуда, кейіпкер бойындағы моральдық-этикалық сапаларды көрсетудегі қаламгердің оқырман қабылдауына жеңіл, көпшілікке таныс көңіл-күй әлемін аша түскен шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Жылы юмор мен жеңіл әжуаға негізделген әңгімелерінің тілі мен баяндау мәнері анекдот стиліне келеді. Өзіндік ерекшелігі бар, қысқа да ұтымды сөзбен ұтырлы ой беретін жанрға қалам тартқан Е.Қорабаев өзінің айналасындағы таныс адамдар аузымен айтылған күлдіргі әзіл сөздерді әдеби қалыпқа түсірген.

Анекдот – көпшілікке ортақ түсінікті тілмен жазылған сатиралық-юморлық жанрдағы көркем туынды.

«Анекдот (грек. *anekdotos* — жарияланбаған) — қысқа, күлдіргі әңгіме, халықтың фольклор жанры. Басты ерекшеліктері — баяндаудың шындыққа жанасымдылығынан гөрі, тапқырлық танытып, әдейі әзілдеп айту шеберлігі. Анекдот көбінесе нақты адамдар туралы айтылады. Олар екі сипатты, екі ниетті болып келеді. Бір тобы қоғам мүшелерінің жағымды бейнесін, моральдық, психологиялық биік қасиеттерін паш ету мақсатымен шығарылады. Олар ақыл-парасатпен айтылады, күлдіре отырып, қоғамдағы теріс құбылыстар мен адам бойындағы жағымсыз қылықтарды әжуалап, әңгімеге көңілді сипат береді» [6].

Өзі туып-өскен аулынан әзіл-қалжыңдарды тікелей естіп, кейбір күлкі шақырар әрекеттерді көзі көріп, көркем туындыға арқау етер тақырыптардың мазмұнын қаймағы бұзылмаған қалпында таза сақтап, ұлттық уызын бойына мол сіңіріп, сатиралық шығармалар тудырған қаламгер әдебиет әзілқойларының өнегесінен де үйрене отырып, қаламын ұштағандығы О.Әубәкіров сынды сатира саңлағының үлгісімен қоса мен Б.Соқпақбаев сынды майталман жазушы кейіпкерлері қылықтарын өз шығармаларында салыстыру әдісі де ұшырасып отырады.

«Юморлық образды автор адамдардың іс-тіршілігіндегі, тәртібі мен мінезіндегі ұсақ-түйек міндерді игі ниеттен туған зілсіз күлкімен, көңілге қаяу салмас тіл, стильмен береді» [2, 162] деп юморға байланысты айтылған пікірлердің Е.Қорабаев шығармашылығына қатыстылығын аңғаруға болады. Мысалы, көпшілік арасында айтылып қалып, жеңіл де зілсіз күлдіріп көңілдерін ашатын, еріксіз езу тартқызбасқа қоймайтын әдемі сәттер қаламгер назарына іліккен:

«Қыдырбайдың ақындық, актерлік, әншілігімен қатар асабалық өнері бар болатын. Ауылда той болып соған шақырылыпты. Әзіл – қалжыңмен, әдемі сөздермен, әсем әнмен тойды құлпырта басқарып, елді аузына қаратып жүріпті. Ел ішінде не кездеспейді, бір жігіт тойға алдын ала қызып келіп, көп ұзамай құлап қалыпты. Сонда Қыдырбай: «Ерте көктеген гүл, ерте солады» - депті» [7, 161] әңгімесінен эстетикалық әсем әсер алуға да мүмкіндік бар. Бұндағы кейіпкер Қыдырбай Тұрмағанбетұлы әдеби-мәдени салада қызметтер атқарған, қағытпа қалжың, астарлы әзілдерімен жүрген жерін риясыз күлкімен кенелтіп жүретін жан болған. Бірақ тағдыры қысқа ғұмырлы болған Қ. Тұрмағанбетұлы небәрі 38 жасында өмірден өткен. Қыдырбайдың өзі де «Қалжыңдасуға қалайсыз?» атты ұжымдық жинаққа өлеңдері еніп, кейін өмірден өткен соң қаламгер туралы естеліктер мен әдеби туындылары жинақталған «Көңіліңде жүрсем көбірек» және «Шанышқы» атты сын-сықақ кітаптары жарық көрген қаламы жүйрік сатирик.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің арасында: «Ақтау қаласында оқу орны жоқ болғандықтан әне бір жылдары Маңғыстау балалары Атырау, Орал, Алматы асып кететін. Оралдың СХИ-ында оқитын Аман мен Қалдан қысқы семестрін аяқтап қысқа мерзімге елге келіпті. Туған жерге деген сағынышы кеудесіне симаған Аман Ақтауға қарап: - Шіркін, туған жерге келдік-ау! – депті. Жанында келе жатырған Қалдан. – Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер – дептімен» [7, 171] аяқталатын әзіліндегі Қалданның жай ғана ескерту түрінде айта салған «Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер» деуінің өзі жан сүйсінте жадырай күлдіретін тамаша тапқырлықпен тауып айтылған, қуанышты күлкі сыйлайтын сөз. Осы тұста Т.Қожакеевтің адамның жан-дүниесін, көңіл-күйін, белгілі бір болмыс-құбылысқа қатыстылығын аңғартатын күлкі

түрлерін саралаған «Күлгенде шалды да шырайлы көрсететін, кісінің әрін кіргізетін қуаныш күлкісі қайшылықтан, үйлесімсіздіктен тумайды, комизмге негізделмейді. Ол – бірнәрседен ләззат алғандағы, риза болып, қанағат тапқандағы жан сезімнің дыбыс болып сыртқа тебісі, арман-аңсар, тілек-ниетіміздің орындалғанына масаттанғанымыздың, шаттанғанымыздың белгісі, сезімді селт еткізіп, жан жадырататын жақсылыққа адамның жағымды жауабы» [3, 51] деген пікіріне тоқтаған жөн. Ғалым бұдан өзге күлкіні келемеж, комизм, қулық, жандалбасалық, сорлы, қылжақ, ақымақ, жымысқы т.б. деп әрқайсысының атқарар жүгі мен анықтамасын санамалайды.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің көлемі шағын болып келеді. Әңгімелері ықшам формада, айтпақ ойын аз сөзбен-ақ қызықты ситуация арқылы әсерлі жеткізе біледі. Юморға аса қажет ықшамдылық, дәлелділік пен түсініктілік ұғымдарын шебер қолданған. Бұл орайда, қаламгер стиліне лаконизмді басты ұстаным еткендігі байқалады.

Қорыта айтқанда, Маңғыстау әдебиетіндегі юморлық-сатиралық әңгімелер – ең бір құнарлы да көркем жанрдың қатарында саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлықпанова Ә.Ж. «Шебер сатирик, ізденімпаз ғалым»// «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Орал-2023
2. Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: Жазушы, 2012, – 376 б.
3. Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
4. Қонарбаев Ә. Түрлі-Түрлі Тәнтәнай. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2009, – 352 б.
5. Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Монография. – Алматы: Жазушы, 1985. – 288 б.
6. Уикипедия материалдары.
7. Қорабаев Е. Маңғыстау әзілдері. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2016, – 264

АРҚАЛЫ ЖЫРДЫҢ ЖАРШЫСЫ

Жарылғасын З.А.

«№30 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Ақтау қ., Қазақстан

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Ж.Тілеповтің: «Мұрын жырау – берісі казак халқының, әрісі бүгінгі таңда 200 миллионға жуықтап отырған, отыздан астам ұлт пен ұлысты құрайтын бүкіл түркі нәсілдестерінің мақтан етуге лайық, бірнеше ғасырда дүниеге бір рет келетін ерекше жаратылыс иесі» деп анықтама берген тамаша жаратылыс пен ғажап құбылыс иесі – Мұрын жырау Сеңгірбекұлының рухани қазынасы ұрпақтар қорына қосылған баға жетпес асыл мұра» [1, 153] деген пікірі Маңғыстау жыраулық мектебінің дүлдүлдері Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашағандардың жыр көшін ілгеріге ұлылай, ұлықтай жалғаған ұлт мақтанышы Мұрын жырау Сеңгірбекұлы тұлғасына берілген пайымды бағалардың бірі болатын.

Сөз өнеріне қоса, ұсталық, зергерлік өнерді де бойлай меңгерген қабілет-қарымы мол жырауды сегіз қырлы, бір сырлы болған деуімізге негіз бар. Себебі, Мұрын жырау бойында өнерлі, шебер атауына лайықты қасиеттер тоғысқан. Шеберліктің өзі бір өнерді немесе кәсіпті терең танып, іскерлікпен, ептілікпен үйлестіре алу әрекеттері арқылы жүзеге

асады. Әкесі бала кезінен үйретіп, баулыған зергерлікті де игеріп, әдемілік әлемін әрлей білген Мұрын жырау Сеңгірбекұлы бабалар аманатындай рухани қазынаны да ғасырлар көшіне жалғаушы болды. Жырау айналысқан зергерлік те кез-келген жанның қолынан келе беретін өнер емес. Атадан жалғасқан өнер ретінде бойдағы бар қабілетті дамытып, шындап, айналасын қажетті тұрмыстық және сәндік, әшекей бұйымдармен қамтып, көңілден шығатын көрікті дүниелер тудырып отыру да ұқыптылық пен шеберліктің ұштасуын талап етеді.

Жырау шығармашылығына айрықша қызығушылық танытып, рухани мұрасына қамқор жүрек пен ғалымдық зердені тоғыстыра зерделеген Қ.Сыдиықұлы оның зергерлік өнері турасында: «Мұрын жыраудың ата кәсібі – зергерлік, ұсталық. Ол бұл өнерімен 1899 жылы Хожеліден Маңғыстауға көшіп келіп, Форт-Александровск (қазіргі Форт-Шевченко) қаласына орныққасын ғана түбегейлі айналысады. Өзі өле-өлгенше (1954 жылға дейін) тұрған Киров көшесіндегі 76-үйде (кейін 20-үй болып өзгерген) 82-83 жасқа келгенше іс соғады» [2, 23] деп, жырау өмірінің соңына дейін тұрған үйінің ауласындағы ұстаханасына қатысты нақты деректер келтіреді.

Сондай-ақ, бұған қоса ғалым: «Мұрынның атасы Айғыр, әкесі Сеңгірбек, немере ағасы Өмірбек, ағасы Төлеген – бәрі де өмір бойы ұсталық, зергерлік кәсіппен айналысқан. Атасы Айғыр өз дәуірінде жорық, жортуылды кезеңдердің қажетіне орай темір найза, қылыш, жекеауыз сияқты қарулар жасаған. Әкесі Сеңгірбек Мұрынды жас кезінен қасында ұстап, ұсталық, зергерлік өнерге баулиды. Дегенмен, тумысынан өнерге бейім жас өлен, жыр мен ән, күйге құмарта өседі» [2, 14] деп адам баласына табиғатынан дарыған таланттың жарыққа ұмтылысының жырау бойындағы көрінісіне тоқталады. Мұрынның жыршылық өнерді жаны қалап, біржола бет бұруына анасының да ықпалы зор болғандығын ғалым «Талантты жасқа сөз өнеріне деген құмарлық дарытқан алғашқы тәрбиешісі анасы Қалдыкөз (Қалдықыз) болады. Ол ел аузындағы аңыз, әңгіме, ән, жырды көп білген. Өзі білетін бар өнерін баласына үйретіп, оны жеті-сегіз жасынан жиын-тойға ертіп барады» [2, 14] деп, ерекше атап көрсетеді. Қазақ даласына ұлы жыршы сыйлаған асыл ананың қанымен келген киелі өнер ұрпағымен толығып, кемелденген. Демек, зергерлік, ұсталық өнер Мұрынға өз ата-бабасынан келсе, жыр айту өнері нағашы жұртынан дарыған деуге негіз бар.

«Қазақ зергерлері (зер-зар – парсы тілінде алтын дегенді білдіреді) әрқайсысы жеке-дара жұмыс істеп, өз ұсталығын атадан балаға мұра етіп қалдырып отырды» [3].

Бүгінгі таңда жыраудың қолынан шыққан, ағайын-туыс, жұртшылық арасында әлі күнге дейін сақталып қалған тұрмыстық бұйымдары көненің көзіндей жәдігер ретінде аса құнды экспонаттар. «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын» демекші, қолы да, сөзі де алтын жыраудың өміршең мұрасы ұрпақтар жалғастығына мақтанышпен ұласты.

Әлемдік деңгейдегі әдебиеттің ұлы туындылары болып табылатын Гомердің «Иллиадасы» мен «Одиссеясы», араб әдебиетінің орта ғасырлық классикалық шығармасы қатарында аталатын, араб-парсы, үнді халықтарының әр кезеңде туындаған ауыз әдебиетінің үлгілері топтастырылған көлемді «Мың бір түні», мазмұн байлығы мен көркемдік жыр кестесі жөнінен әлем халықтары әдебиетінің алтын қорынан саналатын қырғыздың батырлық эпосы «Манасымен» қатар, рухани құндылық қатарынан орын алуға тиісті «Қырымның қырық батырын» жырлап жеткізген ұлы жыршының есімі аңызға айналар ғасыр табалдырығын аттап, ұрпағына қызметін жалғастырып келеді.

Осы орайда ғалым Серікбол Қондыбайдың: ««Қырымның қырық батыры» – түркі – дала әлемінде «Көроғлы», «Манас», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қорқыт» сияқты жырлармен қатар тұрған туынды. Ал осы жырларды орыстың «Игорь жасағы туралы жырындай», фин, карел, эстондардың «Калевале» жырындай дүниежүзіне танымал ете алмай келе жатқанымыз өкінішті» [4, 45] деген ойлары жыраудың ғасырлар көшіне

ұластырған шығармасының әлемдік деңгейге танытылуда зерттеу, насихаттау сапарын қадағалай, зерделей түсуді қажет ететіндігін нақтылайды.

Батырлық ерлік істердің энциклопедиясы деуге болатын тамаша рухани мұра – «Қырымның қырық батырының» поэтикалық отаны – Маңғыстау екенін дәйекті дәлелдермен нақтылаған ғалым Серікбол Қондыбай: «Осы ғасырдың 40-жылдары қағаз бетіне түскен «Қырымның қырық батыры» деп аталатын жырлар циклі бүгінгі таңда әлемдік мәдениет ескерткіші болып есептеледі. Ал оның ғасырлар тұңғығынан осы заманға жетуі жерлесіміз Мұрын жыраудың еңбегінің арқасында екенін білеміз. ... оның өзінің және «Жырының» ел деңгейінде ғана емес, дүниежүзі деңгейінде танымал болғанын тілер едік» [5, 42] деген арманы Қ.Сыдықұлы, С.Садырбаев, Н.Сауранбаев, Ж.Тілепов сынды белгілі әдебиеттанушы ғалымдар еңбегімен орындалуда.

Ерлік пен елдік жырларын толғап, батырлар әлемінің картинасын көркемдей жеткізген Мұрын жырау шығармашылығы турасында Қабиболла Сыдиқұлы: «Жыр дүниесіне беріле, оның мазмұнындағы қилы-қилы қым-қуыт оқиғаларды өз басынан өткергендей сезіне, тебірене жырлауы Мұрынның тыңдаушы алдындағы абырой-атағын биіктете түскен. Жырға шексіз берілгендік жыраудың осындай көлемді қазынаны жадында ұстауына мүмкіндік берген.

Естігенін есте сақтау жөнінде Мұрын – теңдесі жоқ, сирек кездесетін керемет адам. Мұрынның жыраулық атына орай да айта кетер әңгіме аз емес. Халық қадірлеген айтулы жыраулар ең әуелі ақпа-төкпе, суырып салма ақындығымен танылған. Жырау – табиғат құбылысы, ел өмірі, әлеуметтік мәселелерге ақыл-парасатымен түйін жасап, алдағыны болжайтын көреген абыз» [2, 26] деп, пікірін дамыта, тереңдете түсті. Өмірі ат үстінде, жорық жолында, қым-қуыт соғыс, қырық пышақ қырылыс әрекетте қандай сұлулық болуы мүмкін. Жанқиярлық ерлік күресі суреттеулерінде бірінен бірі өте, тұқым қуалай, ұрпақтар жалғастығы батырлықпен ұласқан батырлардың өмір кезеңін хронологиялық тәсілмен бере отырып, тыңдарманын еліте, қызықтыра отырудағы ерекшелік те өзге шығармашылық тұлғаларда кездескенмен, Мұрын жырау өзіне тән айқындығы басым, жаңылмайтын жаттампаз қасиеттің иесі екендігін дәлелдетіп кеткен тұлға.

Міне, осы оқиға көрінісін тыңдарманына ерекше жағымды әсермен жеткізу де жыршының шеберлігінде. Мұрын осы шеберліктің шыңына шығып, алғыр зейіннің арқасында шежіре заңдылығын бұзбай сақтап, айрықша жарасымға мән беріп, жырдың көркемдік құнын әрлей жеткізіп, қазақ халқының мәдениетіне баға жетпес мұра сыйлап кетті.

Өлкемізден шыққан тамаша ғалым, қайталанбас біртуар тұлға Серікбол Қондыбайдың «Маңғыстау – Мұрын жыраудың отаны, осының өзі өлкеге біршама рухани құқық береді» [4, 45 б] деп мөр таңбасындай айқындаған айшықты пікірінің өзі Мұрын жырау Сенгірбекұлына көрсетілер құрмет пен жасалар игі шаралардың, ауқымды жұмыстардың кезек күтіп жатқандығын меңзегендей. Адамзат қабілетінен ауқымдырақ, шамадан тыс рухани жүк арқалаған қайталанбас талант иесі жыраулықтың шыңына мәңгі ескерткішін соғып кетті. Мұрын жырау тек бір өлкенің, қазақ елінің ғана мақтаны емес, жалпы әлем әдебиетіне жауһарлы рухани қазына қосып кеткен ұлы тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тілепов Ж. Ноғайлы жырлары және Мұрын жырау феномені //халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы\ 8 желтоқсан, 2014 жыл

2.Сыдықұлы Қ. Мұрын жырау және Қырымның қырық батыры. Алғы сөз. //Қырымның қырық батыры// – Алматы: Жазушы, 2005, – 544 б.

3.Мәлімет көзі: <https://jasqazaq.kz/2016/12/26/lty-zergerlik-b-jymdar/> 4.

ПЛАНЕТАНЫҢ ТІЛДІК МОЗАИКАСЫ

(Әлемнің лингвистикалық географиясының құрылымы және дамуы)

Демеев А.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
«Халықаралық қатынастар және туризм»
кафедрасының профессоры,
география ғылымдарының кандидаты
Ақтау к., Қазақстан

Әлемнің лингвистикалық географиясы - бұл тілдер мен географиялық өңірлер арасындағы байланысты зерттейтін ғылым. Бұл бізге тіл мен мәдениеттің әлемнің әртүрлі бөліктерінде қалай өзара әрекеттесетінін және қалыптасатынын түсінуге көмектеседі.

Мақалада әлемнің лингвистикалық географиясының анықтамасы мен тарихы, зерттеулердегі әдістер мен тәсілдер және оның мәдени және әлеуметтік аспектілерді зерттеудегі рөлі, сондай-ақ қазіргі әлемде әлемнің лингвистикалық географиясын қолдану мысалдарын қарастырылады.

Әлемнің лингвистикалық географиясының анықтамасы. Әлемнің лингвистикалық географиясы - бұл тілдер мен географиялық аймақтар арасындағы байланысты және географиялық кеңістікте тілдердің дамуы мен таралуына әсерін зерттейтін ғылым. Ол әлемнің түрлі өңірлеріндегі тілдік формалар мен диалектілердің әртүрлілігін, сондай-ақ олардың әлеуметтік-мәдени маңыздылығын зерттейді.

Әлемнің лингвистикалық географиясы тілдердің кеңістікте қалай таралатынын және өзгеретінін, сондай-ақ олардың басқа тілдермен және мәдениеттермен өзара әрекеттесуін зерттейді. Ол тілдердің дамуы мен таралуына әсер ететін климат, географиялық кедергілер және көші-қон сияқты географиялық факторларды талдайды.

Әлемнің лингвистикалық географиясы сонымен қатар әртүрлі тілдер қатар қолданылатын және бір-бірімен өзара әрекеттесетін тілдік шекаралар мен өтпелі аймақтарды, көші-қон, сауда немесе отарлау нәтижесінде тілдік байланыс пен бір тілдің екіншісіне тигізетін әсерін зерттейді.

Лингвистикалық зерттеулердің негізгі міндеттерінің бірі ежелден тілдік құбылыстарды реттелген жіктеу және белгілі бір тіл бірлігінің нақты лингвистикалық мәртебесін анықтау болды. Бұл міндет әрдайым сәтті шешілмеуі мүмкін, бұл сөзсіз ғылыми әдебиеттердегі даулы жағдайларды егжей-тегжейлі талқылауға, қабылданған жүйелеуге жатпайтын бірліктерді ажыратудың қосымша критерийлерін енгізуге және зерттеушілерді әртүрлі, көбінесе тікелей қарама-қарсы көзқарастарға байланысты топтарға бөлуге әкелді.

Әлемнің лингвистикалық географиясының негізгі мақсаты - географиялық кеңістіктің әлемдегі тілдер мен мәдениеттердің әртүрлілігіне қалай әсер ететінін түсіну. Бұл бізге тілдер мен мәдениеттердің алуан түрлілігін, сондай-ақ олардың географиялық ортамен байланысын жақсы түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Әлемнің лингвистикалық географиясының даму тарихы. Әлемнің лингвистикалық географиясы көне дәуірлерден бастау алатын ұзақ даму тарихына ие. Алайда, ғылым ретінде ол соңғы бірнеше онжылдықта ғана қалыптасып, заманауи мағынада дами бастады.

Ежелгі уақытта адамдар тілдер мен диалектілердің тұрғылықты жеріне байланысты өзгеретінін байқаған. Мысалы, ежелгі гректер мен римдіктер өз империяларының әртүрлі аймақтарындағы диалектілер мен акценттердегі айырмашылықтарды зерттеді. Олар сондай-ақ кейбір тілдер мен диалектілердің бір-бірімен ұқсастықтары мен байланыстары бар екенін білген.

Дегенмен, әлемнің лингвистикалық географиясының нақты дамуы XIX ғасырда басталды. Осы кезеңде ғалымдар әлемнің әртүрлі аймақтарындағы тілдер мен диалектілердегі айырмашылықтарды белсенді түрде зерттей бастады. Олар әртүрлі тілдер мен диалектілердің лексикасы, грамматикасы және айтылуы туралы мәліметтер жинады, сонымен қатар олардың географиялық таралуын зерттелді.

Әлемнің лингвистикалық географиясының дамуына қосқан алғашқы маңызды үлестерінің бірі XIX ғасырда "тіл географиясы" тұжырымдамасын ұсынған неміс ғалымы Фридрих Карл Риттердің еңбегі болды. Ол халықтың тілі мен мәдениеті оның географиялық ортасымен тығыз байланысты деп тұжырымдады.

XX ғасырда әлемнің лингвистикалық географиясы жүйелі және ғылыми пәнге айналды.

Ғалымдар тілдік әртүрлілікті және оның географиялық таралуын зерттеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін жасады. Олар тілдік байланыстар мен әсерлерді зерттеу үшін картография, статистика, мәтінді талдау және басқа әдістерді қолданған.

Бүгінгі таңда әлемнің лингвистикалық географиясы лингвистика, антропология, элеуметтану және география сияқты әртүрлі салаларда дамып, қолданылуда. Бұл бізге әлемдегі тілдер мен мәдениеттердің алуан түрлілігін, сондай-ақ олардың географиялық ортамен байланысын жақсы түсінуге және бағалауға көмектеседі.

Әлемнің лингвистикалық географиясындағы әдістер мен тәсілдер

Әлемнің лингвистикалық географиясы тілдік әртүрлілікті және оның географиялық таралуын зерттеу үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданады. Міне, олардың кейбіреулері:

Картография

Картография - әлемнің лингвистикалық географиясындағы негізгі әдістердің бірі. Зерттеушілер белгілі бір аумақта әртүрлі тілдер мен диалектілердің таралуын көрсететін тілдік карталарды жасайды. Карталар тілдік байланыстарды, халықтың көші-қонын және тілдік әртүрлілікке әсер ететін басқа факторларды талдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Статистика

Статистикалық әдістер әлемнің лингвистикалық географиясында да кеңінен қолданылады. Зерттеушілер тілдер мен олардың таралуы туралы деректерді жинайды, содан кейін заңдылықтар мен тенденцияларды анықтау үшін осы деректерді талдайды. Мысалы, Олар әр түрлі аймақтардағы белгілі бір тілде сөйлейтіндердің санын немесе уақыт өте келе тілдік құрамның өзгеруін зерттей алады.

Мәтіндерді талдау

Мәтіндерді талдау - әлемнің лингвистикалық географиясындағы тағы бір маңызды әдіс. Зерттеушілер лингвистикалық ерекшеліктер мен айырмашылықтарды анықтау үшін әртүрлі тілдердегі мәтіндерді талдайды. Олар әр түрлі географиялық аймақтарда қалай өзгеретінін түсіну үшін тілдің лексикасын, грамматикасын, фонетикасын және басқа аспектілерін зерттей алады.

Тілдік байланыстарды зерттеу

Тілдік байланыстарды зерттеу әлемнің лингвистикалық географиясында маңызды тәсіл болып табылады. Зерттеушілер әртүрлі тілдер мен диалектілердің жанасатын жерлердегі өзара әрекеттесуін зерттейді. Олар кірме сөздерді, тілдердің араласуын және әртүрлі тілдер арасындағы байланысқа қатысты басқа құбылыстарды зерттей алады.

Географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЗ) пайдалану

Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) әлемнің лингвистикалық географиясында да қолданыла алады. ГАЗ зерттеушілерге кеңістіктік координаттарға негізделген тілдік карталар сияқты географиялық деректерді талдауға және визуализациялауға мүмкіндік береді. Бұл тілдер мен олардың географиялық ортасы арасындағы кеңістіктік қатынастарды түсінуге көмектеседі.

Бұл әлемнің лингвистикалық географиясында қолданылатын әдістер мен тәсілдердің бірнешеуі ғана. Осы әдістердің үйлесімі зерттеушілерге тілдік әртүрлілік және оның әлемдегі географиялық таралуы туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді.

Әлемнің лингвистикалық географиясындағы зерттеулердің принциптері мен мысалдары

Әлемнің лингвистикалық географиясы зерттеушілерге тілдік әртүрлілікті және оның географиялық таралуын түсінуге және түсіндіруге көмектесетін бірнеше принциптерге негізделген. Төменде осы принциптердің кейбірі және оларды суреттейтін зерттеу мысалдары келтірілген:

Географиялық кеңістіктік принципі

Бұл принцип әлемдегі тілдер мен олардың таралуы географиялық сипатқа ие деп болжайды. Әлемнің лингвистикалық географиясын зерттеушілер тілдік деректерді олардың кеңістіктік контекстін ескере отырып талдайды. Мысалы, Олар тілдердің географиялық аймақтарға қалай бөлінетінін және бұл таралуға қандай факторлар әсер ететінін зерттей алады.

Зерттеу мысалы: Африкада тілдердің таралуын және олардың климат, географиялық жағдай және көші-қон ағындары сияқты географиялық факторлармен байланысын зерттеу.

Әлеуметтік-мәдени контекст принципі

Бұл принцип тілдік әртүрліліктің әлеуметтік-мәдени аспектілерін ескереді. Әлемнің лингвистикалық географиясын зерттеушілер тілдердің мәдениетке қалай қатысы бар екенін талдайды, белгілі бір аймақтардағы тілдік әртүрлілікке әсер етуі мүмкін әлеуметтік және тарихи факторларды зерттейді.

Зерттеу мысалы: Латын Америкасындағы отарлық мұраның тілдік әртүрлілікке әсерін және оның дін мен тарихи оқиғалар сияқты әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысын зерттеу.

Диакрондық перспектива принципі

Бұл принцип лингвистикалық әртүрлілік пен оның географиялық таралуы уақыт өте келе тілдегі тарихи процестер және өзгерістермен түсіндірілуі мүмкін деп болжайды. Әлемнің лингвистикалық географиясын зерттеушілер тарихи деректерді талдайды және тілдердің бұрын қалай дамып, таралғанын зерттейді.

Зерттеу мысалы: үнді-еуропалық тілдердің тарихи дамуы мен таралуын және олардың көші-қон қозғалыстарымен және мәдени байланыстармен байланысын зерттеу.

Тілдік және географиялық факторлардың өзара әрекеттесу принципі

Бұл принцип лингвистикалық әртүрлілік пен оның географиялық таралуын лингвистикалық және географиялық факторлардың өзара әрекеттесуімен түсіндіруге болатындығын болжайды. Әлемнің лингвистикалық географиясын зерттеушілер тілдердің географиялық ортамен қалай әрекеттесетінін және олардың бір-біріне қалай әсер ететінін талдайды.

Зерттеу мысалы: географиялық ортаның тілдің фонетикалық және лексикалық ерекшеліктеріне әсерін зерттеу, мысалы, қоршаған ортаға қатысты белгілі бір дыбыстар мен сөздердің болуы.

Бұл әлемнің лингвистикалық географиясындағы зерттеулердің кейбір принциптері мен мысалдары ғана. Осы принциптердің үйлесімі зерттеушілерге тілдік әртүрлілік пен оның әлемдегі географиялық таралуы туралы тереңірек түсінік алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде әлемнің лингвистикалық географиясын қолдану

Әлемнің лингвистикалық географиясы қазіргі әлемде қолданудың кең спектріне ие. Бұл тілдік және мәдени айырмашылықтарды, сондай-ақ олардың қоғамға және адамдар арасындағы өзара әрекеттесуге әсерін жақсы түсінуге көмектеседі.

Міне, әлемнің лингвистикалық географиясын қолданудың негізгі бағыттары:

Тілдік өзгерістер мен эволюцияны зерттеу

Әлемнің лингвистикалық географиясы тілдік өзгерістер мен эволюцияны зерттеуге көмектеседі. Біз тілдердің уақыт өте келе қалай өзгертінін және бұл өзгерістердің географиялық факторлармен қалай байланысты екенін зерттеуге болады. Мысалы, біз әртүрлі диалектілердің әртүрлі аймақтарда қалай дамитынын және олардың ұлттық тілдердің қалыптасуына қалай әсер ететінін зерттей аламыз.

Тілдік байланыстар мен әсерлерді зерттеу

Әлемнің лингвистикалық географиясы бізге тілдік байланыстар мен әсерлерді зерттеуге көмектеседі. Біз әртүрлі тілдердің әртүрлі аймақтарда бір-бірімен қалай әрекеттесетінін және оның тілдік өзгерістер мен эволюцияға қалай әсер ететінін зерттей аламыз. Мысалы, Біз ағылшын тілінің әртүрлі елдердегі басқа тілдерге қалай әсер ететінін және олардың лексикасында, грамматикасында және айтылуында қалай көрінетінін зерттей аламыз.

Тілдік мұраны жоспарлау және сақтау

Әлемнің лингвистикалық географиясы тілдік мұраны жоспарлау мен сақтауда да практикалық қолданысқа ие. Шағын тілдер мен жойылып бара жатқан диалектілердің қауіп-қатерлерін зерттеуге болады және оларды сақтау стратегияларын жасау мүмкін. Мысалы, біз қандай тілдерге қауіп төніп тұрғанын және оларды сақтау және қалпына келтіру үшін қандай шаралар қолданылуы мүмкін екенін зерттей аламыз.

Әлемнің лингвистикалық географиясын салыстыру кестесі

Аспект	Анықтамасы	Мысал
Анықтама	Тілдер мен географиялық аймақтар арасындағы байланысты зерттеу	Әр түрлі аймақтардағы диалектілердің таралуын зерттеу
Даму тарихы	Лингвистикалық географияның ғылым ретінде пайда болуы және дамуы	Отарлаудың тілдік өзгерістерге әсерін зерттеу
Әдістер мен тәсілдер	Тілдік өзара әрекеттесуді үйрену үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану	Әр түрлі аймақтардағы лексикалық және фонетикалық ерекшеліктерді талдау
Зерттеудің принциптері мен мысалдары	Лингвистикалық географиядағы зерттеулердің негізгі принциптері мен мысалдары	Көші-қонның тілдік өзгерістерге әсерін зерттеу

Аспект	Анықтамасы	Мысал
Мәдени және әлеуметтік аспектілерді зерттеудегі рөлі	Лингвистикалық географияның мәдени және әлеуметтік аспектілерді зерттеуге әсері	Тіл мен халықтың болмысының байланысын зерттеу
Қазіргі әлемде қолдану	Қазіргі әлемдегі лингвистикалық географияның рөлі	Жаһанданудың тілдік өзгерістерге әсерін зерттеу

Жалпы, әлемнің лингвистикалық географиясы тілдік және мәдени айырмашылықтарды, сондай-ақ олардың қоғамға және адамдар арасындағы өзара әрекеттесуге әсерін зерттеуде маңызды рөл атқарады. Бұл бізге әлемдегі тілдер мен мәдениеттердің алуан түрлілігін жақсы түсінуге көмектеседі және тілдік мұраны сақтау мен зерттеуге ықпал етеді.

Әлемнің лингвистикалық географиясы қазіргі әлемде, соның ішінде білім беру, саясат және мәдениетаралық өзара әрекеттесу сияқты салаларда кеңінен қолданылады.

Ареалды лингвистика (лат. *area* - алаң, кеңістік) - тіл білімінің лингвистикалық география әдістерін қолдана отырып, тілдік құбылыстардың кеңістіктік ауқымда және тіларалық (диалектараралық) өзара әрекеттесуде таралуын зерттейтін саласы. Өзара әрекеттесетін тілдердің (диалектілердің) фактілерін ареалды сипаттаудағы айқындаушы қағида оларды фронтальды қамту болып табылады.

Ареалды лингвистиканың негізгі міндеті - тілдік ерекшеліктердің аумақтық таралуын сипаттау және изоглоссты түсіндіру. Нәтижесінде диалектілердің, тілдердің және ареалды қауымдастықтардың - жалпы құрылымдық белгілермен сипатталатын тілдік одақтардың өзара әрекеттесу аймақтары (ареалдары) анықталады.

«Кеңістіктік/аймақтық лингвистика» терминін алғаш рет М.Дж. Бартоли мен Г.Видосси (1943) енгізді, бірақ оның негізгі қағидаларын 1925 жылы Бартоли әзірледі. Ареалды лингвистика лингвистикалық география және диалектологиямен тығыз байланысты. Ол құбылыстардың арақатынасын, олардың бірқатар тілдерде таралу бағыты мен ауқымын зерттейді, ал диалектология жеке тілдің құрылымын оның аумақтық нұсқасында сипаттайды. Сонымен қатар, диалектологиялық зерттеулер ареалды лингвистиканың нақты негізі болып табылады.

Ареалды лингвистиканың орталық ұғымы - тілдік немесе диалектілік ареал, яғни жеке лингвистикалық құбылыстар мен олардың жиынтықтарының таралу шекаралары.

"Ареал" термині тілдер мен тілдік қауымдастықтардың (үндіеуропалық ареал, славян ареалы, түркі ареалы және т.б.) таралу шекараларын белгілеу үшін де қолданылады. Ареалды лингвистикада синхронды және диахронды сипаттама жоспарларының арасындағы айырмашылық айтарлықтай. Диахроникалық аспект пролингвалды жағдайдың бөліну ареалдарын және сонымен бірге пайда болатын диалектлер арасындағы конвергенцияларды анықтауға бағытталған.

Бұл жағдайлар (жалпы үндіеуропалық, жалпы славяндық, жалпы түркі және т.б.) ареалды лингвистика тұрғысынан тілдік құрылымның әртүрлі деңгейлерінде қиылысатын изоглосстармен шектелетін генетикалық байланысқан диалектілердің лингвистикалық үздіксіз кеңістігі ретінде түсіндіріледі. Синхронды жоспар бір хронологиялық бөлімде диалектаралық байланыстар мен ареалды сәйкестіктерді орнатумен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Трубецкой Н. С. Фонология и лингвистическая география, Избранные труды по филологии. - М., 1987;
2. Немировский М. Я. Лингвистическая география и её значение, «Известия Горского педагогического института», т. III, Владикавказ, 1926
3. Атлас русских народных говоров центральных областей к востоку от Москвы. Под ред. Р. И. Аванесова. М., 1957;
4. Бородина М. А. Лингвистическая география в Романии (учебно-методическое пособие для студентов КГУ) Кишиневский университет, 1966;
5. Эдельман Д. И. Основные вопросы лингвистической географии. М., 1968;
6. Ареальные исследования в языкознании и этнографии / Под ред. М. А. Бородиной. Л., 1977;
7. Лингвистическая география, диалектология и история языка / Под ред. Р. И. Аванесова, О. А. Князевской. Ереван, 1976.
8. Иванов В. В. Лингвистическая география // Лингвистический энциклопедический словарь. - М.: СЭ, 1990. - С. 268-269.
9. Кибрик А. Лингвистическая география, Кругосвет

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕҢК

Камелова М.С.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Көп тілді білім беру факультеті,
Магистрант
Атырау қ., Қазақстан

Көркем шығарманың жазылу нысаны оқиғаға, адамдарға және олардың арасындағы қарым-қатынасқа құрылатындықтан, түрлі эмоцияларға бай келеді. Қазақ әдебиетіндегі психологизм иірімдері ежелгі дәуірден кездеседі. Фольклордағы тұрмыстық жырлардың қай-қайсысын алып қарасаңыз да қуану, мұңаю, көңіл білдіру, әзілдесу, ақыл айту, көңіл көтеру секілді тұрмыстық қарым-қатынас формаларына құрылған. Бір ғана «Қыз Жібек» жыры жанның нәзік те сұлу болмысын жырласа, эпостық жырлардағы қаһармандық бейне жанның рух тұрғысынан шарықтауын сипаттайды.

X-XII ғасырларда ислам дәуірінің өркендеуі кезінде М. Қашқари, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Йассауи, Әбунасыр әл-Фараби, Сүлеймен Бақырғани, А.Йүгүнекилер адам жаны, оның болмысы, қыр-сыры жөнінде құнды пікірлер айтып, қоғамдық ойдың дамуына едәуір үлес қосты.

Әдебиеттің әр дәуірінде психологизм өзінше дамып, өзгеріп отырды. Мәселен, жыраулар поэзиясында психологизм «ішкі мен», асқақ рух, өршіл намыс, өткір сөз, адуынды мінез, алып күшпен сипатталса, ілгері қарай ішкі психология мықтылықтан нәзік жанға үңіле бастады. Көркем шығармадағы психологизм заман шындығымен, қоғам сипатымен, адам болмысымен параллель дамиды.

Абай шығармаларының дәуірінде психологизм өзінше сипат алып, көркем шығармада өрнектелу шеберлігі жаңа тәсілдермен толыға бастады. Мәселен, Абай шығармаларындағы психологизмді жан-жақты зерттеген Қ. Жұмалиев адамның басынан өткендерін, күйіншіні, сүйінішін, нәзік жанын бір адамдай сезіне жырлап, дәл һәкімдей дөп түсіп, тот басып таныған қаламгерлер жоқтың қасы деп баға береді. Сонымен қатар ғалым Абай

шығармаларындағы психологиялық шеберлікті берудің авторлық жеке қолданысы ретінде монолог және психологиялық параллелизм әдістерін атап көрсетеді.

Көркем әдебиетте психологизм құбылысының күрт күшеюі, эстетикалық жетілуі ХХ ғасырда айқын көрініс ала бастады. Жоғарыда атап өткеніміздей, психологиялық реңктің ашылуына қоғамдағы объективті шындық, қарама-қайшылықтар түрткі болады. Психологизмнің көптүрлі формаларын қолдана отырып, әдебиет көркем шығармадағы сезім күйлеріне анализ жасауға, эмпатиялық, интуициялық сезімдерді өткеруге, салыстыруға, қорытынды жасауға мүмкіндік алады.

ХХ ғасыр қазақ әдебиеті қоғам көзқарасы қысымынан жапа шеккен әйел тағдырын, ішкі жан-күйінішін суреттейтін Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», С. Көбеевтің «Қалың малы», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», С. Сейфуллиннің «Айшасымен» толықты.

Көркем шығармадағы психологизм проза жанры арқылы қарқынды дамыды. Ж. Аймауытов, Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов, Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, Д. Исабеков сынды жазушылардың психологизмді беру шеберлігі бір-бірін қайталамайтын, авторлық жеке стиль түзеді. Көркем шығармадағы психологизм құбылысына отандық, шетелдік ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғылымға «психологизм» терминінің енуіне австрия ғалымы З. Фрейд көп күш жұмсады. Көркем шығармадағы психологизм мәселелері жөнінде орыс ғалымдарынан М. Бахтин, Л. Выготский, А. Есин, қазақ ғалымдарынан А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Қ. Жұмалиев, М. Қаратаев, З. Қадолов, Б. Майтанов, З. Бисенғали, Г. Пірәлиева секілді ғалымдар зерттеуге атсалысты.

Психологизм – өмірдегі шындық пен көркем шындықтың арасында өрбіп, өсіп, дамиды деп әдеби күрделі процесс. Психологияның прозада берілу аясы поэзияға қарағанда кең. Прозадағы психологизм адамның ішкі жан дүниесінің қырлары мен сырларын ашуға ұмтылады. А. Есин өзінің зерттеу еңбектерінде көркем шығармадағы психологизмді анықтау үшін оның әр кейіпкерімен жеке-жеке сұқбат жүргізу қажеттігін баса айтады. Г. Пірәлиева «Психологиялық прозаның басқа прозалардан айырмашылығы – адам баласына тән жан құбылыстарын, ой толғауларын ішкі және сыртқы сезім түйсіктері негізінде терең саралап, «ойға ой, көңілге күй» сала отырып толғай және толғана білу» деп пікір білдіреді [1].

Дулат Исабеков шығармаларындағы психологизм әртүрлі реңктер арқылы көрініс табады. Көркем әдебиетте психологиялық реңктің тарақтары жетерлік. Автор ұлттық таным мен рухани тәрбиеге, соның ішінде адамгершілік, әр мәселелерін шығармаларына арқау етеді. Дулат кейіпкерлерінің тағдыры ауыр оқиғаларға құрылып, шығарманың соңғы сәтінде психологиялық тәсілдер арқылы монолог, синтаксистік параллелизм, диалог арқылы шешімін табады. Бұл – Д. Исабековтің жеке жазушылық стилі.

Д. Исабековтің «Пері мен періште» шығармасында бір үйдегі екі түрлі көзқарас, екі түрлі арман-мақсаттың жетегіндегі бір үйдегі екі адамның, яғни ерлі-зайыптының психологиялық қарама-қайшы іс-әрекеттеріне құрылады. Повестте пендешілік пен кеңшілік, тоғышарлық пен қанағат психологиялық сезімдері қатар көрініс табады. Шығарма тағдыр тауқыметін көп тартқан Құлахмет пен өз қалауларын білмейтін, әйтеуір бір кем дүние жетегіндегі әйелі Сафураның арасындағы оқиға желісіне құрылған. Оқиға шығармадағы қосалқы кейіпкердің үшінші жақ баяндауында жазылған. Құлахмет пен Сафура – бұрын-соңды қазақ әдебиетінде бой көтермеген тың құбылыс. Кемтар Құлахметтің бар ойы бүгінгі күніне шүкіршілік етіп, сүйген жары Сафура мен жалғыз қызынан айырылып қалмау. Оларға тірісінде бар мейірімін шашып, қамқор болу. Ал сұлу Сафураның өмірлік ұстанымы өзгеше. Ол өзінің өмірдегі бағасын биік деп санайды және тиісінше өз орнын белгілегісі келеді. Ішкі талап алға ұмтылғанымен, Сафура өмірден өзіне

не аларын білмеді. Автор шығарма соңында пәтерші жігіттің монологумен Сафураның отбасына қайта оралуымен аяқтайды:

«Сегіз айға созылғанмен ғасырдай боп көрінген айырылысудан кейін ерлі-зайыптылар осылай жолықты. Екеуі де көздеріндегі аққан ыстық жасты сезбеді. Бұл оларды ар күнә, кемшіліктер мен қателіктерден тазартып, жаңа отбасылық өмірге дайындап жатқандай көрінді маған. 38 жыл ғұмырының ішінде соңғы 8 ай Сафура ар сабағында аяусыз сыналды. Ол енді ұқты. Парасаттылықтың адам мақсатынан, қалауынан биік екенін. Оның ендігі арманы қалған ғұмырында жары мен қызын сүйіспеншілік пен махаббат мейіріміне бөлетіп өту. Ал Құлахмет... Оның ендігі өліп кетсе де арманы жоқ».[2] Осы бір монологта автор адам ойларының, сезімдерінің жан арпалысын, уақыт пен кеңістіктің бір-біріне сыя алмай, жанталасуын әдемі жеткізген.

Жазушының жеке стилінің ерекшелігі – шығармада монологтарды шебер қолдану арқылы, шешім табу. Дулаттың қай шығармасын алып қарасақ та монолог өз орнын табады. Автор шығармаларында монологтың функциялары сан қырлы болып келеді: монолог – сезіну, сағыну, ойлау, өкіну, түсінісу, жақсы көру, жек көру, ұмыту, қайта оралу секілді түрлі сезімдердің эстетикалық тұрғыда көркем берілуін қадағалайды.

Д. Исабековтің «Сүйекші» шығармасы – әлеуметтік теңсіздікті растайтын, феодализмдік саяси өмірдің шындығын көрсететін туынды. Шығармада байлардың кедейлерге үстемдігі, әлділердің әлсіздерге әлімжеттігі ашық баяндалады. «Сүйекші» повесінің басты қаһарманы – Тұңғыш. Ол шығармадағы басқа да кейіпкерлер көзінде үндемейтін, момын, бар-жоғы білінбес шаруа адамы ретінде суреттеледі. Ал автор адамдардың Тұңғышқа аяушылық көзбен қарауын сынайды. Жазушының айтпағы: ол да адам, оның да өз арманы, өмірге деген махаббаты, қуанышы, реніші, мұңы болады. Тұңғышты сол бір үндемес мінезіне, кедейлігіне бола сонша басынуға болмайды. Адам адамнан байлық, мінезбен озбайды, ар-ұят, адамгершілік қасиеттермен жоғары болады.[3] Шығармада Тұңғыштың жақтастары да табылады. Өмекей – Тұңғышты қорғаушы, Диуана кемпір – оны ажалдан аман алып қалған құтқарушы, аты белгісіз ноғай – ең алғаш кәсіпке үйретті. Тұңғыш өте алғыр, үйреткенді лезде қағып алып, оны кәсіп ете біледі. Адамдар да оның алғырлығын, елден еректігін байқап, түрлі алдау-арбаудың қармағына оңай іліктіреді.

Дулат Исабековтің «Сүйекші» повестінде тек өз заманының ғана емес әр замандағы адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық концепциялары сөз болады. Әлем ойшылдары Ф.Кафка мен Ж.Сартрдың жеке тұлғаның өз тағдырына қатыссыздығы және өз өміріне параллель өмір суруі тәрізді идеялары негізінде туды деуге болады.

Дулат Исабековтің «Талахан-186» әңгімесі туралы біршама тұжырымдар, пікірлер айтылды. Бір оқып шыққан адамға еріншек қазақтардың болар -болмасты сөз қылған пайдасыз тірлігінен хабар берер әңгіме сияқты көрінгенімен, зер салған оқырман Кеңес үкіметі тұсындағы әлеуметтік қоғамдық тоқыраудың адам психологиясына, ұлттық менталитетке еткен әсерін, яғни, рухани тозған кейіпкерлер іс-әрекетін бағамдары сөзсіз. Автор бұл әңгімесінде бүгінгі күн, өмір шындығынан ауытқымайды. Осы туындыдан біздің қоғамның барлық кемшілігі, қасіреті айқын көрінеді.[4] Қаламгер шығармасында «мына әдеттен без, мынаны үйрен» дейтін жалаң дидактика жоқ, тіпті ешқандай тұжырым да айтылмайды. Өйткені айтарлықтай оқиға да жоқтың қасы, әңгімеде тек шындық, өзгеріске ұшыраған ұлттық болмыс көрінеді. Жалпы жазушы өзінің уытты тілі арқылы аңқау да бейғам қазақ ауылын суреттегені анық болғанымен, оның әңгімесінің негізгі арқауы – сол замандағы рухани дағдарысқа ұшыраған қазақы орта, ұлттық танымның бүлінуі.

Жазушының «Қара шаңырақ» әңгімесі - ұлттық мінездің негізі ауылмен байланысты екенін тағы бір аңғартатын туынды. Жаппай қалаға көшу, ауылда қалған ата-баба қонысы, үлкен үй саналатын қара шаңырақты күзетіп шал мен кемпірдің қалуы қазақ даласына енген рухани және материалдық өзгерістердің ұлттық менталитетке тиген әсерін айқындай

түскендей. Қазақы қара шаңырақтың қасиетті белгісі – бесіктің жастар қолданысынан шығып бара жатқанына деген қынжылысты сезінесіз [4]. Немесе ұлттық мінездің заман өзгеруімен түрленгенін Есіркептің әкесіне: « Көке, сіз демала беріңіз, біз тамақ даярлап жіберейік,» – деуінен тағы бір аңғаруға болады. Қазақ халқында қашан да ер-азамат қазан-аяққа араласпаған, бұл отбасы анасының еншісіндегі дүние екені ықылым заманнан белгілі. Міне, қаламгер осындай кішкентай эпизодтарды шым-шымдап әңгімеге енгізу арқылы қазақы ұлттық мінездің өзгерісін көз алдыңызға әкеледі. Қазір біздің қоғамда үйреншікті болып кеткен әрбір іс-әрекеттің тарихи салт, әдет-ғұрып емес, кейіннен таңылған құбылыс екенін үнемі есіңізге салады. Атақонысқа ие болу, қасиетті қара шаңырақтың отын өшірмеу ер-азаматтың міндеті емес пе еді? Әңгіменің «Қара шаңырақ» аталуы да тегін емес. Қара шаңырақтың иесі саналатын үйдің кенжесі Есіркептің: «Кішкентайды бала бақшаға орналастырамыз», - дегені Шәмшібай қарттың үмітін үзіп, жігерін құм қылды. Бұның өзі – қазақ ұлтындағы ұрпақ тәрбиелеп, өсіруде ата – әже орнының жоғалып бара жатқанының көрінісі. Жастайынан әже әлдин, ата ертегісін, ұлағатты сөзін тындамай өскен ұрпақтың бойында ұлттық менталитеттің, қазақша айтқанда, ділдің берік болуы – екіталай нәрсе. Бұл да – «балаларын өскенше, немерелерін өлгенше бағатын» қазақтың ата-әжелерінің бейнесін толықтыра түсетін әңгіме.

Д.Исабеков шығармаларындағы психологиялық реңк жан-жақты сипатталады. Оларды сипатталу мазмұнына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырсақ болады:

- 1) ұлттық реңк;
- 2) моральдық реңк;
- 3) эмоционалды-экспрессивті реңк;
- 4) ым-ишаралық реңк [5].

Ұлттық реңк – автор шығармаларының өзегі. Қазаққа тән таным, түсінік, ұлттық мінез, ұлттық рух, ұлттық келбет Дулат шығармаларында ерекше көрініс береді. Ұлттық реңк қазақ қоғамындағы ұлттық кодты сақтауды насихаттайды. Мұндай ұлттың басқалардан өзгешелейтін, өрнектейтін ерекше психологиялық мінезі, танымы суреттеледі.

Моральдық реңк жалпыадамзатқа тән игі жақсы мінез бен қасиетті, іс-әрекетті сынайды, оқырманына үлгі етеді. Моральдық реңк ақ пен қара, ар мен намыс, ұят пен қылмыс, пендешілік пен адамгершілік секілді кереғар психологияны қамтиды.

Эмоционалды-экспрессивтік реңк шытырман оқиғалар немесе юмор арқылы танылады. Өртүрлі психологиялық тәсілдер арқылы белгілі бір деңгейде адамның көңіл-күйін тудырады.

Ым-ишаралық реңк ешқандай диалог, монологсыз, яғни адамдардың тіл арқылы коммуникациясына негізделмей, әртүрлі іс-әрекеттеріне байланысты құрылады. Іс-қимылдар да ақпаратты тасымалдай алады. Ол лингвистикада семиотикалық таңбалар деп аталады. Ым-ишаралар көркем шығармада психологиялық ахуал қалыптастыра алады.[5]

Әдебиеттің негізгі объектісі – адам болмысының сан қырлы құпиясын ашуда қарымды қаламгер психологизм үрдісінің өзіне тән айшықтарын қалыптастырған. Адам жаратылысындағы ішкі-сыртқы қасиеттердің көркемдік мәнін түрлендіре, құбылта көрсету жолымен өз кейіпкерлерінің жан әлемін жарқырата көрсетіп, оқырман жүрегіне бойлай білу – қаламгердің ұшқыр жазу саясаты. Бет-пішін, көздің жан-дүние сырын танытудағы түрліше рөлі әр шығармасында әрқилы мән иеленген. Портрет сомдаудың ежелден келе жатқан сүрлеуімен кетпей, өзіндік қолтаңбасын бұл тұрғыда да бедерлей білген. Сондай-ақ пейзаждың түрлі сипаттағы қолданыстары да өзіндік ерекшелігімен көңіл аудартады. Жағымды, жағымсыз эмоциялық хал-күйлердің алуан түрлі сипатына үңілу арқылы суреткер кейіпкер тұлғасын сомдаудың өзгеше өрнегін көрсете білген деуге болады. Ал ыммен-ишараның, түрлі дене қозғалыстарының кейіпкер сөзі мен қарым-қатынасы да қаламгердің өзіне ғана тән кейіпкерлерінің болмысын айқындайды. Әр кейіпкерінің аузынан шыққан

сөзіне аса зор ыждахаттылықпен қарайтын қаламгер диалогтық қолданыстардың да көркемдік мәнерін өзінше кестелеген. Ол бірде ұзақ, бірде өте қысқа сипатта көрінсе де кейіпкердің жан-дүниесін ашудың кілті ретінде көрінеді. Психологизм сипаттарының мол көрініс табуы, әрі олардың жазушы көздеген мақсатқа жымдаса жұмылып, шығарманың көркемдік көкжиегін кеңейтуде бір тұтастықта қызмет атқаруы жазушылық қарым-қабілетті талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003
- 2 Исабеков Д. 2-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1993
- 3 Исабеков Д. Сүйекші. – Qasym баспа үйі, 2021
- 4 Дулат Исабеков. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Айғаным баспа үйі, 2014
- 5 Страхов Н. Психологический анализ в литературном творчестве. Саратов. 1973.

ӘНЕС САРАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҚ («Әжем туралы әңгімелер»: «Үкілі қыз», «Шәуіш қатқағы», «Жанжал», «Сүзек» бөлімдерінен түйген түйнектей ойлар)

Бисенова А.А.

Филология БББ 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: «Қазақ филологиясы»
кафедрасының профессоры Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Романшылық өнердің хас шебері (мысалы «Еділ – Жайық», «Тосқауыл», «Атырау» романдары), сондай-ақ тарихи-ғұламалық зердемен, білімпаздықпен пайымдаған «Көнеліктер», «Ноғайлы», «Асылдың сынығы», «Мұхаммед пайғамбардың өмірі», «Исатай мен Махамбет», «Бес мейрам» дейтін кесек-кесек зерттеулері – сөз зергері Әнес Сарайдың интеллектуалдық-шығармашылық, суреткерлік, тарихшылдық әлеуетін танытады. Өйткені «адамның жан қуаттарын жетілтуге, ақыл көзінің шарасын ұлғайтуға», «жұртын, айбарын берекелі, айбарлы қылуға» қабырғалы қаламгердің тарихи деректер негізінде жазылған - туындылары ұлттық, патриоттық, стратегиялық идеяларға бай.

Мыңжылдықтардың еміс-еміс жаңғырығын, дауысын естіп, дәйектілікпен қорытып жеткізген, сандаған дәуірлерді ауқымды оқиғаларымен, жойқын қан кешулерімен, даңқы мен абыройы жер жарған қаһарман қағандардың, баһадүр тұлғалардың алапат, толымды іс-қимылдарымен, сонымен қатар Күншығысында Сарытеңіз, Күнбатысында Қаратеңіз, оң жағында Хуанхэ мен Әмудария, солтүстігінде Мұзды Мұхит арасын жайлаған Көк түріктері империясының әлеуметтік-саяси, мәдени тарихын Орхон бітіктас жазулары мен Қытайдың Чжоу, Сүй патшалықтарының әулеттік жылнамалары негізінде мұқият салыстыра зерделеп, нақты, жанды айғақ-деректермен сөйлеткен кәрі тарихтың тамыршысы Әнес Сарайдың шығармашылық тұлғасы, көзқарасы, пайымдау мәдениеті «Көк түріктері» дейтін еңбегінде жарқын көрініс тапқан. Мұнда Көк түріктерінің (Ашина ұрпақтарының) өркениеті, ата-тек шежіресі, мемлекет басқару жүйесі, тұрмыс-салты, шаруашылық-кәсібі, мифологиялық

дүниетанымы, қорғаныс қабілеті, яғни әскері, қолданған қару-жарақтары, алфавиті, қала, қамал салу мен монументалды мүсін өнері, аспан денелерінің қозғалысы туралы ұғым-түсініктері, жартас графикасы, қағандықтың ру-тайпалық құрамы, Түрік қағандықтарының тарихы ұшан-теңіз деректер негізінде талданады. Бұл орайда Түрік қағандығы тарихындағы Бұмын (551-552жылдар), Істеми (552-576 жылдар), Мұқан (553-572 жылдар), Таспар (572-583 жылдар), Сібір қаған (609-619 жылдар), Елтеріс Құтлық қаған (682-692 жылдар), Бойла Баға Тархан Тонұқұқ (682-726/727 жылдар), Қапаған қаған (692-716 жылдар), Білге қаған мен Күлтегін (716-734 жылдар) заманы білгірлікпен, тереңдікпен сипатталған. Ұбақ-шұбақ ғасырлардағы түрік дүниесіндегі шырқаулар, құлдыраулар, арбасулар тарихилықпен көрсетілген, байыптылықпен бажайлап баяндалған.

Қазақтың асыл текті, есіл аналары-ай! Ана, әйел десе жүрегінің қылы қозғалмаған жан жоқ шығар сірә бұл жалғанда. Қандай заманның нәубетін басқа салса да арқалап, жонынан таспа тілініп, артындағы бейкүнә ұрпағы үшін шыр-пыр болған батыр домалақ ана сарқыншақтарын, қай тұлғаны алып қарасақ та, өз шығармасына басты кейіпкер етіп, батырлық пен нәзіктіңтің ұштасқан мұнар биігі, шынары етіп алмай қоймаған. Соның ішінде қазақ ұғымында көнеден әже ұғымы құрметті, қасиетті орынға ие. Кезінде Абайдай қазақтың бас ақынын ең алғаш білімге құштар еткен, жырмен сусындатып өсірген әжесі Зере анамыз еді. Қазақтың қасқа маңдайына сыймай, жарық жұлдыздай ағып өткен Шоқанды да үлкен әжесі Айғаным өзі тәрбиелеп, алақанынан түлетен еді. Тағы да Мұхтар, Біржан сал сынды нар тұлғалар да әже тәрбиесін көріп өскенін білеміз.

Тақырыбымның негізгі мәні болып алда айтылатын да, дәйексөзге дәлел болатын да Өнес Сарай Төлендіұлы атамиздың өз әжесі туралы әңгімелері болмақ. «Ертедегі қарттардың бәрі әулие», -деп Мәшһүр Жүсіп атамиз айтқандай, кезінде қиын-қыстау, тілерсектен су кешкен заманда өткен шешлеріміз, әжелеріміз шынында сондай ма? Әлде «заманына қарай адамы» демекші уақыттың көрсететін адаптациясы ма, қиын замандағы адамдарды сол тіршілікке әйтеуір үйретіп мықты қылды. Сол мықтылардың қатарында заты нәзік болса да болаттай мінезбен тасыған қайрат иесі Өнес атамиздың он жасқа дейін етегінен қолы ажырамаған аяулы әжесі. Өнес атамиз өз әжесі жайлы «өмір мектебім» деп, емірене баяндайды. Себебі балалық шағының әрбір естеліктері «алғашқы ұстазының» әжесінің төңірегінде ұзап шықпайды.

Жазушы «Үкілі қыз» бөлімінде әжесінің көрегендігін оқып отырған қалың оқырман бірден біледі. Немересін өзі білетін танитын жердегі қызбен бас қосқанын қалап, тай-құлындай тебісіп бірге өскен Аймақыш кемпірдің немересі Сәулені алып бергісі келеді. Ештеңені ұғынбайтын ойын баласына әжесінің бұл шешімі қызық көрініп «жасы үлкен екен» деді. Сонда кемпір немересіне жеті атасын беріден бастап айтқызады. Сондағы ескеретін үлкен дүние, Өнестің өз тегі, яғни жетінші атасы Сарай әмеңгерлікпен өзінен сегіз жас үлкен туған жесір жеңгесін алған екен. Арасы негізінен он жас. Жеңгесі қайнысын арқасынан қағып ұйықтатып, арқалап өсірген деседі. Сондай екі жандардан қашама ұрпақ тарады десеңші. Сол заманның қиындығын еңсерген аталарына ризашылықпен, немересінің де өскенде сол қызды алса жаман болмайтынын әжесі білгендей, болашақта құда түскісі келеді. Бірақ сұм ажал бірінші немересін Сәулені содан соң Ақмақыш кемпірді кезек-кезек алып кетеді. Сондай-ақ бұл бөлімді өлі басына барып зират етіп құран бағыштайтын ғұрып жақсы бейнеленген.

Екінші «шәуіш қатқағы» бөлімінде аяқ-асты тап болған ауыртпалықтан әжесі жол тауып, немерелері үшін қиындықты еңсерген батырлығы жайлы айтылады. Қысқы сіреу мұз сең боп ағып кетіп, өзеннің жағалаулары тоңнан арылып, шәуіш мұзы бір қатып, бір еріп тұрған шақта қаракөз балығының ұрық шашу жөңкілісі басталады. Қаракөздің жолын тосып, ауларын дайындап жүргенде, шұрық тесік ескі кәлөсін біреу ұрлап, әжесі жер сабалап қалады. Немерелерінің аш өзегі отырғызбай ақыры күннің тас төбеге жеткенін

күтіп, өздері балық аулауға кіріседі. Қарт болса да бойынан күші қайтпаған қайсар әже теңізге өзі түсіп ауды су түбіне сүңгіп қазыққа қағады. Сол қиындықпен немерелері мен әжелерінің ауларына қарагөз ілінеді. Бұл да қарақтарымның өзегі талмасын деп, Жаратан иемнің қарасқаны да, - деп кемпірдің иегі кемсеңдейді.

Қара қатқақта суға сүңгіп немерелерінің нәсібесін тауып берген әже мінезі керек жерінде адуынды еді. Бірде «Ойбай, төбелес!» дегенді естіп бала-шаға, ауыл болып шулап барып қараса, адуынды әже шөпшілер бригадирі қара сақал Қарасаймен шындап төбелесіп кетіпті. Жанжал себебі әділетсіздіктің орнауы. Оған қарап тұра алмаған намысқой кемпір мінезге басқан болу керек шамасы. Соғыстың салған бейнеті мен зейнеті қаралы хаттың кеудесін тырмалап өзегін күйдіруі намысты оятуы анық нәрсе еді.

«Сүзек індеті» әңгімесінде әженің барлық асыл текті қазақ әйелдеріне тән қырларын айқын көріп, таңдай қақпасқа амал болмайды. Әрине көпті көрген көне көз қарт болса да бойында асыл тектің тулап жатқандығының дәлелі оның батырлығы, батылдығы еді. Аты жаман сүзек ауруынан келінін баяғы тәңіршілдік дәуіріндегі шамандық ғұрыппен «көш,көш!» деп бақсы болып жазып алады. Кесапаттың кетуі қиын болды ма екен артынан қарт әже өзі жұқтырып төсек тартып қалады. Ауырғанда да сүзектің ең ауырымен ауырған әже бір нәрседе ұшынғандай сол жақ иегінен ұшық шығады. Ол жарасын басқаларға көрсетуге намыстынып, ешкімді жуытпайды. Бірде немересімен екеу ара қалғанда сандықтағы иіссуын алдырып жарасын жуып, өткір қайшыны тазалап өз жарасын өзі қиып тастайды. Көрген көріністен немересінің қорыққаннан сөйлеуге шамасы келмей қалған еді. Солай өзіне өзі операция жасаған әжесі уақыт өте түк болмағандай құлан таза айығып кетті.

Барлық жан үшін ыстық боп көрінетін «әже» ұғымы осы әңгімелерді оқып отырғанда қайта толыққандай. Бейкүнә таза, мөлдір әже махаббатын кітап бетінен сезгендейсің. Ұрпақ қамы, ұрпақ үшін күнкөріс қамы, батырлық пен өжеттілік, іскерлік тектіліктің тулаған қанымен бізге жеткендей. Әже деген ұғымның пәк махаббатын мейлі ол бастан кешсін, мейлі кешпесін оқығаннан кейін оқырманның қайта сезінгендей күйде болуы менің ойымша анық дүние. Сол замандарда өткен асыл шешлеріміздің көзі қазір көре аламыз ба, қалды ма? Деген сауал түседі. Әрине ол кездегі аналарымыздай болу қолымыздан келмес дегенмен тырысып бағу, солардай болсам, текті ұрпақ тәрбиелесем деген арман тілек ынта бізге келешек қазақ қызына түсетін уақыттың еншісіндегі міндет болмақ. «Жақсы әке балағы қырық жыл азық, жақсы ана өмір бойы азық»,- дегендей сан ғасыр бойы сақталған алтын азығымызды сарқып алмай, бүгінде заманның ақырына дейін үзбей жалғайтын азығымызды дайындасақ деген оймен аяқтағым келеді.

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «БІР ШӨКІМ БҰЛТ» ПОВЕСІНІҢ МӘНІ

Сүндет А.Ж.

Филология БББ 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: «Қазақ филологиясы»
кафедрасының профессоры Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті

Ақтау қ., Қазақстан

Әбіш Кекілбайұлының шоқтығы биік шығармаларының бірі - «Бір шөкім бұлт» повесі. Бұл шығарманы оқи отырып соғыс қасіретінің ауыр азабын жан-дүниемізбен сезінеміз. Әсіресе, Аққаймақтың аңғал көңілінен сыр шертетін ауыр да азапты өмірі әйел жанының қырық шырақты екеніне тағы бір дәлел болғандай. Соғыс жылдары бүкіл

ауылдың бас көтерер ер азаматтары майдан даласына аттанғанда артында қалған әйелдері мен ұл-қыздарына да оңай тимегенін, азаматтардың орнына қара жұмыс істеп өздерінің нәзік жанды екендерін де ұмытқан қыздардың тағдырын ғажап суреттейтін аса салмақты көркем шығарма.

«Бір шөкім бұлт» повесінің басты кейіпкерлері-Аққаймақ, Жаңылсын, Шайзада. Бүкіл оқиға осы үш кейіпкердің айналасында өрбиді. Әңгіменің басы Аққаймақтың жоғалған маясын іздеп жолға шығуымен басталады. Баласы Ермекжанның: «Апа, қайда барасың?»-деген сұрағына «Түйе іздеп... Осы үйде ол жамандатқырды мен іздемегенде кім іздейді», -деген Аққаймақтың зілді даусы үй ішінде шаруаға жарайтын еркек кіндіктің болмағанын байқатады. Түйесін тауып, қайтып келе жатқан жолда әдеттегідей автор «шегініс» жасайды. Біраз жылдан бері қазан-ошақтың жанынан ұзап алыс жолға шығып тұрғаны осы. Шаршап-шалдығып әрең келе жатқанда ойға қай-қайдағы өткеннің елесі оралып, маза бермейді.

Ет жеп, шәй ішіліп болған соң үй ішіндегілер сыртқа шықты. Іргеде екі қара нар шөгіп жатыр. Қаржау шешесінің омырауына басын тығып ұзақ қоштасқысы келіп еді, өр мінезді Шайзада мұрша бермеді. «Құлыным, жол шығатын, ел көретін жасқа жеттің. Оқу дейтін де ыждаһатты керек ететін көрінеді. Алыста екенмін деп артық аттап, бұрыс бұлтарып жүрме. Ұмытпа елді. Хат сал. Хабарыңды үзбе. Ал, бар құлыным, жортқанда жолыңды қылсын жасаған.», -деп ұлының маңдайынан шөп еткізді де, көкірегінен тез ажыратып жіберді. Жыламағанмен, ештеңе айтпағанмен абдырап қалған Қаржау енді Жаңылсынның құшағына кірді. Жаңылсын жасқа тұншығап, түсініксіздеу бірдеңе айтты. Бала оны да құшырлана қысып ұзақ қоштасты да шөгіп жатқан түйенің біріне отырды. Артына қосақтасып Ожан жайғасты. Ал, екінші түйеге келген қонақ, нағашысы Ораз мінді. Екі қара нар орындарынан ытып-ытып тұрып, ауылдың желкесіндегі ұзын жолға қарай аяндады. Қаржау артына бұрылып анасына, Жаңылсынға бір-бір көз тастап, анадай жерде оқшау қап қойған Аққаймаққа енді қарады. Жұртқа қосылмай дел-сал тұрған қыз бойынан бір діріл жүгіріп өтті. О да екі әйелдің жанына жақынырақ келіп, аттанып бара жатқандардың артынан қол бұлғады.

Аққаймақ пен Қаржау бала күндерінен бірге өскен ағалы-қарындастай еді. Қаржауды он жасында мектепке алдыртқанда Ожан жеті жасар қызын да бірге жетектетіп жіберген. Сол күннен бері жұптары жазылған емес. Аққаймақ әкесінен кейін осы Қаржауды ерекше жақын тартып, қамқорлық күтетін. Қаржау оқуға кеткелі Аққаймақтың көңілі құлазып қалды. Күзде оқу басталғанша әрі-сәрі күйде жүрді. Мектепке барған күннен бастап көңіліндегі кірбің сейілгендей еді. Бір күні пошташы Түсіптің аудан орталығы Шетпеден әкелген хабары бәрінің ойран-асырын шығарды. Алдымен әкесі Ожанға шақырту келді. Кейіннен Қаржаудың да соғысқа алынғандығы туралы хат келді. Содан кейін Шайзада қара жұмысқа тартылды, артынан Жаңылсын мен Аққаймақтың қасынан көшіп колхозға кетті. Аққаймақ бой жетіп, интернатта мұғалім болып жұмыс істей бастады.

Бірнеше жылдан кейін әкесінен қара қағаз келді. Үнемі көзі жастан құрғамайтын, қай босағада өлім шыкса әрқайсысына әр түрлі жоқтау айтып етегі жасқа толып жүретін Жаңылсын сол мезетте дауыс шығарып жыламады. Осындайда үлкендердің «айдың күні аманында жамандық шақырып жылама» дейтін ескертпесі еріксіз еске оралады.

Аққаймақтың ендігі бар үміті, көңіліне медет қылары Қаржаудың «сәулем» деп жазған хаттары ғана еді. Бүкіл жастық шағында адал жүріп, адал тұрған күтумен өткізген алтыннан да бағалы уақытын арнағаны Қаржауға деген пәк, риясыз көңілі. Бірақ бұл көңілін су сепкендей басқан Қаржаудан да келген қаралы хабар болды. Аққаймақ ауру ана бақты, бала оқытты, енем деп есептеген, төсек тартып жатып қалған Шайзаданы күтіп баптады. Осының бәрін басынан өткерді. Ақырында өзінің соңғы орында қалғанын түсінді. Не істемек керек? Қайда барса жанына тыныштық табады? Барам деп бағыт алған жерінен жылап

қайтады. Сондай бір сапарларында вагон ішінде зағип әнші Тайбағарды кездестіреді. Айналасын қармалап жүрген көмекке мұқтаж соқыр әншінің қолынан ұстай алады. Сол ұстаған қолымен екі баласына пана болып қала береді.

Шүйкедей ғана қыздың шөкімдей ғана ғұмыры соғыс зардабынан опат болғандай. Әйел баласының өз-өзіне көңіл бөлмей шапқылап жүріп, арпалысып жүріп өткен есіл өмірі-ай! Мен бұл повесті бір деммен оқып шықтым. Қыз ретінде Аққаймақ үшін қатты күйіндім. Ол осындай өмірге лайықты ма еді? Әрине, жоқ! Бұның бәрі адам қолынан жасалған азғын әрекеттің жемісі. Бұл тек жалғыз Аққаймақтың оқиғасы емес, сол кездегі бүкіл қазақ қыздарының оқиғасы. Осы шығарма арқылы соғыс зардабын ғана емес, әйелдердің психологиялық жай-күйін де аңғаруға болады. Олардың сана-сезімі өз-өздерін ойламауға, бағаламауға қалыптасып қалған. Соның жұрнағы әлі де өзіміздің әжелеріміздің бойынан табылады. Тіпті, шәй мен тәттіні сандыққа салып сақтайтыны да... Қорыта айтқанда, соғыстың зардабын майданда жүріп қарсыласқан ерлердің қыршыннан кеткен өмірі мен соларды күтем деп сарғайып өткен жастығынан айырылған арулардың ғұмырын нағыз қасіретке теңесем де аз. Ең өкініштісі, соғыс-табиғи оқиға емес, соғыс-адамның адамға қылған жауыздығы.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жаңбырбай Қ.,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: «Қазақ филологиясы»

кафедрасының профессоры

Камарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті

Ақтау қ., Қазақстан

М.Әуезовтің қаламынан шыққан алғашқы туындылардың бірі – 1928 жылы жазылған «Қилы заман» повесі. Бұл туынды кезінде кейбір себептермен халыққа кең танылмай қалып қойған еді. Міне, сол повесть 1972 жылы Ш.Айтматовтың алғысөзімен «Новый Мир» журналында орыс тілінде «Лихая година» деген атпен жарық көрді.

Аталмыш повесте Қазан төңкерісі алдындағы қазақ даласындағы ақ патшаның отарлау саясаты, екі жақты езгіде, тар қыспақта қалған халықтың ауыр тұрмысы, қайғы-мұңы, ашу-ызасы барынша шынайы көрсетілген.

Бұл кезде болып жатқан 1-дүниежүзілік соғыстың зардаптары да қарапайым халықты жаншып, езе түскен. Міне, осы тұста халықтың ауыр жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне қарамай-ақ, патша үкіметі қара халықтан майданға әскер алу туралы жарлық шығарды. Жарлық халықтың ашу-ызасын келтіріп, ақ патшаға қарсы күрестің ашықтан-ашық басталуына әкеп соқты. Қалың жұрт қарсылық майданына жұмылды. Жұртты күреске ұйымдастырған халық басшылары- өмірде болған Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Ыбырай сияқты тарихи адамдар еді. Жергілікті байлар Дәулетбек пен Түнқатарлар халықты күреске бастаған Ұзақ пен Жәмеңкені қолға түсіріп, өздері патша жарлығын жүзеге асыруға әрекеттенеді. Бүлікті басып, басшыларын жазалауға орталықтан Клубницкий жіберіліп, Ыбырай бастаған жігіттермен арада қантөгіс қақтығыс болады. Автор осындай ұлт-азаттық көтерілістің қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарында күшейіп отырғанын, бірақ оның стихиялы түрде басталып, соғыс құралдарының жеткіліксіздігінен тез басылып қалып отырғанын жазады.

Өмірлік факті ретінде 1916 жылғы Жетісу Албандары көтерілісінің тарихи оқиғалары негізге алынған Ленинград университетінің студенті болған кезінде Мұхтар фольклор нұсқаларын жинау үшін Жетісуға әдейі келі, оның әсем жерлерін, заңғар таулары мен жасыл жайлауларын аралап, тамашалап көреді. Бірнеше шығармаға арқау еткен дүниеліктерді ол осы сапараларында жинаған.

Оқиға Жетісудың атағы жер жарған Қарқара жәрмеңкесін суреттеуден басталады. Салғаннан жазушының эпикалық құлашы, қаламгерлік диапазонының кеңдігі, палитрасының сан алуан бояуға байлығы көрінеді. Төгілген тілі келісті картонна. Бірақ, Әуезов жәрмеңкенің дырду қызығын, ақтарылып шашылып, судай ағып жатқан байлығын тамашалай тандай қағып, тамсанудан аулақ. Сахараның қанды ауыз обырлардың, майға қонған шыбынның сирағын жалайтын сараң, жарты тілі үшін жайын сататын саудагерлердікін қалай алдап, шырғалап, жеп жатқандығы алғашқы көріністерден-ақ белгілі болып қалады. Жазушы бір детальмен көп сырды аңғартады. «Базар ортасында ұзын биік ағашқа аспандатып көтерген ақ жалаудан екі басты самұрықтың суреті желкілдейтін. Бұл қомағай қыранды, жалмауыз тілекті ертегі озбырының айқын тұрған белгісі еді. Обырды туғызған ана жат пішінді, жалмауыз түсті ұлық. Соның айқын таңбасы ертегі айдаһарындай екі басты, жайын түсті самұрық. Бұның жәрмеңке басында тірі жүрген құлдары, атқан оқ, шапқан қылышы – жемқор, семіз қарынды пристав «ақ желке» Падпаруев те, айналасындағы жоғары құлдары – ұсақ тілмаштар. Бұның ішінде қазақтан шыққан өңі жылтыр, қарны томпақ тілмаштар».

Жыл он екі айда бір оралатын жәрмеңке қыр қазағы үшін керек-жарақ алатын сауда-саттық орталығы ғана емес, ескі көз, кәрі жолдаспен кездесетін, ел-елден келгендермен ұшырасып, әңгіме-дүкен құрып, ойын-сауық көріп, сайран кешетін қызық думан ордасы. Қарқара жәрмеңкесінің осындай қан базарында маусым жарлығы атылған оқтай дүңк ете қалды. Сұмдық хабар елді екіге жарған: Рақымбай болыс, Оспан тілмаш бір жақта, Жәмеңке қария, Ұзақ батыр бір жақта. Дауылды күнгі теңіздей астан-кестең боп, бүлініп алған халық басты тауға да, тасқа да соғып ақыры солдатқа жігіт бермеске бекінеді. Көтерілістің білек сыбанып шыққан басшысы жоқ. Түптеп келгенде, елдің аузына қарайтын адамы – қарт Жәмеңке. Ол – көпті көрген көне, талайды бастан кешкен естияр. Бөрліккен көпшілік бас қосып, не істеудің амалын іздеген – ақылдасқан шақта, төрелік – Жәмеңкеде, екінші көшелі кісі – Ұзақ. Бұл екеуінің сөздерінде алыстан орағыту, тұспалмен білдіру, айшықты өрнек, кейде шүйлігіп, қадап, тіреп айту сияқты қазақтың ежелгі шешендік өнеріне тән қасиеттер мол. Жәрмеңке толғауларында даналық, ақылгөйлік басым жатса, батыр ұзақ кесіп, пішіп, түйіп айтады, сөздері қорғасындай салмақты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі – қатпары қалың, масштабты зор, саяси-әлеуметтік қозғаушы күш-қуаты орасан үлкен оқиға, халықтық қозғалыс. Тұңғыш басылғаннан кейін, зиянды шығарма деген жаламен тыйым салынып, қырық жыл өткен соң ғана зор қиындықпен қайтадан жарияланған туындының ұлттық рухымызды, азаттық үшін күресімізді, тәуелсіздік жолындағы азапты жолымызды бейнелеудегі орны ерекше екендігін тиянақтап айту дұрыс болмақ.

Жазушы көтерілістің басты, негізгі себебі, ашық, анық түрткісі патша өкіметінің қаны сорғалаған отаршылдық саясаты екендігін көптеген кейіпкерлерінің іс-қимылы, сөйлеген сөзі арқылы әр түрлі орайда жан-жақты бейнелейді. Бұл ретте 25 июнь жарлығының ең соңғы шеп, төзімнің бітуі, лаулағалы тұрған қауға түскен шақпақ от.

Үлкен табыс – жазушының өрнекті, бейнелі көркем тілі. Автор диалогқа драмалық жүк артады. Олар мінез қырларын жақсы ашқан. Көпшілік сценаларында бірер диалогтың өзімен-ақ әртүрлі психологияның тамырын басып қаламыз. Шығармада Жетісу табиғаты ерекше бір ілтипатпен, зор махаббатпен суреттеледі. Автордың Алатау өңіріне деген ыстық ықыласы пейзаждан сезіліп тұрады.

Данышпан жазушы М. Әуезовтің қазақ халқының осынау қасіретті, қан жұтып, қырғын тапқан қайғылы тарихы мен қаралы тағдыры туралы перзенттік ыстық ықылас, терең толғаныспен жазған қалың қыртысты, кең тынысты көркем полотносы – «Қилы заман» романы алғаш рет баспадан 1928 жылы шыққаннан кейін, араға елу жылға жуық уақыт салып, 1975 жылы ғана екінші рет қайта кітап болып жұртышылық қолына тиді.

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫ

Абзалқызы Ұ.,

Филология БББ 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., Бүркітбаева А.С

Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті

Ақтау қ., Қазақстан

Ұлтымыздың өзін өзі танып-білуге талпынысы – байырғы түркілерден бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Арғы бабаларымыз шыққан тегін, тағдыры мен тарихын, қуанышы мен қасіретін «мәңгі тасқа» қашап жазса, беріде шежіре тарқата сөйлеу дәстүрі орнықты. Орта ғасырлардан жеткен «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме» дастаны, Ж.Баласағұнның «Құтты білік», М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди», Қ.Жалайыридің «Жами ат-тауарих», З.Бабырдың «Бабыр-наме» кітаптары қазақтану жолындағы асқаралы белестер екені сөзсіз. Бұл көне түркі тілінде жазылған, түркі тілдес халықтардың ортақ қазынасы.

Көптеген зерттеушілер бұл поэманы саясат, мемлекет басқару, әскери іс жөніндегі философиялық трактат деп жүр. Шындығында да, бұл жалаң әдеби дүние емес. Бұл бүтін бір тарихи кезеңнің мінез құлқын бойына сіңірген, қоғамдық саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық этикалық, рухани қазынамыздың негізі, арқау боларлық дүние. Ондағы бүгінгі тілімізге, ой толғамымызға төркіндес, етене жақын орамдарды көргенде, қазақ әдебиетінің тікелей сабақтаса жалғасқан дидактикалық поэзия мен шешендік сөздердің, билердің орағытып, ой тастайтын кең тынысты толғамдарының дәстүрлі бірлігі «мен мұңдалап» тұрады. Жүсіп Баласағұнның мемлекетті басқару қағидалары мен принциптерін, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібін, қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдеп-ғұрып нормаларын жыр еткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы көркем туындысы.

Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеум. рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордгүрміш бейнесі арқылы әңгіме болады. Баласағұнның «Құтадғу Білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған.

«Құтты білік» - адамгершілік құндылығы жайлы жазылған бірден бір діни философиялық шығарма болып табылады. Ол еңбекте адам өмірінің мәні мен мағынасы талданып, адамның белгілі бір қоғамдағы атқаратын міндеті мен мінез-құлық нормалары жазылады. Бұл шығарманың ең басты идеясы негізгі төрт ұстанымға негізделген:

Бірі оның – шындық жолы, әділет

Екіншісі – құт пен ырыс, дәулет.

Үшіншісі – Ақыл менен парасат.

Төртіншісі – ұстамдылық, қанағат.

Дастанның белгілі бір мағынада елдегі Ата Заң (Конституция) қызметін атқаруы. Жүсіп Баласағұн шығармасы Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарған. Ол үшін автор өз еңбегінде патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез- құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болуы керектігін жеке-жеке баяндап шығады.

«Құтты білік» («Құтадұғұ білігі») әлемдік өркениеттен ерекше орын алатын түркі тектес халықтарға ортақ классикалық шығарма. Ертеде бұл шығарманы ирнадықтар «Тұран шахнамасы» десе шын жұрты «Хандардың әдеп – қағидалары» деп атаған, ал машындықтар «Мемлекет дәстүрі» деп ат қойып, айдар қойса «күллі шығыс елдеріне «Өмір Зейнеті», «Падишаға насихат» деген атаулар мен белгілі болды. Бұл шығармадағы кейіпкерлер мен жалпы шығарманың қысқаша түсіндірмесі:

Дастанда 4 кейіпкер туралы сөз болады. Олар Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдұрмыш осы кейіпкерлер арасында сұхбат тәрізді жүреді. Мысалы: Күнтуды - Әділет, Әділ заң, Әділ елбасы.

Айтолды - дәулет, пішімі әрдайым өзгеріп отырады, ай тәрізді көркем бейне. Өгдүлміш-дана, ақылгөйлігімен даңқы шыққан тұлға болса, Оғдұрмыш-қарапайымдылық пен қанағаттың жиынтық тұлғасы іспеттес. «Құтты білік» дастанының қысқаша тарихы міне осындай. Жалпы Жүсіп Баласағұн шынымен-ақ қасиетті түріктің сөзін «ұстап» бабалардың бақыт пен барақатқа жеткізген дүниетанымын болашақ ұрпаққа жеткізген кемеңгер. Ғұламаның бұл дастанында көшпелі түріктік дүниетанымының қайнар көзі руханиятқа сусаған көкірегіңіздің шөлін қандырады. Қазіргі қазақстандық қоғам дамуының басты стратегиялық бағыты – жастар тәрбиесі. Жастар тәрбиесі – ертеңгі ел тағдыры. Мемлекеттің, ұлттың, мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің тағдыры мен болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты. Егемен еліміздің болашақ ұрпақтарының сана – сезімін, ұлттық психикасын оның сонау ерте замандағы ата – бабалар салт – дәстүрлерімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің өзекті мәселесі деп ойлаймын. XII - XIII ғасырлар педагогикалық теорияның қарқынды дамыған тәрбие идеялары өрбіген кезеңі болды. Қазақ педагогикасында орта ғасырда өмір сүрген шығыс ойшылдарына келетін болсақ, олар әл-Фараби, Махмұд Қашғари – XI ғ., Жүсіп Баласағұн - XI ғ., Қожа Ахмет Яссауи - XII ғ., Хайдар Дулати – ХҮІ ғ. және т.б. «Құтты білік» дастаның жазып, ең басты құндылығы етіп – тәлім – тәрбие ісін алған Жүсіп Баласағұнның орны ерекше деп ойлаймын. Ол адами тәрбие мен халықтық идеяны жетілдіру сипаттарын «Құтты білік» еңбегі арқылы көрсете алған. «Құтты білік» — адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл – сезімнен ажалға дейінгі жақсылы жаманды жағдайлар өлең өрнегіне түскен. Асқар Егеубаев ағамыз айтқанындай: «Құтты білік» – халықтың құты, ырысы болған ілім. Ұрпақтан – ұрпаққа, адамға құт – бақыт берген, береке – ырыс әкелетін білім. Ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу, адам болсам деген ұрпаққа, жұрағатқа адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдеп – салихалылық дәстүрін сіңірген кітап» [1,59].

Жүсіп Баласағұн тәрбие мақсатын бір жүйеге түсіруге әрекеттенген. Оның пайымдауынша жақсы сөз, жақсы іс, жақсы тілек – адамды кемелдендіру, өзін — өзі тәрбиелеу, тұлғаны жетілдіруге негізгі ұйытқы. Жағымды мінез арқылы жағымсыз сапаларды жою, ішкі сезім мен күшке қолдау көрсету деп түсіндіреді. Ойшыл ғұлама ғалым оны былай деп мәлімдейді:

– біріншісі – ақыл, оны ашу, өштесу күнгірттендіреді;
– екіншісі – достық, оны күншілдік бұзады;

– үшіншісі – ұлт, оны тойымсыздық, ашкөздік жояды; – төртіншісі – жақсы тәрбие, оған жаман орта әсер етеді; – бесіншісі – бақыт, оны қызғаншақтық бұзады.

Міне мұны автор жоғарыда келтірілген еңбегінде өз тұжырымының дәйектілігіне педагогикалық тұрғыдан мағлұмат береді. Адамның өзін — өзі тәрбиелеуі кей кезде арнайы ұйымдастырылған тәрбиеден де тиімді болып шығады деген пікірде болады.

«Құтты білік» дастанның ең басты құндылығы — тәлім – тәрбие ісі және баланы дұрыс тәрбиелеу ата – ананың қасиетті борышы екенін мынадай жолдардан көруге болады:

Ата еңбегі сіңсе ұлына біртуар,
Білінеді ол ұлдың мінез-құлқынан.
Жаны жұмсақ – қатты ұстаған баланың,
Жүзі жарқын ата менен ананың.
«Ерке-шолжың болса кімнің ұл-қызы,
Өзі егіліп, солар мұннан нұр жүзі...

Ұл-қыз жастай нені білсе марқайып,
Соны ұмытпас өле-өлгенше қартайып.
Сәбиінде көкірекке түйгені
Өлгенінше санасында жүреді!)
Үшбу хатын бітіп, орап, байлады,
Қолын созып, берді ұлына арнайы. [2,175]

Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Баланың ана құрсағында пайда болуына, оның өмірге келуіне, оның алғашқы қадамына, алғаш атқа отыруына, алғаш жолға шығуына арналған жеке-жеке әдет-ғұрпымыз, жол-жоралығымыз бар. Халқымыз сонымен қатар бала тәрбиесіндегі ананың рөлін өте жоғары бағалаған. Аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін көрсетеді.

Ана-барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі. Ол адамды адам етіп тәрбиелейді. Ол адамды өзінің тілінде, ана тілінде сөйлетеді. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті. Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын еді. Еңбекке баулу арқылы отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін дамытып, психологиялық жағынан даярлай бастаған. Қыздарымыздың асыл қасиеті, жан-дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа, жиһазға қызықпағандығын жыр-дастандардан білеміз.

Қазақ қыздары махаббат атты асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялаған. Сүйген адамымен қол ұстасып бірге жүрсе, тіпті қатықсыз қара көже ішсе де бақыттымын деп, өмірге риза болған. «Қыз» ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді-тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы, әрине, әйел-ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел-ана.

Қыз тәрбиесі туралы ақын былай деген:
Қызыңды үйде бексіз ұзақ ұстама,
Ауырмай-ақ өлерсің сен, құсадан –

«Өлімнен ұят күшті» – дейді халық даналары, оң босағада отырып бала тапса қыздың ұяты ата анаға түсетінін және оны болдырмауды айтады.

Қазақ халқының болмысында қыз балаға үлкен ілтипатпен қараған, қыз бала тәрбиесіне бүкіл ел болып араласқан. «Қызға қырық үйден тию» деген осыдан қалса керек.

Қыз тәрбиесі туралы ақын былай деген:

Қызыңды үйде бексіз ұзақ ұстама,

Ауырмай-ақ өлерсің сен, құсадан.

Жүсіп Баласағұн өлең жолдарында көңілге қонымды, нақышты тұжырым жасай отырып былай сипаттайды.

Көз көрмесе, көңілінде тілемес,
Көзің көрсе, көңіл ауу түк емес. бәйіт.
Қызда бір ет, сақта-бапта қалайда,
Сақтамасаң ет бұзылар, не пайда [2, 422]

Ж.Баласағұнның еңбегі жастарымыздың психологиялық ой-пікірінің қалыптасуына, дүниетанымына, көзі ашық көкірегі ояу азамат болып өсуіне үлкен үлес қосады. Білім беру саласының алдында үлкен жүктелген міндет ол азаматтығымыздың, тәуелсіздігіміздің белгісі болып отырған ұлттық құндылықтарымызды қазіргі қоғамның талабына сай қайта жандандырып, мәні мен маңызын ұрпаққа ұғындыру жұмыстарының қажеттілігі өзекті мәселе. Жастардың атадан қалған құнды дүниемізді танып, қажетіне жаратуы керек.

Қорыта айтқанда, жастарға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін терең таныстырып, ойшылдарымыздың тәрбиелік ой-пікірін оқу тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, ұлттық тәрбиенің бүгінгі заман талабына сай жаңарған үлгісін жасау – бүгінгі күннің кезекті мәселесі болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қазақстан мектебі. 1993 ж. № 11-№12.
2. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Алматы «Жазушы» 1986 ж.
3. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том , Алматы, 2009.-23-бет.
4. "Түркістан" газеті. 24 желтоқсан, 2015 жыл.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Амандық М.,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: «Қазақ филологиясы»

кафедрасының профессоры Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті

Ақтау қ., Қазақстан

Абай – қазақтың ұлы ақыны, философы. Абайдың дүниетанымдық көзқарастары, ой-пікірлері ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Әйгілі шығыс классиктері: Фирдауси, Сағди, Ширази, Науаилардың шығармаларын оқып, олармен жете танысты. Сонымен қатар батыстың атақты ойшылдары мен кемеңгер философтары Сократ, В.С.Белинский, тағы басқаларының шығармаларын оқыды. Оқыған шығармаларындағы көзқарастарды өз дәуірімен салыстыра ой қорытып отырды және олардың ой-пікірлерін қазақ өмірінде болып жатқан өзекті мәселелерді қара сөздері арқылы түсіндіруге тырысты. Адамзат қауымында болып жатқан жан мен тән, өмір мен өлім жөнінде жазылған философиялық толғамдары қазақ халқының басында қалай болып жатқандығы жайлы түсіндіріп, оған өз көзқарасын білдіруге тырысты.

Абай қара сөздерін публицистикалық стильде жаза отырып, оқырманмен сырласады, пікірлеседі, кеңескен түрде мазмұнды да мағыналы өзіндік ой-пікірін білдіреді. Абайдың өзі қара сөзін жазар алдында оқырманға «керек кісі болса алсын, алмаса, өз сөзім

өзімдікі» деген болатын. «Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп, Жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық,» – дей отырып, «Атымды адам қойған соң» үндемей қалмайын, өмірден көрген-түйгендерімді кейінгі жастарға айта отырайын, егер де шалыс басып жүрген жастар болса, келеңсіз іс-әрекеттерін түзетер, ой-елегінен өткізер дегенді айтқысы келеді. Абай қара сөздерінің барлығы да сол замандағы әлеуметтік күрделі мәселелерді сөз еткенімен, бүгінгі таңда да қара сөздеріндегі ғибратты ойлары мен ақыл-кеңестері әлі де маңыздылығын жойған жоқ, керісінше, Абайдан алар өсиетті кеңестері нағыз осы дәуірге лайықталып жазылғанға ұқсайды. Соған қарағанда Абайдың: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел», «Алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезектене бөлінер, баяғыдай көрінер» деген сөздерінен-ақ Абай тұжырымдамаларының қазіргі жастар үшін де берер тәрбиесі орасан зор болары анық.

Отыз бірінші қара сөзіндегі айтылар ойға көңіл бөлсек: «Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Абай осы төрт нәрсені ашып айту арқылы үлкен мәселені көтеріп отыр. Адам баласының есту арқылы біліп–танудың қаншалықты қажеттігін әдемі түсіндіріп береді. Абайдың бұл ғибратты ойлары білімді де ойлы, зерделі де саналы, көкірек көзі ашық болатын жас ұрпақты тәрбиелеуде айрықша маңызды екендігін біле түсеміз. Адам бойында, Абайша айтқанда, «Толық адам» болып қалыптасу үшін естіген нәрсені ұмытпаудың төрт түрлі себебін үнемі ойға түйіп жүруді еске салады.

Отыз үшінші қара сөзінде Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек,» – дей келе, талапты болудың бірнеше шарттарын түсіндіріп береді. «Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемек керек» деген сөзінің астарына үңілер болсақ, мұнда жастарды білімге ұмтылдыра отырып, алған білімін махаббатпен, сүйіспеншілікпен іске асыра білу керек дегенді айтады. Абайдың осы ғылым-білім үйренудегі алты шарты қазіргі таңдағы жастарымыздың бойында болар қасиеттер болу керек деген ойда боласың, себебі қазіргі жастарымыз шет ел асып, сол елден алған білімін, ғылымын елімізде іске асырар болса, елдің экономикасы да, мәдениеті де, ғылымы да дами түсер еді.

Абай адам бойындағы ұнамсыз мінездерді де көп сынға алады. «Мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың. Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі? ... Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? – деп, адамның ұнамсыз істерден аулақ болып, адам баласына Алланың берген сыйын қадірлей біліп, оны жамандыққа емес, еліне ғылымы мен өнерін, экономикасын көтеретін ғылым мен білімді үйренуге шақырады. Сонда ғана Абайдың айтқан мал тапқың келсе, өз кәсібінді көтеретін жолды ізде дегені, оны ұрлықпен емес, таза жолмен табуды үйретеді. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ, одан басқа нәрсемен оздым дегенінің бәрі ақымақтық», – деп ғылым, білім жайын сөз ете отырып, ең алдымен орыс ғылымын насихат етеді. Себебі күнкөрістің де, мақсатты тіршіліктің де, мал табудың да жолын орыс өнерімен байланыстырады. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек

... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті» дейді. Абайдың бұл өсиетін ақыл таразысына салар болсақ, қазіргі жастарымызға экономикасы дамыған, ғылым мен техникасы алда жүрген батыс пен шығыстың ғылымы мен білімін үйреніп, оны іске асыр дегенді айтса керек.

Абай орыстың ғылым, білімінің залалынан сақтан, жақсысынан үйрен десе, қазіргі кезде батыстың залалынан (батыстың залалды нәрселері өте көп қой) сақтанып, өзімізге қажетті жақсы жақтарын алуды ойлану керектігін айтуға болады. Міне, Абай қара сөздеріндегі еңбек, ғылым, адамгершілік, әдептілік мәселелерді сөз еткені, оның адам баласын, әсіресе, жастардың, ғылым мен білімді үйрене отырып, өз елінді көркейте біл дегені болса керек. Сондықтан да Абайдың қара сөздерінен әлі де ғибратты ақыл-кеңестерді аларымыз мол, қара сөздерін тұшынып оқып, Абай айтқан жолмен жүрер болсақ, қазақ елінің жастары өнегелі, ақылды, алған білімдерін еліміздің экономикасын көтеретін саналы жастар болары сөзсіз.

ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ КӨРІНІСІ

Мәкішова А.,

Ш.Есенов атындағы КТИУ,

«Филология» БББ 4-курс студенті

Ғылыми жетекші: «Қазақ филологиясы»

кафедрасының профессоры

Қобланов Ж.Т.

Ақтау к., Қазақстан

Ұлттық мінездің көркем әдебиеттегі көрінісі де көркем шығармамен қабат өріліп, біте қайнасып жатыр. Суреткер образ жасап, характер, ұлттық характер сомдағанда шығармашылық әдіс қолданғанда өзіне дейінгі әдеби дамуға дәстүрге сүйеніп, даралық жолына түседі.

Әдебиет – ұлттық топырақтан нәр алып, көркем өскінге айналған асыл сөз қазынасы. Халық ауыз әдебиетімен бой көтерген. Қазақ әдебиеті де орыс, шетел әдебиетінен бұрын алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Ал ұлттық әдеби дәстүр дегеніміз басқа халықтардың көркемдік әлемінен айырықшаланатын мазмұн мен пішін.

Ғаббас Тоғжановтың анықтауынша: «ұлт дегеніміз ...тілі бір, жері бір, ғасырлар бойындағы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынасынан туған мінез-жан сипаты бір жұрттардың қосылуы, бір жұрт болуы» [1, 6]. Қаншама қиын-қыстауды басынан өткерген, кері кетсе де болмысын жоғалтпауға тырысқан ұлтымыздың түпкі таным-түсінігі «ұлтты жоғалтпау» идеясынан бастау алғандығын көруге болады. «...Әрбір халықтың өзін өзгеден айрықшалайтын дара мүсінін, дербес мінезі мен мәдениетін танып-түйсінуі ең әуелі этникалық төркін-тамырын бажайлаудан бастау алатыны белгілі» [2, 8] екендігін ескерсек, Кеңес өкіметі тұсындағы сөз зергерлері Бейімбеттің, Сәкеннің, Мұқтардың, Ғабиттің сомдап жасаған типтік тұлғалы кейіпкерлерінің ізін басып, заман төріне ентелей ұмтылған, өз арамызда күнделікті иық қағысып, елеусіз ғана ғұмыр кешіп жүрген кейіпкерлер екенін аңғарамыз.

М.Әуезов:«...жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек» [3, 234],- деп айтқан пікірінің Мүсірепов әңгімелерінен көріну дәрежесі бағаланды. Суреткердің әдебиеттегі айрықша қолтаңбасы, сол түп қазық арқылы қазақ әңгімесіндегі тартыс пен дәуір кейіпкері айқындалды. Ғ.Мүсірепов, Әуезовше айтқанда «қазақтың негізгі мінездерін айқындайтын

тип» кескіндеуді мұрат тұтқан. Әңгіме жан тазалығына бас иген. Әңгіме тартысы осыған құрылған. Кейіпкер ойы арқылы еліміздің кешегісі мен бүгінгі тарихына назар аудартатын астарлылық суреті келісті берілген. Әңгіменің компоненттік құрылысы естелікті әңгімелеушінің баяндауы арқылы байланыстырылған. Бұған: «...жазушыны кейіпкерінің мінез-құлқы ғана емес, мұнымен қоса, сол мінездеменің ішкі қабаты, яғни, түйіні қызықтырады, себебі мінез-құлық нәтижесінде олардың тарих, саясат, қоғамдық ортадағы қарым-қатынасы және т.б қалыптасады және ықпалы басқа әрекеттерден көрінеді» [4, 144], - деген пікір дәлел.

Дулат Исабековтың шығармашылық шығармашылық ізденістерінен осы ерекшеліктерді көреміз. Қазақтың мінін жазған Абайдан тақырып пен идеялық бағытты айқындап, ақын дәстүрін өзіне сара жол еткен. Абай адам мінезінен образ жасаған. Ал Дулат Исабеков характерден типтік мінез жасаған. Жазушы Абай жасаған ел мінезінен қоғамның өгей жандарын айырып алып, бөлектеді. Абай бес дұшпанға (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу) бес асыл істі (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) қарсы қойса, Дулат әлді мен әлсізді шендестіре суреттеп, мінез бен әрекет қақтығысын тудырады.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ұлттық таным, ұлттық рух талап еткен фольклорлық сарын қазақ әдебиетіне жаңа леппен, соны сарынмен қайта оралды.

Жазушы Дулат Исабеков өз әңгімелерінде қазақы ауылдың тұрмыс– тіршілігін бейнелей отырып, отбасы құндылықтарына да мән беріп, үлкен мәселелерге бой ұрады. Оның шығармаларының ерекшелігі де сонда: көңілге сондай жылы тиетін, таза бұлақ суындай мөлдірлік астарынан ұлттық мінезді, психологияны байқай аласыз. «Шалдар» әңгімесіндегі Қарекен қарттың баласы – Ерғабылдың ойда жоқта апыр-топыр үйленуі қарттың көптен діттеп жүрген ойының күл-талқанын шығарады. Ол ойы – көрші ауылда Ерғабылға айттырғалы жүрген, өзі әкесін жақсы танитын сын-сымбаты мен мінез-құлқы келіскен қыз бар еді. Бұрынғы ата–баба ізімен сол қызды баласына «кұдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі» деп алып бермекші болып жүрген Қарекен мұраты орындалмады. Дегенмен де бұрынғының салтымен Қарекен көрші колхоздағы құдасының үйіне жол тартты. Қазақы салт-дәстүр жолымен құдасы Молдабайдың алдынан өтуі, екі құданың бір-бірімен сыйластығы – бәрі-бәрі сәтті баяндалған. Жазушы қазақы мінез-құлықты, ұлттық психологияны, отбасы ғұрпын шынайы жеткізген.

Ал, жастар бойындағы сезімсіздік, аңғарымсыздық, ата-ана тілегін аяқасты ету бір шаңырақтың шайқалуына алып келді. Отбасының бұзылу себебін ашудағы қарттың мына пікіріне үлкен мазмұн сыйдырылған. «Келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін Қарекен мен Бибінұр ауылдағы кейбір жас жігіттерден есітті. Олардың ажырасу себебін естігенде Қарекен күйініштен өртеніп, шоқ болып кетті. «Ойбай-ай, ойбай ғана ақымақтар-ай! Не дерсің, не дерсің бұларға енді. Сол инедей нәрсе үшін... Пай-пай-пай, тентектер-ай! Кісіні жерге тірідей көмесіндер-ау! – деді ол ауыл сыртындағы төбеде отырып. – Бала тәрбиелеу жөніндегі екеуінің пікірі қайшы кепті! О, тоба, бұл не бұл, осындай да жанжал, осындай да талас бола ма екен? Үлкен, ер қабырғасы қайысатын нәрсе болса бір-сәрі-ау» [5, 332].

Ата-баба абыройын, отау құрудың салмағын, ата-ана алдындағы борышты терең сезінген ұл мен қыз қоғам игілігі үшін пікірдің қайшы келуінен шаңырақты шайқалтпайтыны анық. Бұл сол кездегі ұрпақтың басында ұлттық санадан гөрі қоғамдық сананың басым жатқанын аңғартады.

Жазушының «Кемпірлер» атты әңгімесі таза ұлттық болмысқа, қазақы мінезге құрылған. Әдемі өрнектеліп, табиғи өрбіген диалог пен іс-әрекет астарынан ұлттық қасиет пен ұлттық психология менмұндалап жатады. Ең бір сүйсінетін жайт – жазушы ауыл кемпірлерінің бір-бірімен әңгімесі арқылы қазақы мінез-құлықты тап басып, шынайы көрсете алған. Немересімен қалған кемпірдің мінезі табиғилығымен, нанымдылығымен көңілден шығады. Автор әңгіменің басынан-ақ кемпірдің тілегі арқылы халқымыздың небір

қазақы салт-дәстүрін тамсана суреттейді. Оның шығармаларындағы ізденістің бірқатары – жеңіл тілмен-ақ игілік пен ізгілік, мейірімділік пен бауырмалдық, тәубешілдік, барға қанағат, жоққа нысап сияқты қазақ халқының бойындағы тамаша қасиеттерді оқырман көңіліне жеткізеді. «Үй болып, түтін құрып отырғанымызға шүкір. Балам өліп, келінім кетсе де, жалғызымның көзіндей болып немерем қалды. Ішіме құса болып, өзің тіл тигізген кезім болса, кешіре гөр жаратқан, қуартып, қу басымды қалдырсаң қайтер едім. Немере сүйдіріп, ит асыратқаныңа, оны шәуілдетіп үргізіп қойғаныңа құлдық...» [6, 337].

Кейуананың осы ризашылық көңілін қазақ ұлтына тән тәубешілдікпен аузына салады және мұнда ауыл әжелерінің, отбасы болып бір-бірімен араласуы жарасымды әңгімеленген. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған шағын жарында адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы беріледі.

М.Айымбетовтің «Қара шаңырақ» атты әңгімесінің де негізгі тақырыбы болып табылатын туған жер, туған үй мәселесін – ежелгі жердің өзгермеуінің, мәңгіліктілігінің, тұрақтылығының символы ретінде келісті өрген. Онда туған жердің тауы мен тасы, өзен суы – бәрі де киелі қасиетке ие. Ол «қара шаңырақты» – адамның кесір күштерден қорғанатын панасы, саясы деген ұғымға жинақтайды.

«Әжемнің маған түсіндіруінше, «қара шаңырақ» аталуымыздың себебі – атам мен екеуінің бізбен бірге тұратындығынан екен. Сәрсет көкем мен Бәтиса жеңешем олардан тиесілі еншісін алып, бөлек үй болып кеткен, яғни өздерінің шаңырағын көтерген» [7, 374].

Шығарманы оқып отырғанда үйдің адам өміріндегі маңызы жайлы ежелден келе жатқан таным-түсініктердің, әдет-салттардың сипаты танылады.

Осы орайда жазушының «Шел» әңгімесін айтуға болады. Әңгіме өтпелі кезеңдегі қазақ қоғамының интелегенциясына арналған. Жазушы зиялымыз деп жүрген интелегенттер өмірін, олардың өсу баспалдақтарын кестелі тілмен көркем суреттеген.

Байқасақ, Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесіндегі Ерғабыл қарт, «Ата» әңгімесіндегі Бекен, Айымбетовтың «Қара шаңырақ» әңгімесіндегі Шөмішбай бейнелері ұлттық таным белгілері ретінде көрінеді. Себебі, аталған туындыларда өзінің сөзі мен ісі арқылы өткенді қадірлеп, бүгінгіге баға беретін, болашаққа деген сенімі мен күдігі аралас келетін қарттар бейнесі айқын сомдалған. Адам тіршілігінің бар мәні бүгінгі мен болашағында, артқа қарайлаудың қажеті жоқ деген жалаң ұранның, желбуаз ойдың өткінші екенін біле тұра бала тәрбиесінде қателік жіберіп алған қарттар бейнесі – М.Айымбетовтың «Шел» әңгімесіндегі Тәнтәй шалдың бейнесімен мағыналас. Қариялардың қай-қайсысы болмасын жалғыз емес, арттарынан ерген тұяқ бар. Балаларының бәрі де оқып білім алған саналы жандар.

Қарттардың басындағы трагедия – ұлт трагедиясы деуімізге болады. Сапабек, Баған, Есіркеп, Меліс ауыл тәрбиесін көрген, ана тілінде тілі шыққан жастар. Өсе келе қала салтын көреді, қалада білім алып, қызмет істейді. Сөйтіп жүріп, бұл ұрпақтардың ұлттық танымнан күннен күнге жырақтап, алыстап кететіндігі, жалпы, жоғарыда аты аталған көркем туындыларда шебер бейнеленген. Онда авторлар өз кейіпкерлерін үлкен адамгершілік сынына түсіреді. Жайлы пәтер, жоғары қызмет, сұлу жар, ғылыми атақ кез келген адамның армандайтын, қол жеткізгісі келетін мақсаты болып табылады. Ал сол мақсатқа жету жолында кімді, нені құрбан етуіміз мүмкін. Міне, бұл әңгімелерде осы мәселе төңірегінде сөз қозғалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Қабдолов З. Жебе (әдеби толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 1977. – 236 б.
4. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 491 б.

5. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1993. - 496 б.
6. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 206 б.
7. Ысқақ Қ. Қара орман. – Алматы: Жазушы, 2005. – 368 б.

БЕРІК ҚОРҚЫТОВТЫҢ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Аяпова Г.Б., Исламова А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан

Қасиетті Атырау топырағында ұлтымыздың тарихын драматургия саласында дамытып келе жатқан қаламгерлеріміздің бірі Берік Ыбырашұлы Қорқытов - өзіндік дәстүр қалыптастырған ірі суреткер. Ол журналист, публицист, драматург, аудармашы, шежіреші ретінде ұлтымыздың рухани өмірінде айрықша маңызды роль атқарды. Б.Ы.Қорқытовтың есімі қазақ драматургиясына белгілі болып, шығармалары театр сахналарына қойыла бастағанына жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, пьесалары әр қойылымнан кейін көрермендердің биік бағасына ие болып келеді. 1970-1990 жылдардағы ұлттық драматургиямыздың даму, толысу және көркемдік жетістіктерін байыптау үшін өзге де қаламгерлердің пьесаларымен қатар - драматург Берік Қорқытовтың драматургиясы жан-жақты сөз болуы қажет.

Б.Қорқытов өзінің суреткерлік ғұмырында қазақ өмірінің алуан салалы маңызды, шешуші мәселелерін көтерді, өзгерген қоғам мен жаңа заманның жарқын образдарын жасап, өзі өмір сүрген қоғамның сыры мен сынын ашуға талпынды, заман талғамына, талабына сай көркем дүниелер тудырды, халқымыздың құндылықтар қорына зор да асыл, бағалы үлестер қосып, асыл қзынасын байытқан үстіне байыта түсті. Ақын Н.Әжіғалиев пікірімен тұжырымдасақ: «...Беркес ағамыз – Атырау өңірінде бір кездегі ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың, ақын-жыраулардың, билер мен батырлардың өмірін терең біліп, жан-жақты зерттеп, бүгінгі ұрпаққа табыс етіп келе жатқан қазыналы қартымыз. Б.Қорқытовтың шығармашылық шеберлігі дегеніміз – алдымен халық өміріндегі ең келелі саяси – қоғамдық, ой – саналылық, мәдениеттік мәселелерді терең толғап түсіну, ой түйю, пікір қорыту шеберлігі, халық тіршілігіне, тағдырына қатысты сан алуан құбылыстарды суретшіше сергек сезініп қабылдай білу, бейнелеп көрсете білу шеберлігі» [1, 12]. Қазақ ұлттық драматургиясы бүгінгі күні жан-жақты даму үстіндегі жанр. Арнайы зерттеу нысанасына және жекелеген белгілі драмашыларымыздың шығармашылықтарын қарастыруға да бірнеше құнды еңбектер жазылды [2].

Б.Қорқытовтың қазақ тарихи шежіресі, әдебиет тарихы мен драматургиясына өзіндік жолымен үлес қосып келе жатқан суреткер екені белгілі. Алғашқылардың бірі болып Махамбетті тану сипатындағы ойларын драмалық туындыға айналдырып, жаңа жанрды ұлттық санада қалыптастыруды қолға алғаны Б.Қорқытов шығармашылығының басты қыры екенін баса айтуымыз қажет. Драматургтің драмалық шығармаларындағы образдар көркемдігі, тіл шеберлігі психологиялық иірімдер халықтың асыл қазынасынан бастау алып, ұлттық қасиеттерді бойына дарыта отырып туындаған.

Ұлттық драматургиядағы Махамбет бейнесін сомдау сипатында жазылған шығармалардың сабақтастығын ұсыну мақсатында көркемдік жетістіктерін байыптау үшін өзге де қаламгерлердің пьесаларымен қатар - Атырау топырағынан түлеп ұшқан драматург - жазушы Б. Қорқытовтың «Махамбет» драмасы да жан-жақты сөз болуы қажет деп ойлаймыз. Б.Қорқытовтың «Махамбет» драмасында тарихи тақырып өткен уақыттың оқиғаларын тізіп суреттеу арқылы ашылмайды, тарихи тұрғыдан сипатталған характерлер

жасау жолымен айтылады. Драмадағы көркем бейнелер тарихта аты белгілі адамдар. Дәуірдің негізгі тенденциясын білдіретін трагедиялық образдар шындықпен тамырласады, заманның элеуметтік, экономикалық-идеологиялық жағдайларымен байланыстырылады. Драма екі актілі, төрт көріністен тұрады. Қатысушылар саны - 9.

Б.Қорқытовтың «Махамбет» драмасында тарихи тақырып өткен уақыттың оқиғаларын тізіп суреттеу арқылы ашылмайды, тарихи тұрғыдан сипатталған характерлер жасау жолымен айтылады. Драмадағы көркем бейнелер – тарихта аты белгілі адамдар [3,165]. Дәуірдің негізгі тенденциясын білдіретін трагедиялық образдар шындықпен тамырласады, заманның элеуметтік экономикалық – идеологиялық жағдайларымен байланыстырылады. Драма жайбарақат жатқан ауыл көрінісінен басталады да, бірден тартыс элементі жалғасып кетеді.

М.Әуезов: «Драматургиядағы конфликт мәселесі – пьесаның жанрлық белгісін көрсететін шешуші элементтердің бірі... драматургияның негізгі компоненті. Драматургиялық шығарманы нықтап, проза, поэзиядан бөлектеп тұратын шартты белгі осы конфликт» [4, 111], - деп атап өткен болатын.

1- Ш а б а р м а н: мынау ауыл әлі көшпей жайбарақат жатыр ғой.

2- Ш а б а р м а н: басына қамшы тимей көшкен ауылды көргенің бар ма?

3- Ш а б а р м а н: бұлар солай, жақсылықты білмейді, қазір өзім барып әкелерін танытайын, қалай көшпес екен, - деп бірден басталған тартыс үш шабарманның әуелкі сөздерімен дамып, сұлтан Қарауылқожа мен ақын Жанкісінің диалогына ұласады.

Б.Қорқытов драмаларының тартысы мықты, сомдаған характерлары шығарма композициясындағы әрекеттеріне байланысты мінез танытады.

Ауылдағы бүліктің үстіне Махамбет келеді. Драма идеясы Махамбет жауабы арқылы ашылады.

М а х а м б е т: Адам көрмей теріс қарап тұрған мен емес, сен, елмісін, жаумысың?

Қ а р а у ы л қ о ж а: Ел деп келіп едім, жаулықты сенің еліңнен көріп тұрмын.

М а х а м б е т: Жаулық бұл елден емес, алдымен өзіңнен шығып жүрген болар, бұл ел сенің жерің емес, қалай келіп, не іздеп жүрсің?

Қ а р а у ы л қ о ж а: Әй, Махамбет, бұл ел сенің жерің емес, қалай келіп, не іздеп жүрсің деген не сөз, ол кімдікі, алдымен соны зерделеп алмайсың ба, есің болса?

М а х а м б е т: Әзірге есім дұрыс, ел хандікі, жер халықтікі, соны білесің бе?

Қ а р а у ы л қ о ж а: (Махамбетке алара қарап) елді кім билесе жер де сонікі, буынсыз жерге пышақ сілтеме, мерт боласың, жер хандікі болған соң қайда жүрсек те өз еркіміз, орынсыз жерге кимелеп кірікпе.

М а х а м б е т: Қарауылқожа, абайламай сөйлеп, басқа жақтан келгеніңді білдіріп, артыңды ашып алдың – ау, қара халыққа хан ие, қара жерге халық ие деген әлімсақтан айтылып келе жатқан, хан да, қара да тоқтайтын аталы сөз бар» [«Махамбет»].

Махамбеттің қайтарған ұтымды жауабына тоқтамаған Қарауылқожа ханға сеніп, елді күшпен шабуға, көшуге бұйырады. Махамбет соңындағы нөкерлерімен Қарауылқожа мен шабармандарының қарулары мен көліктерін алып, хан ордасына жаяу қайырады.

Махамбет соңындағы жігіттерін ертіп, «найзаны саптап, қылышты баптап, садақты сайлап, атқа қонындар, енді шегінер жер қалған жоқ, тарттық Исатайға!» - деп Кіші жүздегі ұлт – азаттық көтерілісті бастауға аттанады.

Келесі көрініс Хан Жәңгірдің ордасында баяндалады. Драманың негізгі баяны да осы көріністе беріледі. Махамбет көрсеткен қарсылығын Жәңгір хан Баймағамбет, Шомбал атты би – сұлтандарымен ақылдасып отырады. Драмадағы хан айналасындағылардың бет – бейнесі осы көріністе жан – жақты ашылады.

«Ж ә н г і р: Жағдай осылай, не айтасыздар, қандай ақыл бересіздер?

Баймағамбет: Не айтатыны бар, асқынбай тұрғанда алысқа апармай, әскер алдырып, аластау керек.

Ж а н к і с і: Әй, Баймағамбет, хан бізден арбасып алысуды емес, тіо тауып табысуды айтсын деп отырған жоқ па, хақ сөйлеп ақ жолын айтпайсың ба? Мына сөзің екі жақты табыстыру емес, шабыстыру ғой.

Ш о м б а л: Ақсақал, сол Исатай алқынып-жұлқынғандай, салмақтанып сес көрсеткендей неден кенде қалып отыр? Малы маңында, жаны жанында, қонысы мен өрісі бізден асып түспесе кем емес, бес мың үйлі Берішті бір өзі билеп-төстеп отыр, алдына шығар адам жоқ, жерге симай, көкке ұшып кетем демесе неден тарығады, неден зарығады, Баймағамбет сұлтан дұрыс айтады, асқақтатпау керек, талтандатпау керек.

Б а й м а ғ а м б е т: Семіздікті қой көтереді демей ме, семіздіктен секіріп, тойғандықтан кекіріп, тұлыбына симай, жарылып бара жатқан болар.

Ш о м б а л: Семіз қойдың барар жері қара қазан емес пе?

Ж а н к і с і: (қолына қамшысын алып, алдына қойып) Әй, Шомбал-ай, сен де алды-артыңды абайламай, ақкөт торғайша ұшып-қонып отырсың-ау, өзін-өзі білмеген кісі өзгені қайдан білсін деп бұрынғылар біліп айтқан ғой, сен кім, Исатай кім? Сен ұшарыңды жел, қонарыңды сай білетін қалбақатаған қаңбақсың, ал, Исатай, елдің бетке ұстар беделі, алға ұстар арысы емес пе? Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, қоңқалаған көп жаман сол жақсыны көре алмас, ал жаманның басына қиын-қыстау іс түссе, бағанағы жақсыны қос атпен іздеп таба алмас деп бұрынғылар білмей айтқан ба? Бұл айтып отырғаның достығың ба, дұшпандығың ба?» [3,13].

Кейіпкер сөзі – драмалық шығармада бейне жасау амалын қаһарманның сөз саптау салмағын, табиғатын береді. Драманың негізгі идеясы да осы хан ордасында ақылдасқан жиында ашылып қалады. Негізгі мақсат – жерден тарығып, қайда барарын білмей жүрген алықтың тағдыры емес, бұл жерде ханға қарсылық көрсетіп жүр деген желеумен халықтың жағдайын ойлап жүрген Исатайды ұстап, патша өкіметінің қолын тапсыру. Ханға ақыл қосар, елдің ертеңін ойлар азаматтардың жауабы от басындағы әйел сөзінен де төмен жатыр.

Б.Қорқытовтың драмалық шығармасы Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихта болған жағдайды тізбелеп көрсетпейді. Кезеңдегі ең басты деген ойларды санамалап көрсеткен. Драманың екінші актісінің үшінші көрінісі Махамбеттің Баймағамбетпен кездесуі сипатталды. Махамбеттің Баймағамбетпен кездесуі туралы ақынның кейінге жеткен толғауларының ішінде «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген он екі бөліктен тұратын шығармасы бар. Берік Қорқытов біз тоқталғалы отырған көрініс - осы шығарманы өзек етіп алған. Берік Қорқытов Махамбет ақынның толғауын диалог арқылы өндеп ұсынған. Драманың ең соңғы көрінісінде Жәңгір хан өлгеннен кейінгі жағдай сипатталған. Елді билеуге Фатима ханым шығады. Дегенмен, бар күш, билік орыс патшасының қолында. Ханға көңіл айта келген Махамбет Фатиманың ел билеуіне тілектес екенін білдіре отырып, «Хан-сұлтандар құрымай тұрғанда ерікті ел, еркіндейтін ер бола қояр ма екен? Өзіңе айтар аздап сауалым бар, соған құлақ сал, ханым» деп көкейіндегі арманын білдірмекші болады.

Драматург Б.Қорқытовтың сөйлем құрау шеберлігі де ерекше сипатта, яғни сөзді нәрлі, әрлі реңімен беріп отырады. Мысалы: Баймағамбет: «семіздікті қой көтереді демей ме, семіздіктен секіріп, тойғандықтан кекіріп, тұлыбына симай, жарылып бара жатқан болар» [3, 253], Жәңгір: «Олай деп тайыздан ойлама, сұлтаным, орақ тісті орма емес пе? Ол біздердей мылқау емес, тіліп түсер тілі бар, ойып түсер ойы бар, өзін жойғанмен сөзін қалай жоясың? Еділ мен Жайықтың арасына тарап кеткен сөзді қай құдірет жояды? Оған құдайыңның да құдіреті жетпейді, бірге-бірге келгенде ел бізді емес, Махамбетті тыңдайды, Махамбет тамыры тереңге кетіп бара жатқан мықты, ол құдайыңды да тыңдамайды, тірелер жері біреу ғана, ол – Исатай» [3, 253].

«Махамбет» драмасы өте ықшам, кейіпкер бейнелері дәл, тартымды ашылған туынды. Берік Қорқытовтың қаламынан алты драмалық шығарманың ішіндегі «ең шоқтығы биігі» - «Махамбет» десек қателеспейміз.

Тарихи тақырыпта жазылған Б.Қорқытовтың келесі туындысы – «Жайық таңы» драмасы. Драма оқиғасы – 1918-1920 жылдары Жайық бойында Кеңес өкіметінің орнауы нәтижесінде баяндалады. Бас кейіпкерлері – Васильев – Совдеп басшысы, Қабыл, жақып, Ахмет, Степан – астыртын совдеп мүшелері. Толстов – дербес Орал армиясының қолбасшысы, Бородин – штаб бастығы, Күзенбаев – эсер партиясының мүшесі, Келберт – Англияның өкілі. Жайық бойындағы ірі қаланың бірі, қазіргі Атырау қаласында ақтар қашып, Совдеп мүшелері Кеңес үкіметін құрмақшы болып қызу іс жүргізіліп жатады. Жас Кеңес үкіметін құлатып, халықты билеу ісіне Англияның тыңшылары да қызу араласып, бұрынғы ақтың офицерлерін айдап салмақшы болады.

«Сахна ашылмас бұрын елін, жерін сағынған адамның зарлы сазы.

Сағындым, Жайық елдерін,

Қосылған өзен-көлдерін.

Сағындым-ау, Жайық,

Сағындым-ау, Жайық

Аға да жеңге, теңдерім, - деген ән, «Ух! Жайық таңы ататын күн болар ма, - деп күрсінген дауыс естіледі. Түн. Алыстан жарқырап Жайық көрініп жатады, белгі ретінде берілген бір жанып, бір сөнген фонарь жарығы, белгі ретінде тоқтайды. Екі-үш адам қайықтан зат түсіріп, алып кетеді. Жарық түседі. Пустобаевтың үйінің үлкен терезесінен қала көрінеді. Қызыл тулар желбірейді, сөйлеп тұрған адам, «Смело товарищи в ногу» әнін айтып өтіп жатқан халық.

К е л б е р т: Жою керек, большевиктердің бірін қалдырмай жою керек! Біздің мақсат сол ғана сонымен сіз мистер Толстовпен ертедене таныспын деңіз.

П у с т о б а е в: Иә, Келберт мырза, бала күнен. Генерладың бойындағы бір-қасиеті – қарысқан жерінен қан алатын қатыгез, өзгеге сырын ашпайтын жұмбақ, қатал да қыңыр адам.

К е л б е р т: Өте жақсы қасиет. Қазір бізге осындай қатал, тіпті өз баласын көзінше бауыздап жатса да жүрегі жібімейтін адам керек» [6, 37].

Драманың басыт кейіпкерлері олып табылатын ағылшын басқыншыларының негізгі арманы да айқындалып, халық үшін, жер асты байлығы қымбат екенін байқалып қалады.

Драмадағы негізгі тартыс Васильев, Толстов, Бородин, Күзенбаев және Пустобаев араларында. Халықтың жағдайын еш ескерместен, өз құлқындары үшін қатыгез ел билеушілері өзара ақылдасып, елді билеудің жаңа жолдарын қарастырып, шынайы бет-бенесін көрсетуді мансұқ тұтқан дарамтург көркемдік шеберлікпен, көрегендік танытып сахналық шығармаға айналдырған. Совдеп басшысын қолға түсіруді алға мақсат етіп қойып, ең алдымен тап жаулары оның отбасын, әйелі – Мария мен қызы Надежданы қолға түсіреді. Бірақ Васильев оқиғаның былай өрбитінін алдын-ала сезіп, астыртын совдеп мүшелерін жаудың арасына жіберіп қойған болатын. Сол астыртын мүшелері арқасында, тұтқында отырған көптеген совдеп мүшелері босаттырылып, қызыл тулар қайта көтеріледі.

Б.Қорқытов мінезді драма табиғатына лайық қатал сындарда шыңдап барып бірақ танытады. Б.Қорқытовтың драмашылық бір ерекшелігі – пьесаларының негізгі мазмұны, оқиға арқауы бірінші көрініс-бөлімінде толық ашылуы. Бұны драматургия жанрында-экспозиция дейді. «Экспозиция (лат. expositio-түсіндіру) - көркем шығармада оқиға дамып өрістейтін орынды, ортаны, ол оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді сипаттап, алғаш оқушыға таныстыру. Экспозиция негізгі оқиға желісінің шиеленісіне тікелей байланысты болмай, соған кіріспе-эпизод ретінде өз алдына оқшаулау тұрады. Себебі, ол оқиғаның, тартыстың басталуы емес. Тек қана тартыс-қақтығыстың барысын неғұрлым айқын, анық түсініп-білуге қажетті дерек,

суреттемелер» [7,373],- - десе, ал, академик З.Қабдолов: «Драмадағы хал-күйдің басы (экспозиция), әрине, пьесаның кіріспесі іспетті, алғашқы актыда жатады. Мұның міндеті – көрерменді пьесаға қатынасатын адамдармен (персонаждармен) таныстыру. Экспозиция екі түрлі (жағдай экспозициясы, мінез экспозициясы) болуы мүмкін» [8,343], -деп, Р.Рүстембекова: «Оқиға басталмастан бұрынғы жағдаймен оқушыны таныстыру немесе кейіпкерлер жайында шығарма бойында ақпар беруді «экспозиция» десек, драматургияда мұның да орны маңызды. Егер драматург экспозицияны созып алса, оқиға баяулап, сылбыр дамиды» [9, 87], - дейді.

Қорыта келгенде, Б.Қорқытовтың тарихи драманы өрістетіп, ондағы тарихи тұлғаларды тереңнен талдап сипаттауда өзіндік ерекшелігімен және жан – жақты характерлік болмысын аша алуымен өткен мен бүгінгі кезеңді өзара салыстырған тың туындылар деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Әжіғалиев Н. Берік Қорқытовтың жаңа бір қыры\ Атырау, 2003,№52.-4.
2. Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. А., ҚазҒА, 1964.-350; Ордалиев С. Конфликт және характер А., Жазушы, 1970.-285; Ғабдуллин Н: Шығарма арқауы – шындық А., Жазушы, 1968.-255; Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург А., Өнер, 1982; Нұрғалиев Р. Күретапыр. Қазақ драматургиясының поэтикасы А., Жазушы, 1973.
3. Пьесалар. 17-кітап. А., Өлке, 2003.- 360.
4. Әуезов М. Уақыт және әдебиеті А., Қазмемкөркемәдеббас, 1962. - 427.
5. Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі А., Ғылым, 1977.-285.
6. Қорқытов Б. Сахна сандығы I том. Атырау, Атырау-Баспа, 2003.-377.
7. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. А., Ана тілі, 1998.-202.
8. Қабдолов З. Сөз өнері А., Санат, 2002.-360.
9. Рүстембекова Р. Б.Майлиннің драматургиясы А., Жазушы, 1969.- 120.

Ы.АЛТЫНСАРИН АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Базарбаев Е.,

Ш.Есенов атындағы КТИУ,

Филология БББ 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымд.проф.м.а.

Жеткізенова Ә. Т.,

Ақтау, Қазақстан

Қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын ұлы ағартушы, ақын Ы.Алтынсарин балалар әдебиетіне көркем шығармашылықтың жаңа түрін енгізді.

Ол өлеңдерінде өзінің жас шәкірттеріне ғылым табыстарын мақтан ете жырлады. Білім мен техниканы өз шығармаларының арқауы етіп, әр түрлі жолдармен балаларға әрқашан ұқтырып отырды. Жасөспірімдерді техникалық, өнеркәсіптік білім алуға шақырады. Ы.Алтынсарин мектепте балаларды әр түрлі мамандыққа үйретуді көздеген. Сауат ашу, оқыту, білім беру белгілі бір мамандыққа үйретуді көздейтін болсын деген ой айтқан. Жастардың мектептен техникалық білім алуы халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар, негізінен олардың тұрмысының материалдық жағын жақсарттады деп ашық көрсеткен.

Өнер - білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды;

Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып - жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай [1]

Ғылым, өнер, техника жайларын сөз еткенде, Ыбырай балалардың ұғымындағы түсініктерден алыс кетпейтін, өздерінің күнделікті естіп, біліп, айтып жүрген сөздері арқылы беруге тырысады. Мұны ақынның тілдік ерекшелігінен айқын көруге болады. Өлең жолында кездесетін «сарай салғызды», «айшылық алыс жер», «көзіңді ашып жұмғанша», «құстай ұшу», «балықтай жүзу», «ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай», «желкілдеп шыққан көк шөптей», «өнер жігіт көркі», «сіздерге бердім батамды», т.б. сөз тіркестері халық ауыз әдебиетінде көп кездесетін сөздер. Өлеңнің жалпы құрылысы да шұбыртпалы ұйқаспен беріліп отырады. Өлеңдегі әрбір теңеулерде балама түсінігіндегі ұғымдардан алыс емес. Өлең стилі де халықтық жырларға жақын. Ақын ғылым, өнер, техника, мәдениет жақтарын балаларға оңай түсіндіру үшін халықтық стильден алыс кетпеген.

Сондай-ақ, оқырманына мамандық түрлерін де таныстырып өткен. Осы мысалға алынған өлең жолдары қазіргі компьютерлік сала мамандарының, ғаламтор әлемінің, әлеуметтік желі саласының ерекшеліктерін айқындап тұрғандай. Ыбырай Алтынсарин өз заманы үшін келешек мамандықтар арасында үлкен өзгерістер әкеліп, көш бастайтын салалардың артықшылығын көрегендікпен болжаған. Ұялы телефон, ұшақ, электр энергиясы, көлік түрлері, кеме секілді заманында қол жетпес қиял көрінген дүниелерді оқырман көз алдына алып келеді. Осы салаларды, құралдарды, тетіктерді жетік меңгеріп, нақты мамандық игеруге насихаттайды.

"Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деген нақылдың астарында өзің таңдаған мамандық арқылы қоғамға пайдасы бар, еңбек ете отырып рахаттана алатын, жемісін жеп, табысын тауып, орнықты кәсіп ету үшін сабырлы оймен салмақты әрекет ету деген ой жатыр.

"Мамандық" сөзі латын сөзінен шыққан, "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді.

Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі - маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі - еңбегіңізге ақының төленуі қажеттілігі.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқи отырып, мамандық – қарапайым өмір сүру көзі ғана емес, сондай-ақ қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі екенін түсінеміз. «Әлемде 40 мыңға жуық әртүрлі мамандық

бар. Статистердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12%-ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен» [2].

Ғалым Ханғали Сүйіншәлиев: «Ыбырай – терең ойлы ағартушы. Ол өмірдегі ең негізгі нәрсе тұрмыс қажеті екендігін түсінеді. Адам баласы өзінің тұрмысына қажетті мәселені шешуге бірден шұғылданатынын айтып, қазақ та өз өміріне керекті нәрселермен шұғылданатын ел екендігін ескертеді», – деп ағартушының халық тыныс-тіршілігіндегі назардан тыс қалмауға тиісті қажеттіліктерін қадағалап отырғандығын пайымдайды [3, 81].

Қаламгердің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі «Жер саласы» мамандығын таңдауға бағыт беретін шығарма. Қолына кетпен алып, жер тегістеп, егін егуге кіріскен Сейітқұлдың адал бейнет, табан ет, маңдай термен тапқан дәулеті жемісті болып, айналаға үлгі болғандығы баяндалады. Жер-ананың ырыздығын адал еңбекпен көрген Сейітқұлдың айналасына жиналған халықтың жағдайы түзеліп, жерді игеру техникасын мұқият қолға алады.

Бұл мамандық бұрында да, бүгін де, болашақта да сұранысы өте жоғары мамандықтардың бірі. Қазақ елінде ата-бабамыздан бері санамызда жер мәселесі алдыңғы қатарда болған, қазіргі кезде де кең байтақ жеріміздің үлкен ресурстарын дұрыс және болашағымыз үшін тиімді пайдалануға үлкен көңіл бөлуде. Еуразия кіндігінде орналасқан, әлемдегі жер көлемі бойынша 9-орын алатын, 2724902 км² құрайтын территориямыз бар, қаншама мемлекетпен шектесеміз. Осы кең байтақ жерімізді ең алғаш болып қағазға түсірген Алаш ардақтыларының, әсіресе, Әлихан Бөкейханов еңбегін атап өтпеу мүмкін емес.

«Зеректік» әңгімесіндегі кішкентай жәндік әрекетінің нәтижесін көріп, көпір тұрғызған Броун есімді ұстаның қабілет-қарымы құрылыс саласының мамандарына ой салады. Су бетіне тіреуішсіз, шынжырдан көпір салу үлгісін көрсеткен еңбек адамына деген ел құрметі өлшеусіз болары анық. Оған қоса күнделікті тіршілікті қажеттіліктермен қамтамасыз ететін құрылыс мамандығының орны да айрықшалығы көрінеді.

«Силенши деген ханым» әңгімесіндегі жібек матасын өндіру тарихы, Силенши ханымның зеректігі арқасында өркендеген кәсіпке деген жауапкершілікті арттырып келе жатқан елдің мамандыққа құрметі үлгі боларлық. Қазіргі таңда әлем бойынша киім тігу саласы мамандарының аузын аштырып, көзін жұмдырып, таңдайын қақтыратын әйгілі қытай жібегінің даңқын асырып отырған да осы еңбектің нәтижесі, осы мамандықты игеруге деген үлкен құлшыныс.

«Дүние қалай етсең табылады» әңгімесінде тіленші болып жүрген Антон деген жігітке жолында кездескен жанның ақылы себеп болып, адал кәсіпке кірісіп, тынбай еңбек ету арқасында дәулетін түзеп алғандығы айтылады. Бұл әңгіме арқылы сауда өнеркәсібінің ырыс-несібесінің молдығы, сату саласына сауатты мамандана білу насихатталады.

«Білгеннің пайдасы» әңгімесінде бай баласының ойнап жүріп, іші пысып зергерлікпен айналысып отырған ұстаның жанына келіп, шеге жасаудың қыр-сырын меңгергені айтылады. Еріккеннің ермегіндей қабылдап, болмашы ғана әрекет деп ұғынғанмен әлгі бала шеге жасауды кәдімгідей игеріп алады. Сонда да мазаққа айналдырып, қылжақтай жүріп шегесін жасап жүреді.

Кезінде зерігіп жүріп, көңілін алаңдату үшін үйрене салған шеге жасау өнерін кейін ашығып, тарығып, тіршілік қамыты мойнына ілінгенде кәсіп етіп, нан тауып, отбасын асырауына үлкен көмегі болады. Әңгімедегі ұста мен шәкірт болған бай баласы қазіргі токарь мамандығының іргетасын қалаушы кейіпкерлер.

Автор осы шығармалары арқылы еңбек ету, мамандыққа құрмет, кәсіпке адалдық арқылы өмірін түзеп, дәулетін толықтырып, берекелі жеміс терген кейіпкерлер арқылы оқырмандарына үлкен ой салады.

Қаламгердің атақты «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінің мазмұны баршамызға жақсы таныс. Шығармадағы күнкөріс үшін жетік маманданған мал бағу кәсібімен жүріп, табиғат ана аясында барлық өзгеріске икемді болған бала мен епсіз, дайын асқа тік қасық баланың арасындағы жер мен көктей айырмашылық көрінеді.

Сонымен жазушы еңбек, адамгершілік, әдептілік, мейірімділік тақырыптарын қамти отырып, «Талаптың пайдасы» суретші, «Бақша ағаштары» бағбан, «Асыл шөп» психолог, «Зеректік» құрылысшы, «Силенши деген ханым», «Бір уыс мақта» тігінші, «Полкан деген ит» кинолог, «Үнді» із кесуші, тергеуші мамандықтарының қыр-сырынан ақпарат береді.

Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама-шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Бүгінгі дамыған қоғамда мамандықтың түрі өте көп.

Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деуі текке айтылмаса керек. Адам өз мамандығы арқылы өзіне де, қоғамға да пайда әкелуі үшін өз мамандығының хас шебері болуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынсарин Б. Таза бұлақ: Әлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1918. – 320 б.
2. <https://znaniya.com/task/51521765>
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы; Санат, 2016. - 904 б.

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ержан Ш.Ә.,

Филология БББ 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., Бүркітбаева А.С

Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті университеті,

Ақтау, Қазақстан

Өтүкен жазирасында бағзы ғасырдан тәбарак болып жетіп, түркі өркениетінің тұма бастауында тұрған Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жыры түркі елінің ту көтеріп тұғырлы мемлекет орнатып, ұлыстың іргесін бекітіп, бауырластардың басын қосып, ынтымағын ұйыстырып, сыртқы жауларға жорық жасаған ерлігін жыр етсе, Қарахандар дәуірінде хатқа түскен «Құтадғу білік» дастанында ислам мәдениетін игеріп, сымбат түзеген халқымыздың қоғамдық-ой санасында орын алған рухани елеулі құбылыстар мемлекеттік жүйенің мүддесі мен талабы тұрғысынан сараланып, әлеуметтік-саяси, дидактикалық-моральдық аса бай мазмұнда шыншыл да сыршыл суреткерлікпен бедерленеді. Орхон жырларында жорық дүбірі, эпикалық қаһармандық тыныс мейлінше басым болса, Жүсіп Баласағұн дастанында адамның ішкі жан дүниесі, рухани кемелдену жолдары, этикалық құндылықтар, адам мен мемлекеттің, патша мен халықтың қарым-қатынасы, қоғамдағы түрлі топтардың мінез-құлқы, ой-танымы білгірлікпен жырланады.

Жүсіп Баласағұн (Баласағұни) — XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан-ойшыл, белгілі қоғам қайраткері. Ол замандастары мен өзінен кейінгі ұрпақтарға тек дарынды ақын ғана емес, сондай-ақ Орта ғасырдың атақты ғалымы, дәлірек айтсақ, табиғаттану, ризият (математика), фәләкият

(астрономия), тарих, араб-парсы тіл білімі, тағы басқа толып жатқан ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама-ғалым ретінде жақсы мәлім болған. Шу бойынан шыққан Жүсіп Баласағұни атақты шығармасын 45 жасында (шамамен 1010-1015 жылдар). Он сегіз айдың ішінде жазған. Түркияның атақты ғалымы Рәшит Рахмади Араттың пікірінше, шығарма Баласағұн қаласында басталып, Қашқар қаласында аяқталған. А. Ділашар ойшыл ақын 1068 жылы Қашқарға барып, шығармасын сонда жазды деген.

Дастанның белгілі бір мағынада елдегі Ата Заң (Конституция) қызметін атқаруы. Сөздер жақсы тек жазумен білінер,

Ұмытылмай көз, құлаққа ілінер...

Білімдар мен дана жазып кеткенді

Оқымасақ кім айтар ед өткенді! –

деп жырлаған данышпан Ж. Баласағұн мемлекеттің гүлденіп дамуы үшін жеке адамның жетілуін, сонымен бірге мемлекеттің тізгінін ұстаған патша мен оның бұқара халқының әрбір мүшесінің тиісті міндеттері қапысыз үйлесім тауып, жарасымды қызмет етуі шарт екендігін ғибрат етеді. Әбу Насыр әл-Фараби әйгілі «Ізгі қала тұрғындары» трактатында өріс алған әлеуметтік-философиялық қағидаттар аталмыш шығармада да ой желісіне айналып, өрнекті өлеңмен кестеленіп, жыршылық өнерді пір тұтатын түркі халықтарының дәстүрлі қабылдау түйсік-түсінігіне икемделіп, тартымды туындыға айналады. Әлеуметтік өткір мазмұн, мемлекеттің түзімі, заң-жарғы, билеуші элитаның ара-қатынасы, қоғамның түрлі топтарының мінез-құлқы, халықтың қайнаған өмір-тіршілігі, адамдардың әдеби, арман-мұраты дастанның өміршендік сипатын, ауқымдылық салмағын аттырып, кітап сол замандағы билік иелерінің рухани тұғырнамасына айналғаны мәлім.

Жүсіп Баласағұн шығармасы Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарған. Ол үшін автор өз еңбегінде патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болуы керектігін жеке-жеке баяндап шығады [1].

Құрманғали Халид "Тауарих Хамса" атты кітабында Баласағұнның "иыл алтмыш екі өрді төрт иүз білә" дегені ескі жыл санау бойынша 462 інші жылы еді деген мағынада, яғни хижра бойынша 362 жыл болып шығады деп түсіндіреді.

Кейіндері 13ғасырда Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырада: "Ақыл көркі-тіл, Тілдің көркі-сөз" деген сөз "Құтты біліктің" бір бәйіті жазылғаны тегін емес.

"Құтты білік" көшірмелерінің өзі бір шеті Мысырдан, бір шеті Венадан шығуды кездейсоқтық деп ойламаймыз. Бұл мәдени даму тынысының қарымдылығын, қызу қарым-қарым қатынас пен өркениетті үрдістің белгісі" деген еді белгісі ғалым марқұм Асқар Егеубаев. Расында да "Құтты білік" жалпақ жұрттың игілігіне айналған өте бағалы еңбек.

«Құтты білік» («Құтадұғұ білігі») әлемдік өркениеттен ерекше орын алатын, түркі тектес халықтарға ортақ классикалық шығарма. Ертеде бұл шығарманы ирнадықтар «Тұран шахнамасы» десе шын жұрты «Хандардың әдеп – қағидалары» деп атаған, ал машындықтар «Мемлекет дәстүрі» деп ат қойып, айдар қойса «күллі шығыс елдеріне «Өмір Зейнеті», «Падишаға насихат» деген атаулар мен белгілі болды [2].

Бұл шығармадағы кейіпкерлер мен жалпы шығарманың қысқаша түсіндірмесі:

Дастанда 4 кейіпкер туралы сөз болады. Олар Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдұрмыш осы кейіпкерлер арасында сұхбат тәрізді жүреді. Мысалы: Күнтуды-Әділет, Әділ заң, Әділ елбасы.

Айтолды-дәулет, пішімі әрдайым өзгеріп отырады, ай тәрізді көркем бейне. Өгдүлміш-дана, ақылгөйлігімен даңқы шыққан тұлға болса Оғдұрмыш-қарапайымдылық пен қанағаттың жиынтық тұлғасы іспеттес.

«Құтты білік» дастанының қысқаша тарихы міне осындай. Жалпы Жүсіп Баласағұн шынымен-ақ қасиетті түріктің сөзін «ұстап» бабалардың бақыт пен барақатқа жеткізген дүниетанымын болашақ ұрпаққа жеткізген кемеңгер. Ғұламаның бұл дастанында көшпелі түріктік дүниетанымының қайнар көзі руханиятқа сусаған көкірегіңіздің шөлін қандырады.

Жүсіп Баласағұн өз жырларында айтқандай артында мәңгілік өшпейтін із қалдырды, бұл дастан уақыттың тезіне шыдап беретін нағыз туынды болды. Сол себепті бұл шығарма жазылғалы бері 10 ғасырдай өтсе де, өлмес туынды кез келген заман мен құрдас бола алады.

Қортындылай келе, бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық саяси-өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тағы басқа жөнінде аса қызықты әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том, 2005.-23-бет.
2. «Түркістан» газеті. 24 желтоқсан, 2015 жыл.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 2006.-29 б.

САБЫР ҚАЗЫБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АТЫРАУ Өңірі Ақын-Жыраулар Шығармашылығы

Аяпова Г.Б., Қадыржан Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан

Жалпы, ақын-жыраулар тағылымды мұрасының басты қыры – өздері өмірге келген өңірдің әдет-ғұрыптық, тілдік, тарихи дамуын қатар дамытатын тарихи шежіре. Бұл орайда С.Қазыбайұлының өлке әдеби-мәдени мұрасын жаңғырту ширегіндегі орны жоғары. Әдебиетші-ғалым мақалаларынан бастап, әдебиет тарихы еңбегінде қасиетті мұра мен өңірдің өлкелік тарихын қатар дамытып отырған.

Сан ғасыр бойы халқымыздың жан дүниесін жасандырып келген қымбатты қазынасы - әдеби рухани мұрасы. Бұл байлығымызды жинап, зерттеудің ұзақ тарихы бар. Оның тағылымды дәстүрі ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келеді. «Ай, заман-ай, заман-ай», [1], «Алдаспан» [2], «Ақберен» [3] т.б. кітаптар мен топтамалар, әдеби жинақтар – сол игі істердің кепілі. Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов сынды айтулы ғалымдар өнегесі қазіргі орта, кейінгі буын өкілдері әдебиет зерттеушілеріне бағдар сілтеп еді. Бұл жолға түскен ынталы да зерек зерттеушілер баршылық. Солардың бірі – Сабыр Қазыбайұлы.

С.Қазыбайұлының қаламгерлік қарымы, тумысынан өлеңге құштарлығы оны ғылымға – қазақ поэзиясын зерттеуге алып келген. Ол тек теориялық білімді місе тұтпай, отыз жыл бойы ел аралап, рухани қазынаны тудырушылармен, айтып жеткізушілермен арнайы іздеп барып кездесіп, шығармасын жазып, жариялауға күш салған. С.Қазыбайұлы ақын-жыраулар мұрасын зерттеу ісін қазіргі таңдағы Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа орналсқаннан кейін, өзі талай жыл дәріс оқыған қазақ әдебиеті тарихының салалары сипатында дәріс оқи жүріп, көп жылғы тәжірибенің жемісі ретінде дамытты. Сонымен қатар Атырау өңірі негізінде жинақтау сипатында алғаш қадам жасаған ғалым болды. Ғалым бұл жолда көне көз қариялардан және ел аузынан сол

кезге дейін белгісіз болып келген қысқа өлеңдер шоғырын жинап, оның авторын іздестіріп, хатқа түсіріп жариялауда тындырымды және ізденімпаз «әдебиеттің жанашыр жинақтаушысы» болып, қазақ әдебиеті тарихын жаңа ақын-жыраулармен толықтыруға ілгері үлес қосты.

Қазақстанның Батыс өңірі – көптеген батырлар жырының, әсіресе, «Қырымының қырық батыры» сияқты халқымыздың қымбатты поэзиялық мұрасы кемелденген, ауыз әдебиетінің ірі өкілдері шыққан орта. Халықтың терең ойы мен ұлы армандарын жырлаған ақындар туралы айта келіп, «Олардың ішінде түркімен классигі Мақтымқұлының замандасы адай Абыл және Бұқар жырау, Нұрым, Марабай, Жанак XVIII ғасырдың айтулы ақындары ретінде ерекше орын алады» [4,270] - деп академик-жазушы М.Әуезов айтқандай, Батыс өңірі әдебиеті тарихында XVIII—XIX ғасыр ақын, жырауларының арасында Абыл мен Есеттің, Қашаубай мен Нұрымның терме, толғаулары ерекше көзге түседі. Сонымен бірге Е.Ысмайыловтың пікірінше: «Сүйінбай, Шөже, Шернияз, Абыл, Жанак, Түбек сияқты асқан жүйрік импровизатор ақындардың; Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Шашубай сияқты әнші – ақындардың; Марабай, Мұрын, Нұрпейіс сияқты атақты эпик жыраулардың творчестволық дәстүрлері өз заманындағы ақын - жыршыларды үнемі қызықтырып отырған» [5,88]. Сөз жоқ, Қазақстанның батыс өңірінде өткен ақын, жыраулардың ішінде Абыл, Шернияз, Ақтан, Нұрым, Сүгір (Мырзалыұлы), Қашаған, Аралбайдың ақындық, жыраулық, жыршылық таланты өзгелерге үлгі болған.

С.Қазыбайұлының әдебиет тарихы салсындағы ғылыми еңбектерінде ақын-жыршы, жыраулар туралы толғана жазуы бойына табиғаттан біткен ақындық дарынның қасиетінен болса керек. Жылдар бойы бал арасындай мұрағаттан, қаладан, даладан жинаған асыл сөздер қазынасы туралы саралы ойлар ақыры «XVI – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» аталатын оқу құралына ұласты. Ғалымның әдебиет тарихына байланысты зерттеулері турасында әдебиетші ғалым Қ.Ө.Жүсіп: «Сабыр Қазыбайұлының ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен негізгі саласы – қазақ әдебиетінің жыраулар поэзиясы саласы. Сонай XV ғасырдан басталған Асан Қайғы, Қазтуған, Шөлгез шығармаларындағы төл поэзияның сындарлы жүйесін кеңнен танытып, Жоңғар шапқыншылығы заманындағы Бұқар Қалқаманұлы, Ақтамберді Сарыұлы, Үмбетей Тілеуұлы шығармаларының тарихилық негізін өзінше талдап-талғауға күш салды. Мұнда С.Қазыбайұлының еңбегі өзгеше салмақты» [6,2] деп жазады.

С.Қазыбайұлы кезеңдегі қазақ әдебиеті тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады: 1) Қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзияның қалыптасу кезеңі (XV-XVII ғғ.). 2) XVIII ғасыр әдебиеті. 3) XIX ғасырдағы жыраулар әдебиеті.

Алғашқы кезеңдегі жыраулық поэзия өкілдері қатарына Сыпыра жырау, Асанқайғы Сәбитұлы, Қазтуған Сүйінішұлы, Доспамбет жырау, Шөлгез Тіленшіұлы, Жиёмбет Бортоғашұлы және Марғасқа жырауларды жатқызады. Аталған жыраулар шығармашылығы негізінде әдебиет тарихы мәселелері, жырау, жыршы және ақын сипаты, маңызы мен олардың өзіндік белгілері, авторлы әдебиеттің қалыптаса бастауына тоқталады. «Әдебиетті оқыту бағдарламасы бойынша жоғарғы оқу жүйесінде әдебиет ғылымы алғашқы семестрде халық ауыз әдебиеті, екінші семестрде V-XIV ғасырдағы көне әдебиет нұсқалары оқытылатын болса, ал екінші курста әдебиет тарихынан білім беру лекциялары басталады. Бұл курсқа әдебиет тарихының XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы, XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті тарихы өтіледі» [7,25] деп, С.Қазыбайұлы өзінің дәріс оқу нәтижесі бойынша әдебиет тарихын кезеңдерге бөледі. Бұдан соң ғалым «Енді жырау, жыршы және ақын сипаты, авторлы әдебиеттің қалыптасуы туралы әңгімеге назар аударалық» әдебиет тарихын зерттеуші Х.Сүйіншәлиевтің тақырыпқа орай пікірін «Біздіңше, XV-XVII ғасырлардан бастап қазақтың өзіндік төл әдебиетінің іргесі қаланып, әдеби тілі

қалыптасады. Осы кезден бастап әдебиет тарихында қазақ авторлары жеке жыраулары мен ақындарының есімдері белгілі болды. Дара ақындық шығарма бой көрсетеді. Бұдан кейінгі әдеби процесс үзілмей жалғасып, бірте-бірте шындалып ілгерілей береді» [8,31].

Ғалымның бұл пікірінен әдебиетімізді зерттеушілердің соңғы кезде түйіндеген пікірлерін айтып отырғаны байқалады. Демек, әдебиетіміздің ежелден бергі бай мұралары ХҮ ғасырға дейін ауыз әдебиеті сипатында болғаны, ал тарихи әдебиетіміз тиісті әдеби туындының авторы болып саналатын белгілі жыраулардың, оған ілесе ақындардың аты-жөні көрінетін сол ХҮ ғасырдан бастау алатыны айтылады. Сонда ауыз әдебиетінің жұртқа белгілі авторы болмайтындығын оның тарихи немесе авторы бар жазба әдебиеттен негізгі айырмашылығы деп түсінеміз.

Жыраулар негізінде заман-дәуір туралы, өткен мен келешек, адамгершілік және жақсылық-жамандық туралы терең ойлар, тебіреністі болжамдар зердеге қонатын қағидалы сөздер айтып отырған. Жыраулар толғау жанрында сөйлеп, еркін ұйқасқа құрылған терме жасайды. С.Қазыбайұлының пікірінше, жыраулар атамекенді, елді қорғау, жауға берілмеу тақырыбында толғап отырған. Әсіресе, Ноғайлы заманының ескерткіші іспетті батырлар жырларын да жыраулар шығарған деп білеміз деп қорытынды жасайды. Ғалымның келесі тоқталған өнер иесі – жыршы. Олар жыраулармен үзеңгілес өмір сүрген өнерлі жандар. Олар дайын жырларды жаттап алып, халық алдында айтушы ретінде жыршы атанған. Жыршылар халқымыздың бай әдеби мұрасын сақтап, ғасырдан ғасырға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа таратып аса бағалы еңбек сіңірді. Мысалы, маңғыстаулық Сенгірбекұлы Мұрын жырау 1942 жылы «Қырымның қырық батырын» жырлап берді, бүгінгі таңда ол мұра екі том болып баспадан шығарылды деп, жыршылардың әдеби мұраны сақтау және жеткізу сипатындағы орындарына кеңінен тоқталып өтеді.

С.Қазыбайұлы Сыпыра жырау туралы мәліметтің өте аз кездесетініне тоқтала келіп: «Сыпыра өмірінің ақиқаты осылай бола тұрса да, біз қазақ әдебиеті тарихының жыраулар поэзиясы кезеңіне алып отырған бір ғана себеп бар. Ол Сыпыраның қазақ поэзиясының бастауы, қазақ жырауларының атасы іспетті қасиетті қадірі болғандығы еді» [7,35] деп, жырау шығармашылығын зерттеушілерге Қ.Сәтбаев, С.Мұқанов, Е.Байболов зерттеулеріне тоқталады. Әсіресе, С.Мұқанов: «Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар – ХІХ ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы, олар хан қасында отырып, батырды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады» [9,45] деп баға берген пікірін басшылыққа алып, Сыпыра жырауды топ бастаған дана, үздік дара шешен, қажымас еңбек, қайтпас жігер, мұқалмас қайрат иесі, халық қиялының төрешісі болған қария жырау сипатында баға береді. Ал Асанқайғы Сәбитұлы турасында С.Қазыбайұлы оның өмірде ақиқат болған адам екенін, оның шын есімі – хасан, ал қайғы сөзі – оның адамшылық қасиетіне орай қосқан балама аты деп түсіндіреді. Асан қайғының әдеби мұрасына тоқталу барысында ғалымның ерекше тоқталған мәселесі Жәнібек хан туралы. Әдебиет зерттеушісі Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде Жәнібек хан деген үш кісі болғанын ашып айтады. Біріншісі – 1342-1357 жылдары Алтын Орда ханы болған Жәнібек. Екіншісі – 1465 жылдары Қазақ хандығын құра бастаған Барақ ханның баласы Жәнібек. Үшіншісі – Әбілхайырдың Қажым тнетек дегенінің баласы «Жәнібек ақылсыз». Ә.Қоңыртабев өз еңбегінде Астарханға хан болған ақылсыз Жәнібек деп атап көрсеткенімен әдебиет зерттеуші ғалымдардың бұл пікірге тоқталмай өтетіндігіне мән бере отырып, соңғы екі Жәнібекке тоқталуды жөн көреді. «біз соңғы екі Жәнібек туралы кеңірек айтқанды жөн көрдік. Осыған байланысты Асанқайғыны дұрыс тануымызға жол табылады. Ескеретін бір жайт – халық аңызындағы бір басқа, ал әдебиет тарихындағы Асанқайғы – тарихи тұлға. Оның тарихы жыраудың өз еңбектеріне, ой – пікірлеріне сүйене отырып қарастырғанда, анық ашылады. Міне, біз осы тұрғыда сөз етеміз» [7,36] деп, жыраудың тарихтағы орынан кеңінен тоқталғанды жөн көреді. Тарихи тұрғыдан Асан

заманындағы екі хан аталады. Бірі – Ұлы Мұхаммет те, екіншісі – Өз-Жәнібек хан. Ұлы Мұхаммет Тоқай – Темір ұрпағы, 1432 жылы Ақ Ордадан қуылған соң, 1436 жылы Қазақ хандығын құрады. Асанқайғы Ұлы Мұхаммет өлген соң, Айдархан ханы Өз-Жәнібекке келеді. Қазақ хандығы Жәнібектің баласы Қасым хандық құрған 1511-1523 жылдары күшейіп, батыста Жайыққа дейін қанат жаяды. Бірақ Еділ өңіріне жәнібек түгіл, қасым ханның да қолы жетпейді. Олай болса, қазақ ханы Жәнібек пен Асанқайғының арасында байланыс болмаған сияқты. Осылай қорытынды жасаған С.Қазыбайұлы өз ойының дұрыстығын дәлелдей түсетін М.Мағауин мен Шот-Аман Кәлихан деректеріне түсінік беруді жөн санайды. М.Мағауин «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» еңбегінде «1523 жылы Үсейінді жеңіп, Астраханды алады» деп жазады. Ал Шот-Аман Уәлихан шежіресінде [7,55] Өз-Жәнібектің Қасымхан, Сөк, Жәдік деген үш баласы болғанын көрсетеді. Олай болса, Барақтың Жәнібегінің Үсейін деген ұлының болмағанын осы дерек қуаттай түсетінін, сонда Астрахан ханы Үсейін кәдімгі ақылсыз Жәнібек деген пікірге келеді С.Қазыбайұлы.

Асанқайғы туралы аңыздарда Астраханды Өз-Жәнібек хан салдырған делінеді. Сол ісін мақтаныш етіп жасаған Жәнібекті сұрағанда, Асанқайғы: «Хан, өзің салдырған ғимараттың табалдырығының астына орыс баласын көмдіріп сен үлкен білместік істедің. Түбінде бұл қаланы орыс алатын етіп жаман ырым жасадың. Қала табанына орыс қанын сіңірдің. Мен сенің ол қайырсыз тойыңның несіне мәз болып келейін» - деп ханның ақылсыздық жасағанын бетіне басады.

С.Қазыбайұлы қарастырған ХҮ ғасырдың жырауы – Қазтуған Сүйінішұлы. Еділ, Жайық, Ойыл, Қиыл, Сағыз, Жем атырабын мекендеген Ноғайлы жұртынан шыққан қарға бойлы Қазтуған – арқалы ақын, аруақты батыр, еңелі би болған адам. «Қазтуғанның идеясы да, арман мүддесі де туған жер, атамекенді қорғау, соны ардақтау екені, сол кең де қолайлы қонысты мекендеген халқының басынан өткерген бақытты, рахатты өміріне сүйсінетіні жырларынан анық танылады» деп С.Қазыбайұлы жыраудың толғауларының дені туған жер тақырыбына арналғанын кеңінен сипаттайды. Қазіргі «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында Қазтуған жыраудың үш өлеңі беріліп жүр. Жырау «Мадақ» өлеңінде өз бейнесін, ерекше сипатын жасайды. Қойды бастар көсем, тілге жүйрік шешен, қашаған ұстар құрық, ақ орданы теңселтпейтін тіреу сырық сияқты ең бір артық заттарға балайды. Сондай-ақ, өзін билердің кенжесі деп те бұлт басқан айды, мұнар шалған күнді, мұсылман мен кәпірдің арасын бөліп дінді ашқан қажырлы қайрат иесі деп бейнелейді. Келесі жыраудың нақыл мәніндегі тақпақ жыры «Белгілі биік көк сеңгір» жыраулық поэзияның асыл үлгісіне жатады. Осы жырында ол кеменгер ақыл иесі, кең тынысты жырау екенін танытады.

«Қазтуған жыраудың жыр-толғауларын жырлап елге таратқан ақын – Мұрат Мөңкеұлы» деп атап өтіп, ақынның «Қазтуған» толғау-дастанына тоқталып өтеді. Қазтуған жырау болғанда ел көсемі би, қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен демекпіз. Сол заманның әлеуметтік тартысына орай ол – өлеңді ат үстінде, топ ортасында жарып салып, суырыла сөйлеген жырау. Сондықтан да оның жыры – ерлік өнегесі. Көркемдік сипатына орай С.Қазыбайұлы Қазтуған жырауды ХІХ ғасырдағы Махамбет Өтемісұлы поэзиясымен салыстырады. «Бұл ретте Қазтуғанның батырлық рухпен төгілген айбынды поэзиясы өзінен кейінгі жыраулар мен ақындар еліктейтін әсерлі өнеге болды. Әсіресе, оның өнегесін алған батыр жыраудың өзімен идеялас, мұндас, жорық, жортуыл ақындары болды. Осы ыңғайда Махамбеттің өлеңдері Қазтуған әуеніне ұқсас келеді» [7,45] деп Қазтуған жыраудың өзі туралы айтылған толғауында өзінің тегі осал емес екенін, ал өзін «тас кескен алмасқа» балап суреттеуі Махамбеттің «Мен, мен едім» өлеңіндегі өзін «тарлан бөріге» балама (метафора) жасауына үлгі болған.

С.Қазыбайұлы адал еңбек етудің, талмай ізденудің, қажымас қайраткер болудың ең бастысы өмірімен де, өнегесімен де замандастарына, адам баласына ұстаз болудың ғажайып үлгісін көрсетті. Өмірінің көп жылдарын студент аудиториясында дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеуге арнады. Атырау облысының әр ауылынан ұстаз-ғалымнан білім алған мамандарды көптеп кездестіретініміз айдай ақиқат.

Қорыта келгенде, Сабыр Қазыбайұлының қазақ әдебиетінің жыраулар поэзиясы саласы жөніндегі зерттеулерін біз ұлттың игілікті мұрасы, үлкен рухани қазынасы тұтынамыз. Біз әрбір атқарылған істі бүгінгі биікпен өлшеп, өзіне дейінгі әдеби өре, атқарылған іспен салыстырып, тоқыраған істі қаншалық ілгерілеткені тұрғысынан бағалауға талаптандық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ай, заман-ай, заман-ай. 2 томдық (құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев) Алматы., Қазақ ССР Баспөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы-РББ. 1991.-Т.1. -384
2. Алдаспан Алматы: Жазушы, 1991.- 525
3. Ақберен Құрастырған Қ.Сыдиықов. Алматы: Жазушы, 1972.- 222
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15 т. Алматы: Жазушы, 1984. -328
5. Ысмайылов Е. Ақындар ҚМКӘБ, 1956. -340
6. Жүсіп Қ.Ө. «Ұлтының ұлы ұстазы» (С.Қазыбайұлының әдеби мұрасы туралы) \Атырау, 2014, №125, 2-3 бб.
7. Қазыбайұлы С. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы (жыраулар поэзиясы) Ақтөбе, 2004. –296
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы: Санат., 1997. -310
9. Қазақ әдебиетінің тарихы 3-том, Алматы: Ғылым, 2000.-568

ҰЛТ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН АЛАШ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Бекбосинова Т.Н.,
тарих пәні мұғалімі,
Форт-Шевченко мектеп-лицейі,
Ақтау, Қазақстан

Бүгінгідей жаһандану заманда ел болашағының жарқын болуы білімді де зейінді, тәрбиелі ұрпақтың қолында екендігі даусыз. Кез-келген дамыған мемлекет үшін білім саласын жетілдіру – әрдайым басты бағыттың бірі болып отырғанына әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр. Қазақтың ұлт ұстазы, алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзетуді бала оқыту ісінен бастау керек», – деген болатын. Білімге қатысты бұл ой-пікір кеше де, бүгін де, ертең де өзектілігін жоймайтын, күн тәртібінен түспейтіні бәрімізге аян. Қазіргі таңда жастарға білім беру – тың идеяларды, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, оларды жан-жақты қолдануды, білім сапасын жетілдіруді талап етеді. Осы жолда тәуелсіздік жылдарында елімізде білім саласында көптеген реформалар жасалып, қарқынды жұмыстар жүргізіліп, өз кезегінде бұл іс-әрекеттер алуан түрлі нәтижесін беріп келеді. Дегенмен, кешегіні ескермей, бүгін, бүгінді ескермей ертең жоқ дегендей, Алаш арыстарының педагогикалық ойларын, идеяларын саралап, өмірімізге қолдана, пайдалана білуіміз қажет. Қазақ қоғамындағы ұлттық ағарту саласының көшбасында алаш арыстары тұрғаны ақиқат. Зерттеп білген адамға, ХХ ғасыр басындағы алаш арыстарының еліміздегі зайырлы білім беру ісі дамуына қосқан үлесі мен ағарту жүйесіне енгізген жаңалықтары қаншама. Алаш

зиялылары отарлық езгіде жаншылған халықты азаттық үшін күреске даярлады, оларды бодандыққа қарсы саяси күресте тізе қосып бірігуге үндеді, ұлт бірлігін, жер тұтастығын сақтап, халықты оқу-білімге шақырды. Ағартушылық қызмет арқылы халықтың ой санасын оятуды көздеді.

Өткен ғасырдың алмағайып кезеңінде өмір сүрген алаш зиялыларының қоғамдық қызметінің бастауы – ағартушылық еді. Бұл туралы ҚР ҰҒА академигі, алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді «Алаш қайраткерлерінің азаттық идеологиясын қалыптастыру қызметі» атты мақаласында былай деп жазады: «Ұлт оқығандары қоғамдық қызметін ағартушылықтан бастады. Яғни, қазақ елі сан жағынан империя құрамындағы үлкен елдердің қатарында емес, сонымен бірге аз және әлсіз елдердің де санатына жатпайтын. Оның халық ретінде жүріп өткен жолы, ерлік тарихы, ең негізгісі ғасырлар бойы қанды күрес арқылы қалыптасқан атамекен жері бар. Ендігі уақытта арасына білім ұрығын себу арқылы оны өз тағдырын шеше алатын белсенді субъектіге айналдыру басты міндетке айналуға тиіс. Олар нағыз білім, осы жолдағы мақсатты ағартушылық қызмет және тәрбие халықты өзгертетіндігіне сенімді болды. Міне, сондықтан да ұлт оқығандары қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, бұл межені жақындата түсу үшін қазақ тілін білім және ғылым тіліне айналдыру, осы мақсатта оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау, ұлтқа арнап кітап, газет-журналдар шығару ісін қолға алды».

Чехтың әйгілі педагогі Я.А. Коменский әрбір халыққа өз ана тілінде білім берілу керек екенін айтады. Алаш арыстары да ағартушылық тұрғысында мектепте ана тілінде білім беруді жолға қоюды мақсат етті. Сондықтан да алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген болатын. Сондықтан да кезінде алаш арыстары «мемлекеттік тіл» мәселесін алғашқы маңызды мәселе ретінде қарады деуімізге болады. Әрине, Сәкен Сейфуллиннің басшылық қызмет кезіндегі қазақ атауын қайтаруға, оқу-білім мәселесін жолға қоюға қосқан үлесін жоққа шығара алмаймыз. Бұлардың бәрі де көзқарасы әр түрлі демесек, алаш идеясының жүзеге асырушылары. Олардың пайымдауынша, қазақ ұлтының мәдениетін, ұлттық рухын, саяси көшбасшылығын ұлттық тіл ғана биік дәрежеге көтереді. Алаш көсемі Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» десе, Мағжан Жұмабаев: «Түрік тілімен сөйлейміз деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы», - деген «Педагогика» еңбегінде.

Мемлекеттің барша халқын ана тілінде оқыту жөніндегі пікірлері кейіннен «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында да көрініс тапты. Бағдарламаның «Ғылым-білім үйрету» атты бабында: «Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сыйласу арқылы тағайындалады», - деп жазылды.

Қазақ және өзге де бұратана саналған халықтарды тілінен айырып мәңгүртке айналдырмақ болып Ресей билігі қаншама ашық-құпия жұмыстарды жүргізді. Атап айтқанда, қазақ халқын шоқындырып, өз дініне өткізіп, жастарын орыс тіліндегі мектептерде оқытуды көздеді. Бірақ үркердей шоғыр жұлдыз болып жарқыраған Алаш арыстары бұл тосқауылдың алдын алды. Бірі мемлекеттік тілдің әліпбиін құрастырса, бірі «Қазақ» газетін ашты. А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш» кітаптары қазақ тілінің болашағы үшін құнды мұраға айналды. Осы орайда тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдінің: «Ғасыр басындағы қазақ ағартушылығының тәжі – А.Байтұрсынұлының шығармашылығы арқылы өмірге келген қазақ алфавиті, қазақ тілінің грамматикасы мен

теориясы еді, сол арқылы оның әдебиет және ғылым тіліне айналуы болды», - деген тұжырымы орынды.

Ана тілі туралы, қазақ ағартушылығы турасында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Телжан Шонанұлы, Қошкелі Кемеңгерұлы, Мағжан Жұмабай, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Айтмауытұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ғұмар Қарашұлы, Елдес Омарұлы, Хайретдин Болғанбай сынды тіл жанашырлары мақалалар мен құнды зерттеулер жазды.

Жоғарыда айтқандай, «Алаш» партиясының облыстық съездерінде ағарту және зайырлы білім беру мәселелері басты тақырыптар болды. «1917 жылдың сәуірінде Жетісуда, маусымында Семейде, тамызда Ташкентте, желтоқсанда Орынборда өткен «Алаш» партиясының съездері мектеп ана тілінде болу керек деген шешім шығарды. Ташкентте өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы мектептің ана тілінде оқытуын міндеттей отырып, орыс-түзем мектептерінің орнына ұлт мектептерін ашу деп шешті. Ал, Орынборда өткен жалпы қазақ-қырғыз съезінде оқу мәселесіне айырықша көңіл бөлінді. Оқу мәселесі жөнінде М.Дулатов баяндама жасап, ұлт мектебін көркейтуге-оқытушымен оқу құралының тапшылық көрсетіп отырғанын баса айтады».

Съезд делегаттары М.Дулатұлының пікірін қызу қолдап, оқу құралдарын дайындауға мұрындық болатын оқу комиссиясын құруға шешім қабылдайды.

Съезд оқу комиссиясына мынадай міндеттер жүктетілді: ұлт мектептеріне бағдарлама жасау; мұғалімдерге жолбасшы кітаптар жазу; тәрбие жайынан кітаптар жазу; бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару; қазақ емлесін тексеріп, түзету, қазақ тіліне пайдалы кітаптарды аудару. Оқу комиссиясы құрамына А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонанов сайланды.

Осы уақыттан бастап алаш қайраткерлері зайырлы білім беру саласына еңбек етіп, оқулықтар жаза бастайды. XX ғасыр басындағы Ә.Бөкейханның «Үшінші дума һәм қазақ» А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы», «Әдебиет танытқыш» және Ж.Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші», «Психология», М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы», М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Педагогика» тағы басқа оқулықтар шығады. Сондай-ақ оқу-ағарту саласына қажетті оқу-әдістемелік құралдар, методикалық-әдіснамалық зертеулер жазып, бір-бірінің зерттеу арналарының толықтырып отырған. 1918 – 1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мағжан Жұмабаев көпшілік қауым мойындаған, қалыптасқан ақын болып танылады оның жырлары қазақ даласын шарлап кетеді. «Жан сөзі» атты атақты өлеңінде ақын өзінің «Медресе – Ғалиядан» кетуіне үзілді-кесілді қарсы болған әкесі Бекенмен арадағы салқындықты және жергілікті дау-шарға қатысқысы келмеген жайын, өзінің сол тұстағы қауымға наразылығын зарлай жырлайды. 1919 жылы ақын екі бірдей қасіретке душар болады; тағдыр қосқан қосағы толғақ үстінен қайтыс болса, азамат соғысы уақытысына орай есімін Граждандар қойған перзенті бір жылдан соң ол да үзіледі.

Осының бәрі ақын жүрегіне зіл батпан ауыртпалық түсіріп, із қалдырады. «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңі осы сәтте туған. 1919 – 1923 жылдары Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде, “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы “Батыр Баянды” жазып, жарыққа шығарады.

1923 – 1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 жылы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының

жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Мағжанның 1922 жылы қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы “Еңбекші қазақ” газетінің 1925 жылы 14 ақпандағы санында басылды. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын “Сәлем хат” деген өлең жазды. Ол “Тілші” газетінде жарияланды. “Еңбекші қазақ” газетінің 1924 жылы 19 желтоқсанындағы санында Сәбит Мұқановтың “Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына” деген ескертпемен “Сәлемге сәлем” деген жауап өлеңі басылды. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбаса да, “уралап айқайламадың” деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемедің деген айыппен Мағжан қатаң сынға алынды.

Ақын 1927 – 1929 жылы Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 жылы Жұмабайұлы “Алқа” атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. Әдебиетші ғалым Р.Бердібаев «Мағжан Жұмабаевтың мұрасын тану мен бағалауда орын теуіп келген жаңсақтықтың бір ұшығы оның ұстаған көркемдік тәсіліне мен бермеушілікке байланысты» дейді. Мағжан-романтик ақын, дүние құбылыстарын да романтиктің көзімен шолған. Ал романтикалық әдісте реалистік тәсіл секілді көркем әдебиет жаралғалы бері қатарласа келе жатқан құбылыс. Тіршілік заңдылықтарының ағысын емес, өмір-бақыт туралы алдын-ала қалыптасқан ұғым мен сенімді бірінші кезекке шығарып айту романтизмге тән нәрсе. 1937 жылы наурызда Мағжан Бекенұлы Алматы қаласына келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді. Мағжан- Алаш қайраткері. Рухты халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырды. Бірақ солақай саясаттың құрбаны болды. Мағжан Жұмабаевтың мол мұрасы Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында ғана жұртшылыққа жария етілді.

Мағжан Жұмабаев ешқандай басшылық қызметтер атқармаған. Сырт бейнесі өте сұлу, келбетті адам болған екен. Сәбит Мұқанов ол туралы: «Мінезі баладай, тілі балдай еді. Адамға қайырымды, кешірімді, қалтқысыз жан еді... » деп жазады. Сондай-ақ аумалы-төкпелі заманда өзіне қара күйе жаққан жандарға ақынның жаман сөз айтпауы да оның бойында адамшылық қасиеттің биік болғандығын көрсетеді.

«Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн боламын», - деп армандаған алаш қайраткерлерінің дәстүрлі қазақ қоғамындағы зайырлы білім беру мен ағарту жүйесіне қосқан еңбектері мен қызметтері ел мүддесіне қалтықсыз қызмет қылудың нағыз үлгісі болды деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дюкенова Н.Е. Мағжан Жұмабаев шығармашылығын мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-7, 11 сыныптар бойынша): пед.ғыл.канд.дис.-А.: Абай атындағы ҰПУ. 2006ж

2. Сыздықұлы З. Мағжантану мәселелері. Таңшолпан 2009ж аңшолпан, 2009.- №2.

ФИЛОЛОГИЯ МЕН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Демеев А.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
«Халықаралық қатынастар және туризм»
кафедрасының профессоры,
география ғылымдарының кандидаты
Ақтау, Қазақстан

Биология және лингвистика. Биология мен тіл білімінің қиылысында сөйлеу механизмдерінің биологиялық негізінің қалыптасуын зерттейтін биоллингвистика дамиды. Жаратылыстану ғылымында дамыған тіл білімі терминологиясы белсенді қолданылады. Белгілі генетик, Нобель сыйлығының лауреаты Франсуа Жакобтың айтуынша, лингвистика молекулалық генетикаға тамаша модель ұсынды. Өкінішке орай, генетиканың өзі әлі лингвистиканың дамуына айтарлықтай үлес қоса қойған жоқ, дегенмен адамның тілдік құзыреттілігінің генетикалық деңгеймен байланысын іздеу өте қарқынды жүргізілуде.

Филология және география. Мәдени география - кеңістіктік мәдени айырмашылықтар мен мәдениеттердің аумақтық таралуын зерттейтін әлеуметтік-экономикалық географияның бағыты.

1930 жылдары Карл Зауэр жасаған ғылыми бағыт ретінде ол ұзақ уақыт бойы негізінен АҚШ-та дамыды. Зауэрден кейін мәдени географияның қалыптасуына ең үлкен үлес Ричард Хартшорн мен Вильбур Зелинский қосты. Зауэр негізінен 1930 жылдары елтану географиясында Ричард Хартшорн және одан әрі сандық талдау революциясының жақтаушылары еңсеруге тырысқан сапалық және дескриптивті талдау әдістемесін қолданды.

1970 жылдары географиядағы позитивизмге және сандық әдістерге деген шамадан тыс құмарлыққа сын күшейе түсті.

1980 жылдардан бастап "жаңа мәдени география" сияқты бағыт танымал болды. Ол статикалық кеңістік туралы дәстүрлі идеяны жоққа шығаратын Мишель де Серто мен Жил Делездің сыни теорияларына сүйенеді.

Бұл идеялар презентативті емес теорияда дамыды.

Мәдени географияның пәндері:

- Жаһандану мәдени конвергенция ретінде түсіндіріледі,
- вестернизация (батыстандыру) немесе соған ұқсас модернизация, американдыру, исламдандыру процестері және басқалар,
- мәдени гегемония немесе мәдени империализм арқылы мәдени ассимиляция теориялары,
- мәдени аймақтық дифференциация - идеяларды, әлеуметтік көзқарастарды, тілді, әлеуметтік тәжірибелерді, билік институттары мен құрылымдарын және географиялық аймақтағы мәдени тәжірибелердің толық спектрін қамтитын өмір салтындағы айырмашылықтарды зерттеу,
- мәдени ландшафтты зерттеу,
- басқа салалар соның ішінде жер рухы, отаршылдық, постколониализм, интернационализм, иммиграция және эмиграция, экологиялық туризм.

Мәдени ландшафт феноменологиялық нысан ретінде. Бұл тәсілдің негізін қалаушы Владимир Каганскийдің пікірінше, "мәдени ландшафт - бұл жер кеңістігі, егер бұл кеңістік біртұтас және дифференцирленген, утилитарлық, семантикалық және символдық

тұрғыдан игерілген болса, адамдардың жеткілікті үлкен тобының (өзін-өзі сақтайтын) тіршілік ортасы".

Осылайша, мәдени ландшафт мәтін, белгілер және белгілер жүйелеріне толы құрылымдық-семантикалық білім ретінде көрінеді. Бұл тәсілдің өкілдері О.А. Лавренова (XVIII - XX ғасырдың басындағы орыс поэзиясындағы географиялық кеңістік: геомәдени аспект. 1998; Кеңістіктер мен мағыналар: Мәдени ландшафттың семантикасы. 2010) және В.В. Абашев.

Геопоэтиканың кем дегенде екі түсінігі бар.

Бұл сөзді ойлап тапқан Кеннет Уайт үшін және Юрий Андрухович үшін геопоэтика - бұл әмбебап мәдени жоба немесе шығармашылық стратегия, оның негізінде антиурбанистік және антитоталитарлық, антиутилитарлық және антиглобалистік импульс бар. Яғни, геопоэтика - бұл бүкіл поэтикалық қабылдау мен әлемді сезінуге оралу.

Филологтар үшін геопоэтика бұл, әрине, жеке шығармашылықтағы географиялық кеңістіктің бейнелері де, ұлттық мәдениетте географиялық кеңістіктің жекелеген жерлерін, аймақтарын игеру және олардың бейнелерін тұжырымдау нәтижесінде пайда болатын жергілікті мәтіндер (немесе супермәтіндер) бар поэтиканың ерекше бөлімі. Сонымен, орыс мәдениетінде Петербург пен Мәскеудің, Қырымның, Кавказдың, Сібірдің, Оралдың, Померияның, т.б. геопоэтикалық бейне-мәтіндері бар.

Шын мәнінде, екі мағына да бір шындықта - символдық формалардың шындығында әрекет пен ой өрісі ретінде байланысты. Қысқаша айтқанда, геопоэтика - бұл біз географиялық кеңістігімізді табатын дискурсивті тәжірибеде (және әдебиеттің арқасында) тарихи түрде дамыған символдық форма.

Геопоэтика туралы айтар болсақ, біз тек ғылыми абстракциямен ғана емес, түсінудің құралымен ғана емес, өмірлік тәжірибенің жанды шындығымен де айналысатынымызды ерекше атап өткен жөн. Геопоэтика бізді адамның кеңістікпен сезімтал және ішінара қарым-қатынастар саласымен таныстырады.

Әдебиеттану және биология. Әдебиеттанудағы нақты теориялардың көпшілігін екі түрдің: қабылдау теориялары немесе әдебиеттің эволюциялық даму теориялары - біріне жатқызуға болады.

Біріншісі оқу кезінде есте сақтау, зейін және адам психикасының басқа аспектілері қалай жұмыс істейтінін, сондай-ақ бұл процестер шығармалардың құрылымында қалай көрінетінін сипаттауға тырысады.

Екіншісі әдеби құрылғылар мен жанрлардың тарихи дамуындағы тенденцияларды анықтауға бағытталған. Азды-көпті заманауи формада бұл екі бағыттың да орыс формализміне қайтып бара жатқанын байқау қиын емес.

Қабылдаудың алғашқы белгілі теориясын Виктор Шкловский "Өнер құрал ретінде" (1916) мақаласында, ал әдебиеттің даму заңдылықтарына арналған алғашқы маңызды жұмысты Юрий Тынянов "Әдеби эволюция туралы" (1927) мақаласында айтқан.

Сол уақыттан бері әдебиеттің психологиялық жағына деген қызығушылық біршама алыс болды - оқырман миының нейропсихологиялық зерттеулеріне дейін, ал екінші бағыт - әдебиеттің эволюциялық тарихы - әлдеқайда жеткіліксіз дамыды.

Бір қызығы, номотетикалық тарихты құрастырушылар өз қажеттіліктері үшін көбінесе соңғы жүз жылда номотетикалық тарих басым болған басқа саланың теориялық моделдерін пайдаланады. Біз эволюция теориясының көмегімен сипатталған биологиялық түрлердің тарихы туралы айтып отырмыз.

Әдебиеттануда эволюциялық моделдерді қолдану өте көп уақыт бұрын басталған. Әдебиет тарихы теориясы бойынша ең танымал алғашқы еңбек Тыняновтың жоғарыда аталған "Әдеби эволюция туралы" мақаласы (қазір де қолданылады) болып табылады.

Мақала көптеген себептерге байланысты қызықты. Мысалы, оның негізгі идеяларының бірі - тарихи және әлеуметтік контекстке байланысты әдеби элементтердің функциялары өзгеруі мүмкін - белгілі биологиялық экзотация теориясына жақын. Осыған қарамастан, тақырыптағы "эволюция" сөзін қолдану Дарвин түсінген мағынада эволюциямен ұқсастығы өте аз және жай ғана "даму" сөзінің синонимі болып табылады.

Дарвиннің әдеби өрістегі ісін қорғаған осындай түпнұсқа теоретиктердің ішінде Колин Мартиндейл мен Франко Мореттиді атап өткен жөн.

Жақында өмірден өткен психолог Мартиндейл өнердің, оның ішінде әдебиеттің эволюциясы туралы теориясын 1970 жылдардың ортасында бастады, бірақ оның идеялары әдебиеттануда (тек орыс тілінде ғана емес) аз белгілі, сондықтан бұрынғы еңбектерін еске алу әлі де өзекті болып қала береді. Биолог Феодосии Добжанскийдің атақты өсиетіне сүйене отырып, Мартиндейл "өнерде немесе әдебиетте эволюция нұрынан басқа ештеңенің мағынасы жоқ" деп белгілейді.

Ғалымның пікірінше, әдеби "түрлер" (стильдер, жанрлар, формалар) биологияда жыныстық сұрыптау деп аталатын нәрсеге өте ұқсас іріктеу процесінен өтеді, ал Мартиндейл гедоникалық сұрыптау деп жалпылама түрде атайды.

Тағы бір эволюционист-әдебиеттанушы Франко Моретти жақында цифрлық гуманитарлық әдістерді қолдана отырып, әдеби процесті макроскопиялық зерттеуге шақырумен танымал болды.

Оның әдебиеттануды Дарвин теориясымен қиылыстыру тәжірибесі аз резонансқа ие болды.

Өнерді дамытудың біртұтас тұжырымдамасы бар Мартиндейлден айырмашылығы, Моретти эволюция теориясының жеке үзінділерін ғана пайдаланады - ол биологиядан негізгі идеяларды алады және оларды әдеби процесті сипаттауға қолданудың мағынасы бар екенін әртүрлі мысалдармен көрсетеді.

Қысқаша айтқанда, теория эволюция градуальды өзгерістер арқылы емес, секірулермен қозғалады: жаңа экологиялық тауашалар ашылған сәттерде эволюция тез жүреді (мысалы, жаһандық салқындауға байланысты түкті жануарларға "сұраныс" күрт пайда болады: мамонттар, мүйізтұмсықтар және т.б.), ал жаңа тауашалар болмаған кезде - баяу.

Сонымен қатар, эволюциялық секіріс кезінде түрлердің алуан түрлілігі пайда болады, олар өте қысқа мерзімге ғана созылады: кейінгі эволюциялық тыныштықта тек ең тұрақтылар және бейімделгіштер аман қалады.

Біз мақалада филологияның жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдармен байланысы мен қарым-қатынасының барлығын айта алмаймыз. Барлық жерде кездесетін сөзге негізделген филологияның "орташалығы" біздің құрметті ғылымымыз барлық және мүмкін ғылымдардың әрқайсысымен байланысты болуы мүмкін деп сенуге негіз береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лавренова О. А. Географическое пространство в русской поэзии XVIII-начала XX века: геокультурный аспект. 1998; Пространства и смыслы: Семантика культурного ландшафта. 2010

2. Петренко Д.И., Штайн К.Э. Связь филологии с естественнонаучным знанием. Северо-Кавказский федеральный университет. 2015

3. Стафеева О.В. Естественнонаучное и филологическое знание как объект лингвистической категоризации. Москва, 2003

4. Тсаис Селке. О роли естествознания и гуманитарных наук в современном мире. 2015

5. Штайн, К.Э. Филология: История. Методология. Современные проблемы [Электронный ресурс] : учеб. пособие — Электрон. дан. — Москва : ФЛИНТА, 2016. — 916 с.

БІРТУАР ТҰЛҒА БІЛӘЛ СҮЛЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫ

Абишова Ж.А.,
Форт-Шевченко мектеп-лицейі мұғалімі,
Ақтау, Қазақстан

Біләл Сүлейұлы Алаш қайраткері, ақын, драматург, білім беру саласына зор еңбегі сіңген, қазақ педагогикалық методикасын қалаушылардың бірі, педагог-ұйымдастырушы, ұлтымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы. Біләл Сүлейұлы 1893 жылы 3 сәуірде Баянжүрек қонысы, Қапал (Жамбыл облысы), Ақсу ауданында, Орта жүздің Найман руында өмірге келген. Әкесі Сүлей Майлыұлы ел-жұртына сыйлы, адамдық қасиетімен танылған беделді кісі екен. Сонымен қатар Біләлдің әкесі көзі ашық, оқыған адам болған және мұсылман баласына аманат еткен бес парызын толық орындаған, дін жолында таза жүрген, Николай заманындағы орта дәулетті азамат болатын. Біләл осындай пиғылы таза, дін жолында жүрген алланың құлынан тәлім-тәрбие алып, зерек бала болып өседі. Зеректігімен көзге түскен ерекше баланы, өз заманында дәулетімен бүкіл қазақ халқына қызмет еткен Есенқұл қажы Қарағаштағы Маман әулеттері ашқан мектепке қабылдайды. Қапал уезіндегі ағайынды Маманов ашқан мектепті кезінде жұртшылық «Мамания» медресесі деп атап кеткен. «Мамания» медресесінде кезінде қазақ әдебиетінің классигі Ілияс Жансүгіров, Мейіржан Ермектасов, Әбубәкір Жайшыбеков секілді қайраткерлерде білім алған.

Біләлдің оқуға деген ынтасын Есенқұл қажы ашты десек те болады. Маманов Қапал уезіне қарасты Арасан болысына 1885 жылы болыстыққа сайланған. Меккеге екі қажылыққа барып қайтқан, ел құрметтеген азамат еді. Сондай-ақ сол кезеңдерде «Қоянды» жәрмеңкесіне өмір беріп тұрған бай, ауқатты адамдардың бірі болып саналған. Тұрысбек Мамановтың басты арманының бірі Қапалда қазақ балаларын оқытатын мектеп ашу еді. Оның бұл ісін баласы Есенқұл мен немересі Құдайберген Тұрысбеков жүзеге асырған. Біләл Сүлейұлы 1908-1910 жылдары аралығында мектепте түрлі деңгейдегі және алыс-жақын шетелдерді бітіріп келген, 9 тілді білетін ұстаздардан тәлім-тәрбие алады. Олардың қатарында «Мамания» мектебінің директоры қызметін атқарған әрі математик, дінтанушы, Пайғамбар тарихы секілді сабақтардан дәріс оқыған Мұстахын Малдыбайұлы Біләлдің көкірек зердесіне үлкен ықпал еткен тұлға. Үлкен, беделді тұлғалар дәріс берген әйгілі «Мамания» мектебінде оқыған Біләлдің оқуға деген ынтасы зор еді.

Ол ары қарай да оқуын 2011 жылы Уфа қаласында «Ғалия» мектеп медресесінде жалғастырды. Осы мектепте дәріс алуды қаржыландыру Есенқұл қажының тарапынан болады. «Ғалия» мектеп медресесінде толық ислами білім ала тұра, Біләл ары қарай білімін жалғастыруға бел буады да, Есенқұл қажыға хат жазып, қазаққа діни біліммен қатар дүние ілімін жетік меңгерген, қанаты тең азаматтар керек екенін айта отыра, Орынбордағы қазақ мұғалімдер училищесіне оқуға қолдауын сұрайды. Ел ағасы Есенқұл қажы оқуға ынтық баланың бетін қақпай, құп көріп, тілегін орындап, барлық шығынын өзі көтеріп оқуға түсіреді. Бұл 1913 жылдың 13 тамызы болатын. Орынборда шыққан «Қазақ» газетінің басында тұрған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов сияқты ел азаматтарының ұлттық мүддені қорғау кезі Біләлдің студенттік кездеріне тап келді. Бұл кезең оның қаламгерлік, жазушылық қасиеттерін оята бастайды, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына

оң ықпал етеді. 1913 жылдың 13 тамызынан, 1916 жылды 18 желтоқсанына дейін осы Орынборда білім алып, бастауыш мектеп мұғалімі дәрежесіне жетеді. 1916 жылы Николай патшаның жарлығымен қазақ даласындағы 19-43 жас аралығындағы барлық ер азаматтарды соғысқа аттандырып, астан-кестен болып жатқанда, Біләл Сүлейұлы да майданға аттанып, еріктілер қызметін атқарады. 1916 жылы маусым жарлығына ілігіп, қара жұмысқа алынған қазақтарға мыңбасы болып Минск қаласына барды. 1917 жылы 1 қаңтарда Біләл Сүлейұлы дипломын алып, туған жеріне оралады. Біләл Сүлеев педагог бола жүріп, жаңа жағдайда байқалған ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды қалт жібермей қадағалап, сын садағының нысанасына алып отырды. Солардың біраз көрінісі оның «Қартаға салынған қатын» атты пьесасында батыл әшкереленді.

Қапалдағы татар мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметі, «Мамания» мектебінде мұғалім қызметін атқарады. 1918 – 1927 жылдары халықты жаппай сауаттандыру ісімен айналысып, Жетісу өлкесіндегі қазақ ауылдарында екі жылдық бастауыш мектеп, аудан орталықтарында жеті жылдық орталау мектеп, облыста тоғыз жылдық орта мектеп ашуға мұрындық болды. Бұл мектептерде кейбір пәндер орыс тілінде оқытылған. Сүлеев енгізген бұл тәжірибе Жетісудағы қазақ жастарының Кеңес Одағының барлық қалаларындағы жоғары оқу орындарына оқуға түсулеріне мүмкіндік берді. 1918 жылы Қапалдағы мұғалім болған Зинулла Ғабитовтың қызы Фатимамен отбасын құрды. 1920 жылы Алматыға келіп мектептер жанынан ұшайлық мұғалімдер курсын ұйымдастырып, сауатсыздыққа қарсы жұмыс атқарады. Бұл жылдары Біләлдің менеджерлік қабілеті кеңінен ашыла бастайды. 1921 жылы бұл курсты алты айға созып, өзі сол ұйымда директор болады. 1922-1925 жылдары Жетісу облыстық білім бөлімінің инспекторы болып қызмет атқарып, Алматы облысы бойынша екі жылдық Бастауыш мектеп, жетіжылдық Орта мектеп, Педтехникум сияқты оқу ордаларын ашады. Бұл мектептерде кейбір пәндер орыс тілінде оқытылады. Сүлеев енгізген бұл тәжірибе Жетісудағы қазақ жастарына Кеңес Одағының барлық қалаларындағы жоғары оқу орындарына оқуға түсуге мүмкіндік берді. 1925 жылы оқу-ағарту саласында атқарған жетістікері үшін сол кездегі ел астанасы Ақмешіт қаласына ауыстырылады. Білім министрі Садуақасовтың көмекшісі ретінде Вице-министр қызметіне тағайындалып, жоғары оқу орындары жөніндегі орынбасары болып, оқу ордаларын ашуға ықпал етеді. Жетісуда шығатын «Тілші» газетінің редакторы қызметін де атқарады. Жаңа әліпби бекіту мәселесінде, бүкіл Түркі халықтарының Бүкілодақтық Съезіне қатысып, ұлттық лингвистика мәселелерін де көтеруге атсалысқан азамат. Сонымен қатар, қазақ астанасы Орынбордан кетіп, Ақмешіт астана болғанда қазаққа тиісті барлық қазақ азаматтары оқыған, жұмыс жасаған мекемелерді Ақмешітке ауыстыруға өз үлесін қосады. 1928-1929 жылдары Ақтөбе облысының оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Осы жылдары Орынбордан Ақтөбе қаласынан институт көшіріледі, Семей педагогикалық институты ашылып, алғашқы ректоры болып тағайындалады. Осылайша Алаш ардақтысы елдегі екі жоғары оқу орнының негізін қалады. «Қазақ» және «Жетісу» газеттерін шығаруға атсалысқан қайраткер ақын, публицист, драматург ретінде де танылды. Семинарияда оқып жүргенде өлең, әңгіме жазумен айналысқан. Сүлеев Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде қосымша жұмыс істеп, газет бетінде «Матай», «Қаптағай» деген бүркеншік атпен бірнеше өлең, мақалаларын жариялады. Сүлеевті көрнекті әдебиетші, сықақшы ақын, көсемсөз шебері, талантты драматург ретінде де танылды. Татардың «Шура» журналының 1916 жылы 3-санында татар ұлтшылдарына қарсы «*Науширван эфенді мақаласы жайлы*» атты ғылылыми мақаласын жариялады. Осы журналда және татар тіліндегі «Вахит» («Уақыт») газетінде Сүлеевтің мақалалары мен өлеңдері жиі жарық көрді. Сүлеев әдебиет әлемінде сатирик ақын, жалынды көсемсөзші, талантты драматург ретінде танылды. Өлеңдері мен мақалаларында қоғамның келеңсіз жақтарын аяусыз әшкереледі, өткір тілмен мінеді. «Қартаға салынған қатын» атты өткір әжуаға құрылған комедиясы 1921 жылы Алматыда

бірнеше рет қойылды. 1922 жылы жазылған “Қабанбай мен Сазанбай” атты өлеңмен жазылған ұзақ сатирасы Жетісудағы алғашқы жер бөлінісіне арналған. “Қыз бен жігіттің айтысы”, “Қазақтың 24 басалқа дыбысы”, “Қайтсең де көсем боларсың” (1922), “Нақысбек” (1922), “Жұт жеті ағайынды”, “Қазақ мұғаліміне” (1923) атты сатиралық өлеңдері “Қаптағай”, “Бұйрас” деген аттармен газет-журналдарда жарық көрген. 1922 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Жұт жеті ағайынды» - дейтін өлеңі Біләлдің ақындық шеберлігін айқын танытқан шығарма болды. Онда автор ел басындағы нәубетті, оған себеп болып отырған жеті түрлі қоғам дертін ерекше тәсілмен бейнелеп жеткізеді: қазақы ұғымға түсінікті ертегі желісімен ұлттық трагедияның жай-жапсарын жеті қырынан ашады. Сюжетке құрылған шығарма ішінде көрінетін кейіпкерлер: Отаршылдық, Ашаршылық, Мансапшылық, Оба, Жұт, Надандық, Ырың-Жырың. Осы жеті ағайынды тажалдар қазақты жан-жағынан талап-таптап, тұншықтырып жатқан жайын олардың әрқайсысының өз аузымен айтқызады. 120 жолдық бұл өлең сол кездегі қазақ даласының тіршілігін айқын суреттеп берген құнды шығарма. Өлеңнің түпкі идеясы – қалың елді замана дертінен арашалау, олардың сырын ұқтырып, мәнін түйсіндіру.

1930 жылдың көктемінде ректорлық қызметте жүріп жазықсыз қамауға алынып, 1932 жылы 5 қыркүйекте босатылады. Түрмеде жатып ағылшын тілін үйреніп, түрме басшыларының балаларын сауаттандырып, еңбек ақысын әйелі Фатимаға жіберіп отырған. 1932-1934 жылдары Мәскеу өндіріс орындарында мәдени-ағарту саласында қызмет етті. 1934-1937 жылдары Қарақалпақ АКСР-інде тұнғыш Білім министрі қызметін атқарады. Нүкістегі университет, училищелер, бастауыш мектептер ашуда ұйымдастырушылық қызмет атқарған. 1937 жылдың соңында екінші рет қамауға алынып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, Ташкент қаласында өлім жазасына кесіледі. Нақақтан-нақақ жала жабылып ату жазасына кесілген Біләл Сүлейұлы 1958 жылы ақталған.

Ағартушылық арқылы ұлт-азаттығын аңсаған тұлғаның тұтас әулеті бірге қуғындалып, қызыл саясаттың құрығына ілікті. Алдымен Біләлдің әкесі Сүлей қажы, артынша кіші әкесі Жакып атылды. Туған інісі Мүбәрәк он жылға сотталса, бауыры Кәбік айдалып, өлім жазасына кесілді. Белгілі алаштанушы Елдос Тоқтарбай: «Бір әулеттен бес адам ажал тырнағына ілініп, қызыл террордың құрбаны болу-катастрофа», - дейді. Әрқайсысынан тұқым қалдырмай құртып тастаған. Бұл өз заманындағы адам айтса сенгісіз аңызға бергісіз деректерді жасап кеткен үлкен істерді жан тәнімен атқарған тұлға қанша мектептер ашты, қаншама оқу орындарының негізін қалады, сөйтіп жүріп өзі атылды. Атылатынын да, сотталатынын да, ұрпақсыз қалатынын да білді, ұрпақтарының орыстанып, мәңгүрттеніп кететінін де білді, қатын-баласынан айырылатынын да білді, бірақ біле тұра азаматтық позициясын ұлт-азаттық қозғалыс жолындағы белсенділігінен айныған жоқ және соған сеніп, сол жолда аянбай күресіп, 40-қа келген шағында ату жазасына ұшырады.

Біләл Сүлеевтің әйелі Фатима Ғабитова 1903 жылы 1 қаңтарда Алматы облысы, Қапалдағы көпес отбасында дүниеге келген. Ұлты татар. Ол 1917 жылы Қапал қаласындағы «Қапал» медресесін бітіріп, қазіргі Чкалов қаласындағы «Хусаиния» медресесіне сырттай емтихан тапсырды және 1918-20 жылдары Қапал татар мектебінде және бұрынғы Танекен болысының ауыл мектебінде мұғалім болды. Фатима Ғабитова- ел тарихына қазақтың көрнекті үш тұлғасы (ағартушы Біләл Сүлеев, ақын Илияс Жансүгіров пен жазушы Мұхтар Әуезовтің) жұбайы әрі музасы ретінде енген. Ол өзін «қазақтың татарымын» деп атаған.

1918 жылы Фатима Ғабитова қазақ жас ағартушысы, ақын, педагог, драматург, журналист Біләл Сүлеевке тұрмысқа шығады. Біләден Жәнібек, Фарид, Азат есімді үш бала сүйеді. Күйеуіне ер азамат, қамқоршым деп үлкен сый- құрметпен қараған. Бірақ олардың қуаныш- қызыққа толы күндері ұзаққа созылмайды.

1920-1922 жылдары Фатима Ғабитова қазақ тілінен сабақ береді және Жаркент қаласындағы татар орта мектебінде меңгеруші болып жұмыс жасайды. Жетісу жастарымен

бірге жаңа өмір үшін белсенді күреседі, кейіннен ол өзекті мәселелерді талқылап, революциялық әндер шырқайтынын жиі еске алады.

Фатима Ғабитова 1923 жылы Алматы қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы Қазақ мектебінде және облыстық қазақ тәжірибе көрсетіу мектебінде жұмыс істейді. Осы жылы оқу-ағартушылық қызметімен бірге заманның талабына сай әйел теңдігін насихаттады. Анна Ахматова, Марина Цветаеваларға еліктеп өлең жазумен бірге әдеби салон ұйымдастырды. Біләлдің үлкен үйінен қонақ арлығын емес. 1920-1928 жылдар аралығында Алматы мен Қызылорда да тұрған кездерінде қазақ зиялы қауымының жиналып бас қосатын жері Фатима Ғабитованың ұйымдастырған дастарханы болатын. Ахмет Байтұрсынов, Смағұл Садуақасов, Сәкен Сейфуллин бәрі де кеш болса Фатиманың жасаған бәліш, тұш, самсаларын татып, шер тарқатып сыр шертіседі, газет, журнал беттерінде жарияланған дүниелер жөнінде әңгіме қозғайды. Ол кездегі тәртіп бойынша газет, журналдарға шыққан мақалалар бүркеншек атпен жарияланатын. Бірақ жұрттың бәрі олардың кім екенін жақсы білетін. Фатиманың сол кездегі жүріс-тұрысы, сөз тартар көркемділігіне Алаш зиялыларының бәрі де тәнті болған.

Сүлеевтер отбасы 1928 жылы жұмыс бабымен Ақтөбе қаласына көшкен. Бұл Фатима үшін соқпағы көп, сындарлы жылдар болды. Ақтөбеде Алматы мен Қызылордағыдай зиялы қауым ортасының болмауы ұстаздық мамандығына сай жұмыс істемеуі шған қатты әсер етті. Әсіресе күйеуінің газет, журнал беттеріне өлеңдерін жариялатпау көңіл құлазытып, еңсесін түсірді. Еркін сезініп, зиялы қауым ортасының көркіне айналған адамды күнделікті тіршіліктің күйбені кібіртіктетіп, тынысын тарылта берді. Өкімет жұмысына толығымен берілген Біләл да отбасына, жаны жүдей бастаған сүйікті жарына уақыт тауып, көп көңіл бөле алмады. Қиыншылығы көп, мүмкіншілігі жоқ кезеңде институттарды көшіру, мұғалімдерге пәтір тауып беру Біләлдің бар уақытын алды. Айлап үйінде болмады. Отбасы жайына қалып, олар өз күндерін өздері кешті. Шаңырақ шайқалып, іргесінің жігі ашылайын деді. Жығылғанға жұдырық, тұңғыш қыздары Фарида 1930 жылдың 15 қаңтарында кенеттен қайтыс болды. Бұл оқиға Біләл мен Фатиманың араларын біржолата ашты. 1930 жылы Біләл Сүлеевтің отбасына жұмыс қажеттілігімен Ақтөбеден Орынборға, Орынбордан Оралға, Оралдан Ташкентке, Ташкенттен Семейге көшіп жүрулеріне тура келді. Фатима Ғабитова аяғының ауырлығына қарамастан жұбайымен бірге жүрді. Ерсілі – қарсылы көшудің ауыртпалығынан мезгілді күнінен бұрын өмірге азат деген сәби келді. Бірақ жас нәресте де қазаның қайғысын, жанның жарасын жаза алмады. Осы жылы Біләлді Семейдің мұғалімдер институтына ректорлық қызметке жібергенде Фатима Семейде қазақ фармацевтикалық техникумында жұмыс істейді. Қасіретке толы жыл тағы бір соққысын әкеледі. «Халық жауы» деген атақпен Біләлді Алматы қаласына түрмеге қамағанда Фатима үшін аспан айналып жерге түскенмен бірдей болады. Елім, жұртым, халқым деп күн-түн демей мандай терін төгіп жүрген азаматын «халық жауы» атануы үшін ұйықтаса да түсіне кірмейтін жайт еді. бесікте құндақтаулы баласы бар, Семей қаласында жалғыз қалған Фатима Ғабитова НКВД қоқайыын көре бастады. Үйлері тінтіліп, Біләлдің қолжазбалары түгелдей тәнкіленеді. «Халық жауы» ретінде жауап алынып, араңдатушылықтар жасалынды. НКВД жаналғыштары Кеңес өкіметін жақтап, күйеуін қаралауға итермеледі. Бірақ өр мінез, таза жанды Фатима қиындыққа көніп, істін артын тосты. Біләлдің ақтығына сенді. Сол күндерін күнделігінде былай жазды: «1930-жылдың октябрі. Семейдемін. Жат жер, шет ел. Жанашыр жақын жоқ. Жалғыз өзім. Есігімнен ит бақпайды, тереземді жел қақпайды. Жаныма жан жууға қорқады, өйткені, мен саяси айыпкердің әйелімін». Біләл Сүлеевтің абақтыдағы тергеу жұмысы екі жылға созылғанда, Фатима екі жыл НКВД бақылауында болды. Біләлге тағылған айыптар дәлелсіз болып, ол босатылады. Тек Қазақстанда қалып, қызмет істеуге мүмкіншілігі шектеледі. Ол Мәскеуге жер аударылған досы Смағұл Садуақасовтың қасына баруды ұйғарады. Әлихан Бөкейханов, Нәзір

Төрекқұловтар да сол жақта еді. Фатима Алматыда қалады. Голощекин атындағы коммунистік университетте қазақ тілінің оқытушысы, кейін Қазақстан халық комиссариаты жанындағы «Өнер, ғылым және әдебиет» секторында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.

Білал Сүлеев пен Фатима Ғабитова өзара келісімдерімен 1932 жылы 20 қазанда заң орны арқылы ажырасып, үокен ұлы Жәнібек әкесімен Мәскеуге кетіп, кіші ұлы Азат Алматыда анасымен қалатын болады. Бұл Фатима Ғабитованың өміріндегі ең бір ауыр жылдар еді.

1932 жылы Фатима Ілияс Жансүгіровке тұрмысқа шығып, отбасын құрады. 1934 көркем әдебиет КазИздатында жұмыс істейді. 1936 жылы Алматы педагогикалық техникумындағы үлгілі қазақ орта мектебінде қазақ тілінің мұғалімі болып жұмыс жасайды. 1937 жылы жұбайы Ілияс Жансүгіровті қамауға алады. 1938 жылы жапон тыңшысы деген айыппен ату жазасына тартылады. 1932 жылдан 1940 жылға дейін Семейде орыс педучилищесінде жұмыс істейді. 1940 жылы Алматы қаласына қайта оралып, ЦК КП жанындағы институттың қазфилиалында жауапты қызмет атқарады және дене шынықтыру техникумында сабақ береді. 1942 жылы Алматыда өмір сүру мүмкін болмай, Мұхтар Әуезовтің кеңесімен Жамбыл облысы, Мерке қаласына қоныс аударады. Мерке қаласында қазақ мектебінде мұғалім болып, кейіннен оқу меңгерушісі болып істейді. Мектепте қызмет істеген жылдары үлкен беделге ие болады, аудандық мұғалімдер Одағының төрағасы қызметін қоса тақарып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. 1943 жылы Мерке қаласында Мұрат Әуезов дүниеге келеді. Мұхтар Әуезовтің талап күшімен Фатима Ғабитова отбасына Алматы қаласында тұруға тұқсат берілді. 1946 жылы I дәрежелі «Ана» медалімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Ерен Еңбегі» медалімен марапатталады. 1951 жылы Фатима құрметті зейнет демалысына шығып, Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық мұрасын зерттеу жұмысымен айналысады. Ілияс Жансүгіров қайтыс болғаннан кейін 1957 жылы ақталады. Осыдан кейін Фатима Ғабитова жұбайының шығармаларын жариялау үшін белсенді жұмыс жасайды. Фатима Ғабитова 1968 жылы 6 қантарда ауыр науқастан соң қайтыс болады. 2010 жылы Халықаралық мұхтар әуезов атындағы қорының қолдауымен «Жібек жолы» баспасынан «Фатима» атты кітап жарық көреді. Кітапта Фатиманың өлендері, жақын тұлғаларымен алысқан хаттары, естеліктері жинақталған.

Фарида Біләлқызы Сүлеева 1920 дүниеге келген. 1930 жылы 15 қантарда кенеттен ауырып қайтыс болады.

Жәнібек Біләлұлы Сүлеев 1923 жылы 23 ақпанда туған. «Жәнібек» есімі Фатиманың анасы Ғайнижамалға ұнай қоймайды. Сол кезде оның құрбылары «Жәнібек деген хан болды. Жәнібектің батыр есімі дүйім жұртқа мәлім» деп жауап береді. 1941 жылы Жәнібек 9- сыныпты үздік бітірді. Бала кезінен анасымен және әкесімен Мәскеуде, Қырымда, Кавказда, Ташкентте тағы басқа республикалар мен қалаларда болған. Жоғары дәрежелі оқу орындарының біріне түскелі жүргенде соғыс басталады. Жасы әскер жасына жетпесе де ерікті түрде соғысқа аттанып, расымен де Жәнібек қаһарман бола білді. 1942 жылы желтоқсанда майданнан анасына жазған қысқаша хаты келген. Онда жауды жеңіп, еліне оралатыны туралы жазған. 1943 жылы Смоленск түбінде жау оғынан жарақаттанып, госпитальда көз жұмады. Сол қалада жерленген. Анасы Фатима ұлының қазасы туралы 1943 жылы наурыз айында қара қағаз алады. Фатима өмір бойы Жәнібектің басына бір уыс топырақ салсам екен деп армандап өткен.

Азат Біләлұлы Сүлеев 1930 жылы дүниеге келген. 1949 жылы Меркедегі 10 жылдық мектепті медальмен бітіріп, Мәскеу университетіне түскен. Азат Сүлеев филолог, турколог. Қазақ тілінен орыс тіліне жолма- жол аударма шебері. Ол 1954 жылы Мәскеу халықаралық университетінің филология факультетін бітірген. Азат отбасының сүйіктісі болды. Барлық

түрік тілдеріндегі он екі тілді еркін меңгерген, эрудиция мен энциклопедиялық білімге ие болған. Оазрхон – Енисей жазбалары туралы Азат көп білген. Олжас Сүлейменовпен жақсы дос болған. «Аз и Я» кітабының идеясын берген. Олжас Сүлейменов «Аз и Я» деген Азат және мен» депті. Азат 1997 жылы науқастан қайтыс болады. Соңынан бір ұл, бір қыз қалған.

Білал Сүлеевтің немересі Жәнібек Азатұлы Сүлеев – журналист. Алматы қаласында 1962 жылы 1 желтоқсанда дүниеге келген. Қазтұтыну одағында оператор, республикалық кино үйінің әдіскері болып жұмыс істеді. Ішкі әскерлерде қызмет етті. «Арай» журналының орыс редакциясының меңгерушісі, «Қазақстанның Халық бірлігі» одағы ақпараттық-саяси жұмыс орталығының меңгерушісі, «Қазақстан қаржысы» журналының корреспонденті, «Дәуір-Время» газеті бас редакторының орынбасары, «Бірлік» газетінің саяси шолушысы, «Новое поколение» газеті бөлімінің меңгерушісі, Алматы облыстық Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бас маманы, «Навигатор» интернет – газетінің және «Мегаполис» газетінің шолушысы болыа қызметтер атқарды. КСРО Журналистер Одағының және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Үйленген. Үш баласы бар.

Білал Сүлейұлы және Фатима Ғабитованың өмірі, елдегі білім саласын дамытуға үлкен үлес қосқан тұлғалардың тағдыр жолдары әлі де толық зерттелмеген, әлі де болса тиісті құрмет көрсетілмей келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл “ Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.ISBN 9965-26-096-6
- 2.“Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
- 3.<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/476871-atalmaj-zh-rngen-bir-arys-bil-l-s-lej-ly-turaly-ne-bilemiz>
4. <https://www.youtube.com/watch?v=cdQa5Gg3lXg>

AN INNOVATIVE TEACHING METHOD FOR READING LITERACY IN 7-TH GRADE STUDENTS.

Адиганова А.А.

Студентка факультета «Туризм и Языки» им.Ш.Есенова

Научный руководитель: Беккожанова Г.К.

Ақтау, Казахстан

In the dynamic landscape of education, fostering reading literacy skills in adolescents is a crucial endeavor. The seventh grade marks a pivotal stage in a student's academic journey, where the development of comprehensive reading abilities significantly influences their overall learning experience. Recognizing the evolving nature of education and the diverse needs of students, there is a growing imperative to explore innovative teaching methods that engage, inspire, and enhance literacy skills (OECD 2016, Innovating Education and Educating for Innovation).

One of the affective variables directly affecting reading is the attitudes of students towards reading (Conlon, Zimmer-Bembeck, Creed and Tucker, 2006; Martinez, Aricak and Jewell, 2008). The reading attitude (Hitosugi and Day, 2004), which comprises of a complex structure, leads to the improvement (Smith,

1990) with its influence on the development and acquisition of reading skills (Lenihan, McCobb, Diurba, Linder, Freeman, 2016; Kaniuka, 2010; Bokhorst-Heng and Pereira, 2008). Researches show that students who have better reading attitudes have improved reading skills and are more competent in reading

Comprehension (Lin, 2017; Kim, 2016; Shaunessy-Dedrick, Evans, Ferron and Lindo, 2015; McGeown, Johnston, Walker, Howatson, Stockburn and Dufton, 2015; Crosby, 2013;

According to (Block & Pressley, 2002) Comprehension is the process of deriving meaning from connected text. It involves word knowledge (vocabulary) as well as thinking and reasoning. Therefore, comprehension is not a passive process, but an active one. The reader actively engages with the text to construct meaning. This active engagement includes making use of prior knowledge. It involves drawing inferences from the words and expressions that a writer uses to communicate information, ideas and viewpoints. Recent studies have focused on how readers use their knowledge and reasoning to understand texts. The term 'comprehension strategies' is sometimes used to refer to the process of reasoning. Good readers are aware of how well they understand a text while reading. Good readers also take active steps to overcome difficulties in comprehension. Students can be instructed in strategies to improve text comprehension and information use.

According to the book (Reading to Learn from the Start: The Power of Interactive Read-Alouds, 2019) the read aloud described below share several key features for supporting student learning. First, most effective instructional practices for read-aloud are interactive. This means that the teacher and students are actively involved in thinking and talking about the read aloud text. This extra-textual talk (i.e., the talk that happens around the text) facilitates children's literacy development in both early childhood and the elementary grades. Second, most effective read-aloud techniques are purposeful and planned. The text and determined how it will be used to support student learning. This includes planning how and when the text will be read, what the teacher will explain or model for the students, and the types of questions, ideas, and words that will be discussed. Third, effective interactive read-aloud can and should occur across the school day, in a broad range of content areas, and not just during language arts.

Teaching reading at foreign language lessons using interactive reading aloud helped to increase the level of cognitive interest of schoolchildren.

The experiment involved 7th grade students: control and experimental groups of 7 students each. In the first group, in which the experiment was conducted, a positive trend was shown. At the ascertaining stage in this group, triplets were 55%, and at the control

Stage already 15%. Good students were 40%, became 70%, excellent students rose from 5% to 15%.

In the second group, where the work took place without reading aloud, no significant changes are visible. So, for example, at the ascertaining stage, triples were 50%, after the experiment 45%, good 40%, after the experiment 45%. As for the excellent students at the ascertaining stage they were 5%, and at the control stage they were 10%.

REFERENCES

1. OECD 2016, Innovating Education and Educating for Innovation;
2. Conlon, Zimmer-Bembeck, Creed and Tucker, 2006; Martinez, Aricak and Jewell, 2008

3. Block & Pressley, (2002). International Academy of Education;
4. Reading to Learn from the Start: The Power of Interactive Read-Alouds, AMERICAN EDUCATOR 2018-2019;
5. Hitosugi and Day, (2004). Extensive Reading in Japanese.

ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫ – АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫН ЖИНАҒАН ҒАЛЫМ

Нұрғалиева А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бакалавры,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының маманы
Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Әдебиет зерттеушісі Қабиболла Сыдиықұлының еңбегі ұшан теңіз. Қазақ әдебиетін зерттеуде зертеуші еңбегінің мол екендігін қазақ әдебиетін терең білетін әр маман, әр зерттеуші біледі. Әсіресе, ақын-жыраулар шығармашылығын зерделеудегі еңбегі ерекше.

Қабиболла Сыдиықұлы – ауыз әдебиетін, ақын-жыраулар мұрасын шашауын шығармай жинаған ғалым. Ғалымның артына қалдырған мұрасы талай іргелі зерттеулерге негіз болып келеді. Ақын-жыраулар мұраларын зерттеушілердің бірегейі Қабиболла Сыдиықұлы әдебиет тарихына және әдебиет теориясына қатысты құнды әрі көлемді еңбектер жазды. М.Мағауиннің «Алдаспанынан» кейін әдебиет әлемінде «творчестволық резонанс» тудырған Қабиболла Сыдиықұлы тұтас ғұмырын ұмыт болуға айналған Батыс өңірінің ақын-жыраулар мұрасын қайта жаңғыртып, «өшкенін жандырып, өлгенін тірілтуге» арнады. Тіпті, бірқатар профессор, ғалымдардың тарапынан оның еңбектері Мәшһүр Жүсіптің фольклорлық жинақтауларымен пара-пар деп, ал өзі Батыстан шыққан «екінші Зейнолла Қабдолов» деп бағаланды. Қабиболланың ғылыми дәрежесі кандидаттықпен ғана шектелгенімен, небір академиктер атқаратын жұмыстарды атқарып кетті. Бұған оның әдеби, ғылыми зерттеу еңбектері, атап айтқанда, «Ақын-жыраулар», «Топан», «Ақберен», «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Көркемдік өрнектер», «Бес ғасыр жырлайды» т.б. және фольклорлық экспедициялары туралы көл-көсір естеліктер айқын дәлел бола алады.

Қабиболла Сыдиықұлы Маңғыстау аталатын қазыналы түбектің «дастандар дариясын», «жыр дариясын», «сөз дариялары» мен «күй дарияларын», «өлең және өнер дарияларын» зерттеу мен жинақтау ісіне көп еңбек сіңірді. Әсіресе, мұхиттан маржан тергендей бұл орасан зор еңбектің ішінде жыр дүлдiлi Қашаған Күржіманұлының өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеу жұмыстарының орны бөлек. Ел арасында ауызша тарап келген, «бұрын әдебиет тарихында оқта-текте аталғаны болмаса, түбегейлі зерттелмеген» [1, 5] Қашаған жырларының жазбаша нұсқасын архивтерде шаң басып жатқан жерінен ең алғаш болып зерттеп, зерделеп, қағазға түспеген нұсқаларын тірнектеп жүріп жинап, бірқатар мақалаларында талдай жүріп, кітап етіп бастырған, расында, осы Қабиболла Сыдиықұлы болатын.

Екі бірдей алып – М.Әуезов пен З.Қабдоловтан білім алған, ғылыми жетекшілігінде болған Қабиболланың Қашаған жырауды зерттеуі оның ғылыми еңбек жолының қайнар бастауынан, сонау 1960 жылдардан басталған. Бірінен соң бірі мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларынан ғалымның Қашаған мұраларын зерттеу ісіне жан-жақты әрі

белсене кіріскені байқалады. Бұл ретте, зерттеушінің 1964 жылғы «Қашаған ақынның өмірі туралы деректер» [2] мақаласын, 1965 жылғы «Ақын мұрасы: Қашаған ақын шығармашылығы» [3] мақаласын, 1966 жылғы «Қашаған ақынның дастандары» [4], «Қашаған туралы деректер» [5], «Қашаған жырларындағы сатиралық мотивтер» [6], «Қашаған ақынның «Топан» дастаны» [7] секілді мақалаларын атауға болады.

Қ.Сыдиықұлын Қ.Күржіманұлын зерттеушілердің көш басында тұр деп есептеуге толық негіз бар. Ақын Фариза Оңғарсынованың: «Мен, Астанадағы академиялық ұлттық кітапханадан Қашаған шығармасын таба алмадым. Екі күн іздеп, әрең дегенде осы Ақтауда тоқсаныншы жылдары компьютер шықпай тұрған кезде баяғы типографияда Қабиболла ағаның шағын ғана алғы сөзімен басылған он бес-жиырма өлеңін тауып алдым» [8, 20], - дегеніндей, қай уақытта да Қашағанды іздесек, Қабиболлаға кезігеміз, онсыз Қашан шығармаларына бойлап, ене алу мүмкін емес.

Әсіресе, жас ғалым Қабиболла жүргізген зерттеу жұмыстарының ең басты ерекшелігі және артықшылығы – ақынның көзін көрген жыршылармен кездесіп, жыр-дастандардың белгілі-белгісіз нұсқаларын олардың өз аузынан жазып алуы. Бұл жайында оның 1974 жылы жарық көрген «Ақын, жыраулар» монографиялық еңбегінде [9] кеңірек сөз болады.

Қашағанмен замандас болған, оның көзін көрген, жырларын ауызша таратқан ақын-жыршылар біршама. Соның ішінде Шадман Үсембаев пен Көшен Өсербаев та бар. Қабиболла осы екі кісімен де кездескен, өз ауыздарынан өлең-жырлар мен хикая-дастандарды жазып алған. Қашаған ақынның немере інісі, жырларын жас күнінен ақынның өз аузынан жазып алып, жаттап өскен Көшен Өсербаев (1901-1958) болатын. Көшенмен кездесуі туралы Қ.Сыдиықұлы былай деп жазады: «1954 жылы Маңқыстауда – Жетібай поселкесіндегі өз үйінде кездесіп, әңгімелескенімізде Көшен қарт бізге Қашаған туралы көптеген деректер айтты, біраз шығармаларының бізде жоқ нұсқаларын берді. Көшен денсаулығына байланысты жырды дауыстап айтудан гөрі жай қоңырлата айтып, білгенін жаза жинақтап сақтауды, жазбаша таратуды дағдыға айналдырады екен» [1, 81].

Бұдан соң, Қашаған ақынның тағы бір немере інісі, өмір бойы ақын шығармаларын жырлап өткен Шадман Үсембаевпен (1900-1962) кездескені жайында да Қабиболла былай деп естелік қалдырады: «Біз Шадманмен 1962 жылы кездесіп, біраз әңгімелестік. Ол Қашаған шығармаларымен қатар ел арасына тараған хисса-дастандарды, ноғайлық жырларының көбін толғайды екен. Сол кездесуде бір түн Қашаған шығармаларын жырлатып тыңдағанымыз бар» [1, 81]. Шадман Үсембаев сол жылы дүниеден озыпты. Қашаған ақын жырларын Шадман жыршының өз орындауында естіп, жазып алу бақыты Қабиболланың бағына бұйырыпты. Расында, Қабиболла болмаса, мұндай тың деректер ұмыт болып, ашылмай қалар ма еді, кім біледі!? Тіптен, К.Өсербаевтың жазбаша жинақтаған жыр-дастандары да дер кезінде жарыққа шықпай, шашырап не жоғалып кетуі әбден мүмкін еді.

Қала берді, кейінгі буын зерттеушілерге де дем беріп, қай маңнан, қандай жырлардың хатқа түспей қалғанына сілтеме жасау да осы Қ.Сыдиықұлының К.Өсербаев аузынан жазып алған әңгімелерінің нәтижесінде мүмкін болып отыр. Мәселен, «Ақын, жыраулар» кітабында Көшен қарттың бір сөзінде былай дегені айтылады: «Қашекен жырды көп шығарған адам. Мен оның 1924-25 жылдары Астархань маңындағы қазақтар арасында советтік құрылысты насихаттап, Ленин туралы толғағанын, сондай-ақ домбырашы Тіней Тастемірге, Жәдігер Майлашқа шығарған жырын естіген едім. Оларды есімде сақтамаппын. Қазір білетін адамды кезіктіре алмай жүрмін» [1, 83].

Міне, Қабиболла Сыдиықұлының Қашаған жырларын жинау жолы осындай дарынды кісілермен жүзбе-жүз кездесіп, түпнұсқаны теруден басталды. Алайда ғалым бұнымен және архив материалдарымен шектеліп қалған жоқ. Одан әрі Қабиболланың

Ойыл, Сағыз, Жем, Жайық бойындағы, Маңғыстау түбегіндегі, Хорезм бойындағы елдерде, Түркменстан мен Қарақалпақстанда болып, фольклорлық экспедицияларға шыға жүріп, Абыл, Ақтан, Нұрым, Қалнияз, Қашаған, Аралбай т.б. ақындар мұрасын жинастырғаны белгілі. «Халық мұрасы – қымбатты қазынамыз» атты мақаласында ғалым сондай экспедицияларының бірінде «Қырымның қырық батыры» жырының бір саласы – «Қарасай, Қазі» жырының ұзақ нұсқасын қалай тапқаны жайында әңгімелейді. Бұл жырды орындап берген – Маңғыстаулықтардан бөлек, түрікмен, қарақалпақ елдеріне де аты мәлім Қобылаш жыршы екен. Қабіболла былай деп жазады: «Қашаған мен Ақтанның, Мұрат пен Түменнің, Сүгір мен Сәттіғұлдың толғауларын алуан сазға салып айтады. Біз Қобылаштан «Қарасай, Қазі» жырының алты сағаттық нұсқасын жазып алдық. Оған бұл жыр Мұса, Шәдіман жыраулар арқылы жалғасқан. Олар Мұрын жыраудан үйреніпті. Мұрын «Қырық батыр» жырларын Нұрым, Қашаған, Мұрат ақындардан үйренгендігін айтады» [10, 393].

Қ.Сыдиықов «Қарасай-Қазі» жырының алты сағаттық нұсқасына кездейсоқ ұшыраса салған жоқ. Жалпы Батыс өңірінің ақын-жыраулар мұрасының тарихы мен жету жолдарын анықтау Қабіболланың тынымсыз ізденісінсіз өте қиын, тіптен, мүмкін емес болар еді.

Қашаған жайындағы қолда бар көп зерттеу еңбегінің әлқиссасы осы Қабіболланың зерттеулерінен бастау алады десек, қате айтқандық емес. Оған тағы бір дәлел – Қ.Сыдиықұлы Қашаған жырларының архив қазынасына жинақталған нұсқалары мен Маңғыстаудың тау-тасын кезе жүріп, «дала шежіресі – кәрі құлақ қариялар мен ақын, жыршылардың айтуынан» пұшпақтап өзі жинаған нұсқаларын құр бастырып қана қоймай, оларды салыстыра отырып, реттеп, текстологиялық жұмыстар жүргізген.

Ең әуелі, ғалым алғаш 1950-1960 жылдары Ш.Үсембаев пен К.Өсербаевтан жазып алған жырларды да өзара салыстырып, баға береді. Ғалым Қашаған мұрасын зерттеуде және жариялауда Көшен еңбегі өте құнды деп есептейді. Себебі «...Көшеннен алынған шығармалар нұсқасы ақынның өз аузынан жазылған, өзге жыршының жамап, жасқауына кезікпеген» [1, 81]. Ал жыр-дастанды ақыннан ауызша үйренген «...Шадман айтуынан жазылған нұсқалармен салыстырғанның өзінде де ауызекі айтылуда шығарманың көп өзгеріске ұшырайтындығы көрінеді. Қызу қанды жыршы Шадман көп ретте жыр жолдарындағы буын санын өсірерлік сөздер қосады, мазмұн-жүйесіне бұқараны баурай түспек оймен діни хикаялар, ру, тайпа тарихы хақындағы сөз тіркестерін қосып жібереді» [1, 81]. Міне, бұл жазып алынған екі нұсқаны салыстырудың өзінен ғалымның өте мұқият, тыңғылықты еңбек еткені байқалады. Сондай-ақ Қабіболла Сыдиықұлы өз жинақтауларына ғана салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен шектелмейді. Бұған дейін жарияланған еңбектердегі ұшырасатын кейбір қателіктер мен жетіспеушіліктер туралы да айтады. Мәселен, «Әдебиет майданы» журналында жарияланған Қашағанның «Аралбайды жұбатуы» толғауы 17-ақ жол күйінде, жалпы жүйесіз берілгеніне тоқталады. Кейіннен Әдебиет институтының қолжазба қоры мен Ғылыми кітапхана қорындағы мәліметтерді жинақтай отырып, Аралбай ақынның өзімен біраз жыл жолдас болған М.Өтесінов деген кісінің нұсқасын тауып, өз кітаптарына жырдың толықтырылған нұсқасын енгізеді.

Қ.Сыдиықұлы Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» аталатын еңбегінде «ақын өмірі мен творчествосы туралы кезінде материал тапшылығынан туған, үстірт пайымдаулар да ұшырасады» деп бағалайды. Оған бірнеше дәлелдер мен талдаулар да келтіреді. Ол, әуелі, Х.Сүйіншәлиевтің аталмыш еңбекке жыршылардың айтуымен өзгеріске түсіп, көркемдігі солғын тартқан Қашаған жырларының бірнеше нұсқасын алғандығын айтады. Автор көрсеткендей, Қашаған Аралбай, Жаскілең, Шернияз ақындармен айтысқа түспегендігін дәлелдерімен келтіреді. Мәселен, ғалымның Шерниязбен айтысы деп бергені, шындығында, Қашағанның Избаспен айтысы екенін

анықтайды. «Топан» дастананың әр түрлі нұсқасы болып табылатын жырларды екі түрлі дербес жыр деп көрсеткендігін де ескертеді. Тіпті, жыр жолдарындағы кейбір сөздердің де («Күлзипа – Күлзина, Мұғалжар – Мұңайжар» т.б.) өзгеріске ұшырағанын байқатады. Қорыта келгенде, Қабиболла мұндай қателіктерді болдырмас үшін «ақын мұрасын анық білетіндермен кезігу, жинақталған нұсқаларды салыстыру» керектігін ескертеді. Ғалымның өзі де осы ұстанымға сүйене отырып еңбектенгеніне біз бүгінде куә болып отырмыз.

Қ.Сыдиықұлы ел аузынан жырларды жинап, салыстырып, толықтырып қана қоймай, оларға әдеби талдау жұмыстарын да жүргізген. Алғаш болып, Қашаған, Аралбай, Мұрын жырларын идеялық-мазмұндық, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан бірнеше тақырыптарға бөліп қарастырған.

Қорыта айтқанда Қабиболла Сыдиықұлының ақын-жыраулардың мұрасына қатысты еңбектерін саралап қарайтын болсақ, ең әуелі, ол – жинаушы. Оның жинаушылығының да мәні үлкен. Ол ақын-жыраулардың ешқандай хатқа түспеген жырларын тауып, оны қағазға түсіріп, саралап, талдап, көптеген жинақтар мен антологияларда жариялады, ғылыми айналымға қосты. Сондай-ақ тек жинақтаумен ғана шектеліп қалмай, ақын-жырау жырларының идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін, көркемдік ерекшеліктерін саралап көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдиықұлы Қ. Бес ғасыр сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2014. – 392 б.
2. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақынның өмірі туралы деректер // Батыс Қазақстан. 23 қыркүйек 1964.
3. Сыдиықұлы Қ. Ақын мұрасы: Қашаған ақынның шығармашылығы // Коммунистік еңбек. 28 қараша 1965.
4. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақынның дастандары // Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері. V-шығыуы, 1966. 60-77-бб.
5. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақын туралы деректер // Қаз ССР Ғылым академиясының хабарлары. Филология сериясы. №2. 1966, 49-62-бб.
6. Сыдиықұлы Қ. Қашаған жырларындағы сатиралық мотивтер // Қазақстан мектебі. №8. 1966.
7. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақынның «Топан» дастаны // Коммунистік еңбек. 25 қараша 1966.
8. Қашаған – сөздің дүлділі (ғылыми мақалалар мен арнау өлеңдер және айтыс мәтіні) / Құрас. Жайылов Б.С. – Алматы: Жазушы, 2013. – 320 б.
9. Ақын, жыраулар (монография). – Алматы: Ғылым, 15 баспа табақ.
10. Сыдиықұлы Қ. Атамекен. Таңдамалы өлең-дастандары мен толғаныс-эсселері. – Алматы: Арыс, 2006 б. 424 б.

THE EFFECTIVENESS OF E-TOOLS TO IMPROVE SELF-LEARNING OF THE ENGLISH LANGUAGE

Sarsenbek G.O.
Yessenov University,
Aktau, Kazakhstan

Introduction

There are so many different ways in arise the students' interest in foreign language learning. For example the teachers can use the wide application of multimedia, and teachers should create

some appropriate teaching procedures, atmosphere, conditions, and design homework can be different from student to student so that students' interest can be stimulated. All these work mainly means to improve the efficiency of English teaching and enhance students' English learning. (Gilakjani, 2012).

Practical examples

Based on this general overview of AI-technologies, this section identifies Artificial Intelligences embedded in an EFL-context and provides general scenarios of how these specific tools can be methodologically implemented for the language learner's benefit. Several experts suggest that AI-powered tools "offer the possibility of learning that is more personalized, flexible, inclusive, and engaging" (Luckin et al. 2016), and there is evidence that technology-enhanced language learning per se has become more dynamic, assistive and adaptive (Schmidt and Strasser 2018). Especially for assistive and adaptive language learning scenarios (the algorithm supports the teacher and learner and creates an individual learning path), so-called narrow AIs come into play. They could be categorized in the following way (Baker and Smith 2019):

Learner-facing tools: supportive AI-tools that help students improve in a particular subject matter through specific practice patterns, reflective feedback mechanisms or behavioural drills, e.g., applications like Babbel that provide immediate feedback based on the learner's input (mixed tenses, verb forms).

Teacher-facing systems: teacher-centred tools that aim to minimize the teacher's workload, mainly in automated processes (like grading, feedback mechanisms, classroom management, administrative issues), e.g., *GradeScanner*, an application that automatically grades multiple-choice tests.

System-facing tools: algorithms that provide processed data mainly for institutional administrators or stakeholders, e.g., software that processes a student's transcript and calculates his/her future performance. The following examples seek to examine AI potentials and challenges for language learning purposes. Even if there is a contentious scientific discussion as to whether an individual application or software is AI-powered or not (Banerjee 2020; Berendt et al. 2020; Kannan and Munday 2018; Paiva and Bittencourt 2020), the following emerging AI-labelled technologies are shaping the educational market.

Machine Translation

Machine translation is the process of (automatically) translating a particular text (spoken or written) from one language to another. Machine translation applications use an extensive linguistic corpus and a myriad of complex algorithms to translate written texts automatically. One of the most popular translation websites at the moment is DeepL (www.deepl.com). It uses deep learning technology based on neural network technology. These networks are not recurrent but convolutional, which means that DeepL processes words, phrases, and utterances in synchronous threads similar to image processing procedures (Merkert 2017). The integrated dictionary/thesaurus helps the learners find semantic approximations for their translation. This interactive corpus generally offers pragmatically coherent translations (the system often recognizes co-text and context); learners can at least passively/receptively extend their receptive lexicon. In general, machine translation software like DeepL performs relatively well in simple syntax and phrases and/or utterances, as well as in specific discursive contextual/intercultural situations (e.g., slang, dialects, regional idioms). However, in many cases, there is still a need for the language learner's linguistic expertise. Especially in writing texts, learners might come to rely on the translations provided by DeepL without developing autonomous skills in paraphrasing or writing. Furthermore, learners have to be careful about unreflectively applying the provided lexical algorithms. Especially in the field of technical and medical terminology, the machine does not always provide an entirely correct translation, since the complicated jargon often requires substantial technical and medical expertise, which the algorithm does not (yet) have. Therefore, it

has to be emphasized that translations might not be the most effective way to learn vocabulary. Moreover, translation software like DeepL and Google Translate often do not include minority languages, which are an essential part of authentic language learning processes.

Writing Tools

The built-in software apps subsequently extended their functions by integrating grammar checking tools. Several writing tools like Grammarly (www.grammarly.com) have entered the market, offering spelling & grammar checks and functions that analyze the clarity, coherence, engagement, and delivery of a text, and can thus scan written text more reliably. Based on an extensive corpus and algorithms, Grammarly also offers linguistic recommendations and adaptations for a text based on given parameters regarding register and delivery. The system's context-dependent suggestions are based on knowledge and predictions about the target group (reader), the level of formality (informal, neutral, formal), the domain (academic, business, general, email, casual, creative), the tone (neutral, confident, joyful, optimistic, friendly, urgent, analytical, respectful) and the intent (inform, describe, convince, tell a story).

Similar to the limitations of AI-powered translation websites, such writing tools cannot guarantee 100% linguistic accuracy, since pragmatically coherent texts are strongly context-dependent. The context consists of many cultural implications so that one system alone cannot guarantee complete appropriateness. Furthermore, systems like Grammarly frequently show redundant feedback recurrence patterns, which means that they often use the same feedback suggestions for different types of mistake.

Chatbots/Virtual Chat Agents

In general, chatbots intend to imitate the discursive behaviour of humans, they are becoming more and more intelligent. As a result, companies in the field of educational technology have started developing their own virtual bots or agents because "chatbots provide customized answers in response to your messages and can even grade your performance or give tips on what you need to improve" (*Lisovets 2017*). Especially for beginners and young learners, chatbots might be helpful, since basic words/phrases (e.g., within the A1/A2 range) often have clear, formulaic structures without substantial semantic, syntactic or lexical complexity. In general, a chatbot is intended to be user-friendly, offering a straightforward interface and the ability to be used ubiquitously (mobile and desktop version, temporally and spatially delimited use). Chatbots like the Virtual Talk App (App Store), Mondly (www.mondly.com) or Memrise, Babbel and Duolingo (App Store) use a multimedia interface, so that learners can practice the target language with audio, video and images while talking (in the case of integrated speech recognition) or writing with the chatbot. Especially anxious students might benefit from these conversational scenarios with a relatively anonymous chatbot, since mistakes or personal details will not be made public and paralinguistic indications of boredom or judgment are absent. Despite these potential advantages, the issue of data privacy needs to be explicitly addressed. Language learning is a very personal process that should not be shared with chatbots where the server location is unclear or when not in accordance with the EU General Data Protection Regulation (GDPR). Companies like Memrise, Babbel and Duolingo guarantee safe storage of the learner's data in their terms of use. Whether this is really the case must be decided by the individual learner or their parents or teachers and/or even regional legal experts (government authorities). Another challenge of automated, algorithm-based chatbots is that often (especially in more sophisticated conversations) the bot displays "semantic problems with complex issues and cultural specifics, i.e. they provide [...] answers or turns that do not make sense (similar to the Siri phenomenon)" (*Strasser 2021*).

In this era, there are many ways that can be adopted by teachers, such as the use of various software and multimedia in the classroom to support the learning process and it can improve the understanding of the language. These creative presentation systems produce a great deal of excitement and attract students' attention during English-language learning (Acha, 2009). So,

teacher can use Multimedia as a tool to support the learning process and can enhance students' interest in learning. All these work mainly means to improve the efficiency of English teaching and enhance students' English learning. In addition, according to the popularity of the use of multimedia in the learning process, the researcher conducts this study. It is important not only to prepare teachers and students for the use of digital technologies, but also to provide technical support for the effective organization of the process of learning a foreign language in the context of the introduction of a digital educational platform. Thus, we see that such a learning paradigm builds new interactive relationships of all participants in the educational process, giving them equal opportunities. At the same time, the teacher remains the main figure, but receives additional tracking powers all stages of students' passage on a digital platform, which creates opportunities to provide quality education for everyone, regardless of location.

References

- Gilakjani, A. P. (2012). A Study on the Impact of using Multimedia to Improve the Quality of English Language Teaching. *Journal of Language Teaching and Research*, 3(6), 1208-1215.
- Luckin, Rose, Wayne Holmes, Mark Griffiths, and Laurie B. Forcier. *Intelligence unleashed: An argument for AI in education*. London: Pearson, 2016. [accessed 25 March 2021].
- Baker, Toby, and Laurie Smith. *Educ-AI-tion rebooted? Exploring the future of artificial intelligence in schools and colleges*. Nesta, 2019. [accessed 25 March 2021].
- Banerjee, Dibyendu. "Natural Language Processing (NLP) Simplified: A Step-by-step Guide." *Data Science Foundation* (2020). [accessed 18 March 2021].
- Berendt, Bettina, Allison Littlejohn, and Mike Blakemore. "AI in education: Learner choice and fundamental rights." *Learning, Media and Technology* 45.3 (2020): 312- 324. DOI: 10.1080/17439884.2020.1786399.
- Merkert, Johannes. "Maschinelle Übersetzer: DeepL macht Google Translate Konkurrenz." *heise online*, 2017. [accessed 22 March 2021].
- Lisovets, Volodymyr. "Essentials of Artificial Intelligence for Language Learning." *Intellias – Intelligent Software Engineering*, 2017. [accessed 18 March 2021].
- TORBEN SCHMIDT AND THOMAS STRASSER *Artificial Intelligence in Foreign Language Learning and Teaching: A CALL for Intelligent Practice*

ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ «МЕН» КОНЦЕПТІСІ

Т.Тузелбаева,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2-курс магистранты

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университеті

Ақтау қ., Қазақстан

Филологияның ерекше бөлімі лингвопоэтика – көркем шығармадағы эстетикалық әсерді және идеялық көркемдік ойларды жүзеге асыруға қажетті тілдік құралдарды орынды қолдануды қарастыратын ғылым саласы.

Лингвистикалық поэтика XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында филологияның ерекше саласы ретінде эстетикалық сөз өнерінің үдерістерін зерттеуге бағытталды. Онда көркем шығарманың сыртқы құрылымы дәстүрлі түрде сипаттаудан мүлдем бөлек, көркем шығарманың ішкі және сыртқы табиғатын ашуда автор-суреткер, автордың түпкі ойы, автордың интенционалды әлемі дейтін мәселелер лингво-антропологиялық, эстетикалық, стилистикалық тұрғыдан үнемі талданып отырады [2]. Автор тұлғасын және ол кестелеген сөз бедерін концептуалдық тұрғыдан талдау ұлттық және ғаламдық бейненің көрінісін беруге мүмкіндік береді.

Концепт – мәдени құбылыс, ұлттық дүниетанымның терең мағыналы құндылықтарын айқындайтын, тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін жақсы түсінуге, рухына еніп сол ұлттың әлемдік бейнесін осы ұлттың көзімен көруге мүмкіндік жасайды. Тілде концепт туралы түсінік тұрақталмаған. Ол тіл біліміне философиядан келген. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде» концептке мынадай анықтама береді: «Концепт дегеніміз – адамның білімі мен тәжірибесін бейнелейтін ақпараттық құрылымның және біздің санамыздағы менталдық психикалық ресурстардың бірліктерін түсіндіру үшін қолданылатын термин; адам жадының, менталдық лексиконның, мидағы концептуалды жүйе мен тілдің, сондай-ақ адам психикасында таңбаланып-бейнеленген бүкіл ғалам бейнесінің шұғыл түрде жұмсалатын, әрекет ететін мазмұндық бірлігі» [3].

Концепт - әмбебап кодтың бірлігі, яғни индивидуалды сезімдік-заттық бейне (образ) ретінде туындайды. Концептінің әмбебап (универсалии) және бірегей (уникалии) түрлері болады:

а) әмбебап концептілер когнитивтік санада білімдердің, түсініктердің, ассоциациялардың, басқа да күйлердің «жиынтық», «түйдегі» ретінде өмір сүруі.

ә) бірегей концептілер (яғни этнологиялық түсініктер) ғаламның тілдік бейнесін еске түсіріп, жасап, туындатып қана қоймайды, этномәдени бейнелерді асқан шығармашылықпен (жасампаздықпен) этнотілдік дүниетанымның бір «жанды» фрагменттері ретінде қайта жасайды. Аталған түрлерді әр алуан ойлау құрылымдары деп емес, концептінің әр түрлі қырлары, яғни кешенді ойлау бірлігі ретінде қарастырған жөн. Ол кешенді ойлау бірлігі (концепті) сөз арқылы ойлау әрекеті барысында өзінің бір қырынан ұғым, фрейм, схема немесе елестету түрінде көрінеді [4].

XIX ғасырдағы жыраулар поэзиясының тілдік қуаты тым терең. Когнитивті тіл білімінде жыраулар поэзиясының мәні мен маңызы, тілдік сипаты әлі де зерттеуді қажет етеді. Солардың ішінде Махамбет Өтемісұлының рухты үні, тілінің өткірлігі, сөз оралымдары жеке концепт түзеді.

Махамбет қазақ даласына ең алғаш «МЕН-ді» қалыптастырған («Мен қарақұстан туған қалықпанмын», «Мен – боз ағаштан биікпін», «Мен – кескекті ердің сойымын», «Мен - тарлан бөрімін») тілдік тұлға. Ақын «мені» арқылы «тасада» қалған халқына еркіндікті, елдікті, ерлікті үндейді.

Лингвистикада «мен» концептісінің үш түрлі сипаты белгілі:

1) когнитивті компонент – адамның қасиеттерінің, қабілеттерінің, сыртқы келбетінің, әлеуметтік маңызының, мінезінің және т.б. жиынтық бейнесі;

2) эмоционалды-бағалаушы компоненті - адамның өзі туралы идеяларының, тәжірибесінің, өзін-өзі бағалау, құрметтеу, басқаларға деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

3) мінез-құлық компоненті – адамның өзіне және басқаларға деген әлеуметтік қатынасы туралы идеялар жүйесіне негізделген әрекеттері.

«Мен» концептісі – адамның шығармашылық қабілетін тереңнен қозғап, мәнін айқындайтын философиялық категория. «Мен» концептісі тілдік тұлғаның таным белсенділігінде танылып, оның санада бейнеленуін таңбалайды.

Мен бәйгелі жүйрікпін
Жүргенім жоқ сыналмай
Қара бұлт жауады
Шығып желге үрлеген.
Мен белгілі жүйрігің
Көп ішінде сөйлеген.

Жыраулар поэзиясында «мен» концептісінің жиі кездесетін түрі – көпшілік алдында өздерін таныстыруы. «Мен» арқылы өздерінің тегін, қасиетін, мінезін, қоғамдағы орнын сөз етеді. Жоғарыдағы мәнмәтінде Мұрат Мөңкеұлы өзінің ақындығын танытып тұр.

Мен - мен едім, мен едім!
Мен Нарында жүргенде
Еңіреген ер едім.

Өлең жолдарындағы «мен» сөзі – ақынның өзін тануы. Бұл психологиялық «ішкі мен» өрісінде өрбейді. «Мен» арқылы оның басқа да дара сипаттары немесе іс-әрекеттері анықталады. Автордың «менді» қайталауы мойындату мақсатында айтылады. Махамбеттің «мені» мақсаты айқын, арманы биік, елдік үшін ұран салып, қолына қару алған тарихи тұлға.

«Мен - қарақұстан туған қалықпан», «Мен әлде де көптен анықпын», «Мен - атайы жүйрік баласы» жоладырындағы «мен» метафоралану арқылы жеке меннен тұтастыққа өтіп, халықтың, елдің атынан сөйлейді. «Мен» арқылы көпшілікті рух-жігерге, өрлікке, ерлікке шақырады. Бұл жолдардан біз автордың айқын кредосын анық байқаймыз, яғни «мен кайткен күнде де елдің жырын жырлап, елдікке қол жеткіземін» деген үнді естейміз.

Дұшпанына келгенде,
Тартынбай сөйлер асылмын,
Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық жалын шарт түйген,
Құм сағыздай созылған,
Дулығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын [1].

Мәнмәтіндегі «мен» - халықтың мені. Жоғарыдағы өлең жолдарынан сан жылдар бойы азаттық үшін күресіп, сонда да жеңіліс үшін мүжілмейтін күрескер халықтың бейнесін танимыз. Махамбет қанша ғасыр «менің елім», «менің жерім», «менің тілім», «менің дінімге» тұсау салған заманда ерен ерлікпен, қайталанбас рухпен қазақтың тегін танытып, дархан даласын иемденіп, ой бостандығы мен сөз еркіндігіне теңдік алып берді. Махамбеттің «мені» бүгіндері күллі қазақ жұртының «бізіне» ұласып, асыл мұрамыз – тәуелсіздігімізбен жалғасын тапты [5].

Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
Жиёмбет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..
Меніменен, ханым, ойнаспа,
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай [1].

Жыраулар поэтикасында «мен» концептісінің ең бір шарықтау шегі – хандарға қаратылып айтылатын тұсы. Жоғарыдағы мәтінде Жиёмбет жыраудың «мені» Есім ханға қаратылып айтылған. Мәтінде «мен» I жақта баяндалып, өзінің өрлігін, ерлігін жырлау арқылы, қазақ халқына тән рухты мінезді таңбалайды.

Мен - Қарғабойлы Қазтуған,

Қайғыланып асып барамын
Ноғайлы-қазақ елімнен!

Қазтуған шығармашылығында «мен» лексемасы жиі қолданыс тапқан. Автордың тілдік қолданысындағы «мен» өзінің тегінен қазақтың түпкі тарихына дейін мағынасын кеңейтеді. «Мен – Қарғабойлы Қазтуған» деп автор өзін жай таныстырмай, халқының құрметтеп, айдар қылып таққан есімімен атайды.

Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менім ордам қонған жер.

«Менің ордам» -

Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,

Қайырлы болсын сіздерге

Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

«Менің ордам», «менің Еділім» тіркестеріндегі «мен» меншіктеу категориясы арқылы туған жерге деген сүйіспеншілікті, оның жолында нендей нәрсеге де автордың дайын екендігін, алдағы уақытта Еділдің тағдырына алаңдаушылығын байқаймыз. Бұл контексттен ақынның әлеуметтік әрі эмоционалды «менін» аңғаруға болады.

Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім

Аузы түкті кәпірдің

Күшті болған салдары-ай!

Автордың «менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім» - автордың елдік жолындағы жанкешті әрекетін көреміз. Тілдік тұлға өзінің іс-әрекетін бағалай келе, халқын «күштіден» қорғап, бостандыққа қолжеткізу мақсатын көрсетеді.

«Мен» концепциясы – тілдік тұлғаның маңызды құрамдас бөлігі. Ол тұлғаның тегінен бастап, мінез-құлқын, арман, мақсатын, өмірлік кредосын, қоғамдағы орнын таңбалайды.

Қазақ тіл білімі тарихында «мен» концепциясы жыраулар поэзиясында айқын көрініс алды. Жыраулардың шығармашылығына үңілсек, олардың «менін» төмендегідей ортақ концептілік өрісті байқаймыз:

- 1) тілдік тұлғаның жеке қасиеттері, мінезі, ата тегі, ұлты;
- 2) тілдік тұлғаның кредосы, өмірлік ұстанымы;
- 3) тілдік тұлғаның қоғамдағы қызметі, орны, іс-әрекеті;
- 4) тілдік тұлғаның психологиясы (қуанышы, мұңы, қайғысы);
- 5) тілдік тұлғаның бағалауы.

Жыраулар поэзиясында «мен» концептісі тура және жанама күйінде кездесіп, түрлі тілдік формалар арқылы беріледі. Әр тілдік бірлік «мен» концептісін концептуалдық моделін құрайды. Автор қолданысындағы «мен» концептісіндегі мән талдана келе, ортақ ұлттық идеяны құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, «Жазушы», 1989. – 197 б.
2. Сабирова Г. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу: филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 2010.
3. Абдрахманова М. Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы – Алматы, 2008. 27 б.
4. Шалбаева А. Ж. Жақсылық/жамандық концептілерінің танымдық көрінісі – Алматы, 2010. 56 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы – Алматы: Ана тілі, 1993. 215 б.

2-СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮМЫСТАРЫ

Қирабаева А.Қ.

Жаңаөзен қаласы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жаңаөзен қ., Қазақстан

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу. Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады; осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды.

Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады. Ал тыңдалым дағдысы дегеніміз не? «Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну».

Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым». Тыңдай білу – тілдік қатынастарда аса қажетті біліктердің бірі. Бұл біліктіліктің адамның күнделікті өмірде атқаратын қызметі аса зор және адамның қатынас икемділігінің негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Арнайы зерттеулердің нәтижесінде адам орта есеппен уақытының 29,5% -ын – тыңдауға, 25,5% -ын – сөйлеуге, 10% -ын – жазуға жұмсайтындығы анықталған.

Іскерлік қатынастар жағдаяттарында жұмыс күнінің 16%-ы оқуға, 9%-ы жазуға, ал 30%-ы сөйлеуге кетеді екен. Тіпті ресми емес әңгімелесулердің барысында да адам әріптесінің айтқан сөзінің тек 60-70%-ын меңгеретін көрінеді. Абай Құнанбаев “Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде із көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек”, – дейді.

Ес адамның әр алуан іс-әрекеттерімен байланысты болып, тіршілікте аса маңызды қызмет атқаратын болғандықтан, оның түрлері мен көріністері де әр қилы. Тыңдалымның мақсаты оқушыларды: аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін

еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио бағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, үйрету.

Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері: Оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әртүрлі болуға тиісті. Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек: Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс.

Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, “ғафу етіңіз, сөзіңізді бөлемін” деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек. Тыңдау екі түрлі болады: үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез – құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс.

Мәдениет мәйегі. Адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, ой-сезіміне деген құлықтылық, жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасуға деген бейімділік, қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайрымдылықты қастерлейтін игі дәстүр, балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, ініге ілтипатты кие тұту – рухани өміршендіктің, әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі. Жан баласын жатсынбайтын, өзгелерге түсіністікпен қарайтын, болмысынан турашыл, адал, жомарт, батыр, қайсар, өжет, өр қасиеті – қазақ мәдениетінің мәйегі. Тіл табыса білу – өнер.

Ауызекі сөйлеу және тыңдау мәдениеті. Сөз мәдениеті ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып бөлінеді. Студенттерге тыңдау дағдысын қалыптастыруда жадының маңызы. Баланың кез келген іс-әрекеті оның жұмыс істеу әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты болады. Қолданылатын әдістің тиімділігі оның нәтижелілігінің кепілі болады. Егер есте сақтау қабілетін іс-әрекет деп танысақ, онда сәйкесінше қандай да бір мәліметті есте сақтауға септігін тигізетін арнайы іс-әрекетке байланысты әдіс-тәсілдерді меңгеру қажет болады.

Әрбір саналы адам мақсатты түрде есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді меңгерсе, өзінің есте сақтау жадын тиімді әрі рационалды түрде дамыта алатындығы ғылыми түрде дәлелденген. Студенттер бойына тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатында есте сақтау қабілетін дамыту керектігін біле отырып жадының дағдылары бірнеше бөліктерден тұратынын анықтадым: белгілі бір мәліметті тез есте сақтауға көмектесетін бейнелі шартты белгілер болуы тиіс. Мысалы, Төменде көрсетілген «Есте сақтау» әдістері, әңгіме мазмұнын есте сақтап, оны сол шартты белгілерге қарап толық мәлімет беруге оңтайлы.

Есте сақтаған мәліметтерді бейнелі образдарға айналдыру қабілетінің болуы; Бұған мысал ретінде, «Ассоциация» әдісін дәлел ретінде алуға болады. Мәліметті ұзақ уақыт бойы есте сақтау дағдысын қалыптастырып, қажетінде еске түсіретін зейін тұрақты болуы тиіс; Жадымызда мәліметтердің байланысын есте сақтау үшін көмек көрсететін тірек образдар жүйесі болуы тиіс. Есте сақтау қабілетін тұрақтандыру үшін қарапайым қағидаларды да ұстанған дұрыс. Ғалымдар есте сақтаудың бірнеше жолдары барын мәлімдеді. Мысалы, бос уақытта сурет салу есте сақтауды жақсартады екен.

Бұл жерде суреттің сапасы мен көркемдігі маңызды емес, бастысы – сурет ойды тынықтырады. Ойдың тынығуы есте сақтау қабілетін жоғарылатады. Көзге арналған

жаттығулар да естің дамуына пайдалы. Егер таңертен күнде 30 секунд жаттығу жасап отырса, есте сақтау қабілетіміз 10%-ға жақсарады. Бұл да ғалымдармен дәлелденген. Сөзжұмбақтар, ойша санау, логикалық сұрақтарды шешу, өлеңдерді жаттау, шет тілдерін меңгеру – миды жұмыс істеуге арналған ең тиімді әдістер болып саналады.

Жалаң аяқ жүгірудің өзі есте сақтау қабілетінді жақсартады. Себебі, адам жалаң аяқ жүрген кезде, аяғын жарақаттап алмайын деп айналасына барлай арап жүреді емес пе, мұндай сәтте ми да белгілі бір қызмет атқарады. Ол қызметтер есті жақсартуға көмектеседі екен. Келесі тәсіл – жазу. Қазіргі кезде қолмен жазу қалып келеді. Көбінесе біз пернетақта көмегімен жұмыс жасаймыз. Дегенмен, есте сақтау қабілетімізді жақсарту үшін бір ауық қолға қалам алып, жазу жазып та тұру өте қажет.

Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда аудиожазбаларды қолдану. Бұған әр сыныптың, әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер алып отырдым. Оқушы бойына тыңдалым дағдысын қалыптастыруда әдіс-тәсілдерді пайдалану дұрыс. Оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру, барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту, өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту.

Проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру, өз ойын ашық айта білуге тәрбиелеу, сабақ процесінде оқушының белсенді іс-әрекеті белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталды. Жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, оқушының қабілетінің дамуына мүмкіндік тудырдым. Тыңдалым дағдысын басшылыққа ала отырып сапалық және қатыстық сын есім тақырыбын өткенде студенттерге аудиожазбадан «Атаның ақылы» деген мәтінді тыңдатуға болады. Мәтін бойынша тест жұмысы мен тапсырмалар беріледі.

«Атаның ақылы». Аппақ шыңды Алатаудың аясындағы Алматы қаласының Орталық саябағы маусым айы кезінде жайқалып тұр. Бой түзеген күміс қылқанды шыршалар, жасыл сырғалы ақбалтыр қайыңдар, жұпар иісі аңқыған аршалар гүлзарлы алаңдарды қоршап, қоңыр салқын самалмен тербеледі. Бес жасар Бектай атасымен бірге бақ аралап, әткеншек тепті, серіппеде секіріп ойнады. «Поезға» мініп, «жол жүрді», «зымыранға» мініп, зымырады. Бір кезде тәмпіш мұрны тершіп, қарақаттай көзі күлімдеп, ол:

– Ата, шөлдедім, – деді. Атасы ақ күмістей сақалын тарамдап, күлімдеді де:

– Шөліңді қандыр, жарығым, -деп, оған салқындаған алма шырынын сатып әперді.

Бекжан құтыдағы салқын, тәтті алма шырынын құшырлана жұтып алды да:

– Ата, балмұздақ жегім келеді, – деп, ентіге сөйледі. Ақжарқын атасы Бекжанға балмұздақ сатып әперді де: – Ботам, балмұздақтан көп жеме, тамағың ауырып қалады, деп ескертті. Бектай атасы алып берген балмұздақтан біраз жалады да: – Ата, шоколад жегім келеді, деп, күлімдеді.

– Жарығым, әр нәрсенің шамасы бар. Қанағат керек. – Ата, қанағат деген не? – деп, Бекжан сұрақ қойды.

– Күнім-ау, «қанағат» деген – әр нәрсенің шама-шарқын біліп, соған риза болу, тамақ ішудің де шегін, ретін білу... Қанағат қылмай, не болса соны талғамай, іше берсең, ауырып қаласың – деп атасы ақыл айтты. – Онда... Мақұл! – деп, Бекжан ойланып қалды. Атасының ақылын түсініп, айтқанын істеген Бекжан бақта сергек сейілдеп, жақсы демалды.

Тізбектелген ереже. Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі студенттің айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. Кезегінде айта алмаған оқушы шығып кетеді. Шығып кеткен оқушы тақырып туралы түсінбеген

дегенді білдіреді. Жасырын сөз. Оқушылар тақырып бойынша сөз жасырады. Оны сипаттайды, сол сипаттама арқылы басқа оқушылар жасырынған сөзді табады. Сипаттауда айтатын сөздерге шектеу қою арқылы немесе қимыл арқылы көрсетуді ұсынуға болады. Мысалы жасырылған сөзді 3 сөз арқылы сипатта деген сияқты.

«Төрт сөйлем» әдісі. Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алуға дағдыландыру мақсатында қолданады. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады.

Қорыта айтқанда тыңдалым дағдысын қалыптастыру оқушыларды сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту, өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту оқушыларды шыңдай түсері анық.

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Д. Далубай

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2-курс магистранты

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университеті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының қауымдастырылған профессоры

Каримсакова Б.А.

Ақтау к., Қазақстан

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда оқыту үдерісін де уақыт талабына сай жетілдіру және ұйымдастыру мәселесі педагогикада маңызды орын алып отыр. Күнделікті үздіксіз өзгерістер, оқу үдерісіне заманауи технологиялардың сан алуан түрлерінің енуі жас ұрпаққа білім беруде жан-жақты дамыған, белсенді, өз бетінше ойлай білетін жастарды қалыптастыруды талап етеді. Оқытудың процесін жетілдіру арқылы тәжірибедегі әрекетті тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Оқыту үдерісі - білімді, біліктілік пен дағдыны меңгеретін, оқушылардың дүниетанымын, күш қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет барысы. Оқу барысында оқушының сана-сезімі, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық талғамы, тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды.

Оқыту - мақсатты процесс болып табылғандықтан, оның басты мақсаты, әдіс тәсілдері, мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарады. Екі жақты процессті талап ететін оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі әрекет. Өйткені, оқыту - мұғалімнің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті. Сөйтіп, оқушының таным әрекеті мұғалімнің басшылығы арқасында ғана жүзеге асады және жоспарлы түрде жасалынады. Жоспар болған жерде нәтиже болады. Мұғалім оқушылардың жалпы рухани дамуын жүйелі қамтамасыз етуі үшін оқыту процесін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады. Оқушы білімді қысқартылған, педагогикалық тұрғыдан өзгертілген жолмен мұғалімнің және арнайы жазылған оқу құралдарының көмегіне сүйене отырып меңгереді.

Ескере кететін жағдай, оқыту процесі кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерінің сәйкестігін ескере отырып таным қызметінің формасы мен әдістерін соған орай өзгертіп отыру қажет.

Ал, оқытудың сапасын екі тәсіл арқылы анықтауға болады. Біріншісі, бағалау оқу қызметінің нәтижесіне байланысты болмай, мұғалімнің іс-әрекетінің тәжірибе талаптарына сәйкестігін, яғни – мұғалім жұмысының тиімділігін, оқушылармен өзара байланысының сипаты мен жиілігін анықтау мақсатында жүргізіледі [1].

Білім беру кезінде қазір түрлі әдістер, технологиялар, платформалар қоладнылып келеді. Олардың қаншалықты нәтиже беріп жатқандығы баланың білімінен көрінеді. Баланың білімінің нәтижесін бағалау арқылы көреміз. Нақты бағалау болған жерде оқыту процесін де жетілдіруге болады. Білім сапасын көтеру үшін әрбір сабақ тиімді өтілуі керек, тиімді өтілген сабақта оқу мақсатына негізделген тапсырма болуы керек, ол дұрыс бағалануы керек.

Сондықтан, әрбір мұғалім сабаққа дайындалу барысында оқу материалын оқушыларға қалай меңгертуге болатыны және оқушы білімін дұрыс тексеру жайында үнемі шығармашылықпен жұмыс істеуі тиіс. Қазіргі заман талабына сай қалыптастырушы және жиынтық бағалауды дұрыс жүргізе алуы қажет.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын тексеру, бұл бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын тексеру, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше.

Бағалау оқу материалының қаншалықты сәтті игерілгенін, қалыптасқан білімнің деңгейі мен тереңдігін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек: олар өзінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды және қателер – оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады.

Бағалауда алдымен үйренушілер өз ойлары, идеялары ,пайымдаулары қандай талаптер негізінде (критерийлер) негізінде құрастырылғанын анықтап, содан кейін осы талаптарды қолдана отырып, өз ойларын келтіреді[2].

Алтынсарин академиясы 2023 жылы жүргізген зерттеуде педагогтердің 80%-ға жуығы критериалды бағалау оқушылар бойында оқуға деген оң көзқарасты қалыптастыруға, оқу бағдарламасын меңгерудегі ілгерілеуді бақылауға, олардың білім жетістіктерін объективті бағалауға, оқыту мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететінін атап өтті.

Сыныпта бағалаудың ағымдағы жүйесі білім алушылардың үлгерімін бағалаудың нақты белгіленген және ашық критерийлері бар тапсырмаларды құрастыруды ескерген. Бағалаудың осы жүйесі оқу процесін жетілдіру мақсатында мұғалім мен білім алушылардың өзара кері байланысын қамтамасыз ететін күнделікті формативті бағалауды және бөлім және / немесе тоқсан бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізудегі ілгерілеуді анықтауға мүмкіндік беретін жиынтық бағалауды қамтиды. Бағалауды баланың қабілетсіздігі ретінде емес, баланың не үйренгенін және оған тағы не істеу керектігі ретінде қарастырған жөн. Осы әрекеттердің барлығы дескрипторлар мен критерийлер арқылы көрінеді.

Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз

пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады. Педагогикалық, біздің жағдайда лингводидактиканы, нені қашан, қандай әдіспен беру керектігін, сабақты ұйымдастырудың алгоритмін білетін мұғалім сабақтары жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

Оқыту үдерісі бірнеше модельге құрылады. Солардың бірі -нәтижеге бағытталған оқыту және білімгерді өз бетінше дамуға бағыттайтын модельдер. Қазіргі қолданыстағы бағдарламаның негізгі мақсаты да осылар. Ал оны жүзеге асыратын мұғалім болғандықтан, мұғалім білім беру жүйесінде дамыту әдістерін іздестіруі керек. И. П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» – деген болатын. Міне, сондықтан шәкірттің өз бетінше білім алуына да ықпал ету маңызды.

Оқыту процесі ілгері жылжуда қазіргі заманғы инновациялық технологияларды қолдану қажет. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуға болады және бағалауды қалыптастыруда керек. Мысалы, әр инновациялық технология педагогикалық тәжірибеде игерудің белгілі бір ғылыми тұжырымдамасына негізделуі тиіс: білім беру мақсаттарына жету үдерісінің ғылыми негіздемесі болу шарт. Оқу үдерісін жобалау, жоспарлау, мақсатын анықтау мүмкіндіктері ескерілуі керек: кезеңді диагностика, нәтижелерді түзету мақсатында әдістер мен құралдарды түрлендіру мүмкіндігі қаралуы қажет. Қазіргі заманғы инновациялық технологиялар бәсекелестік жағдайда қызмет. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық – электрондық құралдарды, платформаларды сабақтарда тиімді қолдану, презентацияларды және мультимедиялық – электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдана білу қажет.

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің жетілуі үшін білім сапасы керек. Варвердің мына бір сөзінен «Мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесі басқару органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету қызметінен гөрі, оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді» бүгінгі ойымның түйінін көре алдым. Ендеше, әр жетелеуші маман өз тәжірибесіне өзгеріс енгізіп, сол арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруы маңызды екенін сетен шығармаған жөн.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деп ғұлама Жүсіп Баласағұн айтқандай, үнемі ізденіс үздіксіз жетілуге әкеледі. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген сөзінде ізденістің жемісі жатқандығын көре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Тиімді оқыту мен оқу» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған құрал, 2016 ж
2. Асхат Әлімов, «Интербелсенді әдістемесін мектепте қолдану» , ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталықтары, Астана, 2014ж.

3. С. Көшімбетова «Оқу—тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдістәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары», Алматы, 2008ж.

ОРЫС ТІЛІ САБАҚТАРЫН ТҮРЛЕНДІРІП ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ

О.О. Өтеуова

Бейнеу ауданы, Төлеп ауылы

«Ә.Махутов атындағы мектеп-бөбекжай кешені» КММ,
Бейнеу ауданы, Маңғыстау обл., Қазақстан

Бүгінгі заман талабына сай шет тілінің пән ретінде қажеттілігі артып келеді. Орыс тілін оқытуда басты мақсат – оқушыларды шет тілінде қарым-қатынас жасай алуға дағдыландыру, шет тілін үйрете отырып, ана тілін құрметтей білетін, өзге тілді білуге құштар білімді азамат тәрбиелеу.

Сабақта дидактикалық материалдарды қолданудың жолдары:

Қазіргі заманда сабаққа қойылатын талаптар мұғалімнен шеберлікті қажет етеді. Мұғалім сабақ үрдісінде материалдарды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке адам болып қалыптасады. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытамын, көргенді есте сақтаймын, орындасам түсінемін» - деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі. Сондықтан сабақта қолданылатын интербелсенді оқыту тәсілдерін пайдалану оқушының бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өнерге құштарлығын қалыптастырады. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар атқара отырып, оқушының белсенділігі артады, бір-біріне көмектесе отырып, сабаққа барлық оқушы қатыса алады. Өзінше ізденіп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жетеді. Нашар оқитын оқушының өзі ойын элементтері арқылы интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдану барысында оқушының ой-өрісін дамытуға көмектеседі. Жаңашыл ұстаздар сабақ арқылы оқушыға емес, оқушы жүрегі арқылы сабаққа ұмтылыс тудыруды ұсынады.

Ал, енді интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдана отырып, оқушылар орындайтын бірнеше тапсырма түрлері:

1. *Орыс тілінде сөздік қорын көбейту үшін тақырыптық суреттермен жұмыс жасаған өте тиімді.* Оқушыларды төрт топқа бөле отырып, оларға суреттері бар кубиктер беріледі. Суретпен жұмыс жүргізудің бір түрі — кубиктер. Кубиктің алты беті болады, сол алты бетіне тақырыпқа байланысты суреттер қоямыз. Кубикті лақтырып қалған кезде қайсы беті түссе, сол бетін суреттейміз. Топтар кезек-кезек кубик лақтыра отырып, тапсырманы орындап отырады. Мысалы, жан-жануарлардың суретін әрбір бетіне саламыз. Оқушылар сол жануардың атын, сын-сипатын айтып беру керек.

Бұл кубиктер орыс тілін жаңадан бастағандарға арналған бастапқы этапта пайдаланатын кубиктер. Келесі кубиктер күрделірек.

Әрбір бет бір-бір тақырыпқа арналады. Мысалы: бірінші бетте киім-кешектер болса, екінші бетте ыдыстар, үшінші бетте жеміс-жидектер, төртінші оқу құралдары, бесінші үй жиһаздары, алтыншы табиғат бейнеленеді. Кубикті лақтыру арқылы тапсырмалар беріп оқушылардың барлығын дерлік сабаққа жұмылдырып, қызықты өткізуге болады.

Сабақта бір сарынды ұзақ жаттығулар мен ұзақ оқытулар оқушыларды жалықтырады, сондықтан да оқыту тәсілінің бірі ойын элементтерін пайдалану оқушылардың сабаққа деген жалпы шет тіліне деген қызығушылығы мен белсенділігін арттырады.

Сабақта мен бастауыш буындарда мынадай ойын элементтерін пайдаланып өткіземін. Келесі ойын сабақ барысында өтіп кеткен қандай да *бір дыбыс бойынша ойын* жүргізуге болады. Мысалы, [әе] дыбысына. Мұғалім әр топқа кезек-кезекпен осы дыбыс бар сөздерді айтқызады. Қай топ көп сөз айтса, сол жеңеді.

2. «*Қатесін түзе*» ойыны – Бұл ойында берілген сөздің қатесін табу керек. Яғни, қайсы әріп дұрыс қойылады.

3. «*Күн сәулесі*» ойыны – Қажетті сөзді тиісті тақырыпқа пайдалану (Венн диаграммасы) Бұл ойын күн сәулесіне адамның мінез-құлықтарын жазып толтырамыз. Күннің әрбір шуағына әр оқушы бір мінез түрін жазып, кеспе қағаз оқушыдан-оқушыға өте отырып, соңында өз иесіне қайтады. Бұл ойын арқылы оқушы өзін-өзі тәрбиелейді.

4. «*Сөздерді толықтыр*» – Бір сөзден келесі жаңа сөз табу (зат есімнен – етістікке айналдару т.б.с.с.).

Сонымен қатар қазіргі жаңа технология заманында заман талабына сай білім беруде, жаңа технологияларды қолдана отырып сабақ барысын қызықты өткізу, әр оқытушының үздіксіз үрдісі десекте болады.

Орыс тілі мен әдебиетін оқыту үшін қызығушылығын ояту қазіргі уақытта қиындығы бар мәселе, бірақ мүмкіндік бар деп есептеймін. Бұл жерде көмекке мультимедиялық тұсаукесерлер көмекке келеді, оларды жаңа сабақ түсіндіру, сабақты бекіту, қайталау кезеңдерінде қолдануға болады.

Өзімнің оқыту жұмысымда интербелсенді тақтаны қолданамын.

Мақсатым – белсенді, өмірде қолдана алатындай жоғары білім деңгейі бар тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатымды жүзеге асыру үшін, мен алдыма мынадай міндеттерді қоямын:

- Интербелсенді оқуға дайындығын қалыптастыру;
- Оқу-тәрбие жағдайындағы өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;
- Өз пәнімді оқытуда оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырып және дамытатын жаңа интерактивтік тәсілдерді енгізу.

Болашақ азаматтар

Бірге жұмыстануы

Тең жұмыстану, сонымен бірге басқара да жетекшілік жасай да білу;

Өзгені сыйлау;

Өз көзқарасын білдіру.

Өз пікірін қорғау және түрлі жағдаяттармен байланыстыра білуі керек.

Әр мұғалімнің алдында: оқушы қызығушылығын қалай тұрақтандыру, білім сапасын қалай көтеруге болады деген сұрақтар туындайды. Оның жауабы, әдісте, жаңа технологияларды оқып үйреніп, одан кейін өз жұмысында қолдану.

Орыс тілді оқытуда мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Қорыта айтқанда оқу процесін жеделдетумен байланысты шет тілін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туып отыр. Бұдан бұрынғы әдіс-тәсілдерді қолданбау керек деген емес. Қайта бұл әдістеменің дамуына негіз салады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Им Хынг Су. Становление терминологической лексики русского языка. - М., 1995. - 235 с.
2. Кауфман И.А. Терминологические словари. Библиография. - М.:ИНФРА, 1996. - 121 с.
3. Климовицкий Я.А. Лингвистическая обусловленность формирования частных терминологических систем. - Саратов, 1986. - 184 с.

4. Анюшкин Е.С. Васютин В.А. Воронежская школа терминоведения: прагматические аспекты понятийно-терминологической работы // Отраслевая терминология: Лингвопрагматические аспекты. - Воронеж, 1996. - С. 27-35
5. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. Пособие для учителей. Изд.2-е, испр. и доп. - М., «Просвещение», 1976. - 543 с.
6. Ярцева В.Н. Лингвистический энциклопедический словарь. - М., 1990. - 472 с.

ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДА БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Р.А. Орынбасар,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2-курс магистранты
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор Отарова А.Н.

Оқыту – қоғамдық құбылыс ретінде қалыптасқан ересектердің мақсатты бағдарланған, жүйелі ұйымдастырылған қоғамдық сананың даму нәтижесі, еңбек өндірісінің мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау мен оны белсенді қайта өзгерту туралы, білімдерді аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа үйретіп, оны олардың меңгеруі. Оқыту процесі дами отырып, басты екі мақсатқа негізделіп топталған, педагогикалық еңбектердің ең жақын дидактикалық мақсаттары:

— білім беру – бұл жердегі негізгі мүдде оқушылардың танымдық іс-әрекетін оңай меңгеріп, сол арқылы ғылым негіздерін игерулерін, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен іскерлікті үйренулерін, өздерінің рухани, физикалық және еңбек қабілеттерін жетілдірулерін, еңбек және кәсіби дағдыларды игеруін көздейді:

— тәрбиелеу – адам бойына білімді негіздей отырып, өмірге қажетті құндылықтар мен өнерді сіңірту. Әрбір оқушының ғылыми көзқарасын, адамгершілігін, белсенді шығармашылығын және әлеуметті кемелденген жоғары адамгершіліктегі үйлесімді дамыған тұлғасын дамытуды мақсат етеді.

Қазіргі таңда оқушы үшін ең маңызды дүние ол – сапалы білім және сол білімнің дұрыс бағалана алуы. Осы орайда ұлы педагог, әдебиет саласының майталманы Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп айтып кеткендей, оқушы жетістігін нақты бағалау ең маңызды дүние. Сол себепті де оқушылардың білімін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі деп есептеледі. Оқыту үдерісінің негізгі кілті – бағалау. Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі — оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты. Дәстүрлі форматтағы оқу жүйесіне қарағанда жаңартылған білім беру бағдарламасының жүйесін толық орындап, нәтижеге жетуде оқушының білімін бағалау өте маңызды және соның негізінде жаңа бағытта жұмыс істеу мүмкіндігімен қоса қажеттілігі туады. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін әділ, шынайы, ашық түрде бағалау жүйесін қолдану. Оқушылардың білім алудағы жетістіктерін анықтап, қандай қателіктер бойынша жұмыс жасау керек екенін саралап, білімін тереңдете оқытып, болашақта оқушылардың тұлға ретінде қоғамға пайдасын тигізетін тұлға болып өсуінің алғышарттарын жасау – білімді бақылаудың ең

негізгі мақсаты. Бұл мақсат ең алдымен оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты. Екіншіден басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты. Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды [1]. Оқыту процесінің құрамдас бөліктеріне білім, білік дағдыларын бақылау, оларды есепке алу және бағалау жатады. Мұғалім өз сабағын жақсы, сауатты түрде ұйымдастыра алса, бұл оны оқыту процессінің табысты, оң болуының кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдыны қалыптасу дәрежесі анықталады. Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған [2].

Бақылаудың өзі бірнеше әдіс-тәсілдерге бөлінеді. Сол әдіс-тәсілдердің ең негізгілеріне ауызша және жазбаша тексеру жатады.

Ауызша тексеруді мақсаты мен тексерілетін материалдың мазмұнына байланысты әртүрлі ұйымдастыруға болады. Ауызша тексеруге қойылған мақсаттар арасынан мына жағдайларды бөліп қарастыруға болады: үй жұмысының толық орындалуын тыңғылықты тексеру, оқушылардың жаңа материалды игеруге деген мүмкіндіктері мен дайындықтарын анықтау, жаңа материалды игере алған не игере алу дәрежесін тексеру. Мазмұнына байланысты тексеру алдыңғы өткен сабақ бойынша немесе бөлек бөлімдер және тақырыптар бойынша жүргізіледі.

Ауызша тексеру әдісінің екі негізгі бөлімі бар:

- оқушыларды тексеру сұрақтарын құрастыру және олардың тапсырмаларын жасау;
- қойылған сұрақтарға оқушының жауабын анықтау.

Ауызша тексерудің басты элементі ретінде тексеру сұрақтары мен тапсырмаларын құрастырып, жасауды жатқыза аламыз. Тексеру сұрақтардың негізінде жасалған істің сапасы мен мазмұны және оқушының жауап беру процесі кезіндегі іс-әрекеті мен сөйлеу мәнерінің ерекшелігі анықталады. Тексеру сұрақтарының негізінде жасалған істің сапасы мен мазмұны және оқушының жауап беру процесі кезіндегі іс-әрекеті мен сөйлеу мәнерінің ерекшелігі анықталады. Сол үшін болса керек, тексеру сұрақтарының ішінен есте сақтау қабілетін (оқылғанды бейнелеу), ойлануын (жалпыландыру, салыстыру үшін), тіл байлығын белсендендіретін сұрақтарды ерекшелеп алады. Алған білімдерін тәжірибеде қолдануда проблемалық сұрақтардың мәні зор.

Ал жазбаша жұмыстар көбінесе теорияны меңгеріп болған соң, білімді тексеру үшін, сол білімді іс жүзінде қолдана алуын анықтау үшін, оқушы бойында қалыптасқан біліктерді бақылау үшін пайдаланылады.

Қазақ тілі пәні бойынша оқушылар жазба жұмысын тапсырғаннан кейін оның қандай қателіктерге бой алдырғанын, нені дұрыс жасағанын анықтап, оқушының өзімен жекелей жүйелі жұмыс жүргізуге болады. Осы кезде үлгерім мониторингінің алар орны ерекше. Үлгерім мониторингінде оқушылардың үлгерімі сандық тұрғыда нақты, анық көрсетіледі. Мониторингті кезең-кезеңге бөліп, жүйелі жұмыс атқаруға әбден мүмкіндік берілген. Ең әуелі «дайындық кезеңі» болады. Дайындық кезеңінде оқушыларға берілетін жазба жұмыстың мазмұны, тақырыбы анықталады. Тапсырмаларды оқушылардың мүмкіндіктеріне де қарап тандаған жөн және сол тапсырмалар негізінде мерзімі белгіленіп, кесте құрылады.

Ақпаратты жинау кезеңі. Бұл кезеңде дайындалған тапсырмалар мен жазба жұмыстары оқушылардың қолдарына беріліп, олар мұны орындайды.

Ақпаратты талдау кезеңі. Бақылау жұмыстары қаралады, тексеріледі, талданады, сараланады. Оқушылар жіберген қателіктер анықталады. Диаграмма немесе кесте жасаланып, нақты көрсеткіштер мен сандар шығады, көрсеткіштер анықталады.

Шешім қабылдау кезеңі. Төмен көрсеткіш көрсетіп отырған оқушылармен не сыныппен бақылау жұмыстары қайтадан жүргізіледі.

Даму бағытын анықтау кезеңі. Қорытынды шыққан соң мұғалімдер әрбір оқушының қатесіне тереңірек үңіліп, саралау қажет. Қателердің ұқсастығына қарай оқушыларды бір топқа жіктеп, жұмыс жасайды. Жалып мониторинг жасаудың негізгі мақсаты – мектептегі мына үш жағдайды көре білу. «өткені», «бүгіні», «болашағы»[3].

Оқушыны дұрыс бағалай білу де өнер. Баға – оқушы өмірінде ең маңызды дүние. Баға арқылы бала өзінің деңгейін біледі және онымен жұмыс жасайды. Сол үшін мұғалім оқушыға баға қойғанда аса сақ, мұқият болуы шарт. Сонымен қатар қазір бұрынғыдай білім беру жүйесі дәстүрлі формат емес, жаңа бағдарлама. Біздегі «5», «4», «3», «2» деген бағалар жоқ. Қазір «5» алу үшін кемінде 9-10 ұпай алу қажет. Ал «4» алу үшін 7-8 ұпай жарайды. Осы ұпайларды алу үшін оқушы қандай жұмыс жасауы керек?

«5» деген бағаны алу үшін оқушы оқу бағдарламасынның мазмұнын толық білуі тиіс. Ұғымдарға өз бетінше анықтама бере алады және тілдік нормаларды сақтай отырып, қосымша мәлімет қолдана алуы шарт.

«4» бағасы ұғым, ереже, анықтамаларды түсінеді және олармен жұмыс жасай алады. Бірақ кейбір жерлерін нақты айтпайды, жекелеген қателер жіберетін оқушыға қойылады.

«3» бағасы өтілген тақырыпты дұрыс түсінбеген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз оқушыға қойылады.

«2» деген бағаны білімі жүйесіз, тақырыпты игеруге қауқарсыз, материалды мүлде түсінбеген оқушы алады.

Қазіргі таңда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны, яғни, тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылымды қалыптастыруға ықпал етеді. Оқыту сапасын арттыруда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, ойын түрерін қолдануға болады. Оларға: «Бір сөйлеммен түйіндеу», «Графикалық органиайзерлер», «Дарабоз», «Динамикалық шеңбер», «Домино», «Еркін жазу», «Жаңалық ашамыз», «Күтіңіз және түйіндеңіз», «Қатені тап», «Күпиясы жоқ қабырға», «Минуттық шешім», «Ой күмбезі», «Парасатты диалог», «Пікірлер базары» «Маңыздылық аймағы», «Хикая картасы», «Стоп кадр», «Сиқырлы ұяшық», «Кейс-стади» және тағы басқаларын жатқызуымызға болады [4].

Қорыта айтатын болсам, мұғалім оқушы үшін бағаның маңызы зор екенін түсініп, ал оқушы мұғалім үшін нәтиженің ең маңызды, ең қажетті нәрсе екенін қос тарапта ұғына отырып, жұмыс жасаса, бәрі керемет болар еді. Осы жоғарыда айтылған әдістерді пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға үйретеді, оқушыларға мүмкіндік жасалынады және мұғалімнің сәтті таңдалған бірнеше бақылау әдістері арқылы оқушылардың білімдерін объективті бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы атқарылған іс пен алған білімдерді бақылауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007. – 144 б.
- 2.Білім мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Астана, 2016ж.

- 3.«Оқушылардың оқу жетістіктерін критералды бағалау жүйесінің әдіснамасы» «НЗМ»; Педагогикалық өлшеулер орталығы; Оқу-әдістемелік құрал Астана, 2017ж
- 4.Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері әдістемелік құрал / С. Т. Мұхамбетжанова, Ж. Ә. Жартынова. - Алматы : Алматыкітап, 2010. – 96 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ТӘЛІМГЕРЛІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕ ЕНУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ҚҰРАСТЫРУ

О.С. Аманқосов,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2-курс магистранты
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Мектеп тәлімгерлігі – білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметте еңбек стажы жоқ мұғалімдермен жеке тәрбиелік жұмыс жүргізудің бір түрі болып табылады. **Тәлімгер**– сабақ беру мен тәрбие саласына қатысты әдістемелерді игерген, білімді, кәсіби және адамгершілік қасиеттері жоғары тәжірибелі мұғалім. **Жас маман**- әдетте, жоғары оқу орындарының бағдарламалары бойынша педагогика негіздерін игерген, өз қабілет - қарымын одан әрі жетілдіруді қалайтын, іске жаңадан кіріскен мұғалім[1].

Тәлімгерліктің мақсаты мен міндеттеріне білім беру мекемелеріндегі мектеп тәлімгерлігінің мақсаты жас мұғалімдерге кәсіби тұрғыдан тәжірибе жинақтауға көмектесу болып табылады.

Жас мамандардың педагогикалық қызметке ынта ықыласын ояту, оларды білім беру мекемелеріне тұрақтату да тәлімгердің жұмысының нәтижесі болады. Мұғалімнің кәсіби тұрғыдан қалыптастыру процесін жеделдету және атқаратын қызметіне байланысты жүктелген міндеттерді өздігінен әрі сапалы етіп орындай білу қабілетін дамытуға көмектесу және ұстаздық міндетті саналы түрде және творчестволықпен орындауға баулуда тәлімгердің қызметіне кіреді.

Кез келген мұғалім тәлімгер бола алмайды. Тәлімгердің кандидатурасы педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және педагог жұмысқа қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Бір педагогке бір тәлімгер бекітіледі.

«Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер-ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады», - деп В. А. Сухомлинский айтқандай бұл мамандықтың қиындығы мен жеңісін көруде педагогикалық шеберлік керек. Оны шыңдауда тәлімгер маманның ықпалы зор.

Ең алдымен, педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажет:

1. Әдістемелік құзыреттілік – оқытудың әртүрлі әдістерімен қарулану, дидактикалық әдістерді білу, оларды оқыту процесінде білім мен іскерлікті меңгерту үшін қолдана білу;
2. Зерттеушілік құзыреттілік – оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы туралы жаңа білімді жасау үшін педагогикалық құбылысты, актілерді оқып үйренудің ғылыми әдістерімен қарулану;
3. Басқарушылық құзыреттілік – өз қызметі мен оқушы қызметін басқару тәсілімен, әдісімен қарулану;
4. Ақпараттық құзыреттілік – қазіргі ақпараттық технологиямен қарулану, қажеттісін пайдалану;

5. Коммуникативтік құзыреттілік – өзінің кәсібилігін үздіксіз жетілдіру, жеке және қоғамдық өмірді дамыту. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ. Кәсіби құзыреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде тәлімгерлікті жүзеге асыруда тәлімгер ең алдымен нормативтік құжаттармен таныстырады. Қысқа-орта мерзімді жоспарларды жазуды үйретіп, сабақ түрлері мен оларды саралау жолдарымен таныстырады. Сабаққа қойылатын қазіргі талаптарымен таныстырып, маманның кәсіби біліктілігін дамыту, сабақтарына қатысу, тәлімгер ұстазының сабағына қатыстыру сияқты шараларды атқарады[2].

Оқытудың негізін құрайтын сабақ болған соң, әрбір мұғалім өз сабағының сапасын жақсартуға аса мұқият болу керек. Әр сабақтың сапасы оның жоспарлануына, алдын ала даярлануына, қажетті көрнекі құралдармен жабдықталуына байланысты. Сондықтан әрбір материалды үйлестіру, сабақтың түрін және оны өткізу тақырыптың мақсатына сәйкес келгені дұрыс. Осы мақсатқа жетуде де оқу бағдарламасы дұрыс құрылуы керек.

Заман талабына сай білім беру – бұл оқушыларды адамгершілік интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы, белсенді, қарқынды әдістеріне көшу болып табылады. Сондықтан қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы – білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады.

Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті құзыретті маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Қазіргі заман талабына сай білім сапасын арттыру жолында мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіби дәрежелерін заманауи технологияларға сай көтеріп, дамыту еліміздің білім беру саласындағы басты мақсаты[3].

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. «Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасы негізгі орта мектеп оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сәйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді[4].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін А.Байтұрсынұлының мына бір ақыл сөзімен қорытындылаймын. «Ең әуелі мектепке керегі-білімді, әдістемеден хабары мол, ізгілікті оқыта білетін мұғалім». Жақсы мұғалімнен жақсы шәкір шығады. Алдына қойған мақсаты айқын, ісіне сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайтын осынау ұстаздың бойынан байқағыштық, төзімділік, өз ісіне, шәкіртіне деген ерекше ілтипат пен мықты сенімділік төгіліп тұрса, ол еңбек те тәлімгердің жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы № 160-бұйрығы
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте». Алматы, 2019
3. «Қазақстан мұғалімі». Алматы, 2020
4. Рақышова, Г.А., Игибаева, А.К.(2006). Жаңаша оқыту- жетістік көзі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҒӘМ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ

Г. Бүркітбаева,

№ 17 жалпы білім беру орта мектебі мұғалімі

Ақтау қ., Қазақстан

Логика – ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым. Логика дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдері қаралатын ғылым теориялар жиынтығын құрайды. Логика—адам ойының логикалық формалары жағынан және кіріспе білім алу үдерісі кезінде, ақиқатқа жетуін оның заңдары мен пәнін қалыптастырушы қажетті шарттарды реттейтін ғылым. Логика жалпы логикалық тәсілдерді (әдістерді) зерттейді. Логикалық әдістер адамның нақты өмірді тануында өте қажетті құрал болмақ. Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым- логиканың көмегімен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз. Логикалық тұжырым теориясының ең алғаш грек философы Аристотель негізін қалаған. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Пікір дегеніміз – ойлау формасы,мұнда бір нәрсе мақұлданады, не теріске шығарылады. Бір немесе бірнеше пікірден жаңа пікір шығаратын ойлау формасы – ой қорытындылары деп аталады.

Қазақ тілі сабағында ойлау логикасын дамытуда «Сөзжұмбақ» оқушылардың ой - өрісін, білім көкжиегін тексерумен қатар өтілген материалды қаншалықты меңгергенін тексеруге өте қолайлы.

Логикалық тапсырмалар оқушының психологиялық және жас ерекшелігіне байланысты таңдап алынады. Қазіргі педагогтардың пікірінше сөзжұмбақ оқушылардың ойларын ұштайды. Жұмбақтарды шешу ойларын бір жүйеге жүйелейді. Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, өз пікірлерін дәлелдей алуға жетелейді. Жұмбақ шешу шығармашылық үрдіс. Сөзжұмбақты шешу кезінде оқушыларға сызу қиындық туғызады, сондықтан сөзжұмбақты алдын ала тақтаға сұрақтарымен қосып жазып қойған дұрыс. Сөзжұмбақты кішкентай қалташалар арқылы жасауға да болады. Қалташаларға салынған кеспе қағаздардың беті өзіңе қарай қаратып жазып, екінші жағына тапсырмалар жазуға болады. Тақырып бойынша құрастырылған сөзжұмбақты балалармен жеке жұмыс жасағанда да қолдануға болады.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, күштарлығы болуы керек».

Мектепте қазақ тілі сабағында логикалық ойлауды жетілдіру үшін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде де қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді: 1) Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек; 2) Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс; 3) Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек.

Логиканы функционалдық сауатпен қазақ тілі сабағында тиімді ұштастырудың маңызы зор. Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушының логикалық ойлауын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. Шығармашылық тапсырма ретінде біз оқушыдан ұдайы тек ақпарат өндіру емес, шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды қарастырамыз. Себебі тапсырмалар белгісіздіктің кіші және үлкен элементтерінен және бірнеше дұрыс жауаптардан тұруы мүмкін.

Шығармашылық тапсырма кез - келген интерактивті әдістің мазмұны мен негізін құрайды. Шығармашылық тапсырмалар оқу барысына үлкен мағына беріп, оқушыларды ынталандырады, логикалық ойлауды қажет етеді.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағында «Артық сөзді тап». Кез келген 3 сөз беріледі. Мыс, «ит», «қазан», «күн». Белгілері арқылы ұқсастықтары бар 2 сөз қалдырылады да, артық сөзді алып тастау керек. Қалған екі сөздің өзара ұқсастықтарын алынып салынған сөзден айырмашылығын неғұрлым көбірек атау керек. Мыс, «ит» сөзі артық, «қызан», «күн» сөздері қалдырылады, өйткені олар: дөңгелек, қызғылт, адамдарға қуат береді. Қалыптан тыс нақты шешімдер қабылданады (бұлт, мақта, дән) т.б. Белгілі бір заттың басқа қырын ашу. Мысалы, сіріңке тек жанып, жарқырап қана қоймай, пішіні мен салмағы жағынан кішірейеді. Оқушыларға қарапайым заттардың: полиэтилен қақпақ, пенопласт т.б ерекше қасиеттерін ашу, анықтау ұсынылады. Ерекше жауаптар ескеріледі және сынымдарды талдауға да, пікірталас ұйымдастыруға да болады. Осы сияқты әртүрлі жаттығуларды мұғалім ретін тауып оқу үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, оқушылардың ақыл-ойы жетіле түседі.

Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды. Оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Оқушылардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын меңгеруіне

байланысты. Ендеше, оқушыларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сайлаубаева Б. Қазақ тілінен дидактикалық материалдар. Алматы.-Атамұра,1999.
2. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялар. Алматы, 2000 ж.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 2006 ж.
4. Бұзаубақова Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. Алматы, 2002 ж.
4. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2000 ж.

ОРТА БУЫН СЫНПТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.С. Тәжіғұлова

Форт-Шевченко мектеп-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Форт-Шевченко қ., Қазақстан

Қазақ тілі – мектептегі негізгі де маңызды пән. Қазақ тілін орыс сыныптарда оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл дегеніміз емле, тыныс белгілері, тіл дамыту мәселелеріне көбірек көңіл бөлу.

Пәнді оқытудың мақсаты – оқу және жазу дағдыларын қалыптасқан, алғашқы тілдік мағлұматтарды, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгерген, алған тілдік білімдерін өмір жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау, оқушыларды лингвистикалық білім негіздерімен таныстыру, олардың қатесіз, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру және ауызша да, жазбаша да дұрыс сөйлеулерін жетілдіру.

Қазақ тілі пәнінің міндеттері:

- дұрыс түсініп және мәнерлеп оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) меңгерту және сөйлеу жанрларын әр түрлі жағдайларда қолдана білуге үйрету;
- алғашқы тілдік фактілерді танымдық нысан ретінде меңгерту, оларды талдау, салыстыру, топтау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру;
- диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- өздігінен мәтін құру, өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;
- оқушылардың бойында адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті, елжандылықты, имандылықты дамыту;

Қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқыту мен үйрету оның әдістемесін жақсарту әрі жаңарту, тілді оқытудың төлтума бағдарламалары мен жаңа технологияларын әзірлеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Негізінен, қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқытудағы басты мақсат – коммуникативтік дағдыны қалыптастыру болып табылады. Ал коммуникативтік дағдыны қалыптастыру үшін төмендегідей жұмыс жүргізіледі:

1. Жаңа сөзді меңгерту (әр оқушының сөздік дәптерлері, сөздік кітапшалары болуы керек). Тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді аудару, түсіндіру. Мәселен: «Суреттің нөмірін тап», «Допты ал, жауап бер», «Иә-жоқ», «Сөз қоржыны» сияқты ойындар арқылы

оқушыларды қызықтыра отырып, сөздерді жаттап алуға машықтандыру. Оқушыларға әрдайым кітап оқыту керек, оқыған кітаптарын қадағалап отыру керек және кітап оқу ісін оқушылар арасында жарысқа айналдыру керек.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға жаңа сөздерді үйретуде төмендегідей әдістемелік талаптар ескерілуі тиіс.

1. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздердің мағынасын түсініп есте сақтаумен бірге, дұрыс айтып үйренудің мәні зор.

2. Заттың өзін көрсету арқылы меңгерту. Затты нақты көрсеткенде оқушының көру қабілеті арқылы сөздің мағынасын түсініп, есте сақтау мүмкіндігі артады.

3. Жаңа сөзді аудару арқылы меңгерту. Жаңа сөздерді оқушылардың ана тіліне аудару сөздің дәл мағынасын ашатын бірден – бір тәсіл деуге болады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында оқушыға жаңа сөздерді үйретуде мынадай әдістемелік талаптар ескеріледі:

1. Жаңа сөздер жеке, дара алынбай, басқа сөздермен байланыста мәтінде алынып, қолданыстағы жағдайда беріледі.

2. Оқушының белсенді түрде меңгеретін жаңа сөздері 7 - 8 сабақ бойынша еске түсіріліп, қайталанып отырады.

3. Сондай - ақ, жаңа сөз оқушының түсінуіне ыңғайлы, жеңіл түрде беріледі.

4. Ол сөздің сөйлемде түрлі грамматикалық тұлғада қолданылатыны оқушыларға сөздердің бастапқы айтылу негізі бекітіліп түсіндіріледі.

5. Бір сабақтың ішінде жаңа сөздер мен грамматикалық ереже бір мезгілде берілмейді.

2. Жаттығумен жұмыс жасау. Сөйлемдерді қысқа, жалаң түрде беріп, кейіннен сұрақ қою арқылы сөйлемнің аясы кеңейтіледі. Бұл тіл үйренушілердің сөйлей білу дағдыларын қалыптастырады, әрі сөздік қорын байытады. Жаттығуға байланысты тізбекті тапсырмаларды орындайды.

3. Мәтінді талдау. Мәтінді оқу, жаңа сөздерді табу, мазмұнын түсіндіру, мәтінге қатысты әр түрлі сұрақтарға жауап беру әрекеттері жасалады («Не қосуға болады?», «Токта да сұра», «Аралас мәтін» әдіс-тәсілдерін қолдану)

4. Әңгімелеу. Мұғалім мәтінге қатысты материалдарды іріктейді, жоспар құрады, ыңғайына қарай материалды негізгі тақырыптың айналасына топтайды. Содан соң оқушыдан мәтіннің мазмұнын әңгімелеуді талап етеді.

5. Бейнефильм көрсету және ұнтаспа тыңдату. Бұл әрекет оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Дыбыс пен көріністі пайдалана отырып, оқушылардың көру және есту қабілетін жаттығады.

6. Шығармашылық жұмыс істеу. Мұғалім ойландыратын мақсатты сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы оқушының өз бетінше ізденуіне жол ашады, бағыт-бағдар береді, яғни «Хат жазу», «Қызықты мақала», «Интервью» т.б. әдістерді қолдану тиімді.

7. Демонстрациялау. Бұл тәсіл бойынша жаңа тақырыпты сурет, бейнефильм, схема, экрандық құралдар арқылы тез әрі сапалы түсіндіреді.

8. Бақылау және тексеру. Оқушылардың өткен тақырыпты түсінгендіктерін тексеру үшін сұрақ түрлерін қолдану – білім деңгейін көтерудің ең негізгі жолдарының бірі. Әр тақырыптан кейін немесе күрделі тақырыпты өткен соң, оқушылардан сынақ алып, оның нәтижесін шығарып, талдау жүргізудің көп пайдасы бар.

Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда тағы ескере кететін жайт эстетикалық талғамға сай безендірілген кабинет, оқытудың әртүрлі құралдары, кестелері, оқулықтар, техникалық құрал-жабдықтары, ақпараттық құралдар болуы қажет.

Мұғалім сабақ түсіндірген кезде оқушыға аса күш түсірмей жеңілден ауырға қарай, жалықтырмай, оқушының тиянақты білім алуына мүмкіндіктер туғызуы қажет.

Сондықтан да әрбір ұстаз үнемі шығармашылық ізденісте болуы керек.

Алғашқы сабақтарда мұғалім сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып, оқушылардың көз алдындағы заттардың атын, оқу-құралдарының атын жатқа айтқызуды көздейді. Осы сәттен бастап мұғалім екі немесе үш сөзден тұратын диалог сөздер қолдану арқылы оқушының тілін, ойын дамытады. Сөздік жұмысы қазақ тілі сабақтарында, ең басты мәселелердің бірі. Сөздер біртіндеп сөйлем құрамына айнала береді. Сөйтіп мәтіндермен жұмыс басталады. Осы қызықты мәтіндер арқылы грамматикалық тақырыптар оқылып отырады.

Біріншіден: оқушылардың бір-бірімен қазақша сөйлесулерін талап ету, яғни қазақша сөйлесу арқылы тілі сынады, ойлары да дұрыс қалыптасады.

Екіншіден: өзіне тапсырылған қоғамдық, ұжымдық жұмыстарды (газет шығару, мақала жазу т.б.) орындайды.

Үшіншіден: мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосып, мемлекеттік тілді меңгерудің аса қажеттілігін сезінеді.

Тілді үйрену, білу деген ұғымның мағынасы кең, мысалы: өз ойын өзгеге айта алу, өз ойын монолог ретінде жеткізу немесе екі адам бір-бірімен сөйлесу, сол сияқты біреудің айтқан сөзін радио, магнитофоннан тыңдап, оны түсіну, кітап, газет оқи алу, оны түсіну, ойын ауызша ғана емес, жазбаша түрде де жеткізе білу сияқты компоненттердің бәрі тілді үйрену ұғымына кіреді. Сондықтан тілді үйреткенде осы жағдайдың бәрі ескерілуі керек. Сонымен бірге әр сөздің дұрыс айтылуы – орфоэпиясы да үйретіледі. Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден бір жолы. Оқу үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕУ ШЕШЕНДІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Нигметова А.Г.,

№ 28 орта мектеп мұғалімі,

Ақтау, Қазақстан

Тіл – адам ойын жетілдіру үшін, әлемді қоғамды танытушы. Тіл арқылы әр адам өз ойын, өз пікірін жеткізе алады, қоршаған ортамен қарым- қатынасқа түседі. Тілді тиімді әрі дұрыс пайдалану адамның сөздік қорының және оны орынды қолдануына байланысты. Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің негізгі бағыты оқушының сөздік қорларын дамыту, жетілдіру, қалыптастыру болып табылады. Ал оқу және сөйлеу – біз қарым-қатынас жасау үшін қолданатын екі іргелі дағды, және олар тығыз байланысты. Бейне, сөйлеу және оқу арасындағы қарым-қатынасты зерттеу олардың бір-біріне қалай әсер ететінін және олардың өзара тығыз байланыста болатынын көрсетеді. Оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу тілдік оқыту ортасында өзара байланысты. Алайда, сауаттылық білім беруде табысқа жету үшін аса маңызды. Өнімділік дағдылары ұғымдық дағдыға тәуелсіз мүлдем жоқ. Пассивтік дағдылар тілдік дағдылардың маңызды бөлігі және өнімділік дағдыларының кейбір санаттарының негізі болып табылады. Белсенді дағдының екі түрі де, яғни сөйлеу мен жазу, біраз іс-әрекетпен бөліседі, ал кейбіреулері тек біреуіне ғана қатысты – «Сөйлеу» Сөйлеу үшін, ойын басқаға жеткізу үшін адамдар ойын жеткізуге қатысты сөздерді білу керек. Сөздерді білмейінше адам ойын басқаға жеткізе алмайды. Сөзсіз тіл арқылы қарым – қатынас жасау мүмкін емес. Тәжірбиеде екінші тілді үйрене бастаған адамның ойын жеткізуге қажетті сөзді білмей дағдарып, әдепті тұрғаны жиі кездеседі. Сөздік қоры мол адамдар ондай

қиындыққа кездеспейді. Сондықтанда халықта тіл байлығы мол, шебер сөйлей білу адамның мәдениетінің көрсеткішінің бірі болып саналады. Ол туралы әдістемеші ғалым А.В. Текучевтің пікірін келтірейік: « Әрбір жеке адамның сөйлеу тілі – оның жалпы мәдениетінің деңгейлік көрсеткіші ». Сол себептен оқушылардың сөйлеу тілін дамыту барысында әрбір оқушының табиғи өзінің сөйлеу тілін дамытуға үлкен көңіл бөлу керек; Ағылшын тілі — әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым- қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады. Сөйлеу – кез келген шет тілін үйренудегі ең маңызды шеберлік. Кейбір оқушылар грамматиканы үйренеді, шетел әдебиетін оқиды және аудиожазбаларды тыңдайды. Бірақ ағылшын тілінде сөйлеу туралы сөз болғанда, олар «Бәрін түсінемін, бірақ ештеңеге жауап бере алмаймын» деген күйге түседі. Ал бұл көбінесе білімнің жетіспеушілігінен немесе лексиканың шектеулілігінен емес, сөйлеу практикасының жетіспеушілігінен орын алады. Ағылшын тілін үйрену барлық дерлік балалар үшін қиын. Кейбір оқушылар ағылшын тіліне тән кейбір дыбыстарды айтуға, сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құруға қиындық туғызады, яғни олар тілдік кедергіні бастан кешіріп жатады. Осы факторлардың барлығы ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылық пен белсенділіктің төмендеуіне себеп болады. Оқушылар грамматиканы біліп, ағылшын тілінде оң баға алса да, оны қалай жасау керектігін білмейді. «Бүгінгі динамикалық өзгермелі әлем бізден, мұғалімдерден оқытудың жаңа тәсілдерін қолдануды талап етеді, бұл «оқушыларда тиісті білімді де, тиісті практикалық дағдыларды да қалыптастырады». Шет және қазақ тілдерінің оқытушылары оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану арқылы өздерінің практикалық қызметіне өзгерістер енгізуге дайын, оларды оқыту сапасын арттыру және балалардың білім сапасын арттыру мақсатында, әрине, осы өзгерістердің қажеттілігін түсінеді. Бірақ қазіргі заманда, бүкіл әлемде мұғалімдер қазіргі заманғы әдістерді үнемі қолдануға ұмтылады. Бұл екі әдіс арқылы қол жеткізілген нәтижелерге көз жүгіртсек түсінікті бола түседі. Алынған нәтижелер көрсеткендей, заманауи әдіснама оқушыларға дәстүрлі емес тәсілмен шынайы тілде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бүгінде ағылшын тілін (және басқа да) тілдерді үйренуге деген көзқарас өзгерді, енді сөйлеуге басты рөл беріледі. Қазіргі заманғы әдістердің барлығы дерлік оқытудың коммуникативті бағытын талап етеді. Бұл әсіресе бүгінде танымал. Оқушы сөйлеуді құлақ арқылы қабылдау кезінде шет тілінде сөйлесу кезінде ең үлкен қиындықтарды бастан кешіреді. Осылайша, шетел тілінде сөйлеудің сәттілігі бірнеше факторларға байланысты болады. Тапсырмалар дұрыс таңдалып, ұйымдастырылған ба? Олардың қарым-қатынасқа деген ішкі қажеттілікті тудырмайтыны туралы; олар пайдалы ма? сөйлеу дағдыларын дамытуға жаттықтыру; Диалогтік стратегиялар бойынша тренинг бар ма? және монологтық сөйлеу; әр оқушы қанша сөйлеуге машықтандыру мүмкіндігін алады; Ол аудиторияда қаншалықты ыңғайлы?

Қорытындылай келе, ағылшын тілі мұғалімдерінің оқушыларды ауызша құзыреттілік дағдыларымен қамтамасыз етуі императив болып табылады. Сонымен қатар мектеп оқытушыларды оқыту әдістемесін байыту қажет, өйткені оқушылардың көбі тілдік дағдыларын жетілдіру үшін интерактивті сеанстарды көбірек өткізуді қалайды. Оқушыда өзін-өзі танытудың нәтижелі дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау әбден қажет. Бүгінде шәкірт әлеммен күресуі керек деген қорытынды жасауға болады. Адал қызметкерлер пікір білдіру үшін инновациялық дағдыларды меңгеруі тиіс — дәл және

дұрыс тіл және ойды тиімді білдіру. Осы жарқын әлемде табысқа жету үшін оқушы сан қырлы жеке тұлға болуы керек. Қазір оған төтеп беру үшін аса жоғары мәнерлі дағдыларды дамыту мызғымас болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вайсбурд М.Л., Пустосмехова Л.Н. Телепередача как опора для организации речевой игры на уроке иностранного языка // Иностранные языки в школе. - 2002. - № 6. - С. 3-7.
2. Верисокин Ю.И. Видеофильм как средство мотивации школьников при обучении иностранному языку // Иностранные языки в школе. - 2003. - № 5. - С. 31-35.
3. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: пособие для учителей. - М.: АРКТИ, 2003. - С. 192.
4. Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам: Теория и практика: учеб. пособие. 2-е изд., испр. и доп. - М.: Филоматис, 2006. - С. 480.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ: МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Айынова П.Б.,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С., ф.ғ.к.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің
профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтар мен түрлі өзгерістер еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру реформасының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңарту. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» дегеніндей, ел ертеңі білімді де саналы ұрпақты тәрбиелеу жолында ұстаздар қауымына жүктеліп отыр. Сол себептен де ұстаз оқушының сауатты да, дарынды, шығармашыл тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқушыларға қойылатын басты талаптың бірі – сауаттылық мәселесі. Халықаралық деңгейдегі зерттеулерде функционалдық сауаттылық 3 бағытта қарастырылады.

- 1) оқу сауаттылығы;
- 2) математикалық сауаттылық;
- 3) жаратылыстану бағытындағы сауаттылық.

Яғни, функционалды сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық қызметтерге белсене араласуы. [2,15]. Жаһандану дәуірінде адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Бұл ретте оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады десек артық айтқанымыз емес. Сол себептен де оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын қалыптастыруда тіл сабақтарының маңызы ерекше. Білім алушыларды функционалдық сауаттылыққа үйретудің негізі – мәтінді сауатты оқуға үйрету, оқу мақсатына қарай стратегия мен тактиканы дұрыс таңдай алу. Сондай-ақ тілдік механизмдерді дамыту керек. Сөздердің орнын ауыстыру, мәтінді ықшамдау, мәтін мазмұнын болжау, түсіну өте қажет. Оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасау оқушылардың сауаттылығын арттыруда маңызы зор. Сондықтан

да функционалды сауаттылық – оқушының өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады. Қазақ тілі пәнінде негізгі оқыту нысаны – мәтінмен жұмыс. Күнделікті сабақта мақсатқа сай оқытуда жаттығулардың мәтін түрінде берілуі және осы мәтінмен жұмыс барысында орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуі қажет. Осыған орай мұғалім әр сабағында мәтінмен жүйелі жұмыс жүргізгенде және оқушының оқу дағдысын қалыптастырғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Мәтінмен жұмыс жасауда: мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтау, оған тақырып таңдап, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу; ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру сияқты жұмыс түрлері жасалады.

Қазақ тілі сабағында оқу сауаттылығын үздіксіз жүргізу оқушының сыни ойлау қабілетін арттырып, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушы өз ойын еркін айтуға, сауатты болуға дағдыланады. [3,11]. Оқушылардың функционалды оқу сауаттылығын арттыруда мәтіндер бойынша сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін беру мұғалімнен зор дайындықты қажет етеді. Сұрақтар жүйесі оқушылардың белсенді ойлауын, білімі мен білік, дағдысын қолдана білуді қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы керек. Мәтіннің жалпы мазмұнын шолу, негізгі ойын түсіну үшін оқушыға осы мәтінге басқа тақырып қою, тезисін құру, негізгі графиктер мен таблицаны анықтау. Суреттің берілуін түсіндіру сияқты тапсырмалар беріледі. Сондай-ақ берілген идеялардың ішінен сәйкесін табу тапсырмасы да өте тиімді. Қажет ақпаратты таба білу оқушының назарын сұрақты дұрыс қоя білуге аударуы тиіс. Оқушы мәтінге көз жүгіртіп, негізі элементтерін есте сақтап қалады.

Мәтінді интерпретациялау үшін мәтіндегі болжамды ойды тезиспен дәлелдеу, автордың көзқарасы туралы қорытынды шығару тапсырмаларын беруге болады. Мәтін мазмұнына рефлексия жасау үшін тапсырмаларды орындай отырып, басқа ақпараттармен байланыстырады. Мәтіннің тұжырымын өзінің көзқарасы тұрғысынан бағалайды. Бұл аспект оқушыдан жоғары білім қабілетін, рухани-құндылықтық, эстетикалық дамуын талап етеді.

Мәтін формасына рефлексия жасау оқушы тапсырмаларды орындай отырып, тек мазмұнын ғана емес, толықтай мәтіннің формасы мен сапасына бағалау жүргізеді. Бұл оқушының сын тұрғысынан ойлауын, өз бетінше эстетикалық тұрғыдан талқылауын қажет етеді.

Мәселен, 9-сыныптың қазақ тілі пәнін алайық. Оқу бағдарламасына сәйкес мақсат 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау. Бұл ретте пән оқытушысы оқушыларға қима қағаздары арқылы мәтін береді. Мәтін соңында оқушыларға тапсырма бойынша сұрақтар қойылады. Сұрақтар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған болу керек. Сұрақтарға мәтіннің жанры қандай?, мәтін қандай стильге жатады?, авторы кім?, тақырыбы қандай?, мәтіннің негізгі ойы қандай?, мәтіннің мақсатты аудиториясын анықта, мәтіннің мақсатын анықта деген секілді сұрақтар қоюға болады.

9.3.3.1 Мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстар мен үрдістерді анықтап жазу.



Тапсырма: деректерді пайдалана отырып, «Демография ұл тағдырына әсер ете ме?» тақырыбына мәтін құрастырыңыз деген секілді тапсырма беруге болады.

Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар рефлексия жасай отырып, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданып, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуына бағыттайды. Келесідегідей сұрақтар «Не мақсатпен көрсетілген? Қалай қолданасың?» деп берілсе, оқушылар мәтін мен сұрақты қолдана отырып, логикалық байланыс жасауға дағдыланады. Сонымен қатар оқушыларға креативті идея ұсыныңыз немесе реттілік бойынша сәйкестендіріңіз деген секілді логикаға құрылған тапсырмалар беруге болады. Бұл ретте оқушылар сын тұрғысынан ойлау арқылы ғылыми ойлау, креативті ойлау, сыни бағалау, дәлелдерді пайдалану арқылы қорытынды жасай алады. Оқушылар шешім қабылдауға, мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздестіруге тырысады. Жаңа идеялар ұсынады. Сабақтарда оқушы сұрақ қоя білуге, әр кез сұраққа жауап іздеуге талпынады. Бұлардың барлығы оқушының үнемі тілдік қатынасқа түсіп отыруына оқу сауаттылығын арттыруына ықпал етеді. Оқушылар шығармашылықпен жұмыс істеуі арқылы бір-бірінің пікіріне бақылау жасайды. Айтылған ойға баға бере алады.

Оқушылар мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыруда төмендегідей дағыдаларды игереді. Олар:

1. қажетті ақпаратты дәл табуға;
2. мәтін негізі бойынша ой түюге;
3. мәтінге талдау жасай білуге;
4. мәтін мен тақырыбы арасында байланысты түсіну;
5. мәтіндегі негізгі ойды әр тараптан қарастыра алады.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмыс жасау арқылы таным көкжиегі кең, сөйлеу мәдениеті жоғары, өз ойын сенімді, жігерлі, шешен тілмен жеткізе білетін, көпшілікті өз сөзіне ұйыта алатын дағды, қасиеттерге бейімделген тұлға тәрбиелей аламыз. Осы мақсаттағы жұмыстар оқушылардың ойын, тіл шеберлігін, сауаттылығын, шығармашылық қабілетін арттыруды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. / ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012, 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі. [Электронды ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <https://icrov-pvl.gov.kz/loader/load/54>
2. Бердибаева Г.Т, Тоимбекова Д.Қ, Исабекова А.А, Смагулова А.А, Жунусова Ж.Ж. PISA Халықаралық зерттеуі: әдістемелік құрал – Астана: ҰББСБО, 2012. – 114 б.

3. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері. PEARSON 2013. – 47-48 б.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, III деңгей: 2012. – 58 б.

ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ОҚУДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

Купекова А.О.,
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инженеринг университеті
«Туризм және тілдер факультеті»
«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты
Ақтау қ., Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың тек білім деңгейін өлшеп қана қоймай, сонымен қатар материалды тұрақты және терең меңгеруді қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Кезінде ежелгі грек философы Сократтың өзі де: «Мұғалім оқушыға тек қана білім берумен шектеліп қана қоймай, олармен сұхбаттасу арқылы оқушының өз бетімен ізденуіне жол ашуы керек», - деген болатын. Ал XVI ғасырда француз философы және жазушысы Мишель Мюнтень оқуды жекелендіру әдісін, яғни оқушылардың өз бетімен оқуын қолдаған болатын. Ал бүгінгі күні оқушылар оқуын өз бетімен оқып, реттей алу үшін жеткілікті дәрежеде мотивтендірілген бе? Олардың уақытының көп бөлігі элеуметтік желілерде отыруға кетіп жатқан жоқ па? Оқушылардың сабаққа деген ынтасын оятуда мұғалімдердің ролі қандай? Оқушылар әлі де болса мұғалімнің қолдауына мұқтаж ба, әлде қазіргі түрлі онлайн платформалар мен видеосабақтарға байланысты мұғалімді қажетсінуі бәсеңдеді ме? Сол оқушыларды қазіргі заман талабына сай біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыруда бағалаудың ролі қандай?

Білім әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол интеллектуалдық қабілеттердің дамуы мен қажетті дағдыларды меңгерудің негізі болып табылады. Ал сол білімді оқушыға қолайлы әдісін пайдалана отырып, түсінетіндей етіп жеткізіу мұғалімнің міндеті. Яғни, барлығы ұстаздың кәсіби шеберлігіне байланысты. Я.А.Каменскийдің: «Білімнің негізі зат пен құбылыстың өз табиғатынан алынсын. Ұстаз аз сөйлеп, шәкірт көп үйренетін болсын. Тәртібі жоқ мектеп сусыз диірменге ұқсайды. Білімнің негізінде әдемі зат, көркем текст содан соң талдау, аяғында қорыту тұрады» - деген дидактикалық қағидалары осы күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ. Бұл орайда мұғалімнің кәсіби білімімен қатар психологиялық күйі де маңызды рөл атқарады. Бұл туралы қазақ филологтары Ф.Оразбаева мен Р.Рахметованың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында: «Оқу-тәрбие ісінде ең қажетті қағида – мұғалімнің өтетін сабаққа психологиялық жағынан дайындығы», – деп атап көрсетілген. Сонымен қатар мұғалімнің сабақ үйретудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген білім көлемі мен мазмұнын белгілеу оқытудың педагогикалық негізіне сүйенгенде ғана дұрыс әрі сапалы түрде жүзеге асатыны туралы жазылған. [1, 73-б.]

Білім берудің жалпы міндеті – оқу-танымдық мотивтерін түрлі бағалау түрлері арқылы дамыту мүмкіндігін айрықша ғылыми негіздеу. Өйткені сабақта оқушыларды бағалау және қолдау осы мақсатқа жетудің маңызды факторлары болып табылады. Дегенмен, оқыту мүмкіндігінше тиімді болуы үшін оқушылардың үлгерімін бағалау және олардың оқу процесінде қолдау көрсету де маңызды рөл атқарады. Бұл орайда білім берудегі бағалаудың ролі өте ерекше деуге болады. Сондықтан қазіргі таңда оқушы білімін бағалаудың әртүрлі әдістеріне, соның ішінде жиынтық және қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру

тәсілдеріне аса мән берген жөн. Қалыптастырушы бағалау оқытуды үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етіп, оқушының жан-жақты болып қалыптасуына негіз жасайды.

Бағалау білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мұғалімдер мен оқушыларға оқу материалын қаншалықты жақсы меңгергенін анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, тесттер мен емтихандар сияқты дәстүрлі бағалау әдістері кейбір оқушылар үшін тиімсіз және тіпті демотивациялық болуы мүмкін. Сонда оқушылардың демотивациясының алдын-алу мақсатында не істеуге болады? Бұл орайда оқушыларды қолдау және жекелендірілген оқыту тиімді әдіс болуы мүмкін.

Оқушылардың оқуына қолдау көрсету – білім беруді жетілдірудің маңызды аспектісі. Мұғалімдер оқушыларды бағалап, салыстырудың орнына әр оқушының өз әлеуетін ашуға қалай көмектесетініне назар аударуы керек. Сонымен бірге сыныптағы қолдау, оқушылардың білім алуына қолайлы орта құру да аса маңызды.

Қолайлы оқу ортасын құру мұғалімдер тарапынан жүйелі қолдауды қажет етеді. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы, олардың жеке қажеттіліктерін түсіну, тәуелсіз және зерттеушілік көзқарасты ынталандыру – мұның бәрі материалды сәтті меңгеруге ықпал етеді.

Оқушыларды қолдаудың тағы бір әдісі – оқытудың сараланған тәсілі. Мұғалімдер әр оқушының жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай оқытуға өз тәсілдерін бейімдей алады. Мысалы, мұғалімдер қызығушылықтары мен қабілеті жоғары оқушыларға қосымша материалдарды ұсына алады, ал материалды меңгеру қиыншылық тудыратын оқушыларға қосымша қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар бере алады. Сондай-ақ сабақта ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар болуы мүмкін. Мұндай оқушылар үшін инклюзивті қолдау көрсететін сынып ортасын құру аса маңызды. Мұғалімдер олардың қабілеттеріне барынша сенім білдіру арқылы ынталандыруы керек. Мұндай оқушылардың мүмкіндіктері мен жетістіктеріне қарамастан сабақтар мен пікірталастарға қатысуға тең мүмкіндіктері болуы керек. Өйткені «Өз ісіне жетік маман сыныптағы әр баланың жеке ерекшеліктерін жадында ұстайды. Баланың бәрі бірдей емес. Әр баланың өзіне тән мінезі бар. [1, 77-б.]

Қазіргі заман талабына сай оқытуда заманауи технологияларды қолдануды оқушыларды қолдаудың пайдалы құралы ретінде пайдалануға болады. Мысалы, мұғалімдер интерактивті тақталар мен онлайн платформаларды тәжірибе мен қосымша түсіндірулер беру үшін пайдалана алады. Оған қоса, технология мұғалімдерге оқушылардың үлгерімін бақылауға және қосымша қолдауды қажет ететін аймақтарды анықтауға көмектеседі. Көптеген оқушылармен ынтымақтастықта жұмыс істеу, байланыс орнату, оқуға көмектесу және жеке даму бойынша кеңес беру сияқты практикалық әрекеттерді орындау барысында аталған құралдарды пайдалану оқушының сабаққа деген ынтасын арттыратыны дәлелденген. Технология бізге әр оқушының нақты қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білім, білік, дағдыларын бақылау, тексеру және бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады. А.Байтұрсынов өзінің «Қай әдіс жақсы» мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» - дегеніндей, бұл тұрғыда барлығы мұғалімнің шеберлігіне тәуелді болмақ. Дегенмен оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы да өте маңызды. Өзін-өзі бақылау олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды. Баға – білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрайлылыққа салынуға болмайды.

Оқытуды жақсартудың негізгі құралдарының бірі формативті бағалау болып табылады. Бұл әдіс бүкіл оқу үдерісінде оқушылардың білімі мен дағдылары туралы мәліметтерді үздіксіз жинауды және талдауды қамтиды. Қалыптастырушы бағалау тиімдірек оқыту үшін проблемалық аймақтарды дер кезінде анықтауға және оқу бағдарламасын түзетуге мүмкіндік береді.

Оқушыларға қолдау көрсетудің тағы бір маңыздылығы олардың мектепте және өмірде табысқа жетуі үшін қажетті негізгі дағдыларды дамытуды қамтуы болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау, коммуникативті дағдылар, командалық жұмыс – осы қасиеттердің барлығы оқушының бойында мектеп жасынан бастап қалыптасып, ертеңгі күні үшін қажетті дағды болып жетілуі тиіс. Бұл орайдағы мұғалімнің қолдауы ерекше.

Сонымен оқытуды бағалау және жетілдіру – бұл оқушылар үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған өзара байланысты процестер. Сыныптағы қолдау, дербестендірілген оқыту, қалыптастырушы бағалау және негізгі дағдыларды дамыту – бұл оқыту әрбір оқушы үшін тиімді және мүмкіндік беретін тәжірибелік ортаны құру үшін бірге жұмыс істейтін негізгі элементтер. Бұл үдерісте мұғалімдер басты рөл атқарады, олардың үнемі дамуға және өзгерістерге бейімделуге дайын болуы табысты білім берудің кепілі болып табылады.

Қорытындылай келе, бұл мақалада оқушыларды бағалау мен қолдаудың маңыздылығын назардан тыс қалдыруға болмайтындығы жөнінде сөз қозғалды. Өйткені ол жай ғана құрал емес, сонымен қатар білім беру философиясы болып табылады, Ғылым мен техника үздіксіз дамып, білім алудың қаншама жаңа технологиялары пайда болып жатса да, оқушылар әлі де болса мұғалімдердің жан-жақты қолдауына зәру және бұл үдерісте орталық рөл атқаратын педагогтар заманауи оқушылардың қажеттіліктеріне жақсырақ бейімделу үшін үздіксіз даму мен жаңашылдыққа ұмтылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Алмағы: Print-S, 2005.- 170 б.
2. Боранбаева З.К. Әдіс – тәсілдер барысындағы оқушының іс – әрекеті / Бастауыш мектеп. 2000. - №12. – 28-30.
3. Бабаев С. Бастауыш мектеп педагогикасы /Алматы:Фолиант. 2000.- 400 б.
4. Досқазин Э.А. Ойын әдісінің пайдасы // Қазақстан мектебі. – 2003.- № 5. – 40 б.
5. Оқалбек Ж., Бабаев С. Жалпы педагогика /Алматы.Білім.-1999.-420б.
6. Потолиник М.М.Управление развитием школы / Москва, Новая школа. - 1995. – 242 с.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮШІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдуллаева К.К.,
Бастауыш сынып мұғалімі
№13 мектеп-гимназиясы
Ақтау, Қазақстан

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін

іздігі, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан ары дамыту көзделген. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастауыш сатысында білім беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастыру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жеке тұлғаны дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етеді. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, сонда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамсыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Жаңа технологияны бастауыш сыныпта қолдану да жаңашылдыққа меңзейді. Қазақ тілін оқытудың жаңаша әдістері – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бастауыш сыныптарда қазіргі жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі оқушылардың білімін арттыруда, іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Қазақ тілін оқытуда педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;
5. өзін өзі тексеруге дағдыланады;
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;


7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Президент жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.[3] Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мәселен бастауыш сыныпта қазақ тілінен не әдебиеттік оқудан Абай туралы түсінік қалыптастыру үшін тапсырма беруге болады.

1-тапсырма Абай туралы өз ойларын компьютерде топтастыру:



2-тапсырма. Оқушылар өздері білетін Абайдың өлеңдерін жатқа айту.

3-тапсырма. Абай туралы мәтіндер дайындап, балаларға зерделей оқу.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

4-тапсырма «Мен **Абайды қалай танимын?**» деген тақырыпта шағын шығарма жазу.

Осындай тапсырмалар желісінде берілген сабақ оқушының өздігінен жүйелі білім алуына айтарлықтай ықпал етеді.

Ақпараттық технологиялар балалардың шығармашылығын арттыруда да ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының әдеби шығармашылықтарын арттыру мақсатында «Менің бір күнім», «**Менің жанұям**», «Менің демалысым қалай өтеді?» т.б. жобаларға қатынасуды ұсынуға болады, балалар мектепке дейінгі өмірі, отбасы туралы әңгіме жазады, әр түрлі жұмбақтар құрастырады және т.б.

Сондай-ақ қазақ тілі сабақтарында оқушыларға шығармашылық ойын түрлерін құруға тапсырма беруге болады. Оған біршама уақыт беру қажет, себебі оқушы алдына қойған жұмысты шешу үшін жан-жақты ізденеді, отбасымен ақылдасады, әртүрлі әдебиеттерді қарастырады, сыныптастарымен, мұғаліммен ақылдасады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытуды қызықты да әсерлі өткізуге ықпалын тигізетін жаңа әдістің бірі – интерактивтік тақтаны қолдану, ол сабақты түрлендіруге көмегін тигізіп, оқытудың барлық кезеңінде тақта сабақты түрлендіруге көмегін тигізеді. Оқушыны ойлау мен сөйлеу дағдыларына төселдіруде интерактивті тақта, оқыту әдісінің бір түрі болып саналады. Мәтінді көре отыра тыңдауды қалыптастыру мәдениетін сөз етсек, ең алдымен, жаңа техникалық құрал-жабдықпен, яғни интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу технологиясы алға тартылады. Қазақ тілі сабағында интерактивтік тақтамен жұмыс жүргізу технологиясындағы автономды түрде меңгеріп негіздеуіне мүмкіншілік береді. Интерактивтік тақта арқылы дидактикалық материалдармен қоса неше түрлі дыбыстарды оқушыларға естіртуге болады мысалы: құстардың үнін, судың дыбысын т.б.түрлерін жасауға мүмкіндіктер болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түсіпова А. Компьютер-оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы. – Қазақстан мектебі, 2004. – № 7.
2. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде үргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі.- Алматы.- 1994.- 3-9 бб.
3. Молдатаева М. Тілді дамыта оқыту: Бастауыш мектеп:- 2000, № 3-4-9 бб.
4. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы: Ана тілі.- 1995.- №5.- 54-59 бб.

Ә. КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ ТУРАЛЫ

Әділет Қабылов

филология ғылымдарының кандидаты, доцент.
Ш.Есенов атындағы КТИУ. Ақтау қ., Қазақстан

«Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP19678872)».

Әдебиет теориясында «эпос», «лирика», «драма» терминдері әдебиеттің тектеріне тікелей байланысты қолданылса, сонымен қатар, эпизм, лиризм, драматизм терминдерінің мағыналары олармен мүлдем бірдей емес. Олар әдетте барлық тектегі әдеби шығармалардың ерекшелік сапалық қасиеттерін көрсету үшін қолданылады. Яғни, олардың әрқайсысының өмір құбылысын бейнелеудегі өзіндік ерекше сипаттары болады. Мысалы, автордың, әңгімеші мен персонаждың сөздерінен ерекше танылатын жоғары эмоциональдықты лиризм дейді.

«Кез келген жазушы психолог бола білуі керек. Ол кейіпкерлердің типтік характерін суреттеп қана қоймай, сол характердің бұлтартпай сендіретін психологиялық мотивировкасын көрсете білген жөн», – дейді З.Қабдолов [1,42]. Демек, әрбір жазушы үшін кейіпкер бойындағы нәзік те сырлы әрі күрделі психологиялық құбылыстарды аша отырып, кейіпкер характерінің логикасына сай келетін шешімдер табу басты мақсаттың бірі болуы керек, кейіпкердің характері сонда ғана жан-жақты ашылатын болады.

Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның бастауы Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», «Ақбілек», С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым» атты шығармалары болса, прозалық лиризм дәстүрін М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, М.Иманжанов, Т.Әлімқұлов, Ә.Әлімжанов сияқты жазушылар

жалғастырды. Олардың шығармаларында лиризм мен психологизм жымдасып, стильтүзушілік сипатта дамыды. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ прозасы лиризм өрнектерімен толығып, Ә.Әлімжанов, Қ.Жұмаділов, Д.Досжанов, С.Мұратбеков, Қ.Ысқақов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Т.Нұрмағамбетов, М.Сүндетов, Ә.Тарази, М.Қаназов, О.Бөкей т.б. шығармаларында адамның ішкі әлеміне психологиялық талдау арқылы жол табу кең өріс алды.

Лирикалық шығармада ой-сезім, көңіл-күй, эмоциялар мен экспрессиялар, яғни адам жанының кез келген сезім күйлері бейнеленсе, лиризм әдеби тәсіл ретінде прозаның да өзегіне айналды. Себебі прозада тек оқиға мен іс-әрекеттер ғана баяндалып қоймай, адам характері кейіпкердің ішкі әлем құбылыстары арқылы ашылады. Характер сомдауда адамның ішкі толғанысы, қуаныш-сүйініші, өмірге көзқарасы, жан сезімі терең көрініс тауып отырады. Лирикалық проза лирикаға қатыстылықты, эмоционалдықты сақтай отырып, оған қарағанда күрделірек, көп жақты, эпосқа тән «лирикалық көңіл күйдің динамикалық образын, ал көбіне тұтас көңіл күй тобын» білдіреді [2,176].

Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған атақты жазушы Ә.Кекілбаев шығармашылығында лиризм мәселесі айқынырақ көрінеді. Оның әңгіме, повестерінің кейіпкерлері – өмір туралы тереңнен толғанатын, өмір тәжірибесіне сүйене отырып, ұлттық мінез бен болмысты ардақ тұтатын және оны сақтауға бейіл адамдар, сондай-ақ өмірде жаза басып немесе тұрмыстың соққысын көріп, соны кеш сезінетін жандар. Автор көбінесе өз кейіпкерлерінің жан дүниесін үлкен психологиялық қақтығыстар үстінде ашуға ден қояды. Ортақ тақырыбы – өмір суреттері, тұрмыс тауқыметі, махаббат, тазалық, мейірбандық. Қай жағынан келсек те, жазушы шығармалары арқылы оқырманды тазалыққа, адалдыққа үгіттеп отыратыны айқын.

Жазушы прозасында қоғам дамуындағы адамдар тағдыры суреттеліп, әлеуметтік өмірдің сан қилы жағдаяттарына, кейіпкерлердің моральдық болмысына философиялық, психологиялық тұрғыда талдаулар жасалынады. Сол арқылы әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдырудағы жазушыға ең қажетті фактордың бірі – көркемдік талдау арналады болып табылады. Ә.Кекілбаев прозасының өзіне ғана тән ішкі үні, экспрессиялық сипаты мен лирикалық сарыны бар. Жазушы адамдық тірліктің аясынан, қарапайым өмірлік жағдаяттардан шынайы мән іздейді.

Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармалары – оқырманның рухани сұранысымызға сай, көркемдік деңгейі жоғары, барша адамзатқы қатысты мәселелерді жан-жақты қозғай білген шығармалар. Мысалы, «Аңыздың ақыры» романында автор өзіне тән байсалды мәнерімен баяндау ауқымдылықты, философиялық және психологиялық тереңдікті танытады. Жазушы тарихи тақырыпқа барса да тарихи тұлғаларды бейнелеуден гөрі кейіпкердің моральдық бейнесін жасауға, ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен шежірелер арқылы бүгінгі күннің де көкейтесті мәселелерін көтеруге басым маңыз береді.

Мысалы, «Аңыздың ақыры» романының басында ұзақ жолда келе жатқан Әмірші небір ойларға беріліп, өмір жолын еске алғанда мазасын алған оның жалғыздығы, оқшауланғаны болса, елге келгеннен кейінгі оның азапты ойының негізі – өзегіне құрт түскен қызыл алма болады. Бас кейіпкердің жанын жегідей жеп, мазасын қашырған ішкі арпалысы осы детальдан басталады. Оның санасынан өшпей тұрып алған, жанын мазалаған түрлі көңіл-күй құбылыстары – ашу мен ыза, қызғаныш пен кек, ширығу мен кек сияқты рефлексиялар кейіпкердің еріксіз іске көшіп, ашу-ызаның әсерінен жауыздық істерге баруына әкеп соғады.

Адам психологиясын терең ашуда портрет, мінездеме, кейіпкер сөздері, ішкі монолог, авторлық баяндау секілді көптеген көркемдік құралдар қолданылады. Соның ішінде Ә.Кекілбаевтың жиі жүгінетін тәсілдері – кейіпкердің мінез-құлқын жалаң суреттемей, оның ішкі ойы мен сөйлеген сөздерін сабақтастыра отырып, оның сыртқы түр-

әлпеті, іс-қимылы, бет-әлпеті мен іс-әрекеттерінің бірлігі фонында характер табиғатын шынайы қалпында беруге тырысады. Әміршінің ішкі әлеміндегі әлем-тапырақ болған ой-сезім құбылыстары, жан арпалыстары да осындай сыртқы детальдар дененің қозғалысы, беттің құбылуы (жест) арқылы ашылады. Ал оның ішкі ойы кейіпкер сөзінсіз, автор сөзі мен кейіпкердің ой ағымының тоқайласуы арқылы (полифониялық) көрініп отырады. Автордың өзі баяндап отырғандай көрінгенмен, оның барлығы да Әміршінің ішкі ой ағымының тоқтаусыз жүріп жатқан монологымен сабақтасып отырады.

Негізінен әдебиеттегі психологизмнің негізгі мақсаты – оқырманды мүмкіндігінше терең толғандыру, шығармадағы оқиғалар мен құбылыстардың әлеміне етене ендіру, кейіпкердің жан дүниесін тереңірек ұғындыру арқылы оқырмандарға неғұрлым күштірек әсер ету болып табылады. Жазушы стилінің бір ерекшелігі – кейіпкердің ұзақ сонар өмір тарихын немесе оқиғалардың барысын ұзақ баяндап жатпайды. Оның орнына адамдар қарым-қатынасын олардың характерін танытатын сәттер арқылы ашып отырады.

Жазушының жалпы шығармашылығы ұлттық бояуының қанықтығымен ерекшеленетінін зерттеушілер талай рет айтып келеді. Жалпы ұлттық таным – оның көркем шығармаларының барлығының стиліне тән ерекшелік. Жазушының «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» романдарында орталық кейіпкердің ішкі ойы, сезім арпалыстары анық, жан-жақты психологиялық талдаудың жетегімен жеткізілсе, ондағы лиризм мен психологизмнің сабақтасып жатқанын көреміз. Әбілқайыр ханның түрлі оқиғалар тұсындағы ішкі толғаныстары, қайшылықты ойлары арқылы тиімді жол іздеген сананың ширығуы монолог арқылы шынайы беріледі.

Жазушының «Күй», «Бәсеке», «Ханша дария хикаясы», «Шыңырау» хикаяттары мен «Көлденең көк атты», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Керек адам», «Міне, керемет», «Ақырғы аялдама», «Ең бақытты күн», «Аш бөрі» т.б. әңгімелері кейіпкердің жан әлемін тереңірек ашуымен, адамдық болмысты авторлық суреттеумен қатар, кейіпкер сөздерінің шынайылығымен жеткізетінін көреміз. Олардың бәрінде де лирикалық мезеттер молынан ұшырасып отырады. Соның ішінде психологиялық талдауға жүгіну арқылы тұлғалық мінез-болмысты мейлінше терең бере білуімен ерекшеленеді.

«Шеткері үй» хикаятында Ә.Кекілбаев бүгінгі замандастарымыздың бейнесін жасайды. Автор мұнда итімен екеуі ғана бір дастарханнан тамақ ішетін кемпірдің өткен өміріне шегініс арқылы шолу жасайды. Кезінде үстіне шық жуытпайтын, иіс-қоңысты сезіп қойғыш Зухраның ит қоңсысына үйренуінің себебі жақсы ашылған.

Шығармада жалғыздық мәселесі жалаң суреттелмей, оның бастаулары мен тірелер тұйығы, себептері мен салдары жан-жақты қамтылады. Мұның бәрі психологиялық талдаудың көмегімен жүзеге асып отырады. Автор көп жәйтті Зухраның монологы арқылы аңғартады. Оны жан дүниесіндегі арпалыс сезім, өмір үшін буырқаныс өңі мен түсінен шатыстырады. Түнде жалғыздықтан елегізіп, ұйықтай алмайтын ол таң ата көз ілетін болады. Осылай күн мен түнді ауыстырып алған әйелді өз үйінің табалдырығында өліп жатқанын үш-төрт күннен кейін хат тасушы тауып алады. Ғалым Т.Сыдықов айтқандай, «Психоанализ – көркем әдебиеттің зерттеу әдістемесі. Өйткені, ол адамның жан-жүрегіне үңіледі. Адам жанының иірімдері, тылсым тұңғиығы, нәзік тебіреністері, томаға тұйық сырлары адамның ішкі әлемінде бұгулі, бүркеулі жатады. Сол басқаның көзімен қалтарыстағы сана мен сезім ағысын тек қуатты қалам иесі ғана көрмек, кестелемек», – деп жазады [3,178].

«Ақырғы аялдама» әңгімесі – психологиялық шығарма. Онда «көптің ішінде жүріп жалғыз қалу» немесе кезінде ойланбаған жайттың уақыт өтіп, жас егде болған кезде де алдыңнан шығатыны, өткен іске деген өкініштің қайта бас көтеретіні ойлантады. Бас кейіпкердің өмір жолын шола отырып, мінезінің тосын бір қырын, онда да бүкіл өмірінің беталысына кері әсер еткен, асқақ армандарына батыл ұмтылып, күш-қайратын орнына

жұмсап, өмірден өз орнын алуына кесірін тигізген елеулі қырын – оның шектен шыққан момындық, ұялшақтықтан туындайтын батылсыздық мінезі, жігерсіздігі психологиялық тұрғыдан жеріне жеткізе талданады. Осы бір ғана мәселені көркемдік тұрғыдан бейнелеген, психологиялық зерттеудің жүгін көтеріп тұрған көркем шығарма.

Кейіпкердің психологиялық штрихтардың бәрі кейіпкеріміздің мінез-болмысын айқындауға, сөйтіп психологиялық портретті толыққанды сомдауға қызмет етіп отырады. Бисеновтің ең бір осал жерінің қайда жатқаны қызық: «Бисеновтің дүниеде ең қорқатыны – жұрттың аузындағы сөз бен езуіндегі күлкі. Әңгіме шығатын, күлкі туатын жерден алты көш алыс жүреді». Осы детальдың өзі кейіпкер болмысындағы ең осал буынды әйгілеп тұр. Баяндалатын уақиға мен кейіпкер характері осы детальдың сырын ашып, мәнін әшкерелейді.

Бисенов қатаң тәртіпті жақсы көретін, істейтін нәрселерінің бәрін алдын-ала кесіп, пішіп, есептеп, жоспарлап қоюға дағдыланған адам. Өзінің момақан тірлігін мият тұтып, осылай жүре берер ме еді, қайтер еді, егер де бала күнгі арманы болған Құралай автобуста кездейсоқ ұшырасып, мұның жан-дүниесінің астан-кестенін шығармағанда. Осы бір көмескіленген бейне оның ұзақ тарихын көз алдынан өткізеді. Өткен өмірін есіне алады. Жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде түсіне жиі кіретін. Үйленгенде, тұңғыш балалы болғанда есіне түсіп, пәлен күн жүрегі сыздап жүріпті. Бертін келе, «алдын-ала тәптіштелген тәртіпті өмірге көшкен соң, ол өзі бекіткен күн тәртібінде өткен-кеткенді еске алуға бөлінген арнайы уақыт жоқ болғандықтан, көп қысыр қиялға берілмейтін» болып алған.

Осы оқыс оқиғадан соң өткен өміріне ой жіберіп, бәрін рет-ретімен байыптап, мұның соңына түскен жымысқы күлкінің сырын ашады. Осы жұмбақ күлкі қайдан ғана пайда болғанын ойына түсіріп көреді. Жас кезінен бастап бүкіл ғұмырын көз алдынан өткізіп үлгереді. Алғаш рет баяғы Ертайға Құралайға арнап өлең жазып бергенін қыз біліп қалып, мысқылдай жымығаны, ертесіне Құралайдың артқы партадағы қыздардың қасына орнын ауыстыратыны есіне түседі. Мектеп бітірерде клубтан шығып келе жатқанында, Ертаймен қолтықтасып кетіп бара жатқан Құралайдың бұған қарап: «Немене, Бисенов, танымай қалдың ба?» – деп сыңғырлай күлетінінде оның еріндерінен жымысқы күлкі жылт еткені ойына оралады. Содан бері осы бір жымысқы күлкіден құтыла алмай-ақ қойғаны шындық еді. Жұрттың бәрі бұған солай күліп тұратын сияқты болады да тұрады. Жұрттың езуінен соны көрсе, жігері құм болатыны сондықтан болар. Оның жұрттан қашқақтап жүретіні де содан. Ақыры сол күлкінің мағынасын бүгін түсініп отырған сияқты.

Сөйтсе, «аяу мен мысқылдың жиренішті қосындысынан тұратын осы бір жексұрын күлкінің аты – мүсіркеушілік» екен. «Жұрт тек сүйсінуге де, жек көруге де тұрмайтын бейшара адамдарды ғана мүсіркейді екен. Сорлылығын күстаналай отырып мүсіркейді екен». Осының бәрін бұрын қалайша ойланбай келген екен. Адам баласының кей мәселені ойынан шығарып алатыны, оған мән бермесе де, күндердің күнінде алдынан шығап, ой тұңғығының түбіне батыратынын автор осындай тосын оқиға тұсында оқырманның ойына салады. Осы жайлардың бәрін автор кейіпкер ойымен жеткізеді. Мұнда Бисенов характерін ашатын психологиялық талдау бар.

Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелерін зерттеуші ғалым Г.Пірәлиева суреткер психологизміне тән екі қасиетті атап өтеді: «біріншіден, күрделі психологиялық жағдай мен психологиялық процесті талдау. Екіншіден, кейіпкердің рухани жан әлемінде жиі болатын күйзеліс, психологиялық қиналысты беру атмосферасы. Осы психологиялық атмосфераны беру үшін ең алдымен жазушы сол сәтті дәл де нанымды беретіндей бейнелі, көркем сөздер пайдалану керек» [4,63], – дейді. Бұл айтылғандар Ә.Кекілбаев шығармаларында да молынан пайдаланылған. XX ғасырдағы прозадағы психологизмнің негізі: тұлғаның суреттеуге келмейтін күрделі әсерлері, қандай да бір фактор – еске түсіру,

елес, түйсіну, сезіну, детальдар әсерінен пайда болатын кейіпкердің көңіл – күйін беруге тырысу шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшеліктері осыған сәйкес.

Авторлық баяндау – кейіпкер ойының жалғасы, еске түсіруден, елестен туындаған оның ішкі монологын жеткізуші, кейіпкер ойының көшірмесі іспетті, еске түсіруден, елестен туындаған оның ішкі монологын жеткізуші. Бұл тәсіл жазушы прозасының стилдік ерекшелігін танытатын факторлардың бірі. Сондай-ақ характер табиғатын ашатын, оның мінез-болмысының айқын бір көрсеткіші болып табылатын – кейіпкер сөздері. «Қаһарманның тек өзіне тән, дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінеді. Бұл әрине, диалогтың эстетикалық мәнін анықтайды» [5,29], – деп Б.Майтанов шығарма диалогтарындағы кейіпкердің психологиясын, болмысын, ішкі эмоциялық сезімін берудегі диалогтың роліне кеңінен тоқталады.

«Бәсеке» повесінде дала шонжарының ару қызы феодалдық заманның қанды құрсауынан құтыла алмай, есірік біреудің қолына түскені баяндалады. Сыншыларға сөз берсек: «Шыңырау», «Бәсеке» хикаяттарында кейін суреткердің біздің заманымызға арналған шығармаларында айқынырақ көрінген қолтабасы бар еді, ол ерекшеліктер: композициялық шымырлық, тұрмыстық және этнографиялық детальдарды дәлдігі, терең психологизм, кейіпкердің әрекет-қимылдарын жан-жақты талдап көрсету, кейде сатиралық, кейде жеңіл күлкі шақыратын сыпайы, сұлу баяндау тәсілі деп білеміз», – деп жазады жазушы Г.Бельгер [6,6].

Әр жазушы үшін кейіпкер жанындағы нәзік те сырлы әрі лиризмді, психологиялық күрделі құбылыстарды аша отырып, характер логикасына сай келетін шешімдер табу басты мақсаттың бірі болуға тиіс, кейіпкердің характері сонда ғана жан-жақты ашылады.

Жазушының: «Әдебиет көз алдында болып жатқанды бейнелі тілмен баяндайтын көркем жазылған күнделік емес. Ол – адамзаттың әлі күнге дейін көзін байлап келе жатқан беймәлімдік дүниесіне үздіксіз жасалып тұратын шабуыл. Ол не атымен белгісіз жәйттерді паш етеді, не белгілі деп жүрген жәйттердің атымен беймәлім соны қырларын ашып береді» [7,332], – дегеніндей, адам өмірінің көзге көрінбейтін ішкі әлемін бейнелеу арқылы кейіпкер жанының жұмбақ қырларын танытуда лиризм маңызды орын алады. Лиризм кейіпкер образы арқылы жүзеге асады. Әдебиеттегі адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері көп және әр алуан. Жалғыз шын мәніндегі шебер, шын мәніндегі сөз зергері болуы шарт, сонда ол қолданған әрбір амал адам образын ашуға қызмет етеді.

Қорыта айтқанда, Ә.Кекілбаевтың прозасында, әсіресе, көлемді жанр – романдары мен повестерінде кейіпкердің ішкі әлеміне барлау үшін «сана ағыны» иәсіліне жиі жүгінетінін көреміз. Сана ағымы адам психологиясын берумен тығыз байланысты, оны ажыратып жату да оңай емес. Кейіпкердің жан дүниесінде болып жатқан алуан түрлі жайларды, өзгерістерді бейнелеу үшін оның ойы мен сезімін қоса-қабат алып, бейне біл автордың өзі кейіпкерге айналып кеткендей терең үңіліп, көркем сөздің күдіретімен алып шығады. Сөйтіп, қандай да бір оқиғалар тұсындағы жан әлемінің жай-күйін оқырман да терең сезінетіндей етіп суреттейді. Жазушы прозасындағы лиризм – қара сөзбен жазылған көркем шығармадағы адамның жан дүниесіне үңіліп, ішкі ғаламын айнадай ашып көрсететін шеберлікпен сомдалған лирикалық толғаныс деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992 – 350 б.
2. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003 – 327 б.
3. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. – Алматы. Ер-Дәулет, 1996. – 307 б.

4. Піралиева Г. Қазақстан көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Алматы, 2007. – 359 б.
5. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996 – 333 б.
6. Бельгер Г. Әбіштің қоңыр даласы // Кекілбаев Ә. Шығармалары. I том. – Алматы, 1986. – 417 б.
7. Абдрахманов С. Абыз Әбіш. Әбіш Кекілбаевтың ойшылдығы туралы толғаныстар. – Нұр-Сұлтан. Фолиант, 2019. – 560 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Кабдешова А.О.,
 Ш.Есенов атындағы Каспий
 технологиялар және инжиниринг университеті
 «Туризм және тілдер» факультеті
 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2-курс магистранты
 Ақтау, Қазақстан

Педагогикалық тәжірибеде мен әртүрлі санаттағы оқушылармен жұмыс істеуге мүмкіндік алдым. Атап айтқанда: мотивациясы төмен оқушылармен; мотивацияның орташа деңгейі; және оқудағы мотивацияның жоғары деңгейі. Дәл осы балаларға сабақ бойына пәнге, оқылатын материалға және оқушының белсенділігіне деген қызығушылықты қалыптастыру және сақтау қиынға соғады.

ҰБТ және сынақ тестілеу нәтижелерінің динамикасына әсер ететін факторлар

- Белгілі бір технологиялық дағдыларды дамыту деңгейінің жеткіліксіздігі (зейінді шоғырландыру, тапсырманың мәнін түсіну, оларды саралау, уақытты бөлу) және өз біліміне сенімсіздік.
- Білімге және сапалы нәтижеге деген оң мотивацияның қалыптаспауы, шынайы сыртқы бағалау туралы хабардар болу, білім мазмұнына қойылатын жаңа талаптар.
- Бастауыш, орта және жоғары мектеп жұмысында сабақтастықтың болмауы және соның салдарынан білімді жаңарту жұмыстарының жеткіліксіздігі (үйренгенді есте сақтау, оны жаңа біліммен ықпалдастыру, жаңа жағдайда, жоғары деңгейде пайдалану) таным деңгейі).
- Қолданыстағы әлеует тұрғысынан жан-жақты талдаудың болмауы және нәтижелердің сапасын арттыру резервтерін пайдаланбау.
- Мұғалім тарапынан болжамдық белсенділіктің болмауы.
- Білім алу мен жетілдірудің негізгі формасы ретіндегі сабақтың қазіргі білім беру парадигмасының талаптарына сәйкес келмеуі және нәтижеге бағдарлануы.

ҰБТ нұсқаларының мазмұнын талдай келе, А бөлігінде негізгі мектепте тікелей немесе жанама түрде қалыптасатын материалдың шамамен 20%, мұндай материалдың шамамен 40% В бөлігінде, сондай-ақ басқа материалдан тұратыны туралы қорытынды жасауға болады.

11-сынып оқушыларының оқуын жалғастыруға ниеті бар-жоғына және оның оқуының қазақ тіліне байланысты болуына байланысты әр түрлі дайындық деңгейі бар. Барлық осы айырмашылықтар мұғалімнен оқушыларды емтиханға дайындаудың әр түрлі әдістерін қолдануды талап етеді. Оқушының емтиханға дайындығы ұсынылған тапсырмаларды орындау қабілетін, орындалатын тапсырмаларды таңдауды, өзін-өзі

бақылау қабілетін, бөлінген уақытты дұрыс басқара білуді, психологиялық көзқарас пен зейінді қамтиды.

Қазақ тілі сабағында оқушыға бағытталған оқытуды жүзеге асыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдануға тырысамын. Саралап оқытудың негізгі мақсаты – әр оқушыны жұмысқа тарту.

11-сыныптың алғашқы сабақтарында міндетті түрде 8-9-сыныптардағы материалды қайталауға арналған тапсырмалар болуы керек. Бұл қандай формада болатыны маңызды емес - ауызша немесе жазбаша, бірақ ол болуы керек.

11- сынып оқушыларын дұрыс бағдарлау өте маңызды. Дайындық жүйелі болуы керек. Әр тақырып бойынша лекция оқимын, қысқаша анықтамалық (негізгі анықтамалар және т.б.), оқу жаттығуларын (негізгі және қосымша деңгейлерде) және сынақтарды беремін.

Сондай-ақ оқушыларды емтихан жұмысын аяқтау және оларға дұрыс стратегия ұсыну үшін дұрыс баптау маңызды.

Емтиханға дайындықты оқу жылының басында бастаймын, әр оқушыға тест тапсырмасын беремін, карточкалармен жұмыс істеймін, бұл бір жағынан оқушылардың дайындығындағы кемшіліктерді анықтауға көмектессе, екінші жағынан мұғалімнің де ізденісін арттыратыны рас.

Оқушылардың өткен жылдардағы жұмыстарын талдай отырып, келесі мәселелер анықталды:

- тест тапсырмаларын орындай алмау, бұл дайындықтың жоқтығын білдіреді;
- 11 «А» сыныбында тест тапсырмаларын дұрыс шешкендердің төмен пайызы, ал кейбір оқушылар мүлде қайталамайды (қазақ тіліне жеткіліксіз көңіл бөлінуінің дәлелі).);
- ҰБТ тапсырмаларында оқу тапсырмаларының әр түріне (мысалы, еліктеу сөздер) тән емес көптеген сұрақтар бар.

Қорытынды қайталауды 11-сыныпта «мазмұндық блоктар бойынша» ұйымдастырған жөн.

Орта мектепте жақсы нәтиже алу үшін бастауыш мектепте қалыптасатын нәтижелерді табысты меңгеруге қол жеткізу керек. 5-6 сыныптарда және 7-9 сыныптарда қазақ тілін оқытудың осындай маңызды нәтижелеріне.

Пән мұғалімінің жұмысының алгоритмі:

- ҰБТ-ға дайындық кезінде оқушыларды өзін-өзі бақылау дағдыларын үйрету;
- тестілеу әдістерін тәжірибеде қолдану үшін тестілеу деректер базасын, электронды құралдарды (оқытушы, емтихан алушы, анықтамалық, ...) пайдалану;
- кезеңдік бақылау кешенді тестілеу, одан кейін мұғалімнің нәтижелерін талдау және студенттің өзін-өзі талдауы;
- оқушылармен және ата-аналармен кеңес беру және түсіндіру жұмыстары.

Оқушыларды қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға дайындаудағы кемшіліктерді жою үшін оқыту үдерісін жетілдіру қажет: оқу үдерісіне саралап оқыту идеяларын белсендірек енгізу (оқу процесіндегі талаптарды саралау, көп деңгейлі бақылау) ; оқытуды дараландыру үшін тәжірибелік әзірлемелерді пайдалану (жеке оқу модульдерін құру), оқытуды ұйымдастыру бойынша психологтардың ұсыныстарын ескеру және т.б.).

Сондықтан мен алдыма мақсат қойдым: оқытудың әртүрлі технологияларын зерттеп, оқушылардың әртүрлі деңгейлерін ескере отырып, ең оңтайлы технологияларды таңдау. Көптеген технологиялармен таныса отырып, мен сараланған тәсіл технологиясы ғана оқу үдерісін сауатты және тиімді құруға мүмкіндік беретініне көзім жетті.

Қызметімнің негізгі мақсаты – қазақ тілінде саралап, жеке жұмысты ұйымдастыру негізінде білімді меңгере алатын білімді жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

Бұл мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- коммуникативті және тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту; қажетті ақпаратты табу және жүйелеу дағдылары.

- қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты дамыту.

Оқыту үдерісін саралаудың мақсаты – жалпы білім беру мазмұнын меңгеру барысында әрбір оқушының қабілетін, бейімділігін, танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруды барынша дамыту үшін жағдай жасау.

Дифференциацияны түсінуде үш негізгі аспектіні бөліп көрсетуге болады: 1. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру.

2. Оқушыларды осы белгілер бойынша топтастыру.

3. Топтардағы оқу-тәрбие процесінің вариативтілігі.

Қазақ тілі сабақтарында мен қолданамын ерекшеліктер:

-оқушылармен жұмыстың жеке түрі (өздік жұмыс, карточкаларды қолданумен жұмыс (жеке, білімді түзету үшін));

-оқушылармен жұмыстың фронтальды түрі (сауалнама, әңгімелесу, диктант, бақылау жұмыстары, бақылау жұмыстары);

-дайындық деңгейіне сәйкес тапсырманы оқушы өзі таңдайтын оқушылармен жұмыстың дараланған түрі.

Сондай-ақ қазақ тілі сабағында мынадай жұмыс түрлерін қолданамын:

жұппен жұмыс: оқушы-оқушы (күшті және әлсіз; деңгейлері бір жігіттер) оқулықпен жұмыс, ережені айту, тапсырмаларды орындау, мұғалім-оқушы.

Топпен жұмыс. Әрбір оқушы өздік жұмысты орындайды және барлық негізгі теориялық сұрақтар бойынша есеп береді.

Ол үшін маған үлестірмелі материалдар қажет. Кабинетте әдістемелік материалдар жүйеленген тақырыптық папкалар, жеке тапсырмалары бар карточкалар, көп деңгейлі дербес, бақылау және бақылау жұмыстары, тақырыптар бойынша дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар.

Тапсырмалар қарапайым, қысқа және нақты болуы керек. Мен қарапайым тапсырмалардан бастаймын, бірте-бірте қажетті жалпылауды қажет ететін күрделірек тапсырмаларға көшемін. Сараланған тапсырмаларды алдын ала дайындаймын. Оларды екі түрге бөлуге болады:

міндетті тапсырмалар.

Олар үйренген ережені дұрыс қолдана білуге ықпал етеді, олардың саны өте көп болуы керек, олар әрбір оқушы үшін орындалатын болуы керек.

қосымша тапсырмалар.

Олар қажетті тапсырмаларды орындаған және өз бетімен жұмыс істеуге уақыты бар балаларға арналған. Бұл тапсырмалар салыстыруды, талдауды және белгілі бір қорытындыларды қажет ететін материалды қолдануда күрделірек. Тапсырмалардың сапасы мен саны әртүрлі болуы мүмкін, бірақ осы кезеңде ережені меңгеру үшін қолжетімді.

Оқушылардың белсенділігін төмендетпеу үшін дайындығы жоғары оқушылардың жұмыс көлемін арттырып, сол арқылы танымдық қабілеттерінің дамуына ықпал етемін.

Қазақ тілі сабағында әркімнің бастамашылдық пен дербестік танытуына мүмкіндік беретін ынтымақтастық жағдайын жасауға тырысамын. Оқушылармен қарым-қатынас өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген. Бұл тәсіл арқылы мен педагогикалық мүдделерді баланың мүдделерімен үйлестіре аламын, оның бойындағы дербестікке, өзін-өзі тануға, ішкі көзқарасына және өзін-өзі бағалауға деген ұмтылысын қолдаймын деп ойлаймын.

Жалпы, жүйеде жұмыс істеу оң нәтижеге әкеледі. Сондықтан мен балаларға ұнайтын ең талғампаз элементтерді қолдануға тырысамын.

Қазақ тілінде ҰБТ сапасын арттыру бойынша іс-шаралар жоспары

1. ҰБТ-ға дайындық жоспарын құру.
2. Тесттерді апробациялау және оларға кілттерді құрастыру.
4. Пән бойынша апта сайынғы бақылау жұмыстарын жүргізу.
- 5.Тестілеу нәтижелерін талдау (айына бір рет).
- 6.Пән бойынша жеке консультациялар (ҰБТ тапсырушылар үшін 2 аптада бір рет)
7. ҰБТ-ға дайындықты бақылау.
8. Пән бойынша тақырыптық қайталауды ұйымдастыру.
9. Электрондық қосымшамен және тестерлермен жұмыс.
10. Оқушыларды кітапханадағы оқу құралдарымен өзіндік жұмысын ұйымдастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақ тілі: грамматикасыз оқыту. Іскерлік Қазақстан. <http://dknews.kz/kazakhskijj-yazyk-obuchenie-bez-grammatiki/> Қазақ тілін оқыту әдістемесі проблемасы бар, бірақ одан да маңыздысы - оқуға күштарлық мәселесі - сарапшылар [365info.kzhttps://365info.kz/2015/01/problema-metodiki-izucheniya-kazaxskogo-yazyka-sushhestvuet-no-vazhnee-problema-zhelaniya-izucheniya-eksperty/](https://365info.kz/2015/01/problema-metodiki-izucheniya-kazaxskogo-yazyka-sushhestvuet-no-vazhnee-problema-zhelaniya-izucheniya-eksperty/) Қазақ тілін оқыту. Kazcentre.kz. <http://kazcenter.kz/?cat=1>

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Омарова Г.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С., ф.ғ.к., профессор,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Бүгінде мультимедиялық құралдар арқылы білім беру өзекті болып отыр. Себебі заманның талабы сол. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Білім берудегі мультимедиа – біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедиа (лат. Multum-Medium) терминін қазақ тіліне көптеген орталар деп аударуға болады (кейде көптеген таратушылар деп те аударлады). Мультимедиа түсінігін сипаттау үшін жалпы орта білімдегі мультимедиа технологияларын қолдану кітабында сипатталғандарды жатқызуға болады:

Мультимедиа - бұл:

- ✓ әр түрлі ақпараттарды өңдеу құралдарын жасауға, қызмет ету және қолдану тәртібін сипаттайтын технология;
- ✓ әр түрлі ақпараттарды жасау мен көрсету технологияларының негізінде жасалынған ақпараттық ресурс;
- ✓ әр түрлі ақпараттарды өңдеу мен көрсетумен байланысты қызмет ететін компьютерлік бағдарламалық қамтым;

- ✓ әр түрлі ақпараттармен жұмыс істеу мүмкін болатын компьютерлік аппараттық қамтым;
- ✓ дәстүрлі статикалық визуалды , динамикалық әр түрлі ақпараттарды біріктіретін ерекше ақпаратты жалпыландырушы түрі (сөйлеу , музыка, видео фрагменттер, анимация және т.б.) [1, 24-26]

Қырық жылдай бұрын мультимедия консул жазба машинасымен шектелді, ол жай ғана басып қоймай, ұйықтап кеткен операторды мелодиялық әуенмен оята алатын. Бұдан кейірінек компьютерлер тұрмыстық аппаратураға дейін кішірейтілді, бұл оларды гараждар мен бөлмелерді жинауға мүмкіндік берді. Әуесқойлардың көбейіп кетуі мультимедияның дамуына серпін берді. Осы уақытта мультимедия термині пайда болды. Ол бейхабарлардың көздерінен зертхананы сақтайтын шымылдықтың қызметін атқарды. Технологиялардың саны артып келеді Бластерлер, сиди ромдар және басқа эволюцияның жемістері, интернет, WWW, микроэлектроника пайда болады. Адамзат ақпараттық төңкерісті бастан өткізеді. Қоғамдық қажеттілік ақпаратты жеткізу мен көрсету құралдарында өмірге жана технологияны келтіретіндігінің куәгерлеріне айналамыз. Біздің күндерімізде бұл түсінік компьютерді кез келген мән-мәтінінде алмастыра алады. Ағылшын тілінде В information арpliance ақпараттық құралдар – «жана термині әбден кірігіп» кеткен.

Біздің мемлекетте мультимедияның дамуы басқаша қарқынға ие болды: Қазақстанда мультимедия жуықтап алғанда 80-ші жылдардың соңында пайда болды және ол үй компьютерлерінде қолданылмады, тек мамандар арқылы қолданылды. Сондықтан сол кездердегі газет пен журналдардағы мақалаларда ол сирек айтылатын. Мультимедия деген сөз түсініксіздіктен немесе әзілдерден басқа ештеңе бермеді, «Сіздерге қандай мультимедия! Мемлекетте не болып жатқанын көрініздер!» дейтін. Тек 1993 жылы бағыттың маңыздылығын көбісі түсіне бастады, 90-жылдары мультимедияның атқаратын рөлін түсіне бастады. Мультимедия сөзі біздің мемлекетте де бірден сәнді болды және барлық жана командалар мен ұйымдар осы туды көтерді. Мультимедияның соңғы өнімдері мен жүйелерін жасаушылардың жаңа ұйымдары пайда болды; осындай өнімдер мен жүйелерді тұтынушылар пайда болды. 1993 жылдың 25-26 ақпанында болған конференция Қазақстандағы мультимедияның маусымын ашты. 1994 жылды қазақстандық компьютерлік нарығындағы үй мультимедиясының бастауы деп атауға болады . Ал бүгінгі күндерде мультимедия кімде компьютер мен бағдарламалық қамтым болса, солардың барлығында дерлік бар [2, 14-17].

Мультимедия жүйелерінің пайда болуы, өз алдына білім, компьютерлік тренинг сынды облыстарда, кәсіби қызметтің көптеген салаларында, компьютерлік ойындарда, өнерде, ғылымда және т.б. өзгерістерді туғызады.

Жаңа ғасыр толассыз ақпараттың үздіксіз ағынына жылдам ілесуі қажеттілігін туындатқандықтан барша адамзатқа компьютерлік сауаттылық болуын талап етуде. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді [3]. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

Бүгінде мұғалімдер үшін балаға білімді игертсем, олардың сабаққа деген қызығуын қалай арттыра түсем деген мәселе қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда сабақтың көптеген типі мен әр түрлі технологиялары біздерге белгілі. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында мультимедиялық құралдарды қолдану өте маңызды, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін, пәнге қызығушылығын арттырады. Мультимедиялық құралдар мұғалімнің сабақтағы әрбір оқушыға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі. Мультимедиялық құралдар әр түрлі бағытта оқытуды және сабақ беруді өзгертуі мүмкін.

Олар сабақтан тыс, уақытты жоспарлауға, сондай-ақ сабаққа дайындалуға, оқушылардың зейінін аударуға және ынталандыруға, ақпараттарды көрсетуге, уақытты тиімді пайдалануға өте қолайлы. Мультимедия құралдары – бұл әр түрлі орталарда қолданып (дыбысты, видео, графиканы, мәтінді, анимацияны) адамға компьютермен араласуына мүмкіндік беретін ақпаратты және программалы құралдар комплексі. Мультимедиялық құралдар арқылы оқыту оқушылардың қызығушылығын арттыруға және қабілеттері, бейімдері әртүрлі оқушыларға берілер ақпаратты қалауына сәйкес ұсына алуға мүмкіндік беретін бірден-бір ыңғайлы, қолайлы оқыту әдісі болып саналады. Мультимедиялық құралдарды пайдалану білім беру саласын, оқыту үрдісін айтарлықтай жақсарта алады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мультимедиялық құралдарды қолданудың келесі түрлері бар: мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу. Бұл тәсіл сабақты түрлендіруге мүмкіндік береді: иллюстрация, аудио, бейнематериал арқылы; компьютерлік презентация қолданумен өткізілетін сабақтар. (Бұған жаңа материалды түсіндіру, қорыту, жинақтау сабағы, дәріс-сабағы, ғылыми конференция сабағы кіреді); жоба қорғау сабақтары (оқушылардың шығармашылық потенциалын іске асыру тәсілі); компьютерлік қадағалаумен өткізілетін сабақтар сабақтың әр түрлі кезеңінде оқушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда: тақырыпты оқып үйретеді; дұрыс сөйлеуге үйретеді; ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі; аудио таспадағы өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмектеседі; әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Мультимедиялық құралдарын қазақ тілі сабағына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады: пәнге деген қызығушылық, сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыстануының арттыру; оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауы.; оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету; оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру. Компьютерлік және мультимедиялық технологияларды пайдалану сабақты қызықты және оқушылардың мотивациясын жоғарылатады, сондай-ақ әр түрлі мектеп пәндерін біріктіруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында қазіргі заманғы иллюстрациялар көрсету, оларды пайдалану және жазбалар тыңдауға зор мүмкіндік береді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мультимедиялық бағадарламалар адамның барлық іс-әрекетінің түрлерін (ойлау, сөйлеу және тағы да басқалар) белсендендіреді. Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі білім беру жүйесі заман талабына сай ізденімпаздықпен, шығармашылықпен жұмыстанатын кәсіби білікті маманды, шебер ұстазды қажет етеді. Сондықтан мен де үнемі өз кәсіби біліктілігімді жетілдіру мақсатында шығармашылық ізденіс бағытымен жұмыстану жаңа идеяларға бастайды.

Қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы да, саналы білім беру – мұғалімнің оқыту әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы жүзеге асады. Яғни, әдісті жақсы ұйымдастыру – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мысалы, әңгіменің нәтижелі болуы – сұрақты дұрыс, дәл, түсінікті қоя білуге байланысты. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі мол және білім беру аясын кеңейтеді. Компьютерді сабақтың түрлі кезеңінде қолдану сабақты тиімді етеді. Мысалы, компьютер арқылы жұптастыру, топтастыру, дұрыс-бұрыс, ой қозғау, стопкадр, сұрақ-жауап,

сәйкестендіру, т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі [4, 25].

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты, білімі қажет. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын, танымдылығын дамытады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді. Оқу үрдісіне мультимедиялық технологияларды енгізу: мәтін, графика, анимация, дыбыстық және бейнеэлементтерді құруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәлібекова М.С. Ақпараттық технологиялар: Оқу құралы. - Қарағанды, 2000. – 126 б.
2. Гультияев А.К., Машин В.А. Проектирование и дизайн пользовательского интерфейса. Москва: Корна Принт, 2010. – 352 с.
3. Марк Д. Трехмерная графика и анимация, Москва: Научное издание, 2015. – 312 с.
4. Лоуренс М. Введение в Microsoft Silverlight. Москва: Microsoft Press, 2009. – 364 с.
5. Еркебаева Г.Г. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Шымкент: ПИ, 2011. – 370 б.

PISA ЗЕРТТЕУЛЕРІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ

Жарылғасынова А.Т.,

«№ 19 мектеп-гимназия» КММ педагог-зерттеушісі,
Ақтау, Қазақстан

Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері еліміздің білім алушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан PISA халықаралық зерттеуіне қатысып келеді.

PISA – халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығынан (тіл мен әдебиет білім салаларынан) игерген білім жетістіктерін анықтауды, оқу барысында меңгерген білімдері мен біліктерін өмірлік жағдайларда қолдана білу дағдыларын бағалауды көздейді.

Білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау–зерттеудің негізгі міндеті.

Оқу сауаттылығы – білім алушының жазба мәтіндерді түсіну, пайдалану, ойлау және өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, өз білімі дамыту, сонымен қатар қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеті.

Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім

алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген.

PISA-да оқушылардың оқу сауаттылығын анықтауда ақпараттың мағынасын ашу және түсінік берудің үш негізгі параметрі бар. Олар: мәтін, жағдай (ситуация), сұрақ. Осы аталған параметрлердің құрылымы келесідей беріледі.

Бірінші – әртүрлі тәсілдермен (кітаптар, парақшалар, ғаламтор-форумдар мен жаңалықтар лентасы), нысандармен (көркем әдебиет, ғылыми-көпшілік мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызы бар оқиғалар туралы ақпараттар, кестелер, графиктер, диаграммалар, карталар) берілген **мәтін**. PISA мәтіндерінің ерекшеліктері оларды баяндаудың шынайылығында, яғни өмірден алынған мысалдар болуында.

Оқу сауаттылығы бойынша құрастырылған тест тапсырмаларында мәтіннің 4 түрі кездеседі. Олар: «тұтас мәтіндер», «дискретті мәтіндер» немесе «жадағай мәтіндер», «аралас мәтіндер», «құрамдас мәтіндер».

«Оқу сауаттылығында мәтіннің қомақты бірліктерін қамтыған көркемсөз мәтіндерінен тұратын “тұтас мәтіндер” болып табылады. Тұтас мәтіндерге көркем және техникалық тақырыбындағы сипаттау мәтіндері мен әңгіме, есеп берулер, репортаж тәрізді баяндау мәтіндері, пікір, қорытынды, талдау түріндегі түсіндіру мәтіндері жатады.

«Дискретті мәтіндер» немесе «жадағай мәтіндер» кесте, графиктер, диаграмма сияқты мәтіннің ақпараттық бірліктерінен тұратындықтан, басқа оқу дағдыларының әрекеттерін талап етеді.

«Аралас мәтіндер» «тұтас» және «дискретті мәтіндердің» ерекшеліктерін біріктіреді. Аралас мәтіннің вербалды және бейвербалды элементтері бір-бірін толықтырып тұратын сөз және сөзсіз көрсетілген элементтер арқылы ерекшеленеді. Бүгінгі күні көптеген ақпараттық мәтіндер презентациялық форматта (веб-парағы, журналдар және т.б.) әзірленеді.

«Құрамдас мәтіндер» мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі /бірнеше/ мәтіндерден құрастырылады. Сонымен қатар мұндай мәтіндер өзінің мағыналық жағына байланысты және ойды толық аяқтап, мәтіннің диагностикалық мақсатын анықтайды.

Екіншісі – **ахуал**. PISA тест тапсырмалары 15 жастағы білім алушы өмірде кездестіре алатын шынайы жағдайдың шарттарын үлгілейді. Білім алушы оқығанын мазмұндамай, берілген мәтіннен ақпаратты іздеу және түсінік беру қабілетін көрсетуі тиіс. Оқу сауаттылықтарын бағалау барысында әлеуметтік, білімділік, адамдардың мәтінмен өзара қарым-қатынастарының әр түрлі ахуалдарда (ситуацияларда) кездесетін оқудың дербес тұрғылары есепке алынады: жеке, яғни өзіндік мақсаттары үшін оқуға берілген мәтіндерге дербес хаттар, көркем әдебиет, өмірбаяндар, ақпараттық хаттар, электрондық форматтағы хабарлама, күнделікті жаңалықтар блоктар мен ғылыми-әйгілі мәтіндер т.б. жатады; көпшілік /қоғамдық/ мақсаттар үшін оқуға берілген мәтіндерге ресми құжаттар, қоғамдық мәні бар әртүрлі мәліметтер, газет жаңалықтары, ғаламтордағы форумдар т.б. жатады;

Үшіншісі – **сұрақтар**. PISA халықаралық зерттеуінде оқу сауаттылығы бағыты бойынша сұрақтардың мынандай түрлері қолданылады: ашық сұрақтар, жабық сұрақтар, екі типті сұрақтар.

Ашық сұрақтар зерттеуге қатысушылардан ақпаратты түсіндіруді, өз көзқарасын білдіруді, ойлауды, талдай білуді, сарапшылық бағаны талап етеді, анағұрлым толық жауапты бағамдайды. Зерттеуге қатысушылардың жабық сұрақтарға берген жауаптары сарапшылық бағалауды қажет етпейді, оларды автоматты режимде бағалауға болады.

Жабық сұрақтың классикалық жабық сұрақтар және күрделі жабық сұрақтар деген түрлері болады.

Классикалық жабық сұрақтар дайын күйінде берілген төрт-бес нұсқадан бір дұрыс жауапты таңдауды пайымдайтын болса, күрделі жабық сұрақ, нақты жауап беруді талап етеді. Мысалы: баяндалған оқиғаны уақыт бірізділігімен орналастыру секілді тапсырмаларды қамтиды (қажетті сандарды оқиғалардың берілген тізімімен қою).

Сұрақтардың сарапшылық бағалауды қажет етпейтін осы санатына оқырманның өзі бір-екі сөз жазуына тура келетін, сөзді мәтіннен көшіріп жазу секілді тапсырмалар да кіреді (бұл орайда мәтіннің ішінде сұраққа дұрыс жауап беретін бір ғана сөз не сөз тіркесі бар болады).

Екі типті сұрақтарда сарапшылық бағалауды қажет етпейді, «иә» немесе «жоқ», «өзгереді» немесе «өзгермейді», «келісемін» немесе «келіспеймін», «дұрыс» немесе «бұрыс» деп жауап берілетін сұрақ түрі.

Ендігі кезекте өз тәжірибеке келетін болсақ, жоғарыда аталған тапсырма түрлері бойынша мектебіміздің 10-сынып оқушыларына дайындық жүргізген болатынмын. Әдістемелік құралдар ретінде «Bilimcentr» онлайн курстары материалдары мен PISA халықаралық зерттеуіне лайықтап жасалған «AMANSULTAN» платформасының тапсырмаларын пайдаландым. PISA халықаралық зерттеуіне емтиханында, жоғарыда айтылғандай, оқу сауаттылығының мәтіндері топтарына сәйкес тапсырмалар келді. Атап айтатын болсақ, мәтіннен ақпаратты табу, мәтін мазмұнына сәйкес ашық, жабық сұрақтарға жауап беру, креативті идея ұсыну, т.б.

«AMANSULTAN» платформасындағы тапсырмалар төмендегідей түрлерде беріледі:

1. Мәтінге қатысты өз ойларын сұрау;
2. Жағдаяттарды шешудің жолдарын ұсыну;
3. Иллюстрация арқылы өз ойларын жеткізу;
4. Ойларын креативті айту;

Сонымен қатар, оқушылардың ақпараттық технологияны меңгергендігі әрі өз тіліндегі емле заңдылықтарының сақталуына аса мән беріледі. Оқу жылдамдығы мен мәтінді бір оқығанды түсіну өте маңызды. Себебі 2 сағат уақытта барлық сұрақтардың көбі мәтінге тікелей байланысты болып, қайта оқып отыруға уақыт жібермеген жөн. Мұнда білім мазмұнын жаңарту бойынша оқылым, жазылым дағдыларына басымдылық беріледі. Өйткені тестті жазбаша тапсырады. PISA халықаралық зерттеуіне сәйкес оқу бағдарламасынан мынадай оқу мақсаттарын мысал ретінде алуға болады:

Қазақ тілі пәні бойынша оқу мақсаттары:

6.1.3.1. тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;
8.3.2.1. мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу;

6.1.3.1. тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;

Отбасы – Отанымыздың ошағы

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған. Қазақотбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары»әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың,әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше

қымбат үлгісі іспетті. Егер жапон халқы басқалар үшін тұйық халық болса, онда ағылшын халқы басқаларды қойып, өз ішінде тұйық халық. Олардың отбасындағы әр адам жеке өмірінің құпия болғанын қалайды. Бір сөзбен айтсақ, ағылшындықтардың жаны - өз үйінен де жақын, яғни берік қамалмен тең. Басқа халықтар үшін жанұя қиыншылық пен қуанышты бірге бөлісетін ең басты байлық болса, ағылшын халқы қиыншылық кезінде жақындарынан көмек күте қоймайды. Тіпті жақындарына көмек көрсетуді өз жауапкершіліктеріне алмайды.

1. Мәтінде неше елдің тәрбиесі туралы мәлімет бар?

A) 1; B) 2; C) 3; D) 4;

2. Мәтіннен 3 негізгі ақпаратты анықта;

3. Мәтіннен 3 қосымша ақпаратты анықта;

4. Мәтін мазмұнына қатысты мақал-мәтелді табыңыз.

A) Үй ішінен жау шықса, Тұра қашып құтылмассың.

B) Інісі бардың тынысы бар, Ағасы бардың жағасы бар.

C) «Сіз», «біз» - деген жылы сөз, Ағайынға жарасар.

D) Ұяда не көрсең, Ұшқанда соны ілерсің.

8.3.2.1. мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте)

деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу;

"Саған мамандық таңдауда көмектеседі?" тақырыбында эссе жазу; Дескриптор:

кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімді сақтайды - 3 балл; Графиктік мәтінді пайдаланады - 2

балл; Сауатты жазады - 1 балл; Аргумент пен дәлелді орынды қолданады - 2 балл; Сөз

саны 120-130 сөз - 1 балл; Логикалық байланыс сақталады - 1 балл;

Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу мақсаттары:

Т/Ж 6.2.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

А/И 8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу;

1-тапсырма: Ахмет Ясауи шығармасы «Даналық кітабы» бойынша кез келген екі шумақты жатқа жазып, оны креативті етіп қайта өңдеп жазыңыз. 2-тапсырма. «Балаларыма өсиет» өлеңінен үзіндіні үлгі ретінде ала отырып, қазіргі ұрпақпен байланыстырып болашаққа өсиет жазу.

Т/Ж 6.2.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

1-тапсырма: "Үш қадам" әдісі

«Қашықтасың туған жер» өлеңіндегі көтерілген басты мәселе;

Автордың туған жер туралы сөз қозғауының себебі неде?

Қазіргі өмірде бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

1. мәтін құрқтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің ызды тұстарын анықт

Сабақ мақсаты бойынша тапсырмалар құрастырар алдында оқу сауаттылығының жетістік деңгейлерін естен шығармаған дұрыс. Оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне байланысты 1б, 1а, 2, 3, 4, 5, 6 деңгейлерге сай тапсырмалар құрастырған абзал.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығын бағалау үшін білім алушыларға мәтінде берілген ақпаратты салыстыру, автордың ойын түсіну және қоршаған орта туралы жеке түсінігіне сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдейтін негіздемелерді табуды қажет ететін тапсырмалар беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Даулетова Н.А. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРЫ (PISA халықаралық зерттеулері бойынша) әдістемелік құрал. - Атырау қ., 2019ж.

МЕКТЕПТЕ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ

Шамкелова Ж.Е.

Жаңаөзен қаласы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жаңаөзен қ., Қазақстан

Шешендік сөздер – данышпандықтан, ақылдан туған сөздер. Бұл сөздердің басқа жанрларда қайталанбас өзіндік ерекшеліктері де мол. Бұлар – «аттың жалы, түйенің қомында» көшпелі өркениеттің мақсат-мүддесіне сай ауызекі, суырыпсалмалық дәстүрінде туған мұралар. Суырыпсалмалық қазақ өнерінің қай-қайсысына болмасын тән, бірегейі құбылыс. Дәстүрлі қазақ өнерінің негізгі қасиеті сақталған жыраулық өнерді, ақындық өнерді, жалпы кең мағынасындағы ақындық өнерді импровизациясыз пайымдау аса қиын. Қазақ шешендік өнерінің бұл сипатын ғалым С.Негимов тілімен айтсақ: «Қазақ шешен билерінің импровизациялық қабілет қарымы шешендік өнердің ең жоғарғы биігіне шыққан деуге болады. Әрине қаумалаған қауымды дүр сілкіндіру, ой-қиял теңізіне жүздіру, ынта-ықыласын арттыру шешеннің табиғат сыйлаған қасиетінің үстіне табанды ізденістерімен, білім қорын үнемі жаңартып, түйінді қорытындылар шығарып, мәнерлі, әсерлі, әуезді тілмен жеткізумен ерекшеленеді». Соңғы кезде қазақ балаларына арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу материалдарына аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жырлар, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізу дүние танымын кеңейтуге, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жас ұрпаққа қазақтың би – шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол.

Шешендік сөз – адамзат тарихындағы рухани мәдениеттің дамуының негізгі де арнайы құралдарының бірі шешендікке құрылған әңгімелерді, аңыздарды және өлеңдерді бастауыш сыныпта оқыту бала тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады.

Мектеп оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қазақ халқының атақты шешендері Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке билерді ана тілі пәні арқылы таныстырып, олардан қалған құнды да мол мұраларды оқыту, ұлағатты сөздерін жатқа айтқызу – уақыт талабы.

Ғалым – педагог Ы. Алтынсарин нақыл сөздерді жинады және оларды жариялады. Ол өзінің хрестоматиясына “Ізбасты”, “Байұлы”, “Жәнібек батыр”, “Жиренше шешен” тағы басқалардың көргендікке, тапқырлыққа құрылған “даналық әліппелерін” енгізіп, кезінде оларды оқуға ұсынған. Алғашқы ұстаз аталы сөздің құндылығын сол кезде-ақ білген.

Шешендік сөздерді тұңғыш зерттеушілердің бірі - М. Әуезов болса, 30-жылдары оларды іріктеп, жинап, халықтың керегіне жаратуға үлес қосып, қамқор болған, асыл сөздерді оқырман қауымға ұсынушы және балаларды ізгілікке тәрбиелеуде таптырмас құрал екенін оқытушы С. Сейфуллин болды. Сәкен Сейфуллин өзінің “Қазақ әдебиеті” дейтін кітабында шешен билердің әлеуметтік қызметтерін, шешендік сөздердің ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтап, бірсыпыра нұсқауларын жариялады.

Одан кейін қазақ шешен сөздерін арнайы зерттеген ғалым – Әмина Маметова. Ол өзінің «Қазақстан шешен билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны» атты кандидаттық диссертациясында белгілі қазақ билерін атап, олардың аттарынан айтылатын сөздердің әдебиет мәнін толығырақ анықтай түседі. Сонымен, ана тілі сабақтарының танымдық мақсатына мыналар ескерілу қажет:

1. Шешендік сөздерді халқымыздың қадір тұтуы
2. Шешендік сөздердегі ұлттық мәдениет және парасаттылық
3. Асыл сөздің астарындағы ұлағатты сөздер
4. Дау-жанжалдардың бітімін екі-ақ ауыз сөзбен шешіп, ел мен елді бітістіріп, жарастырып келелі мәселелерді тындырып отыратындығы.

Билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды. Қазақ шешендік сөздері – бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, ас бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс.

Бүгінгі қолымызға жиналған мәліметтерді саралай келгенде шешендік сөздердің көлемінің тым ауқымды, ішкі жанрлық түрлерінің де алуан түрлі екендігіне, классикалық әдебиеттің келелі мәселелерін шешуде кәдеге асып жатқан шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларының өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, жауаптаса алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни ұлттық шешендік сөйлеудің айла амалдарын шешендік өнердің сыр мен сымбатын, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдерді қолдану бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру.

Оқушыларға шешендік сөздерді туралы сөз қозғағанда ең алдымен мұғалімге назар аудару керек. Мұғалімдер күнделікті сабақ беру үрдісінде шешендік сөздерді орынды жерінде ойын дәлелдеуде дәнекер етсе, оқушыларды тілге шебер ойы орамды мәдениетті сөйлеуге тәрбиелейді.

Бір сөзбен айтқанда бұл зерттеудің жаңалығы – оқушылардың шешендік сөздерді меңгеру нәтижесінде сана-сезімі мен ақыл ой ұшқырлығы, сөз шеберлігі, дұрыс ойлау жүйесін қалыптасатын, төменгі сыныпта шығармашылық қабілетін арттыруға болады.

Жалпылай қарасақ, шешендік сөздерге халық даналығы, инбаттылық пен ізгілік нышандары жатады екен.

Шешендік сөздердің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың олардың тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға қаншалықты қажет екенін көріп отырмыз.

Мәселен, Шешендік сөздерді оқыту

Сабақтың тақырыбы: «Шешендік сөздерді таныту мәселелері»

Сабақтың мақсаты:

а) Қазақ халқының даналығы мен дәстүрлі шешендік асыл қазынасын оқыту; мән-мағынасын ашу.

ә) Шешендік сөздердің мазмұны мен құрылысына түсінік беру.

Сабақтың көрнекілігі:

а) Әлем ойшылдарының шешендік өнер туралы түсінік білдірген нақылдары мен қанатты сөздері жазылған әдеби журнал. Кейбір сөздер ретіне қарай интерактивті тақтада көрсетіледі. Мысалы:

«Шешеннің парызы – шындықты айту» (Платон) .

«Созбақтай берсе, тамаша сөз де жалықтырып жібереді» (Паскаль).

«Тыңдаушылардың қолдап құптауы –шешен сөйлеуге қисапсыз мүмкіндік тудырады.»
(Цицерон).

«Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді» (Чехов).

«От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз» (Шәкәрім).

«Ақылмен ойлап білген сөз.

Бойына жұқпас сырғанар.,

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар»

(Абай).

ә) Үнтаспадан шешендік толғау, арнауларды таныту.

б) Шешендік сөздер туралы жазылған еңбектер әдеби сын мақалалар ,зерттеулер т.
б.А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш,» М.Жармұхамедұлы «Шешендік өнер», Қазақтың
би-шешендері туралы жинақтар, С. Нагимов «Шешендік өнер»,А. Адамбаев еңбектері, Ғ.
Жандыбаев «Сөз мәйегі» ,К. Уәлиев «Сөз мәдениеті» .т. т.

Бұлардың барлығы сабақ көрнекілігі ғана емес, оқушылардың үнемі білетін
әдебиеттері, оқу-құралдары.

Сабақтың тәрбиелік мәні: Ой зерделігінен туып, халық жүрегіне ұялаған парасатты
шешендікті таныту; тарихымызды танытып, ұлттық намысымызды оятып, рухымызды
көтеретін би-шешендер сөздерін саралап, жүйелеу барысындағы ой-толғаныстар. Сөз
тереңдігін түсініп, бағалай білуге, сұлулық сезіміне баулу.

Сабақ барысы: Оқушылардың назарын төмендегідей сұрақтарға аудару; түсініктер,
мағлұматтар беру:

1.Қазақ елінде ертеден қалыптасқан дәстүрлі шешендік мектебі бар.

2.Шешендік сөздің ел өміріндегі орны (Жеті жарғы).

3.Шешендік сөздердің бұлақ бастауы-халық ауыз әдебиетінің үлгілері.

Мысалдар арқылы дәлелдеу.

4.Ұлттық сөз өнері тарихындағы билер есімі, олардың қоғамдықөміріміздегі алаты
н орны.

Алдын ала оқушылардың өздігінен ізденіп,орындауы үшін әдеби-жаттығулар,
сұрақ-тапсырмалар берілуі керек,

Пән мұғалімінің сабақтағы сөйлеу өнері сабақтың тәрбиелік мәні арттырады.
Шешендік сөздер – әдеби тілдің сөздік қоры.Шешендік туындылар басқа жанрлар тәрізді,
әдеби тілдің ұйтқысы болмақ. Оның сөйлеу құрылысын, сөйлеу ережесін бойға сіңіру әдеби
тілімізді байытады, ой- өрісімізді кеңейтеді. Оқушыларды шешендік өнерге тәрбиелеу
әдебиет сабақтарында біртіндеп іске асырылып отырады.

Сабақ барысында «өнер падишасы» саналатын шешендік өнер ғылымы басқа ғалы
мдардың өркендеуіне әсер етіп отырғанына шолу берілгені дұрыс.Оқушылар өздері дай
ындап әкелген әдеби шығармашылық бақылау күнделіктерінен үзінділер оқиды. Мысалы,
қазақ даласында болып, халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерді жете көріп, терең түс
ініп, ерекше сүйіспеншілікпен тамашалай білген шетел саяхатшы зерттеушілерінің естел
ік жазбаларынан үзінділер алуға болады.

1-оқушы. А.Янушкеевич (1803-1857). «Мен қазақ халқының суырып салма өнерін,
асқақтата салған әнін тыңдап ерекше әсерге бөлендім. Бұдан бірнеше жыл бұрын екі ел
егесіне сай, шаршы топтың алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім, сонда мен
өмірінде Демосфен, Цицерондарды естіп білмеген жандардың жез таңдай тілмарлығына
таң-тамаша болып, қол шапалақтаған едім. Ал бүгін менің алдымда не оқи, не
жазабiлмейтiн ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесi мұндай өнер берген халық,
мәдениет әлемiне өгей болуға тиiс емес. Күндердiң күнiнде, қазақтың бетпақ шөліне де
мәдениеттiң рухы кiредi.»

2-оқушы: Поляк ақыны К. Зелинский (1809-1881) қазақ халқының өмірінен алып «Қазақ», «Дала» поэмаларын жазды. Олар (1842) жылы басылды. 1964 жылы Т. Жароков қазақ тіліне аударды. Г. Зелинский қазақ халқының таланттылығын, шешендігін, өнерге бейімділігін, танып, көріп, жоғары бағалай білген. Оны мына жолдардан көруге болады.

Шіркін қазақ әндерін-ай, әндерін.
Жұлып кетер жүректің нәр әрлерін.
Кейде ызғырық, күз даладай қайғылы.
Кейде аспандай неткен шексіз, сәнді едің!...

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадірлеген халық. Сөзге тоқтау – ежелден үзілмей келе жатқан дәстүріміздің бір көрінісі.

3-оқушы: Шешендердің ең негізгі құралы – сөз. Сол сөз арқылы тыңдаушысын өзіне тартып, жүрегін толқытып, бойын балқытады. Бұл асқан өнер, дарын қабілеттен туады. Мұса Шорманов жайлы М. Жүсіп Көпеев былай суреттейді.

Бас қосылған жиында
Бұлбұлдай болып сайраған.
Бұлақтай ағып қайнаған.
Сөйлеген шақта көздері
Шамшырақтай жайнаған.

Немесе

Жақсылар бас қосқанда,
Алды-артынан тосса да:
Шылбырынан шалдырмай,
Құбылып гүл-гүл жайнаған...

деген сөздерден асқақ шешеннің өзіндік қасиеттерін тани түсеміз. Шешен сөйлеудің ең негізгі сыры – баланың жастайынан-ақ ән, күй, жыр ертегі, аңыз естіп өсуінде жатқанын оқушылар тани түседі.

Академик З.Қабдоловтың: «Шешендік кейбіреулердің ұғымындай, әшейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес. Шешендік – шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе. Мұханның шешендігі ғұлама ғалымдығында жатыр», - деген пікірі шешендіктің шалқар шабыт пен шалқыған сыр мен сезімнен туатынын бекіте түседі.

Қазақ халқының даналығы мен дәстүрлі шешендігі ғасырлар бойы халық сынынан өткен құнды мұра – асыл қазына болып табылатынын оқушыларға түсіндіру барысында оларды «Тұрмыс – салт жырларындағы тапқырлық», «Қара өлеңдегі шешендік», «Мақал-мәтел – халықтың даналығы», «Жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілері», «Айтыстағы тапқырлық пен шешендік үлгілері» деген тақырыпшаларға топтай отырып, мысалдар келтіріп дәлелдеп көрсеткен жөн. Мысалы тіркестерінің кейбір түрлерін Ғ.Жандыбаевтың «Сөз мәйегі» кітабынан алып, - деп, оқушылардың өздеріне тапқызып түсініктемелер жазғызса артық емес. Бұл М. Әуезовтің тіл шеберлігінің құдіреттілігін тануға жол ашары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б. Алтын сандық. - Алматы: Жазушы, 1989. - 195 б.
2. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 354 б.
3. Қалимұқашева Б.Д. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Бастауыш мектеп. - Алматы: Мектеп, 1999, № 10. - Б. 10-12.
4. Шешендік шиырлары - Алматы: Қайнар, 1993. - 240 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 346 б.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Оңғарбаева А.,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2-курс магистранты
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының қауымдастырылған профессоры
Каримсакова Б.А.
Ақтау қ., Қазақстан

Білім мен ғылымның дамуы – Қазақстанның рухани жаңғыруына әсер етуші фактор. Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті – жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер әрбір педагогтің ойлануына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Бұл жөнінде ұлы педагог Ы.Алтынсариннің: «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деген түйінді сөзі ойыма оралады.

Бүгінгі таңда оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, яғни оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі – оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты болмақ.

Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы - оқушы білімін әділ, шынайы, ашық түрде бағалау жүйесін қолдану.

Білімді бақылаудың негізгі мақсаты – оқушылардың білім алудағы жетістіктерін анықтау, білімін тереңдету және болашақта оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке қосылудың алғышарттарын жасау. Бұл мақсат, ең алдымен, оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты болады. Екіншіден, басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты болмақ. Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды [1].

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажетті құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалім сабақ жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдыны қалыптасу дәрежесі анықталады.

Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған [2].

Бақылаудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар, олардың ішінен ең негізгілері: ауызша мен жазбаша тексеру.

Ауызша тексеру. Бақылаудың мақсаты мен тексерілетін материалдың мазмұнына байланысты ауызша тексеру әр түрлі ұйымдастырылады. Тексеруге қойылған мақсаттар арасынан мыналарды бөліп алуға болады: үй жұмысының орындалуын тексеру, жаңа материалды игеруге дайындықтарын анықтау, түсініктілік және жаңа материалды игеру дәрежесін тексеру. Мазмұнына байланысты тексеру алдыңғы өткен сабақ бойынша немесе бөлек бөлімдер және тақырыптар бойынша жүргізіледі.

Ауызша тексеру әдісінің екі негізгі бөлімі бар:

- тексеру сұрақтарын және олардың тапсырмаларын құрастыру;
- қойылған сұрақтарға оқушының жауабы.

Тексеру сұрақтары мен тапсырмаларды құрастыру — ауызша тексерудің басты элементі болып табылады. Сұрақтардың сапасы олардың мазмұнымен, оқушының жауап беру кезінде ақыл-ой әрекетімен немесе сөйлеу мәнерімен анықталады.

Сұрақтардың сапасы оқушылардың жауап беру кезіндегі ақыл-ой әрекетінің мінезімен анықталады. Сол үшін тексеру сұрақтарының ішінен есте сақтау қабілетін (оқылғанды бейнелеу), ойлануын (жалпыландыру, салыстыру үшін), тіл байлығын белсендендіретін сұрақтарды ерекшелеп алады. Алған білімдерін тәжірибеде қолдануда проблемалық сұрақтардың мәні зор.

Дидактикалық әдебиеттерде оқушылардың білім сапасын анықтаудың екі шарты ерекшеленген.

– оқушыға ешкім кедергі келтірмейді (көпшілік және мұғалім жауаптарды кейін талқылайды)

– оқушылардың интеллектуальды күшінің жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ететін орта құру.

Оқушыны бағалау кезінде жауаптардың дұрыстығына, толықтығына, сөйлеу мәнеріне және мазмұндық жүйелілігіне мән беріледі.

Сабақтың кез-келген кезеңінде ауызша тексерудің түрлері қолданылады. Қай түрін қолдану сабақтың маңыздылығы мен логикасына байланысты таңдалады.

Екінші қолданатын бақылау әдісі жазбаша-графикалық жұмыстарды тексеру болып табылады. Бұл әдістің өзінің сапалық ерекшеліктері бар: ауызша тексеруге қарағанда мынадай ерекшеліктері бар: уақыттың үнемделуі, тексерілетіндердің барлығын қамтиды.

Жазбаша жұмыстар:

- теориялық материалдар бойынша білімдерді тексеру;
- оны есеп шығаруда қолдана білу;
- қалыптасқан біліктерді бақылау үшін қолданады.

Жазбаша — графикалық әдістердің негізгі 4 кезеңі бар: дайындық, ұйымдастыру, өткізу, нәтижелерді талдау. Дайындық кезеңінде: бақылаудың мақсатын бөліп алу, бақылау объектісінің мазмұнын бөліп алу, бақылау тапсырмаларын құру. Бұл кезеңде оқу-әдістемелік құралдар мен журналдағы тексеру жұмыстарының үлгілері көмектеседі [3].

Жалпы алғанда, жаңа критериалды бағалау жүйесі үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіреді және білім беру сапасын арттырудағы нақты артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дұрыс қойылған басымдық пен анық критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі:

- оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және анық бағалауға жетуге;
- оқу, оқыту және бағалауды жетілдіру мен интеграциялауға бағытталған бағалау жүйесін жүзеге асыру механизмдерінің реттілігін қалыптастыруға;
- бағалау құралдарын құрастыруға, оның ішінде жоғары деңгей дағдыларының қалыптасқанын тексеру үшін;

– оқудың жеке траекториясын бақылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етуге (оқуға деген ынтасын, өзін-өзі реттеуін, жауапкершілігін, бірлесе жұмыс жасауын арттыру);

– тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық негізді ұсынуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны, яғни, тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі таңда ауызша және жазбаша әдістерінен басқа оқыту сапасын арттыруда әртүрлі ойын әдістері қолданылады. Оларға: «Бір сөйлеммен түйіндеу», «Графикалық организаторлар», «Дарабоз», «Динамикалық шеңбер», «Домино», «Еркін жазу», «Жаңалық ашамыз», «Күтіңіз және түйіндеңіз», «Қатені тап», «Құпиясы жоқ қабырға», «Минуттық шешім», «Ой күмбезі», «Парасатты диалог», «Пікірлер базары» «Маңыздылық аймағы», «Хикая картасы», «Стоп кадр», «Сиқырлы ұяшық», «Кейс-стади» және тағы басқаларын жатқызуымызға болады [4].

Осы жоғарыда айтылған әдістерді пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға үйретеді, оқушыларға мүмкіндік жасалынады және мұғалімнің сәтті таңдалған бірнеше бақылау әдістері арқылы оқушылардың білімдерін объективті бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы атқарылған іс пен алған білімдерді бақылауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқушының өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу – ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін танып, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Бұл бағытта атқарылатын жұмыстар өте көп. Өйткені ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқытып, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру – міндет. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі ұрпақ тәрбиелеу керек екенін естен шығармауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. -А.: 2007.
2. Білім мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Астана, 2016ж.
3. «Оқушылардың оқу жетістіктерін критералды бағалау жүйесінің әдіснамасы» «НЗМ»; Педагогикалық өлшеулер орталығы; Оқу-әдістемелік құрал Астана, 2017ж
4. Мұхамбетжанова С. Т., Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Телешбай Г.,

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2-курс магистранты

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университеті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қамарова Н.С.Ақтау қ., Қазақстан

Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты - қоғамдық ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін коммуникативтік дағдылардың негізін қалыптастыру және тілдік нормаларды қолдануға, сауатты жазуға үйрету. Қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер жүзеге асырылады. Олар: 1) тілдік дағдыларын (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту; 2) қазақ тіліндегі сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту; 3) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту; 4) қазақ тілінде меңгерген білім, білік дағдыларын күнделікті өмірде өз бетінше қолдануға дағдыландыру; 5) шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.

Дарынды оқушылармен жұмыс жасау мәселесі қазіргі қоғам үшін өзекті болып, бүгінгі мектептерге жоғары талаптар қойылып жатыр. Дарын – бұл табиғаттың берген сыйы болса, оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау – ұстаздың кәсіби біліктілігіне байланысты. «Дарынды оқушы – ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Ал бүгінгі мектепке қандай талап қойылады деген сұраққа жауап бере білсек, біріншіден, барлық пән бойынша жақсы білім беретін, оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыратын, түлектерін жоғары оқу орындарына оңай түсуіне көмектесетін мектеп. Екіншіден, мектеп қоғам талабына сай жаңашыл білім беруі қажет. Үшіншіден, мектепте әр баланың жеке қабілеті мен бейімділігі ашылып дамытуы керек деп ойлаймын. Баланы жеке тұлға ретінде құрметтеп, онымен тек сабақ үстінде ғана емес, сонымен қатар қосымша айналысуы керек. Қазіргі кезде балалар дарындылығын арттыру үшін көптеген жұмыстар істелінуде. Солардың ішінде дарынды оқушылар арасында оқу пәндері бойынша өткізілетін олимпиадалардың орны ерекше. Пәндік олимпиадаға оқушы таңдауда, менің ойымша, ең алдымен, бала бойынан пәнге деген басым қызығушылығын, оның бойынан туа біткен қабілетін көре білу қажет.

Жалпы пәндік олимпиадалар мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын тудырумен бірге, олардың білімін бағалаудың әділ жолы болып табылады. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептер бойынша өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен пәндік олимпиада өткізудің басты мақсаты - дарынды оқушыларды іріктеу, қазақша жазылғанын, айтылғанын түсініп, өз ойын жеткізе білетін балаларды анықтау, білім мен тәрбие берудің оңды жолдарын іздестіру.

Қазақ тілі мен әдебиетінен пәндік олимпиадаға дайындауда, олимпиада өткізуде жас ерекшеліктерін ескере отырып, бірнеше топтарға бөлеміз. Олар: 5-6 сынып бойынша олимпиада өткізу жолдары, 7-8 сынып бойынша олимпиада өткізу жолдары, 9-10-11 сынып бойынша олимпиада өткізу жолдары. Дарынды балаларды сабақ үдерісінде дамыту мен табысты оқытудың басты мақсаты: пәндік біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру; дарынды балалардың оқу мотивациясын арттыру; ақыл-ой қабілеттерін және зерек ойлылықты дамыту; өзін-өзі бақылай алу, өзін-өзі бағалау дағдыларын меңгеру; ізденушілік және өз бетінше білім алу әрекеттерін дамыту болып саналады. Олимпиадаға дайындықты бастамас бұрын, оқушыны зерттеп, бақылаған дұрыс.

Олимпиадаға оқушы таңдаудағы басты критерийлер:

- Басқалардан өзгеше әрі шапшаң ойлайды, ойлау белсенділігі жоғары;
- Еңбекқор, өздігінен жұмыс істей алады;
- Өзіне сенімді, қиыншылықтан қорықпайды;
- Сөздік қоры мол, есте сақтау қабілеттері жоғары;

Дарынды оқушылармен жұмыс істеудегі басты мақсат: оқушы бойындағы ерекше қасиет пен қабілетті, дарындылықты анықтап, оны жан-жақты дамытуға, өсіп-жетілуіне қолайлы жағдай жасау; Олимпиадаға дайындықты осы міндеттерді негізге ала отырып, жүзеге асырамыз: пәнге қызығушылығы бар оқушыны анықтау; дайындық жоспарын құру;

оқушыларға жоғары деңгейдегі тапсырмалар дайындау; оқушыларды түрлі деңгейдегі сайыстарға, байқауларға, олимпиадаларға дайындау және қатыстыру; ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми-практикалық конференцияларға дайындау; Оқушының ойлау қабілетінің жоғары болуы – әр ұстаз алдындағы міндет. Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіші - әдістемелік жұмыс жасаудағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибелерді жетік меңгеруі. Қорытындылай келе, оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру үшін оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (зерттеуге оқыту)- оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат болып табылады. Олимпиадаға дайындалып жүрген оқушының жетістікке жеткенін көру үшін үнемі ізденіс үстінде болуымыз қажет. Әрбір тақырыпты толық меңгеріп, тест тапсырмаларын, жазылым тапсырмаларын орындауымыз керек. Олимпиадаға оқушы таңдаудағы басты критерийлер: оқушы психологиясы, логикалық ойлай білуі, оқушының еңбекқорлығы, оқушы нәтижесі, оқушы мінезі, оқушының денсаулығы, оқушының ғылыми ойлау деңгейі қарастырылады. Тапсырмалар оқушылардың деңгейіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінш, бағалау критерийлері де өзгеше болады. Мысалы, жоғары сынып оқушылары үшін эссе жазу тапсырмасы берілсе, ол былай бағаланады: шығарманың мазмұны, ой тереңдігі – 10 ұпай; әдеби материалды пайдалану деңгейі – 10 ұпай; шығарманың жазылу стилі мен тілі – 10 ұпай; тыныс белгілері (пунктуация) – 10 ұпай; емле (орфография) – 10 ұпай. Әр сұраққа ең жоғары 10 ұпай қойылады: 9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады; 7-8 ұпай – сұраққа толық жауап берілді, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді; 5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді жазуда, сөйлем талдауда кейбір қателіктер кездесті; 3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер бар; 1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес деп бағаланады.

Қорытындылай келе, «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын өз бетімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілінің басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты өзекті пән екені түсінікті» дей отырып, бұл пәннен олимпиаданың орны ерекше екенін атап көрсетуге болады. Әр оқушының деңгейіне қарай олимпиада тапсырмалары да әр түрлі болып құрастырылады. Олимпиада резервтерін дайындауда ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтап, бесінші сыныптан бастап дайындаған тиімді нәтиже береді. Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек. Пәндік олимпиадаға оқушы таңдауда, менің ойымша, ең алдымен, бала бойынан пәнге деген басым қызығушылығын, оның бойынан туа біткен қабілетін көре білу қажет. Жалпы пәндік олимпиадалар мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын тудырумен бірге, олардың білімін бағалаудың әділ жолы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Элейн Уилсон. Мектеп барысындағы зерттеу. Алматы, 2005.
2. Кембридж (екінші) негізгі деңгей Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2012 жыл. НЗМ.
- 3.Қ. Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. 195-196 бб.
- 4.Longman Dictionary of Language Teaching and Applied Linguistics 1992: 128-129 бб.
- 5.Fairbairn, Winch 1990.Сыныптағысәрекеттегізерттеу. London: Sage. Herr, K. and Anderson, G.L. (2005)
- 6.Іс-әрекеттегі зерттеу тақырыбына диссертация: Студенттер мен оқытушыларға арналған нұсқаулық. НЗМ, 2013

7. Қоянбаев Ж.Б. Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана, 1998 жыл
- 8., Олимпиадаға дайындауға арналған әдістемелік құрал 2008 жыл, №6
9. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, мақалалар №2
10. Оқушыларды олимпиадаға дайындауға арналған шеберлік сыныптардың әдістемелік жинағы. Мойлбекова Р. А. 147-148 б.
11. Әділбекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту. Алматы: Рауан, 2018.
12. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі (электронды оқулық), Алматы, 2000.
13. Артықова Т. Қазақ тілінен тірек сызбалар. Алматы: Атамұра, 2007.
14. Арын Е., Қасым Б., Жұматаева Е. Қазақ тілін оқытудың әдістемесі. Алматы, 2019.

АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы МОФ төрағасы Н.Көлдеубаев

Құрметті Ақмарал Нұрғожақызы!

Сіздің мерейтойыңыздың құрметіне орай ұйымдастырылған «Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның сәтті өтуімен құттықтаймыз!

Конференцияға қатысушы баяндамашылар филология ғылымдарының жалпы мәселелерін қозғады әрі Сіздің педагогикалық-ғылыми еңбектеріңіз туралы егжей-тегжей баяндап, өздерінің лайық бағасын берді.

Сіз орта білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орнында ұзақ жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатырсыз. Кәсіби қызметіңізге адалдығыңыздың арқасында асқақ абырой мен биік беделге ие болдыңыз. Сондықтан Сізді әріптестеріңіз мақтан тұтады, шәкірттеріңіз үлгі қылады.

Өзіңізді «Тіл жанашыры» деп танимыз. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен Yessenov University арасында ынтымақтастық орнатып, тығыз қарым-қатынаста жемісті жұмыс істеп келе жатырмыз. Университеттегі ірі бастауыш ұйымымыздың төрағасысыз.

Сіздің тікелей ұйымдастыруыңызбен тіл мәртебесін көтеруге, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге байланысты ондаған халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференция, семинар, вебинар жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру, қолданыс аясын кеңіту және қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру бағытындағы еңбектеріңіз ескеріліп, Өзіңізге биыл «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі табысталды. Бұл марапатыңыздың орны бөлек, жауапкершілігі жоғары. Ендеше, біліміңіз бен тәжірибеңіз толысып, лауазымды қызметіңіз жоғарылаған қазіргі уақытта да ұлттық мүддеміз үшін ортақ жұмыстарымызды жалғастыра беруге ықыластымыз.

ШӘКІРТКЕ ҮЛГІ ӘР ІСІ...

М.С. Жаңабергенова,

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, п.ғ. магистрі

Мен бүгін қазақтың қара домалақтарына білім беруде бір сәтке тыным таппаған, бүгінгі ұрпағын білім-ғылыммен қаруландыруда саналы ғұмырын арнап келе жатқан Ақмарал Нұрғожақызының ұстаздық жолы туралы ой толғамақпын.

Білімнің бар саласынан бес саусақтай хабардар терең білім иесі, нағыз ұлағатты ұстаз... Мақтайтын емес, мақтанарлық мұғалім! Құрғақ ақыл айтуды жақтырмайтын әкемен ананың тәрбиесін көрген қаршадай Ақмарал тек істің адамы болып бой түзеді. Текті әулеттің тәрбиесі, ата мен әже мектебі арманшыл бойжеткеннің «ұлы есім-ұстаздыққа» деген махаббатын оятты. Ол ұстаздық жолға үлкен сүйіспеншілікпен келді. Бір кездегі еліміздегі 2 жетекші университеттің бірі-Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін ол уақытта санаулылардың қатарында үздік дипломмен бітіріп, туған жеріне өз мектебіне келіп еңбек жолын бастаған.

Дарын көзін ашуды ол мектепке алғаш қадам басқаннан бастады. Еңбек жолының алғашқы жылдарын туған жеріне арнады. Өз туған өлкесінде мұғалімдік қызмет атқара жүріп, әдеби-драма үйірмесін жүргізді. Апайдың сабақтарының бір-біріне ұқсамайтындығының бір сыры – үнемі ізденісте жүретіндігінде. Сондай-ақ, шығармашылықпен сабақ берудің шыңына жетуге ұмтылысында деп білемін.

Туған жеріне деген махаббаты ерекше Ақмарал апай университеттің 1-курсынан бастап қазақ тіл білімінің корифейі профессор Т.Қордабаевтың жетекшілігімен Маңғыстау топонимдерінің лексико-семантикалық сипатын зерттеп, диплом жұмысы етіп өте жақсы қорғайды, осылайша Маңғыстау топонимдерінің зерттелуіне алғашқы жолды бастайды.

Кейін мектепте ұстаз бола жүріп, ғылымға деген ізденіс осы өңірдің алғашқы журналисі, жазушы, драматург, аудармашы мектебінің атындағы Маршал Әбдіхалықовтың әдеби мұраларын ғылыми айналымға енгізіп, кандидаттық диссертациясын жоғары жетістікпен қорғап маршалтануға соны із салды, алғашқы зерттеушісі болды.

Міне, өз мақсатына жетуді басты мұрат еткен Ақмарал апаймыз өңірдегі бірден-бір оқу орны Ш.Есенов университетіне алдымен оқытушы, кейін аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, бүгінде Туризм және тілдер факультетінің деканы қызметін абыроймен атқаруда. Осы еңбек жолдарында өзім Қазақ тілі мен әдебиеті магистратурасына оқуға түскенімде апай кафедраның меңгерушісі болып қызмет атқарды. 12 жыл «Қазақ филологиясы» кафедрасын басқарған уақытында ұжымды ұйымдастырып, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие бағыттарында, аккредитациядан өтуде, Атамекен ұлттық рейтингтерінен өтуде әрқашан жоғары көрсеткіште көрініп, университеттің іргелі де маңдайалды кафедрасына айналдыра білді. Қашан көрсеңіз де әр ісіне жауапкершілікпен, жоғары талапшылдықпен қарайтын апайымыз өз ісінің шын мәнінде шебері, майталманы болып үлгі көрсетуде. Апайымды «Ұстаздық тірлігім – өмірім, бақытым, қуанышым», - деген ұстанымның лайықты тұлғасы дер едім. Қай биікке шықса да, бұл – ұстаздың маңдайынан сорғалап аққан тері мен еңбегінің жемісі. Жаңашыл ұстаз 80-ге жуық ғылыми-әдістемелік мақалалардың, монография, оқулықтардың авторы.

Сонымен қоса жаңалыққа қашан да жаны құштар Ақмарал апайдың тікелей демеуші мекемелер табуымен, ұйымдастыруымен, басқарушылығымен жаңа аудиториялар ашылды.

Университетіміздің 2- қабатына көтерілгенде Ақмарал апайымыздың салған іздері сайрап жатыр деуге болады. Өзіміз шәкірт болып жүріп осы апайдың мамандықта оқып жүрген білімалушылар үшін ашқан заманауи үлгідегі Әбіш Кекілбаев, Ғ.Айдаров, Ф.Оңғарсынова, Абай Құнанбаев, Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы аудиторияларда білім алдық, көңіл көкжиегімізді кеңейттік. Туризм және тілдер факультеті орналасқан екінші қабаттағы апайдың идеясымен жасалған Бес арыс, Адайдың 5 жүйрігі, әдебиетіміздің алыптарының ана тілі, салт-дәстүрі, халық өнері, адами құндылықтары туралы нақыл сөздері күнделікті санамызда жаңғырып тұрып қалды десек болады.

Ақмарал апай менің магистрлік диссертациямның ғылыми жетекшісі болды. Апайдың жетекшілігімен өлкемізден шыққан тұңғыш түрколог Ғұбайдолла Айдаров тақырыбында зерттеу жұмысымды бастадым. Бұл тақырып менің ғылым жолындағы ізденісімді ілгерілетті. Жұмысты жазу барысында қанаттандым, шабыттандым. Ақмарал Нұрғожақызы осы жолда менің басты бағдаршамым болды. «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім- тоқсан тоғыз» демекші, апайдың маған көрсеткен бағдары маған сол білмес тоқсан тоғызды толықтырғандай болды. Бүгінде апайдан алған тәжірибе негізінде мектепте түрлі ғылыми жобалар байқауларына оқушы дайындап келемін. Оқушыларым облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанды. Тынымсыз ізденіс, тоқтаусыз іс-әрекет өз нәтижесін беруде. Ұстаз бақыты шәкірт қой. Оның шәкірттері кез келген ортаны шешендігімен, асқан білімділігімен баурап алады. Бұл да ұстаз тұлғасын ашатын бірден-бір тетік деп айтар едім. Апайдың алдынан білім алып шыққан шәкірттер – ойға ұста, сөзге берік, адамгершілік адалдықты сезіне білетін еңбек адамдары. Ойы ширақ, сөзі салмақты, жүрсі – тұрысы, ісі, сөзімен, барша болмысымен қашан көрсең де жүзінен кісіліктің нұры мен шуағы сезіліп тұратын Ақмарал апайды ардақ тұтамын. Ол өз ортасында үлкен құрметке ие. Ол құрметте ұстаздың таза еңбегі, шәкірттеріне деген қалтқысыз сезімі жатқан еді. Келешек ұрпағы үшін ұшан-теңіз еңбек етті, ұстаз мамандығын биікке көтерді. Маршал Әбдіхалықов, Ғұбайдолла Айдаров сынды өлкенің әр азаматтарын, олардың асылы мен маржанын ұрпағына жеткізуші ғалым.

Ақмарал Нұрғожақызы облыс, аудан, ауыл мектептерімен де тығыз байланыста болды. Ауыл мектептеріне рухани қолдау көрсетіп, іс-тәжірибесін ортаға салғаннан бір шаршаған емес. Сөзімнің дәлелі, өткен оқу жылдарында Түпқараған ауданындағы жылдары Ғ. Айдаров атындағы №1 мектепте облыстық деңгейдегі ғылыми-шығармашылық конференция өткізді. Жаңашыл педагог өз іс-тәжірибесін республикалық, халықаралық басылымдарда үздіксіз жариялап келеді. Оның жаңашыл, тың ізденістері, рухани әлемі біз секілді жастарға үлгі болары сөзсіз. Айта берсем, Ақмарал Нұрғожақызының ұстаздық қыры сан алуан. Оны шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Бейнеті мен зейнеті қатар ұстаздық жүкті қара нардай мойымай көтере білген Ақмарал апайды ғылым жолындағы басты бағдаршамым дер едім. Ұстаздардың ұстазының тағылымды ісі, танбалы ізі жоғалмай, әр кірпішін өзі қалап кеткен мұғалімдік мұнарасы аспанмен астасып мәңгілік тұра берері хақ.

ТОНЫКӨК ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ, ЖЫР-ДАСТАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

М.С. Жаңабергенова,

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, п.ғ. магистрі

Тоныкөк жазба ескерткіші – әлемде әлі көптеген ұлыс әліпті таяқ деп білмейтін кезде Түркі қағандығы тұсында үлкен қабырға түркінің төл жазуымен тасқа қашалған аса көлемді жазба жыр-дастан, мақтан тұтатын бірегей мұрамыз. Тоныкөк жазба ескерткіштерін оқып, аударуға В.В.Радлов, С.Е.Малов, Х.Н.Оркун және басқалар тікелей араласты. Ал Ғ.Айдаров, Қ.Сартқожа мен Н.Базылхан Тоныкөк кешенін зерттеумен де, ондағы жазбаларды аударумен және сөзбе-сөз салыстырумен айналысты.

Орхон бойындағы қабырға тастарға түсірілген көлемді жазба ескерткіштердің ішінде Тоныкөк жазбасы нағыз поэзия үлгісінде жасалған, басы мен аяғы бүтін, тұтастығы сақталған, түркі қағандығын орнатудың бір келелі кезеңі арқау етіп алынған, идеясы айқын, концепциясы түйінделген, айтпақ ойлар философиялық толғаулармен тұжырымдалып, көркем тілмен жазылған эпостық шығарма болып табылады.

Бұл жазба шығарма ұсынар идеясы негізгі өзек ретінде тартылып, мазмұны мен сюжеті бір-бірімен біте байланысқан он бір жыр-толғаудан құралған. Шығарма құрылысы өзге жазба ескерткіштерге мүлде ұқсамайды. Атап көрсетсек, жазба ескерткіштің бастауы есебінде бірінші толғауда ақылды, білімді әрі айлалы саясаткер Тоныкөк дана әуелі өзі жайлы сосын түркі халқының табғаштарға бағынып, ауыр азапқа түскені жайлы баяндады. Мысалға, Тоныкөк жазба ескерткішінің алғашқы бетіне бірінші ретпен орналастырылған циклда шығарманың басты кейіпкері дана Тоныкөк алғашқы сөзін өз өмірін айтудан бастайды.

Қазақшаға аударғанда:

Мен дана Тоныкөк
Тағаш ықпалында тәрбие алдым.
Түркі халқы ол кезде
Тағаш мемлекетінің қарамағында еді,- [14, 69б.].

деген жазба жолдарын оқуға болады.

Жазбаның өзіндік ерекшелігі, дәуірі, обаздардың жасалынуы. Тоныкөк ескерткішін сол дәуірде туған Күлтегін, Білге қаған ескерткішімен салыстырғанда жазбаның құрылысында, оқиғаның тұтастықта дамуында, сюжеттің жасалынуында, тақырыптың жинақы қамтылуында, образдардың іс – әрекет үстінде даралана түсуінде және шығармаға ажар беретін көркемдік өрнектерді шеберлікпен пайдалануда едәуір ерекшеліктер бар. Тіпті жазбаны тасқа түсірудегі сыртқы формасында да біршама айырмашылықтар айқын байқалады.

Бірсыпыра зерттеушілердің Тоныкөк жазба ескерткішін сол тұлға билікке араласқан кездегі тарихи деректер жиынтығы, жылнама шежіресі деп, сол жазбаны оқымай, жорамалмен айтқаны жоғарыда жасалған талдаулардан айқын танылып тұр. Мұның поэзия үлгісінде жазылған философиялық жыр-дастан екеніне әлі де бірнеше дәлелдер келтіріп, шынайлықпен орнықты тұжырымдар жасауға болады. Атап көрсетсек, Тоныкөк жазба ескерткіші көркем шығармаға тән бас-аяғы бүтін сюжетке құрылған, идеясы айқын дүние. Әрі қарай жіктесек, эпостық шығармадағыдай, бұл жазбада сюжет бірнеше оқиғалар

жүйесінен құралып жасалыныпты. Сол оқиғалар бір-бірімен байланысып, желісі тұтастықта сақталынып, өрбіп, ширығып, ең соңында көркем шығармадағыдай, шарықтау шегіне жетіп, түйінді шешімін тапқан. Жазбадағы адамдар да өзара тығыз байланыста, қарым-қатынаста, кейде іс үстіндегі ой, жоспарларының сейкес келмеуінен олар әрқилы жолмен өзара қақтығысып, мінез-құлықтары дараланып көрініп, әрқайсысының дүниетанымы сондайда айқындала бедерленген. Мысалға, Тоныкөк жазба ескерткішінде алғашқы жазба жолдарынан-ақ түріктердің табағаштарға бір қосылып, бір бөлініп, ақырында үстем империяның езгісіне және аштық, қорлауға шыдамай, өзара бірігіп, көтеріліс жасағаны жалғастықта өрбіте баяндалған.

Тоныкөк жазба ескерткіші қазақ халқының батырлық жырларымен де туыстас. Мысалға, осы ескерткіштегі 15-ретпен орналастырылған циклда Тоныкөк: Көк Өңүт өзеніне келіп жеткенде

Әскерді Өтүкен қойнауына бастадым,-

деп баяндаса, "Ер Қосай" жырында оның әкесі Ер Бөкше ерлігі жайлы автор:

Өлшем шаһит болайын

Деп Ер Бөкше жөнеді.

Бұлан деген бұлаққа

Желдей зулап келеді,

Көзін қадап жыраққа,-

деп жырлап, оның іс-әрекетін Тоныкөк жазбасындағыдай жорық үстінде, жүрген жерлерін атап тұрып көрсетеді. Ескерткіш тастағы 16-ретпен орналастырылған циклда Тоныкөк жаумен шайқасты:

Біз соғыстық, тәңір жарылқап,

Біз оларды бытыраттық,

Олар өзенге құлады,-

деп оқиға үстінде суреттеп, тәңірдің жарылқауымен жеңіске жеткендерін білдірсе, сол "Ер Қосай" жырында Ер Бөкшенің дұшпанмен шайқастағы ерлігін жырау: Батыр туған Ер Бөкше

Итмалтуға салады.

Шаруа көздер қонысты,

Шалға құдай болысты

Төртеуі де шала өлді,-

деп майдандағы шайқас үстінде көрсетіп, оның да жаратушының болысуымен зор ерлік жасағанын оқырманға жеткізеді.

Тоныкөк жазба ескерткішінің поэзиялық шығарма екенін бұрынғыдан да айқындай түсетін тағы бір айғақты дәлел, оның "Дана Тоныкөк, ақылшы, кеңесші Тоныкөк" деп аталуы көне түркі және қазақ халқының батырлар жырларындағы ханды да, елін қорғаған ерлерді, жалпы халықты да аузына қаратып, сөзін тыңдатып, айтқанын орындатқан әйгілі абыз, ақылшы тұлғаларды еріксіз еске түсіреді. Осы ескерткіш жазбадағы Тоныкөк қағандық дәуірдегі түркілердің Ертеріс, Қапаған, Білге қағандардың кеңесшісі, ақылшысы болды. Түркі империясының орнауына өзі ең негізгі тұлға дәрежесінде жұмыс атқарғанын ол ескерткіштегі 50-ретпен орналастырылған циклда: Сол кезде кеңесшісі мен болдым.

Әскерге бағыт беруші мен болдым.

Елтеріс қағанмен бірге,

Түрік Бөге қағанмен бірге,

Түрік Білге қағанмен бірге,

Қапаған қағанмен бірге

Мен түнде ұйқы көрмедім,- [14, 69б.].

деп өзінің елі үшін атқарған ісін әрі қарай баяндайды. Осы жазбадағы Тоныкөк бейнесі "Қорқыт ата кітабындағы" дана Қорқыттың халқы үшін атқарған қызметін сол қалпында есіне түсіреді. Мысалға, Қорқыт ата да оғыз ұлысының үш ханының уәзірі, ақылшысы, кеңесшісі қызметін атқарады. Ол оғыз тайпаларын басқаруда ең қиын мәселелерді шешеді, оның кеңесін алмай ешбір мәселе шешілмей тоқтап тұрған, ел оның барлық өсиетін орындаған.

Тоныкөк, Қорқыт ата сияқты ақылшы, даналар тұлғасы көне түркі және қазақ халқының поэзиясында бағзы заман қалыптасып, дәстүрлі жалғастық тауып келеді. Мысалға, "Оғызнама" дастанында: "Оғыз қағанның жанында ақ сақалды, ақ шашты ақылгөй бір қарт кісі бар еді. Оның есімі – Ұлық Түрік. Оғыз қаған дана кісінің ақылын тыңдайды",- деп мәлімденген [24, 45-б.] Қазақ халқының "Асан қайғы, Тоған, Абат" атты батырлық дастанында Әділ Жәнібек хан Аштарханды салдырып, соған жасалған тойға Асан қайғыны шақырады, дана қарт бармайды. Хан одан тойға келмеуінің себебін сұрағанда Асан қайғы:"Аштарханды салдырдың, бармадым, оның себебі – оның мехнатын кім көрсе, рахатын сол көреді". Сонда Жәнібек: "Осы ноғай ішінде кім би?"- дейді. Сонда Асан: "Біздің Абат би",- дейді өзінің жалғыз баласын. "Кім ер?"- дейді Жәнібек."Біздің Абатжан ер",-дейді Асан". Жәнібек хан оның айтқанына көнбеске шарасы болмайды. Бұл шығармадан да ханның дана сөзіне тоқтап, оның алдында бас иетіні анық танылып тұр және көне түркі поэзиясындағы қалыптасқан дәстүр қазақ халқының батырлар жырларында бекем жалғастық тапқанын мәлімдейді.

Абыз бабамыз Білге Тоныкөк ескерткіші өне бойы өсиетпен, қасиетпен өрнектеліп, ашық аспан астында түрк елдігінің абыройын асқақтатып, он үш ғасырдан бері менмұндалап тұр. Ол – тілдің, жазудың, тарихтың, мемлекеттік дәстүрдің, ар-намыс пен өр рухтың алып кешені, түркілік болмыстың теңдессіз коды. Адамзат өркениетінің бірегей мұрасы қатарында бағаланып, ХХІ ғасырда да әлем тұрғындарын құпия сырымен таңдандырып келеді. Білге Тоныкөк жетпістен асқан жасында түгел түркіні аузына қаратқан абызға айналып «Елімнің білік иесі, сөз иесі мен болдым» деп толғаған екен. Ендеше, сөз иесі, білім иесі, бітік иесі, ел иесі болған дарабоз бабаның ғибраты мен рухы азат елдің ұрпағына тағы да жақындай түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғ.Айдаров. Естеліктер. – Алматы., 2003. –176 б.
2. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. - Астана: Күлтегін, 2003. - 392 б.
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп, 1986. – 170 б.
4. Б.Әбілқасымов.«Көне жазуды көпке таныстырған» // «Тілтаным» журналы, 2002 жыл, №1 саны.

ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР СИПАТЫ

Қамарова Н.С.,

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Омарова Г.А.,

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті БББ магистранты,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университеті,

Ақтау қ., Қазақстан

Дидактикалық ресурстар дегеніміз не? Дидактикалық ресурстар онлайн-платформада қалай пайдаланылады? Дидактикалық ресурстар сипатын білу үшін орта мектептегі қазақ тіліне пайдаланып көріп, нәтиже шығардық. Ақпараттық қоғамның дамуы және қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктердің өсуі байланысты, мобильді құрылғылар және интернеттің кең таралғандығы, интерактивті байланыс пен желі құрудың негізгі негізіне айналу, оқу үдерісінде желілік қызметтер мен онлайн платформаларды белсенді пайдалануға мүмкіндік береді. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Бүгінде өзара әрекеттесудің желілік формасы бір сөзбен қолжетімді болып отыр, мектептердеде жоғары оқу орындарындада смартфондар интернет т.б. компьютерлік құрылғылар үздіксіз қолданыста. Бұл дегеніміз білім беру саласындада жаңа ұрпаққа білім беруде оларға ақпарат беруде түбегейлі өзгерістер талап етіледі және де қоғам компьютерлік құрылғыларды оңтайлы және мақсатқа сай пайдалана білу қажет [1]. Интернеттің бүкіл білім беру саласына әсері формалардың өзгеруі желідегі коммуникациялар және олардың қарқындылығы, әлеуметтік өзара әрекеттесулері, білім беру әдістері және т.б. байланысты. Білім беруде интерактивті технологияларды зерделеу және қолдану бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде сұранысқа ие, интерактивті оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық педагог құралдары орналасқан «білім беру онлайн платформалары» түсінігі ашылды, өйткені олардың негізінде теориялық және практикалық оқу материалдарымен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісіне қатысушылардың өте интерактивті өзара әрекетін жүзеге асыру мүмкін болады [2]. Зерттеу материалдары мен әдістері. Танымдық әрекетті тиімді ұйымдастыру үшін физика сабағында әртүрлі онлайн платформаларды қолданамын. Мысалы Padlet, QuizLize, Quizzlet, Wooclap, Canva, Wordwall т.б. мектеп оқушылары үшін өтілетін тақырыптарына қарай онлайн платформаларды қалай қолданатынымызды айта кетейін. Мәселен, Қазақ тілінен үстеуді оқытамыз. Мезгіл, мекен шақтарды түсіндіруде оқушылардың жадында ұзақ сақталатындай әрі оларға қызықты болу үшін платформаларды дұрыс қолдану керек. Мысалы, «мезгіл атаулары» тақырыбы бойынша білімдерін жүйелеу үшін оқушыларға ыңғайлы интерфейс бар платформаны пайдаланып ментальды карта жасау ұсынылады. Wordwall онлайн – платформасы - Wordwall интерактивті және баспа материалдарын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Үлгілеріміздің көпшілігі онлайн және басып шығару нұсқаларында

қол жетімді. Сабақты қызықты қылып өткізуге, үй жұмысын сұрау, миға шабуыл немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін тапсырмалар құру үшін Wordwall платформасын қолдану өте ыңғайлы. Wordwall платформасы арқылы құрастырылған тапсырмалар. Тәжірибелік сабақтарда мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің жаңа формалары мен құралдарын қолдану оқушыларға оқытудың әртүрлі технологияларын таңдауға және олардың әртүрлі жағдайларда танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру қабілетін дамытуға нақты мүмкіндіктер туғызады [3,4]. Тәжірибе көрсеткендей, интерактивті оқыту технологияларын қолданғанда жеке интеллектуалды белсендіру мәселелерін тиімді шешуге болады оқушылардың ішкі диалогын ояту процестері үшін жағдай жасау оқушылардың жаңа ақпаратты түсінуі және меңгеруі, педагогикалық даралау өзара әрекеттестік білім беру процесіне мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасумен екі жақты байланыс орнайды.

Тәжірибе көрсеткендей, интерактивті оқыту технологияларын қолданғанда жеке интеллектуалды белсендіру мәселелерін тиімді шешуге болады оқушылардың ішкі диалогын ояту процестері үшін жағдай жасау оқушылардың жаңа ақпаратты түсінуі және меңгеруі, педагогикалық даралау өзара әрекеттестік білім беру процесіне мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасумен екі жақты байланыс орнайды. Интерактивті технологияларды пайдалана отырып сабақты құрастыру кезінде мұғалім білім беру мақсатын қамтитынына сенімді болу керек [5,6]. Яғни объективті бақылау мүмкіндігі бар тапсырмаларды құрастыру сабақ соңында міндетті түрде кері байланыс рефлексия болуы міндетті. Бұл мақаланың зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын болсақ сабақ аяқтағаннан кейін оқушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері онлайн платформаларды сабақ барысында қолдану сабаққа деген қызығушылық, жаңа тақырыпты жеңіл қабылдауға оң әсерін тигізетініне мүмкіндік беретінін көрсетті. Сонымен қоса оқушылардың ынтымақтастыққа, бір-бірін тыңдауға, топпен бір команда ретінде жұмыс жасауға үйретеді. Сабақтан жақсы кері байланыс алу мұғалім үшін де бір жетістік. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Қазақстан мектептерінің неғұрлым айқын міндеттерінің бірі әртүрлі методикаларды қолдану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталатын болады [9]. Тұлғалық ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Онлайн платформалар арқылы оқыту – оқушының қызығушылығын арттырудың бірден – бір жолы. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген. Дидактикалық ресурстар онлайн-платформада мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі және оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Крылов Д.А. Виртуальное образовательное пространство как инновационная составляющая техногенной образовательной среды вуза // Современные наукоемкие технологии. 2016. № 9. С. 118–123.
2. Диков А.В. Эволюция интернета от начала до наших дней и далее // Школьные технологии. 2019. №2. С. 3–8.
3. Орлов А.А. Портрет «сетевой личности» в контексте теории поколений // Педагогика. 2019. №10. С. 12–23.
4. Абдуразаков М.М. Взаимодействие субъектов образования в информационно образовательной среде: культура знаний, познания и информационной коммуникации // Педагогика. 2018. №9. С. 39–46.
5. Никитин М.В. Становление образовательной платформы сетевого колледжа – образовательного комплекса: понятийный аппарат, дорожная карта, задачи // Профессиональное образование и рынок труда. 2018. №2. С. 11–20.
6. Забродина И.В., Козлова Н.А., Фортыхина С.Н. Подготовка студентов педагогического вуза к работе с образовательными онлайн-платформами // Балтийский гуманитарный журнал. 2019. №2 (27). С. 113–115.
7. Данильчук Е.В., Куликова Н.Ю., Чернышова М.В., Волков Д.В. Обучение информатике в условиях виртуализации образовательного пространства // Современные проблемы науки и образования. 2019. № 6. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.scienceeducation.ru/ru/article/view?id=29323>

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ СӨЗ	
Б.Б. Ахметов	4-5
МАРШЕКЕҢНІҢ «МАҢҒЫСТАУ-НАМЕСІ»	
Ж. Тілепов	5-9
«СҮЙІНҚАРА» РОМАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	
З.Қ. Бисенғали	9-14
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮРКІЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ	
Ж.А. Манкеева	14-19
ҰЛАҒАТТЫ ӘРІПТЕС	
Орхан Сөйлемез	19-21
АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ	
Д. Ысқақұлы	21-24
МАРШАЛ ӘБДІҚАЛЫҚОВ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	
Г. Орда	25-28
ДАРООБМЕН В ТРАДИЦИОННОМ ЭТИКЕТЕ БАШКИР	
Р. Баязитова	28-29
ЖОО-ДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫН ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БІЛІМДЕРМЕН БАЙЫТУ	
А. Фазылжанова	29-37
ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМ БЕЙНЕ	
А.Н. Отарова	37-43
ТЕКТІ ТҮЛҒА ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ЗЕРТТЕУ	
Ж.Т. Қобланов	43-45
ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҚЫТЫЛУ БАРЫСЫ	
Ы. А. Қуттымуратова	45-47
ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ, БІЛІКТІ БАСШЫ – АҚМАРАЛ НҰРҒОЖАҚЫЗЫ	
Г.С. МӘДІБАЕВА	47-50
ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ	
Н.С. Қамарова	50-56
МАРШАЛ ӘБДІХАЛЫҚОВ – ЗЕРГЕРЛІК СӨЗ ТҰНЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУШІ	
А.Т. Жеткізгенова	56-62

БЕЛЕСТЕР БИГІНДЕ Б.Ә.Көшімова	63-65
АҚМАРАЛ НҮРҒОЖАҚЫЗЫ ӨНЕРДІҢ ШЫН ЖАНАШЫРЫ А.Т.Ерімбетова	65-67
ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ Д.С.Мырзақұлова	68-70
ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ А.О. Кабдешова	70-71

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС, ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ, ТАРИХТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МҰРЫН ЖЫРАУ ТАҒЫЛЫМЫ А.Н. Отарова	72-77
ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТІҢ МАҢҒЫСТАУ САТИРАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ А.Дуйсалиев, М.Жеткизгенова	77-82
АРҚАЛЫ ЖЫРДЫҢ ЖАРШЫСЫ З.А. Жарылғасын	82-85
ПЛАНЕТАНЫҢ ТІЛДІК МОЗАИКАСЫ А.Д. Демеев	85-90
ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕҢК М.С. Камелова	90-94
ӘНЕС САРАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҚ А.А. Бисенова	94-96
ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «БІР ШӨКІМ БҰЛТ» ПОВЕСІНІҢ МӘНІ А.Ж. Сүндет	96-98
МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ Қ.Жанбырбай	98-100
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ «ҚҰТТЫ БІЛК» ДАСТАНЫ Ұ.Абзалқызы	100-103
АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ М.Амандық	103-105

ӨНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ КӨРІНІСІ А.Мәкішова	105-108
БЕРІК ҚОРҚЫТОВТЫҢ ДРАМАТУРГИЯСЫ Г.Б.Аяпова, А.Исламова	108-112
Ы.АЛТЫНСАРИН АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ Е.Базарбаев	112-115
«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ТАРИХЫ Ш.Ә. Ержан	115-117
САБЫР ҚАЗЫБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АТЫРАУ Өңірі Ақын-Жыраулар Шығармашылығы Г.Б. Аяпова, Б. Қадыржан	117-121
ҰЛТ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН АЛАШ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ Т.Н. Бекбосинова	121-124
ФИЛОЛОГИЯ МЕН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ А.Д. Демеев	125-128
БІРТУАР ТҰЛҒА БІЛӘЛ СҮЛЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫ Ж.А. Абишова	128-133
AN INNOVATIVE TEACHING METHOD FOR READING LITERACY IN 7-TH GRADE STUDENTS А.А Адиганова	133-135
ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫ – Ақын-Жыраулар мұрасын жинаған ғалым А.Нұрғалиева	135-138
THE EFFECTIVENESS OF E-TOOLS TO IMPROVE SELF-LEARNING OF THE ENGLISH LANGUAGE Г.О. Sarsenbek	138-141
ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ «МЕН» КОНЦЕПТІСІ Т.Тузелбаева	141-144

**2-СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ**

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ А.Қ. Қирабаева	145-148
ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ А.Д. Далубай	148-151
ОРЫС ТІЛІ САБАҚТАРЫН ТҮРЛЕНДІРІП ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ О.О. Өтеуова	151-153
ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДА БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ Р.А. Орынбасар	153-156
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ТӘЛІМГЕРЛІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕ ЕНУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ҚҰРАСТЫРУ О.С. Аманқосов	156-158
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҺӘМ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ Г.Бүркітбаева	158-160
ОРТА БУЫН СЫҢПТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ Ж.С. Тәжіғұлова	160-162
АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕУ ШЕШЕНДІГІН ЖЕТІЛДІРУ А.Г. Нигметова	162-164
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ: МӨТІНМЕН ЖҰМЫС П.Б. Айынова	164-167
ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ОҚУДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ А.О. Купекова	167-169
БАСТАУЫШ СЫҢЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮШІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ К.К. Абдуллаева	169-172
Ә.КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ ТУРАЛЫ Ә. Қабылов	172-177

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ А.О. Кабдешова	177-180
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ Г. Омарова	180-183
PISA ЗЕРТТЕУЛЕРІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ А.Т. Жарылғасынова	183-187
МЕКТЕПТЕ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ Ж.Е. Шамкелова	187-190
ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ А. Оңғарбаева	190-193
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ Г. Телешбай	193-196
АНА ТІЛІН ЖАНАШЫРЫ Н. Көлдеубаев	196-201
ШӘКІРТКЕ ҮЛГІ ӘР ІСІ М.Жаңаберженова	197-198
ТОНЫКӨК ЕСКЕРТКІШНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ, ЖЫР-ДАСТАННЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ М.Жаңаберженова	199-196
ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР СИПАТЫ Қамарова Н.С.,Омарова Г.А.	202-204